

**Астана қаласының Білім басқармасы  
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»  
М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж**



**«ТАРИХҚА БАСТАР БІР ҚАДАМ»  
АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ ГОРОДСКОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ТАРИХҚА БАСТАР БІР ҚАДАМ»**

**Астана  
2023**

**Астана қаласының Білім басқармасы  
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»  
М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж**

**«ТАРИХҚА БАСТАР БІР ҚАДАМ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ ГОРОДСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ «ТАРИХҚА БАСТАР БІР ҚАДАМ»**

**Астана  
2023**

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3 (5Қаз)**  
**T21**

**Редакция алқасы:** Сейдахметова Б.Қ. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК ТЖКББ бөлімінің әдіскері., Ергешбаев Ж.И. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «ІТ және баспа» бөлімінің әдіскері., Ж.Е.Кусаинова - «М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледж» ЖШС директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары., Ибраймов Н.Б. - «М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледж» ЖШС «Жалпы білім беретін пәндер» ПЦК-ның төрағасы., Мақыбаева А.К. - «М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледж» ЖШС тарих пәнінің оқытушысы.

«Тарихқа бастар бір қадам» атты қалалық ғылыми – практикалық конференция  
«Тарихқа бастар бір қадам» городская научно – практическая конференция  
Астана қ., 2023 ж . 425 бет. қаз.,орыс.

**ISBN 978-601-08-3541-2**

Жинақта ғылыми-практикалық конференцияның негізгі бағыттары бойынша педагогтардың теориялық аспектілері мен практикалық тәжірибесі ұсынылған:

- Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасы: дәстүрлер мен инновациялардың өзара байланысы;
- Қазақстанның болашағы: дамудың әлеуметтік-экономикалық векторлары;
- ғылым және инновация – заманауи білім берудің негізі;
- тәуелсіздік ұрпағы: фактілер мен зерттеулер.

Жинақ зерттеу жұмысымен айналысатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіптік құзыретін жетілдіруге көмек көрстеуге арналған.

В сборнике представлены теоретические аспекты и практический опыт педагогов по основным направлениям научно-практической конференции:

- историко-культурное наследие Казахстана: взаимодействие традиций и новаций;
- будущее Казахстана: социально-экономические векторы развития;
- наука и инновация – основа современного образования;
- поколение независимости: факты и исследования.

Сборник предназначен для содействия совершенствованию профессиональной компетентности педагогов организаций технического и профессионального образования, занимающихся исследовательской деятельностью.

**ISBN 978-601-08-3541-2**

© М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж, 2023

## Мазмұны

<b>Есқалиев С. А.</b> Зайырлы мемлекет, зайырлы қоғам қалыптастыруда: тарих пәндерін жаңаша оқытудың маңыздылығы.....	10
<b>Абдрахманов С. А.</b> История – мост между наукой и искусством .....	14
<b>Таирова А.У.</b> Тарих сабақтарында, жобалау және зерттеу жұмыстары.....	15
<b>Айтжанова Ш.Р.</b> Көне ғасырлардан сыр шерткен киелі орындар .....	18
<b>Маханбетова З.Н.</b> Төңкерілген оқыту» - әдебиетті оқытудың өнімді жолы....	22
<b>Есимханова Н.И.</b> Этнокультурное образование как одно из условий формирования этнической толерантности .....	25
<b>Каликова Н.Т.</b> История – это дорога, ведущая из прошлого в будущее.....	29
<b>Касымов М.М.</b> Моя улица, наша история» историческое наследие для студентов .....	32
<b>Сагындыков А.</b> Роль сохранения нематериального культурного наследия казахов в эпоху глобализации (на примере фильма Ермека Турсунова «Шал») .....	35
<b>Сеитова Қ.Т.</b> Қазақтың ұзындық пен қашықтық өлшем бірлігінің ерекшеліктері .....	39
<b>Арғынбек А.М.</b> Қазақ дастарханы дәстүрлері: ұлттық дастархан дәстүріне негізделген білім беру.....	43
<b>Ыдырыс Ж.Б.</b> Ғылым және инновация – заманауи білім берудің негізі. ....	50
<b>Жылгелді Ж.С.</b> Қазақ көші: шығыс түркістаннан еуропаға дейін».....	55
<b>Аленова Н.С.</b> Историко - культурное наследие Туркестана, ресурс для формирования духовных ценностей подрастающего поколения.....	59
<b>Бижанова А.Ж.</b> Қазіргі білім беру жүйесінде заманауи білім берудің педагогикалық технологиялардың әдісі.....	62
<b>Бокачёва Е.М.</b> Музыкально-компьютерные технологии на уроках специальных музыкальных дисциплин.....	65
<b>Садықова Ж.Ф.</b> Алаш қозғалысының тарихнамалық маңызы.....	70
<b>Жумакулова М.К.</b> Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық.....	73
<b>Ковалев Д.А.</b> Инновационное интегрирование дополнительного музыкально-образовательной системы Казахстана.....	76
<b>Аринова А.Г.</b> Арнайы пәндерді оқытуда студенттердің іздену жұмыстары арқылы білім алу қабілетін дамыту.....	80
<b>Проценко О.Д.</b> Событийный туризм через призму истории и формирования туристического имиджа Казахстана.....	83
<b>Аймаганбетова А.С.</b> Нейросети в работе менеджера: технологический прорыв и перспективы .....	87
<b>Ибраева А.К.</b> Сабақты зерттеу – нәтижелі сабақтың алғышарты .....	89
<b>Тусупова А.Д.</b> Қазақстанның тарихи - мәдени мұрасында дәстүрлер мен новациялардың өзара байланысы .....	96

<b>Садвакасова Ж.Б.</b> Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы .....	100
<b>Уайсова Ш.Н.</b> К вопросу отношения молодежи к историко-культурному наследию.....	103
<b>Аубакирова Р.М.</b> Применение 10 трендов образования в профессиональном обучении .....	107
<b>Жаркинбекова С.С.</b> Мәдени мұра – халықтың баға жетпес қазынасы.....	112
<b>Грошева Е.Ю.</b> Применение кейс – метода на занятиях общетехнических дисциплин.....	115
<b>Шаймерденова А.Т.</b> Применение технологии разноуровневого обучения на уроках специальных дисциплин лесного хозяйства.....	118
<b>Рашид Ә.Б.</b> Білім берудегі чат-боттардың рөлі мен болашағы: жасанды интеллект және оқудың жаңа мүмкіндіктері the role and future of chat-bots in education: artificial intelligence and new learning opportunities .....	120
<b>Жилкайдарова Г.Б.</b> Арнайы пәндерде инновациялық тәсілдерді қолдану тиімділігі.....	124
<b>Кемпирова А.А.</b> Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі .....	127
<b>Мутайхан М.</b> Ғылым және инновация – заманауи білім берудің негізі» .....	131
<b>Абдрахманова Ж.Е.</b> Внедрение стандартов Worldskills по компетенции «IT решения для бизнеса» для повышения качества профессионального образования .....	134
<b>Естемесов Т.Н.</b> Познавая историю, стремимся к будущему.....	138
<b>Рахимбекова Н.Т.</b> Цифрлық білім беру ортасында болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемесі .....	143
<b>Жабаева А.А.</b> «Educational innovation» .....	148
<b>Шарипов А.К.</b> Решение задач по физике с помощью программы visual studio.....	152
<b>Нургожина А.Т.</b> Нейросеть в работе современного педагога.....	156
<b>Темірке С.</b> Болашағыңызды бүгіннен бастап кодтаңыз! .....	158
<b>Амренова И.А.</b> Применение мнемотехники на уроках музыкальных дисциплин.....	160
<b>Галымов М. М., Сұлтанова Б.Қ.</b> Дизайн-ойлау әдісін 2-курс бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығына сабақ барысында қолдану .....	161
<b>Токежанова А.А.</b> Хакатон жобалық оқытуды жүзеге асыру тәсілі ретінде.....	166
<b>Балчих А.Ө.</b> Ресей отаршылдығы тұсындағы қазақ жеріндегі мәдени-рухани ағартушылық .....	169
<b>Кажгалиева Н.Т.</b> Бастауыш сыныптарда цифрлық сауаттылықты оқытудағы жобалық әдістің тиімділігі .....	173

<b>Сеитова Қ.Т.</b> Қазақтың ұзындық пен қашықтық өлшем бірлігінің ерекшеліктері .....	178
<b>Бикмуханова Д.А.</b> Использование современных электронных инструментов в современном образовании.....	181
<b>Тусупова А.Д.,</b> Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: дәстүрлер мен новациялардың өзара байланысы.....	186
<b>Адилгазықызы Ж.</b> Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы .....	191
<b>Ералина А.Е.</b> Қазақстандағы мәдени саясат және саяси мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктері .....	194
<b>Арыстанова А.К.</b> Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: дәстүрлер мен новациялардың өзара байланысы .....	198
<b>Кептербаева А.С., Баймұхамедова А.А.</b> Мағжан Жұмабаевтың қоғамдық-саяси қызметі .....	202
<b>Бектаева Ж.Ж., Темирхан Т.А.</b> Ел тарихындағы тұлғалар .....	205
<b>Толеуова Н.Б., Махан М.Е.</b> Тәуелсіздігім – мақтанышым .....	213
<b>Ордабаева З.Қ., Амангелді Асель</b> Тәуелсіздік – ел бақыты.....	215
<b>Ордабаева З.Қ., Амангелді Асия</b> Қазақстанның мәңгілік жері – ұлы дала елі! .....	218
<b>Ордабаева З.Қ., Бисембай Қ.</b> Тәуелсіздіктегі қанды жол.....	222
<b>Ордабаева З.Қ., Канапиянова Қ.</b> Тәуелсіздіктің мән мағынасы .....	226
<b>Ордабаева З.Қ., Таубай Ф.</b> Барымыз да, бағымыз да – тәуелсіздік.....	230
<b>Ордабаева З.Қ., Тезекбай Ф.П.</b> Тәуелсіздік тартулары.....	233
<b>Байгабылова Г.Е., Кусаинова М.Д.</b> Тәжірибе оқыту барысында ұмытылған ұлттық тағамдарды заманауи стильде дайындау .....	236
<b>Акбергенова А.И., Усен А.Б.</b> Дәстүрлі қазақ емшілігіне жастардың көзқарасы .....	238
<b>Бижанова А.Ж., Қожақұл Қ.М.</b> Тәуелсіздік тірегі алаш зиялылары.....	241
<b>Ибраева А.К., Есқараева Д.Ә.</b> Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романындағы кейіпкерлер бейнесі арқылы көтерілген жалпыадамзаттық мәселелер.....	243
<b>Бижанова А.Ж., Аубакирова Б.Т.</b> Тәуелсіздік дәуірі:тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақ.....	248
<b>Сеитова Қ.Т., Габдыхамит Г.</b> Қазақ ою – өрнегі - ұлттық құндылықтың бір түрі.....	251
<b>Джумабаева Ж.А., Кульжанова А.</b> Дұрыс тамақтану біздің таңдауымыз және болашағымыз.....	255

<b>Корушунова Т.В., Маликова А.Ж.</b> Поколение независимости: факты и исследования .....	258
<b>Токежанова А.А., Қазихан А.Е.</b> Тұғыры биік тәуелсіздік.....	260
<b>Токежанова А.А., Асқарова Д.Б.</b> Тәуелсіздіктің басты жолы – желтоқсан .....	262
<b>Токежанова А.А., Беген Е.</b> Жоғалытқан ұрпақ бейнесі.....	265
<b>Токежанова А.А., Амантай К.М.</b> Қайрат, тәуелсіздік тәуекелі .....	269
<b>Хасенова А.И., Кентай А.</b> Оралхан бөкей тұлғасының психологиялық ерекшеліктері .....	270
<b>Куандықова А.А., Султанов А., Шаймағанбет Г.</b> Жақсы маман – елдің ертеңі.....	273
<b>Кундузбекова С.М., Кенжеғали Ә. А.</b> Тәуелсіздік. тарихи ой-сана: ұлттық құндылықтар .....	277
<b>Проценко О.Д., Усенов С.Н.</b> Ұлттық бірегейліктің ерекшеліктері және оның қазақстанның көпұлттылығына әсері.....	279
<b>Жилкайдарова Г. Б., Асқанбай Н., Жақсылықова Д.</b> Жастар арасындағы.....	282
<b>Серета В.Г., Кноль А. О.</b> Перевозок через порт каспийского моря: перспективы развития.....	285
<b>Космагулова Б.Б, Молдаханова Н.</b> Мәдени мұра» бағдарламасы және оның жастар арасындағы тәрбиелік мәні.....	288
<b>Бижанова А.Ж., Қожақұл А.М.</b> Қазақ хандығының тәуелсіздікке жету жолы.....	292
<b>Проценко О.Д., Рашидов М.У.</b> Развитие туризма в Независимом Казахстане как фактор динамического развития экономики страны .....	296
<b>Сташишина Т.Г., Межинский М. М.</b> Перспективы преодоления ограничивающих природно- географические факторы казахстана на основе анализа мирового опыта. банковская система РК .....	300
<b>Темірке С.Ф., Қаирбулат А.Ж.</b> Передача истории казахстана следующему поколению через стратегическую игру «nomads the spirit» .....	304
<b>Файзуллина М.Б., Ханат Б.Б.</b> Будущее Казахстана; развитие социальной экономики, финансовой грамотности уровень образования, природные ресурсы, земляные площади , связь с иностранными государствами .....	306
<b>Нургожина А.Т., Тлектес Д.Б.</b> Биоинформатика - будущее независимости .....	307
<b>Бургегулова К.П., Ержан А.</b> Мағжан Жұмабаев шығармалары-менің кәсіби деңгейімнің кепілі .....	310

<b>Токежанова А.А., Салкынбекова Ф.Г. Тәуелсіздік – ел болашағы.....</b>	<b>311</b>
<b>Сакенова Д.М., Гуртовенко А. Молодежное предпринимательство.....</b>	<b>317</b>
<b>Уразбекова З.К., Сатбекова А. Связь науки и музыкального искусства в современном музыкальном образовании.....</b>	<b>321</b>
<b>Акпар А., Жүніс Б.А. Тәуелсіздік бастау алған жетістіктер.....</b>	<b>325</b>
<b>Акпар А., Сапаралі А., Тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақ.....</b>	<b>328</b>
<b>Алиева А. М., Орынтаева А.Ж. Жаһандану жағдайында кәсіби білім беру саласының дамуы.....</b>	<b>330</b>
<b>Середа В.Г., Абдрахманова А.Ж. Дефицит квалифицированных кадров среднего звена в казахстане: мировой опыт.....</b>	<b>333</b>
<b>Жайнагүл Т., Амангельдіұлы Ә. Алаш мұрасы – бізге аманат!.....</b>	<b>337</b>
<b>Асылбекұлы А., Алишбаева А.А. Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы.....</b>	<b>340</b>
<b>Бургегулова К.К., Багданова Д.Р. Поэзия М.Жумабаева в нравственном воспитании будущего специалиста.....</b>	<b>344</b>
<b>Маханбетова З.Н., Бердібекова Д. Оралхан бөкей шығармаларындағы табиғат пен адам үндестігі.....</b>	<b>345</b>
<b>Кенжитаева С.А., Таурбаева Д.С. Модно ли быть патриотом?.....</b>	<b>351</b>
<b>Какенова Ж.М., Нұрболатқызы Д., Садық А. Ермұхан Бекмахановтың ғылыми мұрасы.....</b>	<b>354</b>
<b>Абдрахманова А.С., Жубаназарова Н. Мой Независимый Казахстан.....</b>	<b>357</b>
<b>Сарманова А.А., Аутжан А., Сейфулмалик Б. Поколение Независимости Казахстана.....</b>	<b>361</b>
<b>Есимханова Н.Н., Боровиков С.В. Воспитательные возможности школьных курсов истории Казахстана.....</b>	<b>364</b>
<b>Абдрахманова А.С., Нұрбақыт М. Тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақ.....</b>	<b>366</b>
<b>Қайырбекова Д. Тәуелсіздік ұрпақтары: бизнес – жоспар идеясы.....</b>	<b>370</b>
<b>Қуаныш Ә., Фактілер мен зерттеулер.....</b>	<b>372</b>
<b>Рахимбекова Н.Т., Айтбай Л. Сандық ұрпақ.....</b>	<b>375</b>
<b>Жармуханова А.Ж., Джумадилова Р.О. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін қазіргі жастар ақтап жүрме?.....</b>	<b>379</b>
<b>Жармуханова А.Ж., Еркінқызы Н. Жасанды интеллектінің пайдасы және ол адамзат өмірін қалай өзгертеді?.....</b>	<b>383</b>
<b>Жылгелді Ж.С., Жауынгерова М.А. Тәуелсіздік — алаш ұраны.....</b>	<b>386</b>
<b>Өтепбергенова Г.С., Болат А. Тарихи кесенелердің мәдени мұраны дамытудағы рөлі (бытығай кесенесі мысалында).....</b>	<b>390</b>
<b>Абдрахманова А.С., Токтарова Е.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат.....</b>	<b>393</b>



<b>Кенжетаева С.А., Ниязова Ә.С. Мұхтар шахановтың тарихтағы орны.....</b>	<b>395</b>
<b>Длимбетова Н.К., Муминова Р.Р. Влияние восточной, европейской и русской литературы на поэзию Магжана Жумабаева .....</b>	<b>398</b>
<b>Аймаганбетова А.С., Посторенко А. А. Эмоциональный интеллект в современном бизнесе .....</b>	<b>402</b>
<b>Раева М.Р., Ғазез Ж.Қ. Тәуелсіздік жетістігі – ел дамуының көрсеткіші.....</b>	<b>404</b>
<b>Абдрахманова А.С., Еламан Д. Тәуелсіздік жылдарында алашорда тарихының зерттелуі.....</b>	<b>406</b>
<b>Абдрахманова А.С., Томирис А. Тәуелсіздік дәуірі.....</b>	<b>410</b>
<b>Середа В.Г., Зозуля А.В. Проблема бедности как историко-географический фактор-современности .....</b>	<b>411</b>
<b>Әшімбекова А.М., Хаби Е.Б. Поколение независимости: изучение особенностей независимого поколения .....</b>	<b>415</b>
<b>Кабенова Ж.Ж., Классен К.А. Независимый Казахстан – история и современность .....</b>	<b>419</b>
<b>Ермеков Ж.С., Мананбай А.З. Тарихқа бастар бір қадам .....</b>	<b>422</b>

# **ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ, ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА: ТАРИХ ПӘНДЕРІН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Есқалиев Самат Амангельдинович**

т.ғ.к., профессор

А.Құсаинов атындағы Еуразиялық гуманитарлық институты

Ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, санамызды жаңғырту, жадымызды дамыту – дүниежүзілік өркениет кеңістігінде жойылып кетпеудің шарты. Осы орайда күні кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты сындарлы мақаласында «Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр» - деп атап көрсетті [1]. Міне, осы тұрғыдан Түрік қағандығы, Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті қазақ мемлекетігінің бастау негіздері мен Қазақ хандығы тақырыптары мектеп оқулықтарында кеңінен ашылып сабақ барысында оқушыларға сапалы ұғындырылып, сабақтастық тұрғыдағы мәселелер қамтылуы керек. 2017 жылғы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы шыққаны белгілі [2], рухани санаға соны серпін әкелген бағдарламалық мақала аясында елеулі істер атқарылып, нақты жобалар жүзеге асты. «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақала, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде оның жаңа қырларын айқындап, тарихи сананы жаңғыртудың жолдарын көрсетеді [3].

Тарих – бұл халықтың терең жады мен қалың әлеуметтің жасампаздығына шабыт беретін, болашаққа бетбұрыс жасайтын зор күш. Тарих, әсіресе, қоғамның өтпелі кезеңдерінде ерекше маңызға ие болады, өйткені бұрын болған оқиғалардан ұқсастық тауып, оны заманауи мәселенің шешімін табуға пайдаланады. Тарихты зерделеу адамдардың өздері тарихи процестің белсенді субъектілері екенін түсінуге, оларға мемлекет дамуының оңтайлы жолын, қоғамды жаңарту жолдарын да анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихтың тәрбиелік ролін ерте түсінген елдің бірі – Германия. ХІХ ғасырдың басында бұл саяси жағынан бытыраңқы, шаруашылығы мешеу ел болатын. Аз уақытта саяси топтасып, Еуропаның алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы неміс халқының ұлттық санасының оянуына байланысты еді. Ұлттық идеологияның қалыптасуына неміс халқының ұлттық санасының оянуына байланысты еді. Ұлттық идеологияның қалыптасуына бірден-бір әсер еткен фактор әрине неміс тарихшыларының жанқиярлық еңбегінің арқасы еді. Неміс мектептеріндегі ұлттық тарихты оқытуды жолға қою, университеттігі

тарихи білімді реформалау іс-шаралары өз жемісін берді. XIX ғасырдың орта шенінде немістің тарих ғылымы бүкіл Еуропадағы алдыңғы қатардағы ғылымдар қатарына көтерілді [4]. Сондықтанда тарих пәнінің тәрбие берудегі мүмкіншілігін реттеп отыратын тиімді механизм қажет. Тарих пәнінің бағдарламасы да, оның оқулығы да, бұл пәннен сабақ беретін мұғалім – оқытушылардың біліктілігі, білім деңгейі, ұлттық көзқарасы мемлекеттің қамқорлығында болуы қажет. Дүниежүзіндегі әр мемлекет сол мемлекетті құрған негізгі халық тарихын оқытады, ұлы адамдарын дәріптейді, ұлттық мәдениеті мен дәстүрін мақтаныш етеді. Англия сияқты мемлекет ағылшын тарихын оқытса, Корея мемлекеті Корей халқы тарихын оқытады. Басқа елдер де солай. Қазақстанда да отандық тарих ретінде «Қазақ тарихы» оқытылуы тиіс. Тарихи білім адамның өмірлік кезеңіне, әр жасқа тән психологиясына, кәсіби қажеттіліктеріне орай берілуі керек. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру тарихи сананы қалыптастыруы тиіс, ал жалпы білім беретін мектепте тарихи білімнің көлемі мен мөлшері баланың жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Қоғамда тарихты оқыту, тарихи білімді тарату үдерісі үздіксіз болуы үшін ең алдымен отбасында, балабақшада, одан кейін мектептің бастауыш сыныптарында, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді білім беру, оқу бағдарламаларында тарих пәні аясындағы сабақтар арқылы үнемі жалғасады. Тарих пәнін оқыту мектептен кейін жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Өйткені тарихи білім қоғам дамуында үлкен мәнге ие. Тарихи білімнің әлеуметтік және тәрбиелеушілік мүмкіндіктері көп. Тұлғаның жан-жақты адамшылық ұстанымдарын, азаматтық көзқарастары мен өмірлік құндылықтарын қалыптастыру үшін қажет.

Тарихи білім адамды елге адал қызмет етуге бастайды. Қазақ болу әуелден-ақ үлкен мақтаныш еді, соны қазір тарихи санада жаңғырту қажет. Қазақ тарихының өзегі қазақ халқының тарихи жадысы негізінде болуы керек. Кез келген елде, кез келген халықта солай болған. Қазақ халқының тарихи жадысын жеткізген қазақ-түрік шежірелері мен тарихшы Мәшһүр Жүсіп мұралары. Қазақтың тарихшылары көрсеткен сондай сұрлеумен жүру тиіспіз. Еуропалық тарихи мектеп қалыптастырып кеткен қазақ халқы тарихын қарастыру форматынан шығу қажет. Өйткені еуроцентризмнің қасаң қағидаларынан бас тарту қажет. Қазақ тарихының ғылыми негізін алғашқы қалыптастырған Шоқан Уәлиханов болды. Ол өз еңбектерінде қазақ халқының шығу тегі, дүниетанымы мен ой-санасы, шаруашылығы мен тұрмысы, дұшпанға қарсы тұру ерліктері, мемлекеттік құқықтық негіздері, арман-мұраттары мен өркениеттік ерекшеліктері жайында кеңінен толғанып жазған. Қ. Жалаиридің «Шежірелер жинағы» еңбегін жоғары бағалап, Алтын Орда мемлекетінің тарихын Қазақ хандығының қалыптасуының негізі деді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жас ұрпаққа тәрбие беру процессінде оларға тарихи білім беру негізгі міндет болып есептелді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген қанатты сөз осы уақытта туса керек, «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған

жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылықпен салыстыруға болмайды» [5]. Тарихи білімі бар азаматтың мәдениетті, білімді, жан-жақты адам болып өсетіндігі белгілі. Өз халқының тарихын білген жас өскін елін сүйген, халқының қамын ойлаған, жерінің жаңаруы, гүлденуі жолында күрескер болып қалыптасады. Тарих – елді біріктіруші күш. Тарих мемлекеттің тарихи қалыптасу заңдылықтарын ұғындырады. Тарихты ең алдымен елге қорған болу қасиетін тәрбиелеу үшін оқытады.

Ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатқанына ерекше көңіл аударып, осы тұрғыда Түрік қағандығы, Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті қазақ мемлекеттігінің бастау негіздері мен Қазақ хандығы тақырыптары мектеп оқулықтарында кеңінен ашылып сабақ барысында оқушыларға сапалы ұғындырылып, сабақтастық тұрғыдағы мәселелер қамтылуы керек.

Тарихи білім қоғам мүшесінің азаматтық көзқарасының қалыптасуына әсер етеді. Жаңа жағдайда тарих ғылымының алдындағы мақсаттар мен міндеттер жетерлік. Осы жерде академик М.Қ. Қозыбаевтың: «Тарихшылардың өз халықның алдындағы қарызы белшеден» [6] – деген сөзі еске түседі. Ал тарихшылар қоғам алдындағы қарызын да парызын да толығынан өтері анық.

Тарихи білім беруді түбегейлі жаңартып, тарихи сананы жаңғырту мектептің тарих курсына үлкен мәдени бағыт беру, қазіргі өркениетке назар аудару, адамзаттың рухани ізденістерін ашу қажет. Орта білім беру ұйымдарының бағдарламалары Қазақстанның әрбір өңірінің тарихын тұтас оқытуы керек. Қазақ патриотизмін тәрбиелеу туған өлке тарихын білуден басталады. Мектепте тарихи білімнің дамытылуын қамтамасыз ету аса маңызды. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру де тарихи сананы қалыптастыруы тиіс. Мектеп жасына дейінгі балаларды тарихи тәрбиелеу үшін қажетті әдістер, әзірлемелер, бағдарламалар даярлану жоғары сапасын қамтамасыз ету. Отбасының тарихи тәрбиеге ықпалы болуы үшін қазақтың ертегілері, ежелгі жыр-аңыздары, халықтың дәстүрлі мәдениет үлгілері сабақ барысында пайдалану жолдарын ескеру керек. Қазақ халқы ұлттық тарихи сананы отбасылық тәрбие беруді әрқашан жасы үлкен қариялар іске асыратын болған. Дала жұрты менталитетінде тарихи білім отбасы мен ата-тегіне деген құрметіне негізделетін. Ата-бабалар ерліктері мысалында халық өз еліне деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелейтін болған, сол дәстүр үзілмеуі керек. Қазақ халқы және оның арғы замандағы тікелей ата-бабалары болған өзбек-қазақ, ноғайлы-қыпшақ, оғыз, моғұл, кимек, қарлұқ, түркеш, түрік, ғұн және т.б. қауымдар, олардың құрамындағы ру-тайпалық әулеттер, ғасырлар бойы осы Қазақстан аумағында өмір сүрген, олардың кем дегенде 4 мың жылдық археологиялық, палеоостеологиялық, антропологиялық, генетикалық әр түрлі деректердің мәліметтері негізінде өзара байланысы ғылыми дәлелденген, материалдық және рухани мәдениеті сабақтастығы негізінде айғақталған, академиялық ғылыми басылымдарда кеңінен жария етілді.

Тарихи даму кезеңдері сабақтастығын қалыптастыру тарихи білім берудің тәрбиелік мүмкіндіктерін күшейтеді, азаматтық бірегейлік қалыптастыруға әсер етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Егемен Қазақстан. 5 қаңтар 2021.
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2018 ж.
3. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 ж.
4. Коммеджер Г.С. Методологические проблемы истории./ В.Н.Сидорцев и др. Под. общ. Ред. В.Н.Сидорцева – Мн.: «ТетраСистеме» 2006 – с. 139.
5. Назарбаев Н: Тарих толқынында. – М., 1991-28 б.
6. Қозыбаев М.Қ. Ақиқаттар ақтандағы. Алматы 1992. 3 бет.

# ИСТОРИЯ – МОСТ МЕЖДУ НАУКОЙ И ИСКУССТВОМ

**Абдрахманов Серик Амангельдыевич**

историк-моделист

магистр гуманитарных наук

Формование личности невозможно без осознания преемственности к определенной культурно-исторической общности и прошедшим событиям.

Основным источником, который закладывает основы нравственности, гражданственности и патриотизма у подрастающего поколения, а также вызывает чувства уважения к опыту предыдущих поколений, является – Историческое воспитание.

Всё это, может объединить Историческая реконструкция и военные миниатюры, которые позволяют воссоздать события и культуру той или иной исторической эпохи и региона с использованием археологических, изобразительных и письменных источников.

Стоит отметить, что искусство Военной миниатюры не ограничивается только военной тематикой. Невозможно перечислить все возможные темы: это может быть животный мир, исторический костюм, архитектура, фантастика, игровая миниатюра и многое другое.

Историческая миниатюра вобрала в себя результаты многолетних научных изысканий специалистов из разных стран мира, в их основе - рекомендации учёных историков и археологов.

Этот вид искусства прошёл тысячелетия эволюции, становясь то церемониальным атрибутом, и наглядным пособием для аристократии, то массовой детской игрушкой, а иногда и самым настоящим шедевром.



## «ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА, ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ»

**Таирова Арманай Ураловна**

Астана қаласы әкімдігінің

«ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі ШЖҚ МКК

«Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат рақым, ойлап қой-  
Бес асыл іс, көнсеңіз.»  
*Абай Құнанбайұлы*

Білім беру саласындағы жағдайға әсер ететін қоғамдағы негізгі өзгеріс – қоғамның даму қарқынын жеделдету. Қазіргі қоғамның ақпараттық, коммуникациялық, кәсіптік және басқа салаларындағы жаһандық өзгерістер білім берудің мазмұнына, әдістемелік, технологиялық аспектілеріне түзетулер енгізуде. Яғни, жылсайын өзгерістер енгізілуде.

Ғасырлар бойы аудиториялық-сабақ жүйесі технологиясы жас жеткіншектерге білім, білік және дағдыларды жаппай беру үшін ең тиімді екенін дәлелдеді. Қазіргі заманда болып жатқан қоғамдық өмірдегі өзгерістер жеке тұлғаның дамуын, шығармашылық бастаманы, ақпараттық салада өз бетінше қозғалу дағдысын, білім алушының бойында әмбебап бейнелеу қабілетін қалыптастыруға бағытталған білім берудің жаңа әдістерін, педагогикалық технологияларды дамытуды талап етеді. Күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді шешу - кәсіби іс-әрекет, өзін-өзі анықтау. Нағыз еркін тұлғаны тәрбиелеуге, білім алушылар өз бетінше ойлау, білімді алу және қолдану, қабылданған шешімдерді мұқият қарастыру және іс-әрекеттерді нақты жоспарлау, әртүрлі құрамдағы және бейінді топтарда тиімді әрекеттесу және қабілеттерін қалыптастыруларына баса назар аударылады.

Қазіргі қоғамның ақпараттық, коммуникациялық, кәсіптік және басқа да салаларындағы жаһандық өзгерістер білім берудің мазмұнына, әдістемелік, технологиялық аспектілеріне түзетулер енгізуді, бұрынғы құндылық басымдықтарын, мақсаттары мен педагогикалық құралдарды қайта қарауды талап етеді.

Зерттеудің өзектілігі:

Сабақ жүйесінің технологиясы ғасырлар бойы жас жеткіншектерге білім, білік және дағдыларды жаппай беру үшін ең тиімді болып шықты.

Қазіргі заманда болып жатқан қоғамдық өмірдегі өзгерістер жеке тұлғаның дамуын, шығармашылық бастаманы, ақпараттық салада өз бетінше қозғалу дағдысын, білім алушының бойында әмбебап бейнелеу қабілетін қалыптастыруға бағытталған білім берудің жаңа әдістерін, педагогикалық технологияларды дамытуды талап етеді. Өмірде туындайтын мәселелерді шешу үшін мәселелерді шешу - кәсіби іс-әрекет, өзін-өзі анықтау, күнделікті өмір.

Жаңа байланыстар мен мәдени байланыстарға еркін тұлғаны тәрбиелеуге, білім алушылардың өз бетінше ойлау, білімді алу және қолдану, қабылданған

шешімдерді мұқият қарастыру және іс-әрекеттерді нақты жоспарлау, әр түрлі құрамдағы және бейінді топтарда тиімді әрекеттесу және қабілеттерін қалыптастыруға баса назар аударылады. Бұл оқу іс-әрекетін жүргізудің баламалы формалары мен әдістерін оқу үдерісіне кеңінен енгізуді талап етеді. Бұл оқу іс-әрекетін жүргізудің баламалы формалары мен әдістерін оқу үдерісіне кеңінен енгізуді талап етеді.

Бұл білім беру ұйымдарының білім беру контекстіне білім алушылардың жобалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне негізделген әдістер мен технологияларды енгізуді анықтайды. Сонымен қатар, қазіргі қоғам дамуының жалпы тенденциясы шығармашылық, зерттеушілік ізденіс кез келген кәсіптің ажырамас бөлігіне айналады. Қазіргі әлемдегі зерттеушілік мінез-құлық ғалымдардың шағын кәсіби тобына тән жоғары мамандандырылған қызмет ретінде емес, кез келген қызмет саласындағы кәсібилік туралы идеялардың құрылымына кіретін жеке тұлғаның ажырамас сипаттамасы ретінде қарастырылады. Ал одан да кеңірек – қазіргі адамның өмір салты ретінде.

Зерттеу объектісі: жаңа білім беру стандарттарына көшуге байланысты білім беру процесінің қазіргі кезеңіндегі білім алушыларға тарихи-қоғамдық форматта болғаны жақсы.

Зертеу пәні: тарих және қоғамтану сабақтарында, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта студенттердің жобалау және зерттеу іс-әрекеті.

Жұмысымының мақсаттары:

Жобалау және зерттеу әдісін әрбір білім алушы оқу материалының негізгі деңгейін ғана емес, меңгеру мүмкіндігіне ие болатын оқу процесін ұйымдастыру мүмкіндігі ретінде қарастырамыз, сонымен қатар танымдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Тарихи зерттеулерге, ғылыми ізденістерге, шығармашылық іс-әрекетке танымдық қызығушылықты қалыптастыру және дамыту үшін жобалау-зерттеу қызметінің түрлерін және олардың мүмкіндіктерін талдау.

Жобалау және зерттеу қызметінің негіздерін қалыптастыру жүйесі тиімді болады, егер:

жобалау және зерттеу іс-әрекетінің негіздерін оқуды қамтиды;

жобалық қызметпен айналысуға мотивация жасауға бағытталған;

оқу үрдісінде жүйеліліктің болуымен сипатталады.

Жоба әдістемесі білім алушыларды қоршаған әлемді өз бетінше зерттеуге, әр түрлі білім беру саласында өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыратын, өмірмен және тәжірибемен тығыз байланысты оқытудың жаңа технологиясы ретінде дәстүрлі аудиториялық-сабақ жүйесін үйлесімді түрде толықтыруға мүмкіндік және практикалық әрекеттер береді. Ол тәжірибелік, зерттеушілік іс-әрекеттерге, топтық жұмыстарға, ауысыммен жұптық жұмыстарға негізделген.

Қазіргі колледждердің басым міндеттерінің бірі – әрбір баланың тұлғалық дамуы үшін қажетті және толық жағдай жасау, білім беру процесінде білім алушылардың белсенді позициясы мен субъективтілігін қалыптастыру.



Оқытушы мен білім алушы арасындағы жобалық-зерттеу жұмыстары ақпаратты табу, талдау, өңдеу және оны мақсатына сай пайдалану, пәнаралық байланыс орнату, жалпы заңдылықтарды іздеу, т.б. Жалпы, бұл тақырып бойынша жұмыс білім алушылардың жобалық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясын меңгеруге мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Матяш, Н. В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение. Москва: Академия, 2016./
2. Матяш, Н. В. Психология проектной деятельности школьников в условиях технологического образования. Мозырь: РИФ «Белый ветер», 2013
3. Пахомова, Н. Ю. Метод учебных проектов в общеобразовательном учреждении: пособие для учителей и студентов педагогических вузов. Москва: АРКТИ, 2005.

## **КӨНЕ ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН КИЕЛІ ОРЫНДАР**

**Айтжанова Шуга Рейовна**

«Қазақ технология және бизнес университеті»

АҚ колледжі физика пәні оқытушысы

Қазақстанда тәуелсіздік алған жылдардан бастап қоғам мен мемлекеттің тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасы өзгерді, жаңа заңнамасы жасақталып бекітілді. Еліміздің ЮНЕСКО, ICOMOS тәрізді халықаралық ұйымдармен ескерткіштерді қорғауда ынтымақтастығы белсенді дами бастады. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңында тарих және мәдениет ескерткіштері міндетті түрде қорғалатындығы және сақталатындығы, сонымен бірге оларды пайдаланудың, оларға меншік құқығын өзгертудің және оларды мәртебесінен айырудың ерекше құқықтық режиміне ие болатындығы көрсетілген. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің бір түрі – киелі объектілер. Киелі объектілер – айтулы тарихи оқиғалармен және аса көрнекті тұлғалармен, сондай-ақ халықтың рухани құндылықтарымен байланысты тарихи және есте сақтарлық жерлер, қолмен жасалған және табиғи ғибадат ету объектілері, ландшафттар, құрылысжайлар болып табылады. Қазақстанда киелі жерлер мен қасиетті орындар көп. Бірақ халық арасында үлкен сұранысқа ие болған ол – Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі киелі орындар.

Киелі орын, қасиетті жер деген ұғымдар сонау ерте заманнан келе жатыр. Заман өзгерген сайын, адамдардың қажеттіліктері мен сұраныстары өзгерген сайын оларға деген көзқарастар да өзгерді. XIX ғасырдан бастап киелі орындар мен қасиетті жерлерге деген жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Киелі орындар тарихи естелік орындары ретінде көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналып отыр. Киелі жерлерге зиярет ету ғылыми тұрғыда «діни туризм» немесе «сакралды туризм» деп аталады. Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ. Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндірген. «Киелі орындардың тағы бір құдіреттілігі – олар өздерін қорғай алады» – дейді Ә.Қ. Муминов (Муминов А.К. 2011d : 124). Шынымен де, халық арасында тараған әңгімелер бойынша киелі орындарды ешқашан ешкім қирата алмайды. Адамдардың айтуы бойынша киелі орындардың иелері хауан, аруақ немесе жын түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады екен.

Батыс Қазақстан өңірінде киелі орындардың бірі – Маңғыстау өңірі. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік бағытындағы ірі аймақтарының бірі. Ұлы Жібек жолында елмен елді елдестіріп, экономикалық өрлеуге бастау болған 362 әулиенің мекені ұлы дала Маңғыстау жері қаншама тарихи кезеңдер мен оқиғалардың куәсі болған киелі өңір. Бұл өңірде ата-бабалар аруағын құрмет тұту, рулық қорымдардағы халық батырлары, билері, ақындары, қоғам қайраткерлерінің қабірлеріне зиярат ету, марқұм болған

тумаластарын киелі орындарға жерлеу дәстүрлері әлі күнге дейін жалғасын табуда. Еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда, Маңғыстауда ата-бабаларының бастарына күмбездер мен кереге қима тамдар көтеру, ескерткіш-белгілерін салу дамыған.

Маңғыстау өңірін зерттеген ғалымдардың бірі Әбіш Кекілбаев 1979 жылы жарық көрген «Ұйқыдағы арудың оянуы» атты кітабында Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, келешегі жайлы қызғылықты сыр шертеді. Қазақ мифологиясы тарихының негізін қалаушы Серікбол Қондыбай «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабында киелі орындарының мәнін мифологиялық көріністер арқылы түсініктемелер берген. Шығыс түркі (ұйғыр, салор, тува, алтай, шор, т.с.с.) және моңғол мифологиясында «маңғыш» (маңғыс, мангус) айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Түркілерде құбыжықтар жақсы және жаман қасиетке бірдей ие. Ал 1985 жылы жарық көрген Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» кітабында Маңғыстау атауының шығу тегі туралы төрт болжам келтірілген. Біріншісі, өлке аты «мың қыстау» тіркесінен шыққан. Екіншісі – ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан. Үшіншісі көне түркі тіліндегі «мен» төрт жастағы қой сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасса, төртіншісі «Маңғыштағ» «Құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді. Алайда, бұл өлкенің тарихы мен Маңғыстаудың сиқыры әлі толық зерттелген жоқ.

Қазіргі таңда, республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне Маңғыстау облысынан 20 нысан кірген. Облыста бұған қоса 800-ден астам тарихи-мәдени мұра объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. Республикалық маңызы бар ескерткіштерге «Ескі Бейнеу қорымы және Бекет ата жерасты мешіті», «Оғыланды жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті», «Сисем ата қорымы», «Шақпақ ата қорымы және жерасты мешіті», «Масат ата қорымы және жерасты мешіті», «Қараман ата қорымы және жерасты мешіті», «Ақүйік», «Бекі», «Уәлі», «Бесінбай», «Қарамола (Шытша, Төбекұдық)», «Қызылсу» қорымдары, «Омар-Тұр күмбезтамы», сондай-ақ 25 жергілікті маңызы бар «Оғыланды қорымы», «Сұлтан-үпі жерасты мешіті, қорымы және сайы», «Қарағашты әулие», «Кенті баба», «Сағындық», «Үштам», «Қалипан», «Нұрмағанбет», «Жамбауыл» қорымдары, «Адай ата – Отпан тау тарихи-мәдени кешені», «Асау», «Барак», «Құсшы ата», «Ешкіқырған», «Бегеш», «Белторан», «Айымбет», «Ақшора», «Жылқыбай», «Қалың-арбат», «Қошқар ата», «Мая», «Шат», «Қатем» қорымдары, «Қызылқала қалашығы, Ақмыш сайы» ескерткіштері жатады. Маңғыстау халқының өмірі, тұрмысы, тыныс-тіршілігі тарихи-мәдени ескерткіштерімен тығыз байланысты.

Ислам діні мен пұтқа табынушылық кезеңдегі дәстүрлер тоғысуы да, бұрынғы заманнан бері сақталған Жерасты мешіттері - азиялық суфизм тарихында өте сирек кездесетін құбылыс. Жерасты мешіттері Маңғыстау жерінде көбірек кездеседі. Бұл жерлерге осы күндері зиярат етуге Қазақстанның басқа өңірлерінен, өзге елдерден, тіпті шет елдерден де көптеген адамдар келеді. Небір асыл туындыларды өмірге әкелген, тастан түйін түйген шеберлердің туындылары күні бүгінге дейін өзіне табындырып, таңқалдырып

келеді. Әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Мәселен Бекет ата жер асты мешіттері. Бекет Атаның бес мешіті бар. Бұл мешіт-медреселерде ол Құдайға құлшылық етіп, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім берген. Мешітте оқылатын дұғаның мәнін, қазіргі ғылым тілімен айтқанда, дұға – Алла тағаладан жететін рухани энергияны тербеліске айналдыратын гипер-механизм. Ал мешіт – Алла тағаладан келетін сол энергияны жинақтаушы қор секілді. Бекет атаның бірнеше жерден мешіт салу арқылы сол энергетикалық қордың мол болып, адамдарға жан-жақтан ықпал ететін күштерді арттырудың жолдарын қарастырған тәрізді. Қазіргі заманның жаратылыстану ғылымдары Бекет Ата қасиеттерін түсіндіріп беруге қауқарсыз, ол бір тылсым күш. Мешіттерді инженерлік-құрылыс тұрғысынан, физикалық-акустикалық сапасы жағынан, географиялық-астрономиялық бағытын зерттеу жүргізілетін болса, талай құпиялардың ашылуын күмән жоқ.

Жерасты мешіттерінің өз ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, мешіттің ішіндегі оқылған дұға-аяттардың, айтылған уағыз-насихаттар барлық бөлмелерде отырған адамдарға естілуі. Сосын жылдың қай мезгілі болса да мешіт ішіндегі ауаның ылғалдылығы санитарлық-гигиеналық мөлшерден аспайды екен. Жер асты мешіттерінде бірнеше бөлмелері бар, олар тау жынысындағы қуыстар мен жарықтарды дұрыс пайдаланып, үңгіп салынған. Есік, түндік ашық тұрса да ішінде желорай (сквозняк) болмайды. Бір ғажабы астрономиялық құрал-жабдықсыз жер асты мешіттің кірер есігі күншығысқа немесе құбылаға бағытталып орналастырылған. Ол қазіргі кездегі топографиялық картадағы Мекке қаласының (Қағбаның) бағытымен дәл жасалған. Жерасты мешіттерінің орналасуында географиялық қажеттілікті өзіндік «заңдылықтармен» байланыстыру бар. Сондықтан мешітті салушылар ғылымнан ерекше хабар болған жандар болуы мүмкін. Кей ғалымдардың айтуынша, Бекет ата емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама, сол орыннан аспан әлемін бақылаған. Аспан денелерінің анық көрінуі, алда келе жатқан нәсерді, қар мен боранды немесе аптап ыстықты білуге мүмкіндік берген секілді. Обсерваториялық байқаулар жүргізуге пайдаланған деп болжайды ғалымдар. Сондықтан қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдары үшін жер асты мешіттерінің құпияларын ашуда орасан зор еңбекті қажет етеді. Бекет Атаның тұлғалық тағылымы – жастарға адамгершілік тәрбие беру, олардың бойында ұлттық сана-сезімді, арнамысты, азаматтық парызды қалыптастыру және ел бірлігі мен ынтымағын сақтаудың үлгісі.

Көне ғасырлар бойы сақталған жерасты мешіттері өткеннен қалған асыл мұра, ата-бабаларымыздың аманаты. Сондықтан барша қоғамның басты міндеттердің бірі -Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарын сақтау болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ.
2. Ә.Кекілбаев «Ұйқыдағы арудың оянуы» кітабы, 1979;
3. С.Қондыбай «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» кітабы 2007;
4. Маңғыстау МТМҚ ММ материалдары;
5. 360 әулиелі Маңғыстау» кітап-альбомы;
6. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А. Ш. Нурмановой и С. Саттарова/ Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; под ред. С.Н. Абашина. – Алматы: Жибек жолы, 2011.

# «ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ» - ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӨНІМДІ ЖОЛЫ

**Маханбетова Зәуре Нағашыбайқызы**

Астана халықаралық университеті Педагогикалық колледжі оқытушысы

Бүгінгі таңда мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиет, мәдениеті, өнері, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Әр мұғалімнің алдыңғы сәулелі мұраты - өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Бұл жерде ұлы дана Абайдың сөзі еріксіз ойыңа оралады.: *«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап».*

Білім алушының өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын тапқыза білу қаншалықты қиын екені түсінікті. өзіне-өзі таба алмай, өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алмай, өзін-өзі тұншықтырып жүргендер, басқа жолға түсіп адасушылықтың негізгі себебі, ең алдымен, «бір кездегі ұстаздары, мектебінде жатқан жоқ па?» деген сауалдардың мұғалімдерді ойлантқаны жөн.

Технология - оқытудың тың әдістемесі немесе мүлде жаңаша жолдарын қарастырады деген түсінік артықтау. Керісінше, адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбилеудегі ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тағы да тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңа заман талабына сай дамыта отырып еңбектену жалғаса бермек. Сондай озық әдістің бірі – «төңкерілген оқыту».

«Төңкерілген оқыту» дегеніміз не? Бұл жөніндегі «төңкерілген сынып» (flipped classroom), «төңкерілген оқыту» (flipped learning) ұғымдарына түсініктеме беріліп, бұл әдістің тиімді және тиімсіз тұстарына талдау жасап көрейік. Осы баяндама арқылы аталған әдісті тиімді қолдану тәсілдерін ұсынғалы отырмын.

«Төңкерілген оқыту» – интернетті қолдана отырып, сабақты видео түрінде көрсетуге негізделген педагогикалық әдіс. «Төңкерілген оқыту» Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңа әдіс түрі болып табылады. Соңғы жылдары сабақта ақпараттық технологияларды пайдалану бұрынғыдан арта түсті. Қазіргі таңда дәстүрлі лекциялар мен үй жұмыстарының түпкілікті өзгеріске ұшырауы, оқушылар қысқаша шолу түрінде бейнесабақтар мен онлайн сабақтарды қарайтынын және сабақ барысында тек талқылау мен тапсырмаларға мән беру керектігін көріп отырмыз. «Төңкерілген оқыту» әдісін қолданудың ең бастысы – оқушылардың ұялы телефонды қолдануға ұмтылысын оңтайлы пайдалану. Оқушылар онлайн немесе ұялы телефондары арқылы WhatsApp желісін пайдаланып, өз ойлары мен идеяларымен бөлісіп,

өзекті мәселелерді цифрлық технологиялардың көмегімен шешіп, мәселе шешімдерін талқылаулар арқылы байланыстыра алады Оқушылар ақпаратты қабылдау және меңгеру жылдамдығының әркелкілігімен ерекшеленеді. Кейбір оқушыларға ақпаратты меңгеру үшін аз уақыт керек, ал кейбір оқушылардың қабылдау жылдамдығының баяу болуына байланысты көп уақыт қажет болуы мүмкін. Мұғалімнің сабақтағы уақыты санаулы болғандықтан, ол барлық оқушыларға тиісті деңгейде көңіл бөле алмауы мүмкін. Осы мәселені шешуде мұғалімдер «төңкерілген оқыту» әдістемесімен танысып, өз тәжірибесінде жүзеге асырып көрген жөн. Сонымен, «төңкерілген оқыту» қандай болмақ? Бұл – сабақтарды бейнетүсірілім арқылы көрсетіп, оқушылардың білу, түсіну дағдыларын дамыту мақсатында үй тапсырмасы ретінде ұсынылатын педагогикалық әдіс түрі. Аралас сабақтарда жаңа тақырыптың теориясын сыныпта талқылап, (өзіміз түсіндіреміз, оқулықты оқытамыз, т.б.), ал үйге практикалық тапсырма беріледі (жаттығуларды орындау немесе есептерді шығару, т.б.). Теория – сыныпта, тәжірибеде қолдану – үйде (Светлана Яскевич, 2014). 1-кестеде көрсетілгендей, оқушыларға үй жұмысы алған білімдерін бекіту мақсатында беріледі. Әдебиет пәнінде көркем шығарманың күрделілігіне орай 50%-ға жуық сабақ уақыты мазмұнын түсіндіруге кетеді. Уақыттың жеткіліксіздігінен кейбір мұғалімдер сабақ үстінде орындау қажет тапсырмаларды үйге беріп жіберуге мәжбүр болады. «Төңкерілген оқыту» әдісінде бұл үдеріс мүлдем басқаша орын алады. Мұғалім жаңа материалды бейнежазба арқылы көрсетіп, сабақ барысында оқушыларға тәжірибелік тапсырмалар беру арқылы теориялық білімін, жаңа тақырыпты меңгеруін бақылайды. Осының нәтижесінде оқушыларға тәжірибе жүзінде орындайтын тапсырмалар мен жұмыстар көбірек жүргізіледі. Төңкерілген оқыту арқылы мұғалім белгіленген сабақ аясында оқушылардың алған білімін қолдану дағдыларын дамыта алады (Jonathan Bergmann and Aaron Sams, 2015). Сабақта уақыттың жеткілікті болуы мұғалімнің әр оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді. «Төңкерілген оқыту» – жаңа педагогикалық әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушыларды ынталандырып, көптеген жетістіктерге жете алады және өз бетінше білім алуына жағдай жасалады (Brian Bennet, 2012). Аталған педагогикалық әдіс қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға және оқушылардың өз оқуы үшін жауапкершілікті сезінуіне оң әсерін тигізеді (Jonathan Bergmann, Aaron Sams, 2015). 1-суретте көрсетілгендей, оқушылардың оқуы сыныптан тыс үйде жалғасып, сабақ барысында олар мұғалімнің көмегімен білімдерін бекітеді. Оқушылар алдын ала теориялық материалды меңгеріп келгендіктен, сабақта мұғалімнің көмегімен теориялық білімін қолданып, тәжірибе жүзінде тапсырмаларды орындайды.

### **Дәстүрлі оқыту**

Оқушы жаңа материалды сабақта меңгеріп тапсырманы орындап үлгеруі қажет болады

### **Төңкерілген оқыту**

Үйде оқып келген материалды сабақта мұғалім көмегімен талқылап, анализ жасай алады.

Үйде өз бетінше видеоны қарап, тақырыпты меңгере алады

Алдымен, «төңкерілген оқыту» әдісі дегеніміз не? Неге осылай аталуы мүмкін? Осыған жауап берейікші. «Төңкерілген оқыту» әдісі мен басқа сабақтың айырмашылығы неде деп ойлайсындар? Үйге тапсырма «өтілмеген сабақ» неге алдын – ала берілді? Оның бүгінгі әдіспен байланысы болуы мүмкін бе?

Төңкерілген оқыту» технологиясын 2007 жылы АҚШ мектебінде алғаш өз тәжірибелерінде қолданған америкалық химия пәнінің мұғалімдері Аарон Самс пен Джонатан Бергманн. Мектепте тақырып бойынша жаттығулар мен жобалар бойынша жұмыстар жүргізіп, үйде лекцияны, жаңа тақырыпты қарастыру – негізгі идея болып табылды

#### 1- Компоненті. Мұғалімнің дайындығы.

Мұғалім жаңа сабақтың мазмұны бойынша: видеосабақтар, презентациялар, басқа да бейне материалдар және тапсырмалар дайындайды. Яғни жаңа сабақты оқушылар үйде өз бетімен қарастырып, танысады. Оқушының мүмкіншіліктерін ескере отырып, электронды пошта, немесе диск, вацап, флешка арқылы жаңа сабақты алдын-ала үйге береді.

2- компоненті, Практикалық тапсырмалар. Сыныпта жаңа сабақ мазмұны бойынша оқушылармен жаттығуларды, тапсырмаларды, стратегияларды жоспарлап дайындайды, өткізеді. Яғни сыныпта үйде оқушылардың танысып келген жаңа сабақ мазмұнын тек пысықтайды, білімдерін жинақтайды.

#### 3- компоненті. Тест немесе жоба.

Мұғалім оқушылармен бірге соңғы жұмыс түрлерінің бірнеше түрін таңдай алады, мысалы, тест қажет бағдарламасы арқылы дайындалса уақытты үнемдеуге мүмкіндік туады. Ал егер жоба болса, ол пән мазмұны мен жаңа тақырып ерекшелігіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Тілеуов Қ.Қ., Жұмабаев Р.Н., Қоңырбаева Ж.М., Унбаева С.И., Тайбазаров Н.Ә. «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолдану: әдістемелік нұсқаулық.

2. Астана: «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 41 б.



# ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОДНО ИЗ УСЛОВИЙ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ

**Есимханова Назира Избастыевна**

Учреждение Колледж городского хозяйства «Астана Профи»

Одним из аспектов историко-культурного наследия современного Казахстана является полиэтничность, поликультурность казахстанского общества. Выработанная веками уникальная толерантность казахского народа позволила гармонично интегрировать этническое, культурное и языковое многообразие Великой степи, и была не просто сохранена, но и получила дальнейшее развитие в политике нашего государства.

Современное этнокультурное образование в его широком понимании должно отвечать современным социокультурным тенденциям. Оно должно быть связано с идеей воспроизводства различных форм исторически сложившихся типов этнокультурной деятельности.

Жүйелі тәрбие жемісін беретіндігі сөзсіз. Тұлғаның бойында жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіруі, өнерлі-білімді болуы – тәрбиеге, өскен ортасына, үлгі-өнеге берген ұстазына байланысты екендігі мәлім.

Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған қазақ қоғамының біртуар азаматы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық тәрбиеден жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп ұлттық тәрбиеге терең мән берген тұжырымы ұлттық болмыс мәселесінің дәйектілігінің дәлелі болып отыр.

Ата дәстүр өзінен өзі жалғаспайды. Ата дәстүрді баянды ету ұрпағымыздың қолында екенін ескерсек, ұлтымызды өзгелерден айшықтап тұратын ұлттық құндылығымызға бей жай қарамай, жанашырлық танытуға тәрбиелеу біздің қолымызда.

Жаһандану дәуірінде тапқанымыз көп, алайда жоғалтқанымыз да аз емес.

Дамудың даңғыл жолына түсеміз деп жүріп, ХІХ ғасыр ХХ ғасырға ойысар тұста атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып, болмысымыздан айырылудың аз-ақ алдында қалдық.

Ұлттың тағдыры әрбір қазақ азаматының қолында. Ұлттық құндылықтарымыздың бірегей бағытындағы интеллектуалдық ізденістер ғана өркениеттік ілгерілеу мен іркілістегі Қазақстанның жаһандық аренада лайықты орынға ие болуына жағдай жасап, арнасын кеңейте түсері даусыз.

Тұлға, ұлт және мемлекет факторын дұрыс пайымдауға бейімделген қоғамның бәсекеге қабілеттілігі жоғарылап, тарихқа қосары да, тарихтан алары да мол болмақ.

Тарихымыз біздің болашағымыз. Халқының өткеніне үніліп, саралап, заман талабына жаңашылдықпен оңтайлы ұштастыруға икемделген әрбір қазақ азаматы еліміздің көркеюі мен жетекші елдердің қатарына қосылуына пайдасын тигізеді, әрі өзінің болашаққа нық қадам басуына жол ашады деп ойлаймын.

Қазақ жастары үшін әлемді өзгертудің және бірінші болудың уақыты келді, ұлт мүшесі ретіндегі міндетінді орында, ел дамуына өз үлесінді қосуды басты назарда ұста, сонда біз өнегелі ұлт, өркениеті ірі ел боламыз демекпін!

## Әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық тарихтың жаңғыртылуы (5 маусым 2013 ж.). Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында (жалпыұлттық кеңесте) ҚР Мемлекеттік хатшысы М.М.



2. Тәжиннің сөйлеген сөзі (Ұлттық тарихи жадыны сақтап қалу – өз-өзінді сақтап қалудың жолы).

3. ҚР тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы : Қазақстан, 1995. - 32 б.

4. Дүкенбаева З. Ұлт тарихының келелі мәселелері/Дереккөз:<http://group-global.org/kk/publication/>

## **ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ**

**Ыдырыс Жанна Белбайлықызы**

«Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС

Баяндамамды бастамас бұрын алдымен сіздерді алған тақырыбыммен таныстырып кеткім келеді. Менің тақырыбы: «Ғылым және инновация - білім берудің негізі» деп аталады. «Инновация дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беру үшін бірінші сол терминге анықтама беру керек деп ойлаймын. Яғни, «Инновация» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу, жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді.

Жалпақ сөзбен айтқанда, білім беру саласындағы жаңашылдық болып табылады. Яғни, бұрын болмаған жаңалықтар және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген мағынаны білдіреді екен.

Қазіргі таңда біздің елімізде білім саласында модульдік оқыту; блок-модульдік оқыту; компьютерлік технология; мультимедиа технологиясы; қашықтықтан оқыту технологиясы; желілік технология; интернет технологиясы; интерактивтік технология деп аталатын білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жататыны баршамызға мәлім.

Жоғарыда айтып кеткен барлық инновациялық технологияларды қазіргі уақытта білім саласында қолдану оқу үрдісін тиімді етуге көмектеседі.

Соның ішінде күнделікті сабақтарда қолданылатын интерактивті тақта, интернет және мультимедиа технологиялары маған қатты ұнайды.

Себебі, бұл технологиялар заман талабына сай келетін және оқу процесін студенттерге қызықты өткізуге, студенттердің де, педагогтардың да өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

XXI ғасырда білім мен ғылымды жаңа инновациялық технология бағытында дамыту қажеттілігі қазіргі кезде басты назарда екені белгілі.

Бұған дәлел, ҚР алғашқы президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» мемлекеттік стратегиялық жолдауында, біз «білім – ғылым - инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз деген.

Бұл - уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры - деп атап көрсеткен еді. Себебі, күнде жаңа шыққан азық - түлік немесе жаңа шыққан товарларды көреміз және мүмкіндігімізге қарай сол товарларды қолданғымыз келеді. Жаңа шыққан инновациялық технологияларды жұмыста сабақ беру кезде неге қолданбасақ?

Инновациялық әдіспен оқыту, өз бетінше жаңалық ашу немесе жаңалықты болжау болып табылады.

Оқытудың белсенді әдісі инновация (латын тілінен алғанда) «жаңа» деген ұғымды береді.

Қазіргі кезде кез келген оқу орындарында сабақ беру үрдісі жаңа технологиялық әдістерді қолдануды талап етеді. Әрине, өткен замандағы дәстүрлі әдіспен білім алған кейбір мұғалімдерге қиындық беруі мүмкін, бірақ жаңа заман талабы бойынша мұғалімдердің өздері де жаңа заманға сай өзгеруі керек екені түсінікті.

Негізі, ұстаз ізденімпаз, жаңашылдыққа құмар, қоғам талабын толық қанағаттандыратын жан болуы шарт.

Дегенмен қазіргі кезде мұғалімдердің өзі 2 топқа бөлуге болады:

Ізденімпаз, жаңа заман талабына байланысты барлық сабақтарды жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақты жаңа форматта өткізсе, сабақты өткізсем болды деген түсінікпен өткізеді.

Сабақ беру кезінде менің тәжірибемде кейбір студенттер теорияға бейім болмай жатады, яғни, оқып - білген білімін ауызша ойын толық айта алмай қиналады. Сол кезде тапсырманы тәжірибелік түрде көрсет дегенде студент қиналмай суретпен бейнелеп немесе арнайы бағдарламаларда тапсырманы орындап беріп жатады.

Бұл дегеніміз жаңа инновациялық технологияларды қолдану студенттердің сабақты жақсы меңгеруіне зор ықпал етеді дегенді білдіреді.

Мектепте жаңартылған бағдарламамен білім алған оқушылар колледж қабырғасына келгенде сабақты меңгеру оларға қиын соқпайды.

Себебі, мектеп қабырғасында барлық сабақтар сол форматта жүргізіледі. Жаңартылған бағдарлама оқушыларға не береді деген сұраққа жауап беретін болсам:

топқа бөліну арқылы бір - бірімен тығыз байланыста болуды

ынтымақтастықта жұмыс жасауды

бірлесе отырып берілген тапсырманы шешуді

бірін - бірі тыңдауды

уақыт үнемдеуді

бір - бірін бағалауды

бірлесе отырып жетістікке жетуді үйретеді

Сонымен, инновациялық технология дегеніміз педагогтың білімі, біліктілігі, жаңашылдығы, қазіргі заман талабына байланысты қолданатын әдіс-тәсілдері.

Кез келген педагогтың мақсаты өзінің студенттерін заман талабына сай, дамыған елдер қатарында иық тіресе тұра алатын, қоғамда өз орны бар жеке тұлға дайындау деп есептеймін.

Ол үшін кез келген педагог күнделікті сабаққа дайындалу үшін келесі кезеңдермен жұмыс жасауы керек:

*Жаңашылдыққа кіріспе*

педагог күнделікті сабақ жоспарын құру және өтетін сабақтың техникалық құралдарын түгендеу, алдына қойған мақсатын, міндетін айқындау, қолданатын әдіс-тәсілдерін анықтап алу

өтетін сабақтың қандай нәтиже беруін ұйымдастыру

сабаққа эксперимент жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізу (өзіндік тапсырмалар немесе зертханалық жұмыстар)

*Жаңашылдықты талдау*

сабақтың өтілу форматын талдау, саралау

берілген тақырыпқа сай қолданылатын технологияны жоспарлау (тақырыпқа байланысты қажетті бағдарламалар)

*Жинақтау, яғни қорытынды*

кәсіби-біліктілік дәрежесін көтеру

кездескен өзекті проблемелардың нәтижесін көрсету

орындалған тапсырмалардың нәтижелігіне қол жеткізу

Егер педагог осы айтылған кезеңдерден өткенде ғана білім беру саласындағы жаңартылған үрдістерді қолдана алатын және инновациялық технологияларды толық меңгере алатын педагог тұлғасы қалыптасады.

Ф. Януковичтың айтуынша «жаңа технологиялық сабақ мұғалімнің өз әдісін жаңартуға арналған сабақ емес, оқушының пайдасына, қажеттілігіне арналу қажет сонда ғана сапа болады» деген.

Алдында айтқандай жеке тұлға дайындау үшін ең басты әрекет - педагогикалық технология болып табылады.

Сонымен, инновациялық технология дегеніміз – педагогтың білімі, біліктілігі, интеллектуалдығы, сабақта қолданатын жаңартылған әдіс - тәсілдері.

Енді ғылымға келетін болсақ біздің елде 1991 жылы еліміздің ұлттық жетістіктері негізінде отандық ғылымның дамуының жаңа кезеңі басталды.

1992 жылы 15 қаңтардағы қаулы бойынша «Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми - техника саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Осы жылы ҚР Президентінің «Экономикалық реформалар жағдайында ҚР мемлекетін басқару органдарының іс - қимылдары мен ұйымдастыруын жетілдіру» туралы Жарлығымен ҚР Ғылым және жаңа технология министрлігі құрылды.

*Министрлікке мынадай міндеттер тапсырылды:*

Республиканың ғылыми технология саласының дамуы жолында мемлекеттік саясат жүргізу

Ғылыми - педагогикалық кадрлар даярлау жұмыстарын ұйымдастыру

Ғылыми - технологиялық салада халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру.

1992 ж. ҚР Президенті «Ғылыми жетілдіру және Республикалық ғылыми - техникалық потенциалын дамыту» туралы жарлыққа қол қойды.

Жергілікті жердегі бөлімшелері мен материалдық - техникалық базаның жоқтығына қарамастан аталған министрлік Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік және Батыс Қазақстан облыстарында үш аймақтық бөлім құрды.

1992 - 93 жж. аса маңызды мәселелерге байланысты 7 ұлттық ғылыми орталықтар дүниеге келді.

*Олар:*

электроника мен байланыс жүйесі бойынша

есепті техникасы бойынша

биотехнология бойынша

экология бойынша

жаратылыс ғылымдары бойынша

минералдық шикізат кешендері бойынша

жаңа ғарыштық технологиялары бойынша орталықтар құрылды.

1994 ж. Ғылым және жаңа технология министрлігі жанынан ғылыми - техникалық бағдарламалар мен жобаларды сараптау бөлімі құрылды. Аталған құрылымға арналған бюджеттік ассигнациялардан қаржыландыруға қабылданған ғылыми - техникалық бағдарламалар мен жобалар сараптамадан өтуге тиісті болды.

1996 ж. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы» Жарлығы шықты. Мемлекет ғылыми саланы қайта жаңғыртуға, академиялық ғылымның реформалық жолдарын анықтауға бет бұрды.

Осы мақсатта Ғылым және жаңа технология министрлігін, Ұлттық академияны, ауыл шаруашылығы ғылыми академиясын біріктіру жүзеге асырылды.

Солай, жаңадан Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы дүниеге келді.

Одан әрі 2007 - 2012 жылдарға арналған стратегиясы белгіленді. 2011 ж ҚР «Ғылым туралы» Заңы жарық көрді.

Э. Роджер «Инновация» - нақты бір адамға жаңа болып табылатын идея десе, Майлс «Инновация» - арнайы жаңа өзгеріс, біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» - деген.

XXI ғасырада жан - жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру қазіргі барлық оқу орындарының басты міндеті болып табылдаы.

Сонымен, ғылыми - техникалық және білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

Инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау;

Өнеркісіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылым қалыптастыру

Технологиялардың өркенитетті нарығы үшін жағдайлар жасау, яғни авторлық құқықты, патенттер беру.

Бүгінгі «Тарихқа бастар бір қадам» атты қалалық ғылыми – практикалық конференциясының негізгі мақсаттары тарих пәніне тікелей байланысты болғандықтан тарих пәні мұғалімдеріне айтатын «Liveworksheets» бағдарламасын сабақта қолдануды ұсынар едім.

Себебі, осы бағдарламада дайын тарих пәніне байланысты қызықты тапсырмалар, тесттік сұрақтарды қолдануға болады және сабақты қызықты етіп өткізуге болатынын айтқым келеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы Заңы. Астана 2011 ж.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты «Назарбаев Университетінде» оқыған интреактивті дәрісі. Егемен Қазақстан, 2016, 6 қыркүйек.
3. Б. Жұмағұлов. Жаңа заң бізге жаңа бағыт береді?// «Айқын», 22. 02. 11  
<https://www.liveworksheets.com/>

## «ҚАЗАҚ КӨШІ: ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННАН ЕУРОПАҒА ДЕЙІН»

**Жылгелді Жеңіс Серікбосунұлы**

Астана қаласы әкімдігінің

«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКҚ

Қазіргі таңда Түркия мен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасқан қазақ диаспорасының ата-бабасы Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарын, яғни «Үш аймақ» деп аталатын Шығыс Түркістанды мекендеген этникалық қазақтар. XX ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Түркістан өңірі Қытай империясы тарапынан әлеуметтік және экономикалық қыспаққа алынды. Нәтижесінде осы жерде қоныстанған қазақтар ұлт-азаттық көтерілістерге қатысып, өз кіндік қаны тамған жерін тастап, басқа жерге көшіп кетуге мәжбүр болды. Бұл көш қазақтың еркіндік жолындағы теңдессіз ерлігі болып көрініс тапты.

«Үш аймақ» – Жоңғар ойпатын қоршай орналасқан Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтары. Бұлар Қытайдың батыс шекарасына Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының батыс солтүстігіндегі ұлан байтақ өңірге жайғасқан. Қожай Доқасұлының Бейжінде Ұлттар баспасынан 1996 жылы жарық көрген «Офицердің қойын дәптерінен» жазбаларында: 1944 жылдың 12-ші қарашада Гоминьдан үкіметінен қарулы күрес нәтижесінде Іледегі Құлжа қаласы тартып алынып «Шығыс Түркістан» үкіметі құрылды. 1944 жылдың күзі мен 1946 жылдың көктеміне дейінгі аралықта «Үш аймақ» Шығыс Түркістан деп аталды. Түркия өңірдегі қазақ диаспорасының аталары осыған дейін Шығыс Қазақстан және Қытайдың қол астындағы Шығыс Түркістан аймағында өмір сүрген. Олар Ресей патшалығы мен Қытай шекараны белгілеу кезінде Шығыс Түркістан жағында қалып қойған. Бұл шекара Қытай мен Ресейдің 1860 жылы Бейжінде жүргізген келіссөзі және 1864 жылы Шәуешек хаттамасы (протоколы) арқылы белгіленді.

1940 жылдың ақпан айынан 1947 жылдың шілде айы аралығында Гоминьдан үкіметіне қарсы Тарбағатай, Іле, Алтай халқының «Үш аймақ төңкерісі» деген атпен халық азаттық қарулы көтерілісі тарихқа енді. Жалпы Қытайдың отаршылдық саясаты салдарынан 1759-1949 жылдар аралығында Шыңжаң территориясында төрт жүздей наразылық көтеріліс болған.

1930 жылдары Шыңжан өлкесінің губернаторы Цзинь-Шужэннің көмекшісі болып келген Шэн ши-цай, 1933 жылы бүлік нәтижесінде билікке келіп, 1944 жылға дейін Шыңжан өлкесін басқарды («Шыңжан королі» деген лақап атауы болған). Ол қазақтың беделді адамдарын қамауға алып түрмеге отырғызып, жоқ қылып жіберудің жолдарын іздеді. Шэн ши-цай билігімен Шыңжан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тікелей байланысты болды. Шэн ши-цай қабілетті саясаткер және Маньчжурлық катігез офицері деп сипатталды. Осылайша 1930 жылдардан кейін Қытай тарапынан көрсетілген қудалаулар мен қысымдардың салдарынан қазақтар екі рет көшті.

Бірінші көш – 1938 жылы Есілхан және Зайып батырлардың бастауымен жүргізілді және 1941 жылы Тибет, Гималайдан асып, Үндістанға жеткен. Ал екінші көш – бірінші көштен он жылдан кейін Мао Цзэдунның төңкерісінен кейін басталды. Бұл көшті Құсайын тәйжі, Дәлелхан Жаңалтай, Қалибек әкім, Сұлтан Шәріп Зуқа батыр басқарды және 1951 жылы Кашмирге келіп орналасты.

Осы тұста Қытай қыспақтарына қарсы күрескен Зуқа батыр мен Оспан батыр туралы айтып кеткен жөн. Зуқа Сәбитұлы – қытайдағы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырған саяси қайраткер. Ол Ресей патшалығы мен Цинь империясының қазақ даласын пышақ үстінен бөліп алу нәтижесінде ата қонысынан кіндігі ажыраған тағдырлы қазақтардың бағы үшін күрескен. Ал Оспан батыр ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Екінші көш кезінде көштің ең маңызды тұлғасы әрине Оспан батыр. Ол шетелдердегі кітаптарға «Қазақтың алтын аңызы» деген сипатқа ие болды. Еуропалық ғалым Линда Бенсон қаһарман атамыз жайлы «Қазақтың алтын аңызы» дейтін көлемді еңбек жазыпты. Онда: «Оспан батыр – өзінің бұрынғы өткен бабалары Шыңғыс хан, Әмір-Темірлер сияқты аса құдіретті қолбасшы. Егер ол орта ғасырда өмір сүрген болса, сөзсіз әлемді жаулайтын жиһангер болар еді» депті.

Қазақтар Үндістанға көшті. Бірақ, қиындық пен қырсық артта қалып қоймады. Көлденеңдеген кесапат, бой бермес бөгет кезіге кетті. 1943 жылы қазақтардың басына қайғылы оқиға болды. Олардың басшысы Елісхан Тәйжі небәрі 36 жасында өмірден озды. Сол уақытта Үндістан екіге бөлініп, мұсылмандардан Пәкістан Республикасы құрылып жатқан. Мұсылман болғандығы үшін қазақтар Пәкістан тарапында болды және ол жерде қазақтардың да белгілі бір дәрежедегі орны болды.

Алайда қазақтардың туған жерге деген сағынышы басым болды. Осылайша өзіне туыстай жақын, мұсылман елді іздестірді. Ол Түркия елі болды. Әрине, Пәкістан – мұсылман мемлекеті және қазақтар оның құрылғанынан бастап жүргендіктен, онда тұру еркі бар еді, алайда тілі мен мәдениеті алшақ болды. Егер Пәкістанда қала берсе, келер ұрпақ қазақтығынан және тілінен айырылу мүмкіндігі болды. Қаншама жылдар бойы төккен қан, көрген бейнет, жұлқыласқан күрес босқа кетер еді. Елісхан, Зайыптардың аруақтарын риза ету үшін де келер ұрпақ бойында дінге сенімін, ұлттық сезімін сақтап қалу, әдет-ғұрпын, мәдениетін, рухани әлемін ұмыттырмаудың бір ғана жолы болды. Ол – Түркияға жету, сонда тұру. Сол себепті қазақтар бір-бірімен бірігіп, «Шығыс Түркістан Қазақ босқындар қоғамын» құрды.

Түркияның сол кездегі Президенті Джелал Баяр мен Примьер –министрі Аднан Мендереске өтініш жасайды. Ол кезде Түркиядағы түріктердің үлес салмағы басқа ұлт өкілдерінен әлдеқайда төмен еді. Ал түрік басшыларының мақсаты қандас ағайындарын жинап, оларға қамқорлық таныту, түріктердің үлес салмағын арттыру болатын. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған біздің қандастарымыз Пәкістандағы Түркия елшілігімен жолығып, өз тілектерін білдіреді.



1952 жылдың 13 наурызында Түркияның Министрлер кабинеті өзінің №3/14595 шешімімен қазақ босқындарын түрік мемлекетіне қабылдайтынын мәлімдейді. Елдің президенті Джелал Баяр, үкімет басшысы Аднан Мендерес және 16 үкімет мүшелері қол қойған арнайы құжат қабылданады.

Осы жылдың 6-шы тамызында Түркия елшілігінен хат келеді. Онда Түркияға көшіп барғысы келетіндердің тізімін беру туралы айтылады. Сол жылдың қыркүйек айында Кашмирден шыққан қазақ босқындарының алғашқы тобы Стамбулға келіп жетті. Тарихи отанынан күшпен ығыстырылған Алтай қазақтарының Түркия елін таңдап, үкіметіне өтініш жасауы, әрине, тектен-тек емес еді. Үндістанмен Пәкістандағы қазақ босқындарының басшылары түбі бір туыс, діні мен ділі жақын Түркияға тоқтаған болатын.

Түркиядағы қазақтар санына келер болсақ, түрлі дереккөздерді әртүрлі цифрлар көрсетілген. Ортақ нақты есеп жоқ. Дегенмен, соңғы деректерде 30-40 мың аралығында Түркияда қазақтар өмір сүреді деп көрсетіліп жүр. Бізге нақты белгілі есеп, Алтайдан Түркияға көшіп барған қазақтардың саны. Олар – 1850 адам болған. Мысалы, 1954 жылы Стамбулда туған Мұстафа Өзтүрік – қазақ және түрік таэквондосының негізін қалаушылардың бірі болып саналады. Ол – 1930 жылдары аталары қиын-қыстау кезде Қытайдың Алтайына кетіп, ол жерден Үндістан мен Пәкістан арқылы Түркияға өткен қазақ диаспорасының өкілі.

Белгілі түркітанушы маман Әбдіуақап Қара мына деректерді келтіреді: «Қазақтар Түркияға Үндістан-Пәкістан арқылы келген болатын. Олар Түрік үкіметінің 1952 жылы 13 наурыздағы қаулысы бойынша Түрік еліне қабылданды. Осыдан кейін алдына 12 жыл, артына 2 жыл болған Үндістан мен Пәкістандағы екі мыңға жуық қазақ Түркияға қоныс аудары бастады. Сөйтіп қазақтың алғашқы тобы болып Құсайын Тәйжі бастаған қазақтар 1952 жылдың қыркүйек айында түрік еліне қадам басты. Көш 1953-1954 жылдарға дейін жалғасты. Үндістандағы соңғы топ ретінде Қалибек Әкім бастаған қазақтар 1954 жылдың көктемінде Түркияға келді. Сонымен 1952 жылдың қыркүйегі мен 1954 жылдың мамыры арасында Үндістан мен Пәкістанда өмір сүрген 1850 қазақтың барлығы Түркияға қоныс аударды.»

Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде де Қазақ диаспорасына жататын көптеген топтар өмір сүріп келеді. Бұл қазақтардың басым көпшілігі Қытайдың Шыңжаң аймағынан (бұрынғы Шығыс Түркістан аймағынан) 1950 жылдары Пәкістан және Үндістан арқылы Түркияға көшкен, ол жерден жұмыс бабымен Батыс Еуропа елдеріне, мысалы Германияға қоныс аударған қазақ отбасылары мен олардың балаларынан құралады. Олардың келешегі бір шағын тобы болса, ашаршылық жылдары Қазақстаннан Ауғанстанға босқан, 1980 жылдардың басында тағы Түркия арқылы Батыс Еуропа елдеріне келіп қоныс тепкен қазақ отбасылары мен олардың ұрпақтарынан тұрады. Шамамен қазақ диаспорасы Германияда 17 мың, Украина мен Францияда 15 мың, Литва мен Молдовада 3 мың, Эстониядамен 1 мың адам өмір сүреді.

Түркия қазақтарының өміріндегі ең маңызды оқиға 1991 жылғы 16 желтоқсанда орын алды. Сол күні Қазақстан өзінің тәуелсіздігін бүкіл әлемге

жария еткені мәлім. Түркиялық қазақтар, жалпы қазақ тарихында зор маңызға ие осы оқиғаны жүрекжарды қуанышпен қарсы алды.

Оның үстіне Түркия 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезде, әлем елдері ішінде оны бірінші болып таныған ел болды. Мұның өзі Түркия қазақтарының тарихындағы ең мәнді құбылыс болып табылады. Қаншама жыл Кеңестік аждаһаның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болған Қазақстанның көк туын желбіретіп егеменді ел болуы Түркиялық қазақтарды өшкені жанып, өлгені тірілгендей үлкен қуанышқа бөледі. Содан бері екі туысқан елдің достық туыстық қарым-қатынастары күн өткен сайын күшейіп келе жатыр.

Сонымен қорыта айтқанда, әлем қазақтары туған елімен емін-еркін ешқандай кедергісіз араласып құраласып келеді. Мұның өзі әлем қазақтары үшін үлкен бақыт, үлкен ғанибет екені даусыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қара Ә. Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) -Алматы: Орхон, 2016.-136 б.

2. Байғабылов Н.О. «Үш аймақ» қозғалысының батыры – Тәкіман // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Нұр-Сұлтан. - 2019. - №2(127)

3. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. -Алматы: Ғылым, 1997. -264 б.

4. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. – Алматы: Институт развития Казахстана, - 1994. - 118 б.

5. Қара Ә. Түркияда бір жұрт бар - 2011. - 1 қыркүйек.

6. Қара Ә. Түркия қазақтарының еркіндік жолындағы ұлы көші -2013. – 3 қазан.

7. Жаналтай Д. Қилы заман – қиын күндер – Алматы: Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, 2000. – 160 б.

# ИСТОРИКО - КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ТУРКЕСТАНА, РЕСУРС ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКЛЕНИЯ

**Аленова Накия Салимгереевна**

ГКП на ПХВ «Профессионально-технический колледж» акимата г. Астаны

Духовное воспитание человека во все времена представляла большую ценность в развитии цивилизации общества. Туркестан издревле был магическим, притягательным, духовным местом, где принимали иностранных послов из разных стран, избирались правители, проводились курултай и принимались важные решения государственного уровня. Глава государства К. Токаев говоря о новом статусе города Туркестана, отметил, что «Ходжа Ахмет Ясави – источник казахской духовности, выдающийся представитель нашей культуры и литературы, один из величайших гениев ислама. Я думаю, что ясавиведение, как наука будет бурно развиваться. Мавзолеем Ясави в Туркестане – это шедевр архитектуры. Такие памятники очень редки в мире. Для нашей истории этот мавзолей очень ценен. Эти две ценности делают Туркестан уникальным местом». Именно поэту и философу Ходже Ахмету Яссауи, который был проповедником особой философии ислама и поселился здесь в XII веке, обязан древний город своей популярностью. Сюда съезжались его последователи из других городов. Память о суфии была увековечена в конце XIV века по приказу полководца Тамерлана, давшего в 1399 году распоряжение построить на месте его захоронения мавзолей с прилегающей к нему мечетью. Грандиозное сооружение должно было возвеличить ислам и способствовать его дальнейшему распространению, ведь главная идея суфизма – мир между народами, отсюда и такая популярность учения Яссауи. Туркестан живет в сердцах людей как духовный центр. И не только казахстанцев, но и жителей всех тюркоязычных государств. Он хорошо известен всему миру. Священная земля тесно связана с событиями, оказавшими огромное влияние на историю. В старых рукописях эта земля называлась Туран, что означает земля тюрков. Уникальный центр притяжения экономических и политических интересов различных государств, торговый и культурный перекресток в бескрайних степных просторах, территория проповеднической деятельности тюркского суфия Ходжи Ахмета Яссауи и политический центр Казахского ханства.

Источники Туркестана, которым приписывают целительную силу Туркестанская область издревле привлекала путешественников своими культовыми местами. Местным источникам воды приписывают целительную силу...». С Арыстан-Баба путь начини Придя к Хазрету, попроси...» - с этих слов для многих туристов начинается путешествие в Священный Туркестан. Местные гиды рекомендуют начать тур именно с посещения мавзолея Арыстан-Баба, что находится в 60 километрах от Туркестана, Согласно легенде Пророк Мухаммед передает Аманат (хурму) через Арыстан-Баба Ахмеду

Ясави. Спустя много лет Арыстан-Баба встретил маленького Ахмеда и действительно передал ему хурму

Вот только передал Арыстан-Баба не хурму, а только косточку от нее. Чтобы не потерять аманат, он долгие годы держал хурму за щекой, и за века она истерлась. На что Ахмед сказал старцу: «Ты отдал мне косточку, а себе оставил мякоть. Значит, к тебе будут приходить ночевать, а ко мне просить». Так легенда объясняет, почему прежде паломникам стоит посетить мавзолей Арыстан-Баба и лишь потом Ахмеда Ясави.

Многие туристы остаются в мавзолее Арыстан-Баба на ночь - загадывают желание, пребывают наедине со Всевышним. И лишь после едут в Туркестан к мавзолею Ходжи Ахмеда Ясави. Как и завещал известный суфий.

Родник «Сорока невидимых ангелов»

Испытание скалы заключается в том, чтобы пройти сквозь узкий проход. В ширину он всего 14 сантиметров! Зато в длину - несколько метров. Через узкий проход проходит не каждый, это объясняется тем, что пройти сквозь расщелину тот, кто имеет чистые помыслы и силу духа. Это феноменальная загадка природы, концентрация сил природы и духа человека.

Колодец Укаша-ата, самых загадочных сакральных мест Казахстана. Бросают ведро в колодец - оно может прийти полным ведром воды, а также без единой капли! Легенда гласит, Укаш в свое время был верным сахаба (телохранителем) Пророка Мухаммада. Он занимался распространением ислама в Средней Азии и обладал неуязвимостью, которую утрачивал только во время чтения молитвы. Враги воспользовались этим во время утреннего намаза Укашау отсекали голову, которая, откатившись, упала в расщелину, а затем через подземные пути, по легенде, попала в Мекку. Вскоре через эту расщелину стала бить вода. По легенде, вода в колодце святого Укаша связана через подземные пути с родниковой водой Зам-Зам в Мекке. И в этой легенде есть свой смысл. Считается, что состав воды совпадает по составу воды из Мекки и также имеет целительные свойства.

Родник Ак-бура расположен у подножия Священной горы Казыгурт. Здесь же находится и мавзолей святого Ак буры, что жил в XII веке, во времена Ходжа Ахмеда Ясави, и был его учеником и распространителем религии. Настоящее имя Ак бура - Акберген. Сохранилось предание, что во время совершения зикра у него изо рта шла белая пена, которая полностью покрывала его плечи и грудь, и в этот момент святой обладал могущественной силой. А поскольку он всегда был на белом верблюде, его и прозвали «Ак бура». По легенде, два ракаата утреннего намаза он читал у родника, после же направлялся в Туркестан, чтобы прочитать последующие два ракаата с народом и читал его вместе с Ходжа Ахмедом Ясави. Пятничный намаз святой, по легенде, читал уже в Мекке или Медине. Знание истории сакральных мест, умелое применение в обучении и воспитании подрастающего поколения дает возможность формировать духовные ценности.

Древнейшая обитель философской мудрости и религиозного величия стала местом паломничества. Люди совершают большой путь, чтобы

пройти через духовное очищение и полюбоваться великолепием старины. Более полутора миллионов туристов и паломников из самых разных стран мира ежегодно посещают древний город, постепенно превращающийся в туристический центр. Демина С.А. в статье «Историко-культурное наследие как фактор сохранения национально-культурной идентичности России» отметила: «В условиях глобализации личности важно осознавать свое место в истории и обществе, быть способной создавать культуру, вступать в межкультурный диалог с представителями других культур и приобщаться к новым традициям и ценностям. В связи с этим историко-культурное наследие выступает как незыблемая основа культуры, равно как и главное условие ее воспроизведения». Сохранение духовного наследия свидетельствует о величии народа и становлении его целостной картины мира. Казахстан - многонациональная страна с колоритным жизненным бытием и многогранной ментальностью. Приобщение к духовной культуре молодежи, через критическое, философское восприятие сакральных объектов будет направлено на формирование духовной целостности, свободы, чистоты. Глава государства К. Токаев на втором заседании Национального курултая, 17 июня 2023 года отметил: «любая цивилизованная страна с особым трепетом относится к своему историческому наследию». Сохранение, прикосновение к сакральным местам нашей родины, является временем связующих нить. Сам процесс изучения и посещения, обогащает человека интеллектуально, духовно, мы возвышаемся и окунаемся одновременно в древний мир наших предков и впитываем дух, чистоту, магическую силу природы человеческого сознания, ментальности. Свой доклад завершаю словами Н. Назарбаева, Первого Президента Республики Казахстан: «Пространство – мера всех вещей, время – мера всех событий. Когда смыкаются горизонты пространства и времени, начинается национальная история. И это не просто красивый афоризм». Национальная история со всеми ее многочисленными гранями, всегда является фундаментом для духовного роста.

### Список литературы

1. Статья Н. Назарбаева «Семь граней Великой степи».
2. Второе заседание Национального курултая в Туркестане, 17 июня 2023 г.
3. Демина С.А. Историко-культурное наследие как фактор сохранения национально-культурной идентичности России // Электронный научно-практический журнал Казанского государственного университета культуры и искусств «История и археология». - Казань: 2019 г.
4. Ведин Ю.А. Наследие и государственная культурная политика // Институт наследия. М., 1996 г.

# ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСІ

**Бижанова Арай Жамантаевна**

Оқытушы-заң ғылымдарының магистрі

Қазақ технология және бизнес университеті АҚ қолледжі

Жаңартылған білім беру болашақтағы сапалы білім кепілі деп тануға болады. Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдау мақаласында айтылған рухани жаңғыру мен заманауи ілгерілеудің жолын ұстап, саналы ұрпақ тәрбиелеп, қоғам жүгін қатар көтерісетін азаматтарды қалыптастырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің сапында болу қай-қайсымыздың да көкейімізге қонары хақ! Елбасының «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», «Жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр алуы керек» деген сөздерінің астарында ел мүддесін басты құндылық ретінде бағалау жатыр.

«Педагогикалық технология» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Соның ішінде негізгілері: бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысы, онда оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықта ұсынылған, ал орындау қажетті нәтижеге жетуді көздейді және болжамды сипатқа ие. Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар. Жаңа педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады: - білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі; - тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну. Жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі; - кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен студент арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі. Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміз өзі – шеберлік. Технологиялық деңгейде жұмыс істеуді үйренген мұғалім үшін оның дамып келе жатқан жағдайындағы танымдық процесс әрқашан басты бағдар болады. Оқу процесінде репродуктивті іс-әрекеттің үлесін азайту (жадта қалғандарды көбейту) арқылы баланың жеке дамуын қамтамасыз ететін заманауи білім беру технологияларын қолдану білім сапасын арттырудың, оқушылардың жүктемесін төмендетудің және оқу уақытын тиімді пайдаланудың негізгі шарты ретінде қарастырылып жатыр.

Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- дамытушылық оқыту;
- проблемалық оқыту;
- көпдеңгейлі оқыту;
- ұжымдық оқыту жүйесі;

- өнертапқыштық міндеттерді зерттеу технологиясы ;
- оқытудағы зерттеу әдістері;
- жобалық оқыту әдістері;
- оқытуда ойын әдістерін қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және оқыту ойындарының басқа түрлері.

Ынтымақтастықта оқыту (командалық, топтық жұмыс; - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; - Денсаулық сақтау технологиялары және т. б. Әрбір мұғалімнің алдына қазіргі кезде қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс -әрекетін қалыптастыруы, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі қолдануыарқылы оқушылардың білім деңгейін арттыруы қажет. Сонда ғана жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Педагогикалық технология жайлы П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, В.М. Кларин, Ж.А. Қараев, Т.Т. Галиев т.б. ғылымдардың еңбектерінде оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деген ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше ойлар айтылған. Педагогикалық технологиялардың тарихын, оның пайда болуын және құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тарихи-педагогикалық зерттеулерін талдау педагогикалық технологияның дамуына себептігін тигізері анық. Қазіргі уақытта адамзаттың дамуы білім деңгейіне байланысты , қоғамның дәйекті даму режиміне көшу екі-үш ұрпақты алға тарта отырып, жаңа білім беру технологияларын енгізуді қажет ететінін түсіну өте маңызды. Жаңартылған білім беру жүйесінің алдында тұрған қазіргі заманғы педагогикалық міндеттерді шешу үшін оқу мақсаттарының басымдықтарын түбегейлі өзгерту қажет, білім алушы тұлғасының қалыптасуын, оның жеке қабілеттерін ашуды, ақыл-ой мен шығармашылық белсенділікті дамытуды қамтамасыз ететін Даму функциясын бірінші орынға қою керек, бұл олардың психологиялық дайындығының маңызды шарты болып табылады. Осы қызметті дамыту арқылы жеке тұлғаның маңызды қасиеттері қалыптасады: жұмысқа деген жауапкершілік, оны ұйымдастыру, сыни тұрғыдан түсіну және бағалау мүмкіндігі. Қазіргі уақытта педагогикалық технологиялар психодидактика, психология, кибернетика, Менеджмент және менеджмент теорияларына негізделеді және алдын-ала жасалған педагогикалық процестің тәжірибесінде жүйелі және дәйекті көрініс ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық іс-әрекеттердің, операциялардың, коммуникациялардың технологиялық тізбегі нақты күтілетін нәтиже түрінде болатын мақсатты қондырғыларға сәйкес қатаң түрде құрылады. Алайда, кез - келген білім беру технологиясы жетістікке кепілдік бермейді. Ең бастысы тиімді білім беру технологиялары мен мұғалім тұлғасының үйлесімі. Сонымен, оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға

бағытталған объективті бақылауын қажет етеді . Педагогикалық технологиялар білім 12 мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс – әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі күзiреттiлiктердi қалыптастырады оқушылардың алған бiлiмдерiн, дағдыларын өмiрде қолдануға мүмкіндік береді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман иесі етуге бағытталған білім беру тәсілдерін озық тәжірибемен біріктіру, кәсіби жұмысшы мамандар даярлау бүгінгі күннің маңызды жайттарының бірі болып саналады. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Білім беру процесін жетілдіру, студенттердің қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді игеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып, мамандығын өте жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетіл әбден болады деп есептеймін

### Әдебиеттер тізімі

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»- Егеменді Қазақстан, 26.04.2017 ж. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшан мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. — № 41–42 (27114). — 28 қаңт.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2–5-б.
5. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2001.



# МУЗЫКАЛЬНО-КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ СПЕЦИАЛЬНЫХ МУЗЫКАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

**Бокачёва Елена Михайловна**  
Педагогический колледж  
международного университета Астана

Развитие творческих способностей – одна из основных задач музыкального образовательного процесса: это выработка у обучающихся стремления к проявлению собственной инициативы, музыкального таланта; стремление создать что-то новое, свое, лучшее, стремление расширить кругозор, наполнить новым содержанием традиционные уроки.

Как следствие возникает необходимость в соответствующей времени и учебным запросам методической и учебной литературе, новых формах обучения.

Компьютерные технологии все больше проникают во все новые сферы человеческой деятельности, в том числе и в образование.

Именно информационные технологии позволяют в полной мере раскрыть педагогические, дидактические функции учебных методов, реализовать заложенные в них потенциальные возможности.

Поэтому, одной из главных тенденций в сфере музыкальной педагогики XXI века является внедрение информационно-компьютерных технологий в процесс образования. Наряду с традиционными музыкальными инструментами, на которые ориентировано обучение музыке, все большее распространение получают музыкально-компьютерные технологии, обладающие широким спектром возможностей.

Сейчас непросто представить свою жизнь без этих технологий – они прочно вошли в нее. Компьютер становится незаменимым инструментом в деятельности композитора, аранжировщика, музыкального редактора, музыкального оформителя и все шире применяется в преподавательской деятельности.

Самый доступный способ применения музыкально-компьютерных технологий – использование мультимедийных средств обучения. Компьютерные программы применяются в обучении игре на музыкальных инструментах, в развитии музыкального слуха, проведении прослушивания музыкальных произведений, в подборе мелодий, в аранжировке, импровизации, наборе и редактировании инструментального текста. Для многих музыкальных дисциплин компьютер является незаменимым источником библиографических и энциклопедических сведений. Программа «Метроном» может понадобиться музыкантам, которые тренируются с метрономами, чтобы улучшить собственное «чувство времени», особенно способность придерживаться определенного темпа.

Задачи, поставленные перед музыкальной педагогикой, требуют глубокого анализа сложных процессов, происходящих в современной школе, призывают более широко применять активные формы и методы обучения, технические средства, повышать эффективность и качество музыкального образования.

При грамотном подходе компьютер возможно использовать в школе как фонотеку (хранение гигантского объема информации и молниеносный поиск), информационный центр, студию звукозаписи (возможности для записи собственного пения и игры на инструменте), издательскую систему (набирать и выводить на бумагу нотный текст любой сложности, дополнять иллюстрациями, текстом, комментариями, украшать рисунками и другими элементами графического дизайна).

При разучивании произведений на уроках фонограммы или так называемые “минусовки” намного сильнее стимулируют интерес к предмету, чем простое фортепианное сопровождение. Кроме этого, включение компьютеров в программу способствует лучшему освоению материала, позволяет обучающимся выявлять и развивать свои творческие способности: дети создают компьютерные нотные тетради, сочиняют мелодии, пишут ноты, строят музыкальные графики, используют игры, караоке, различные музыкальные упражнения. Применение информационных технологий повышает активность, насыщенность и результативность урока. Например, если на электронном фортепиано или на синтезаторе включить функцию аранжировщик в виде ударной установки и начать воспроизводить определенный ритмический запрограммированный рисунок – это может стать актуальной заменой банальному инструменту метроному. Играть учебный материал, такой как этюды К. Черни становится более интересным и менее механическим. Преимущество ударной ритмической структуры перед метрономом не соизмеримо. Метроном можно выставить только одной метрической длительности четвертная, восьмая и так далее, что приводит при долгом прослушивании к монотонности и утомляемости слуха. В ритмической структуре ударной установке можно услышать несколько длительностей одновременно, что дает возможность учащемуся более четко контролировать процесс игры на инструменте, и расширяет его музыкально ритмический диапазон. Компьютер также дает возможность разучивать пьесы с "оркестром", выполнять функции "тренажера" по дирижированию (с использованием телеаппаратуры), проводить музыкально-слуховой анализ мелодий (тем) произведений в курсе истории музыки. Это также источник библиографических и энциклопедических сведений. Компьютерные программы применимы в композиторской деятельности, в проведении прослушивания музыкальных произведений, в подборе мелодий, аранжировке, импровизации, наборе и редактировании нотного текста.

Компьютер воспринимается как новый современный инструмент музыканта, основная задача которого – раскрытие творческого потенциала, ориентация на современные педагогические технологии. Наконец, компьютер широко используется как средство нотного набора текста музыкального произведения.

На уроках Методики музыкального воспитания в детском саду и школе в качестве наглядного сопровождения широко используются мультимедийные элементы, которые создают дополнительные психологические структуры, способствующие восприятию и запоминанию материала. Большинство иллюстраций можно найти на просторах Интернета или отсканировать нужные изображения и выстроив их в нужной последовательности, создать из них презентацию в таких программах, как Power Point, Pinnacle и т.д.

Преимущества музыкальных занятий с использованием мультимедийных презентаций в программе Power Point:

- использование анимации и сюрпризных моментов делает познавательный процесс интересным и выразительным;
- гармоничное сочетание традиционных средств с применением презентаций в программе Power Point позволяет существенно повысить мотивацию детей к занятию.

Использование презентаций в перечисленных программах открывает перед преподавателем широкие возможности в более ярком, образном раскрытии изучаемого материала. Все эти программы позволяют включать в себя текст о произведении или авторе, также в них можно вставить нотные фрагменты, музыкальные фрагменты и даже видеофрагменты. Это могут быть слайды об определенном произведении (например, Менуэт – кто его придумал, как его танцевали, что носили, представление об эпохе и вставки музыкальных фрагментов), о музыкальном стиле или направлении. Довольно часто учащиеся играют произведения, имея слабое представление об эпохе, в которую оно было создано и об его авторе. В этом также могут помочь данные программы – нужно составить подборки по заданному материалу и потом ими пользоваться. Если нет возможности и времени составлять самому такие файлы, то можно воспользоваться всевозможными музыкальными энциклопедиями, в которых рассказывается о композиторах, стилях и жанрах музыки. Очень интересна “Энциклопедия популярной музыки Кирилла и Мефодия”, где представлены сведения практически обо всех современных группах и исполнителях, музыкальных альбомах. Вы сможете проследить историю развития той или иной группы, узнаете о развитии рока, джаза, поп-музыки. прослушать запись или просмотреть видеоклип. В программе “Шедевры музыки” содержатся обзорные лекции по разным направлениям музыки, начиная от эпохи барокко и заканчивая современной музыкой. Кроме этого, представлены биографии композиторов, история созданий известных произведений, комментарии к ним, аудио и видеофрагменты. Также есть словарь различных терминов и музыкальных инструментов, что облегчает работу в классе.

Не менее интересна программа «Музыкальный класс», где есть возможность заниматься как музыкой, так и сольфеджио. Эта программа обучающего характера идеально подходит для учащихся младших классов.

Проектирование занятий с использованием [мультимедийных технологий](#) - это совсем новое направление в деятельности педагога и именно здесь можно применить весь накопленный опыт, знания и умения, творческий подход.

Занятия, проведенные в школах с использованием электронных изданий образовательного направления, надолго запомнятся детям. При этом, конечно же, по-прежнему в деле воспитания музыкального вкуса важнейшей остается роль педагога, которого не может заменить ни один компьютер.

Итак, использование информационных технологий в образовательном процессе предоставляет преподавателю большие возможности при проведении урока, делает занятие более увлекательным, запоминающимся, наглядным, позволяет по-новому использовать на уроках музыки текстовую, звуковую, и видеоинформационную часть, обогащает методические возможности урока музыки, придают ему современный уровень. Обучающие музыкальные программы могут найти применение на всех уровнях системы музыкального образования. Они успешно применяются в профессиональном музыкальном образовании при обучении и повышении квалификации; их использование обеспечивает естественность процесса обучения, позволяет сократить его срок.

Мультимедиа не исключает традиционных форм обучения, основанных на непосредственном творческом общении, но создает новые позитивные факторы в обучении, в частности значительное увеличение доли и эффективности самостоятельной работы учащихся. Возможен постепенный переход от сложившегося типа обучения в почти обязательной трехступенной системе школа - училище - вуз к различным альтернативным системам. Это позволит преодолеть предметно-информационное дублирование, оптимизировать методики преподавания, повысить интерес к обучению и усвоению учебного материала учащихся, сократить сроки обучения.

### Список литературы

1. Горбунова И.Б. Феномен музыкально-компьютерных технологий как новая образовательная творческая среда // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. 2004. №9. [Электронный ресурс]. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-muzykalno-kompyuternyh-tehnologiy-kak-novaya-obrazovatel'naya-tvorcheskaya-sreda> (дата обращения: 15.06.2013).
2. Королев А.А. Музыкальный компьютер. – СПб.: Композитор, 2006.
3. Красильников И.М. Электронное музыкальное творчество в системе художественного образования: автореф. дис. на соиск. учен. степ. докт. пед. наук (13.00.02) / Красильников Игорь Михайлович; Москва, 2007. [Электронный ресурс]. URL: <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-02/dissertaciya-elektronnoe-muzykalnoe-tvorchestvo-v-sisteme-hudozhestvennogo-obrazovaniya> (дата обращения: 10.06.2013).
4. Петелин Ю.В. Обучение музыкальным компьютерным технологиям. Часть Глядя из Интернета. [Электронный ресурс]. URL:
5. Пучков С., Светлов М. Музыкальные компьютерные технологии. Современный инструментарий творчества. / С.-Петербургск. гум. ун.-т профсоюзов. – СПб.: СПбГУП, 2005.

6. Сраджев В. Музыкальная педагогика на современном этапе. // Музыка и электроника. – 2013. – № 2. – С. 18–19.

7. Тараева Г.Р. Компьютер и инновации в музыкальной педагогике. Книга 1: Стратегии и методики. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2007.

8. Тараева Г.Р. Компьютер и инновации в музыкальной педагогике. Книга 2: Технология презентации. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2007.

## АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Садықова Жансұлу Фазылбекқызы

«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі»

Алаш қозғалысы – 20 ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905 – 07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын [1].

Ақпан кезеңінен кейін ұлттық – либералдық қозғалыстың басшылары қоғамдық саяси дамудың өте маңызды мәселелері бойынша Уақытша үкіметтің жағына шығып кетті. Осыған байланысты оларда Уақытша үкіметке оппозициялы орган ретіндегі Кеңестерге деген теріс көзқарас пайда болды. Революция Қазақстан халқының барлық топтарын қозғалысқа алып келді. Революцияның алғашқы күндерінде - ақ Петроград, Москва т.б. қалалардың Кеңестері Уақытша үкімет билігін толық құлатып, оны өз қолына ала алатындай дәрежеде болды. Бірақ олардың басшылары Уақытша үкіметпен ымыраласуға бейім болды. Соңында билік Уақытша үкіметтің қолына көшіп кетті. Қос өкіметтің болу фактісін Ақпан революциясының ішкі қарама-қайшылықтың, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығын, биліктің Үкіметке және Кеңестерге өтетінін бейнеледі.

Қазақ халқының өкілі Ә. Бөкейханов Торғай облысына, М. Тынышпаев Жетісуға, М. Шоқаев Түркістанға Уақытша Үкіметтің комиссарлары болып тағайындалды. Бірақ олар отарлық әкімшіліктің шенеуніктері болғандықтан, жергілікті қазақ халқының мәселелерін шеше алмады. Сол арада соғыстың жалғасуы, Уақытша Үкіметтің халыққа қарсы саясаты еңбекшілерге үлкен ауыртпалық түсірді. 1917 жылдың көктемі мен жазында Қазақ халқының барлық топтарын саясаттандыру күшейді. Ауылдар мен деревнялардың саяси өміріне еліне қайтқан тыл жұмыстарына қатысқандар (150 мың) жаңа леп

әкелді. Олар саяси жағынан сауатты болды, бостандық үшін күресті. 1917 жылдың көктем- жазында қазақ еңбекшілерінің арасында тыл жұмысшыларын біріктіретін ұйымдар, революцияшыл-демократиялық жастар ұйымдары пайда болды. Олар «Верный қаласы мұсылман жұмысшыларының біріккен Одағы», Жаркенттегі жұмысшылар Одағы, Түркістан өлкесіне кіретін Қазақстанның Оңтүстік облысындағы мұсылман еңбекшілерінің Одағы, оқушы жастар мен ауыл мұғалімдерін біріктірген жастар ұйымдары мен үйірмелері: Омскіде – демократиялық оқушы жастар Кеңесі, Ақмолада-Жас Қазақ, Петропавлда- «Талап», Семейде-»Жанар», Әулиеата уезіндегі Меркіде - Қазақ жастарының революциялық Одағы пайда болды. Алғашқыда олар мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу міндетін қойса, кейін қоғамдық – саяси қозғалыстың даму процесінде таптық әлеуметтік, саяси міндеттерді шешуге жақындай түсті. С. Сейфуллин бастаған «Жас Қазақ» пен Т. Рысқұлов бастаған «Қазақ жастарының революциялық Одағы» Кеңестерге қосылды. Кейбірі ұлттық-либералдық интеллигенция жетекшілеріне ерді. Еңбекшілердің, солдаттардың, матростардың 1917 жылғы 4-5 шілдедегі Петроградтағы өткен демонстрацияларын Уақытша Үкімет қарулы күшпен басты. 7 шілдеде Ленинді қамауға алуға бұйрық шығарылып, майдан мен тылда большевиктерді қуғындау басталды. 1917 жылы 11 шілдеде Кеңестердің Орталық атқару комитеті Уақытша Үкіметке шектеусіз уәкілдіктер беру туралы мәлімдеді, осы арқылы қос өкіметтікті жою заңды түрде бекітілді. В.И. Ленин өкіметтің пролетариатқа бейбіт жолмен өтуі мүмкін еместігін, қарулы көтеріліс керектігін атап көрсетті.

Іс жүзінде патша самодержавиесінің саясатын жалғастыра отырып, Уақытша Үкімет Қазақстанда ұлт мәселелерін шеше алмас еді, әрі ол аграрлық мәселені шешуге де ұмтылмады. Басқа езілген халықтар сияқты қазақтың өзін - өзі билеуі немесе автономия алу мәселелерін ол тіпті күн тәртібіне қоюға тырыспады. Бұл Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде өзінің кадеттер партиясынан шығатындығын жұрт алдында мәлімдеуіне себеп болды. Ол 3 мәселені атап көрсетті: Кадет партиясы жерді меншік етіп бергенді жөн көрді. Егер қазақ жердің меншік етіп алса, башқұрттарша көбі мұжыққа сатып, біраз жылда жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт, Үкімет ұлт автономиясын тікпек болдық. Біздің қазақ – қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған болады. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Сондықтан мен қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім. Қазақ либералдық қозғалысының басшылары осы жағдайда, саяси процестердің шапшандай түскенін ескеріп, жалпы қазақтық съезд өткізуді жылдамдатуға шешім қабылдады.

А. Байтұрсынов пен М. Дулатов тәуелсіз автономиялы қазақ мемлекетін құруды жақтады. Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасындағы» қазақтың ұлттық – территориялық автономиясы болғанын ұнатты. Бұл пікірді көпшілік делегаттар қолдады. «Қазақ облыстары территориялды ұлттық автономияны алуға тиіс»-деп көрсетілді қарарда. Съезд жұмысындағы өзекті мәселе – жер мәселесі болды. Қарардың негізгі желісі:

Қазақ қоғамы жерінің тартып алынуы тиылады, тәркіленген барлық жер, сонымен қатар қоныс аудару басқармаларының әлі бөлініп үлгерілмеген жер учаскелері дәстүрлі пайдаланылуы үшін қазақ қауымдарына қайтарылады, ценз енгізу негізінде далаға көшіп келу тоқталады.

Съезд Құрылтай жиналысына дайындық мәселесін талқылады, кандидаттар тізіміне 81 адам Қазақстанның барлық аймақтарының, сонымен қатар Бұқарадағы, Ферғанадағы, Хиуадағы қазақ қауымының өкілдері енді. Олардың ішінде «Қазақ» газеттерінің басшылары, қазақ ұлттық либералдық қозғалысының жетекшілері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, аймақтар жетекшілері Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов(Семей), Ж. Досмұхамедов (Батыс Қазақстан), М. Тынышпаев (Жетісу), М. Шоқаев, С. Асфендияров, (Түркістан өлкесі) болды. Кандидаттар арасында сонымен қатар орыс ғалымы Г. Потанин мен саяси қайраткері В. Чайкин жүрді. Съезд шешімдеріне «Қазақ» газетінде топтасқан қазақ интеллигенттері күшті ықпал жасады [2].

Қазақстандағы «Үш жүз» партиясына тоқталар болсақ, ол өзінің саяси ықпалын қазақ өлкесінің солтүстік-шығыс аймағында жүргізді. «Үш жүз» партиясының орталық Комитеті Омбыда орналасты. Оның негізін қалаушы Мұқан Айтпенев болды. Бірақ «Үш жүз» партиясының қызметі Көлбай Төгісов есімімен тығыз байланысты болды. 1917 жылы қарашада К.Төгісов пен оның жақтастары «Үш жүз» «Қырғыздың (қазақтың) социалистік партиясын» құрды. Бұл «Үш жүз» партиясының большевиктер басқарған Кеңес өкіметімен қарым-қатынасы басқаша қалыптасты. Партия басшысы Көлбай Төгісов пен оның серіктерінің саяси көзқарастары, іс - әрекеті 1917 жылдың күзінен 1918 жылдың басына дейін елеулі өзгереді. Алғашқыда олар социал – революцияшыл партиямен одақтасуды қолдаса, 1918 жылдың қаңтарынан бастап Кеңес өкіметін жер-жерде ұйымдастырып, нығайту ісіне белсене араласады. Сондықтан большевиктердің алашордашыларға қарсы күресінде одақтасына айналады. Бірақ Колчак үкіметі де Алашорда жетекшілерінің автономия құру жөніндегі үмітін ақтамады. Керісінше, адмирал Колчак монархиялық билік орнату идеясын көтере бастаған еді. Осылайша қазақ зиялылары өте күрделі жағдайда қалды [4].

Осылайша Алаш жетекшілерінің қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіру жолындағы қажырлы күресі қазақ қоғамының саяси интеллектуалдық әлеуетінің жоғары екенін көрсетті. Алаш автономиясының тарихы қысқа болса да, бұл тәжірибе кеңестік автономияны қалыптастыру ісінде шешуші рөл атқарған болатын.

### Әдебиеттер тізімі

1. Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929). -А,72.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алаш Орда. –Алматы, 1995.
3. Қазақтың көне тарихы. –Алматы. «Жалын», 1993.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. «Санат», 1995



# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

**Жумакулова Мергул Канатовна**  
Қазақ ұлттық хореография академиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Дәстүр мен жаңашылдық - әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыртуды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас түсініктер жатады.

Жаңашылдық - өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы заңды байланыс - материалдық және рухани мәдениеттің, өндіріс пен техниканың, философия мен әдебиеттің, өнердің барлығына тән. Жаңашылдық - әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиетте, өнерде ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, жаңа заманның талап-тілегіне сай келу қағидасын қажет етеді. Тұрмыстың, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір танудағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жаңашыл шығармалар туады. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөз қолдану амалдары пайда болады. Әсіресе жаңа өзгерістер мен құбылыстарды аңғаратын соны бейнелеу құралдары жасалады. Бұл - әдебиеттегі жаңашылдықтың белгісі. Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды, мағынаны білдіреді, түр мен мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін.

Әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері бар. Барлық салт-дәстүрлер ата-бабадан қалған сенімдер нәтижесі. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің қанша ғасырдан бергі сақталып, қаймағы бұзылмай, қазіргі қоғамда үйлесім тауып қолданылуы ұрпақтардың ата-бабасына деген ерекше құрметі. Салт-дәстүр тек қана наным-сенім қызметін атқарып қоймай, ағайын мен туыстың ара қатынасын бұзбай, кішінің үлкенге деген құрметін, ел арасындағы татулықты бұзбауға көмектеседі.

Салт-дәстүр қазіргі таңда қазақ халқының өміріне біте қайнасып, рухани мәдениетке айналаған. Дәстүр ел арасында тәрбие құралына айналғаны анық. Бауыржан Момышұлы «мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбилеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазады. Өскелең ұрпақ тәрбиелеу барысында салт-дәстүрді қолдану еліне деген сүйіспеншілікті, халқына адал болуды, жомарттық пен адамгершілікке баулайды. Яғни, дәстүр адам өмірінде атқарар рөлі маңызды екенін көреміз.

Ата-бабаларымыз дәстүрді дәріптеу барысында адам бойына тек жақсы қасиеттерді беруді ғана ойлаған. Адам өзін тәрбиелеу барысында небір жамандыққа ұшырасада осындай салттың арқасында жамандықтан, біреудің ала жібін аттамаған. Салт дәстүрлер заман талабына сай өзгерістерге ұшырағанымен тәрбиелік мәні сол қалпында қалуда.

Қазақ поэзиясына Абай Құнанбайұлы енгізген жаңашыл үлкен дәстүр болып қалыптасты. Абай қазақ поэзиясын әсіре шешендікпен, әсіре бояудан құтқарып, терең ойлылықты арттырды. Ол ақын орнын, оның қоғамдық, әлеуметтік мәнін танып, көркем сөзді жоғары сатыға көтерді, ауыз әдебиетінің дәстүрінде келе жатқан поэзияны түрлендірін, жаңа арнаға салады. Мысалы, «Көлеңке басын үзартып» өлеңінде; «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой» дегенде тынымсыз, мазасыз ойды, жабырқау көңілдің суретін «адасқан күшікке» балайды.

С. Сейфуллин қазақ әдебиетіне, соның ішінде поэзияға жаңа леп, жаңа серпін әкелді. Қоғамдағы тың өзгерістерді экспресс түрінде суреттеді («Экспресс»). С. Мұқанов поэзиясы («Бостандық») өлең түрі жағынан ескіше болғанмен, идеялық мазмұны, тілек-мақсаты жағынан жаңа. М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов өз шығармаларында шешендік дәстүрді шебер пайдалана отырып, үлкен жаңалық әкелді.

Нақты қазақ әдебиеті пәнін оқытуда халық педагогикасына баса назар аудармай өтуге болмайды. Сөз өнерінің сұлу кестелері олардың сөйлеу қорларын молайтып, мағыналы да мәнді сөйлеуге, ұшқыр ойға жаттықтырары сөзсіз. Халықтық шығармалар ішіндегі әр жақты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқастардың бәрі балаларды еліктіре әсер етіп, ой – пікірлерін шындайтыны сөзсіз. Сондықтан да қазақ әдебиетінде халық ауыз әдебиеті үлгілерін тек жаттатып қана қоюға болмайды. Қазақ әдебиетіндегі шығармалар арқылы оқушыларды дәстүр мен жаңашылдыққа назар аудартып, талдап, түсіне білуге бағыттау қажет. Мысала 6 сыныпта «Алып Ер Тұңға» жырында ауыз әдебиетінің түрі жоқтауға тоқталып, түсіндіру қажет. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ақын-жазушылар шығармаларын оқытуда да халықтық педагогикаға соқпай өтуге болмайды. Қазақ даналығының алтын қазынасы қазақ тілі мен әдебиетінде екендігінде және ғасырлар бойы көшпелі қазақ жұртының өмірден жиған тәжірибесі, бүгінгі күнде үлкен үлесін қосып отырғанын оқушыға дәлелмен жеткізу керек. Мысалы 6-сыныпта М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесін өткен кезде Ахмет шалдың неміс баласын асырап алуы, оны үйге әскелген соң сүндетке отырғызғаны, асық жілік ұстатар тойын қазақ халқына тән салт-дәстүрлер деп жай айтып қана қоймай, мағынасы аша түсіндірілуі тиіс. Оқушыларға қызықты тақырыптардың бірі Қ. Жұмаділовтің «Қозыкүрең» әңгімесін оқытқан кезде Саяқбай сыншының Қозыкүреңді сынап отырып, оны тек жай жүйрік ат екенін айтып қоймай, Қозыкүрең арқылы жануар болса да, туған жерін аңсауына көз жеткіземіз. Қозыкүрең еліне айшылық алыс жерден келіп, бір жұмадан соң жан тапсырған кезде оны арулап қоюын, жоқтауын кездестіреміз. Және осы әңгімеде қырғыз жұртында қонаққа бас ұсынбаса да, бірақ қазақ жерінде Төреқұл төрде отырған

Ағыбайдың алдына әдейілеп бас тартты және кетерінде бұйымтайыңды бүкпей айтып, қалағаныңды алып кет,-дейді. Бұл шығармадағы «бас ұсыну», «бұйымтай сұрау» да қазақ халқына тән жоралғылар. 8-сыныпта Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман - Мамыр» поэмасын өткеннен кейін, оқушылар поэма мәтінінен салт – дәстүр ұғымдарын (құда түсу, қыз алып қашу, бастаңғы жасау) келтірсе, қазіргі кезең жаңашылдығымен салыстыра отырып, өз ойларын ортаға салады. Жалпы қазақ әдебиетін оқыта отырып, ұлттық намыс пен жігерін оятуға, Отанын, туған жерін сүюге, жақсы қасиеттерді қалыптастыруға бағыттауымыз керек. Осы шығармалардың әрқайсысынан халықтық салт – дәстүрлердің көрініс алып отырғаны түсіндірілуі тиіс. Ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы – өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету-ұстаз қауымының басты міндеті деп түсінемін.

Ел алдына қойылған мақсаттың ең біріншісі осы дәстүріміздің жоғалмауын қамтамасыз ету, халықтың дәстүрге деген махаббатын ояту. Әр адам өзінің алған тәлім тәрбиесі, қаншалықты дұрыс пен бұрысты ажырата алуына қарай өз бойына неше түрлі қасиеттерді сіңіреді. Адамның тарихқа деген махаббаты өзінің санасындағы қызығушылығы мен елден естіген әңгімелеріне қарайды. Осыншама ғасыр мен қиындықты бастан өткерген салт-дәстүрлерімізді, мәдени құндылықтарымызды бүгінгі күнде өскелең ұрпақ тәрбиелеу барысында санасына сіңіруіміз қажет. Менің ойымша, адамның алған тәрбиесі ешқашан бойынан кетпейді. Салт-дәстүрді дәріптеу осы тәрбиеден бастау алады. Бабаларымыз ешқашан тектен-тек ырым-тыйым, дәстүрді дәріптемеген. Әр қайсысының ар жағында тәрбиелік мағына бар. Еліміздің ұрпақтары тәрбиелі, өнегелі болуы осы салтымызбен дәстүрімізден бастау алатынын ұмытпайық.

Әдеби үдеріске тән ерекшеліктің бірі – дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады. Себебі ол әдебиет дамуының, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тетігі. Бұл екі ұғым бір-бірімен байланысты, бірінен екіншісі туындайды. Жаңара да жалғаса дамып отыратын әдеби процесс күрделі диалектикалық даму заңдылығына бағынады.

Ұлттық топырақтан сусындап, ұлттық дәстүрден қол үзбеу және әлемнің көркемдік даму тәжірибесін өз мүддесі тұрғысынан игеру әрбір ұлт әдебиетінің жемісті дамуының басты шарттарының бірі болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. М. Ақан «Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық» 11 Мамыр 2017 ж.
2. «Ұлттық салт - дәстүрлердің тағылымы қандай?» 25 сәуір 2023 жыл.
3. Қ.Т. Жанұзақова, Г. Өтепбергенова Журнал. ҚазҰУ Хабаршысы «Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі».

# **ИННОВАЦИОННОЕ ИНТЕГРИРОВАНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО МУЗЫКАЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА**

**Ковалев Дмитрий Александрович**

Заслуженный деятель РК, кандидат педагогических наук,  
ассоциированный профессор, преподаватель

Педагогический колледж Международного университета Астана

Процесс реформирования общественной жизни затронул в Казахстане и систему музыкального образования, в рамках которой, наряду с традиционными типами учебных заведений и широко распространенными методическими приемами, все большую роль приобретают альтернативные формы обучения. В поисках новых форм и методов обучения незаменимую роль может сыграть изучение истории музыкальной педагогики, накопившей богатый арсенал приемов и методов обучения, которые обеспечивают передачу от одного поколения к другому достижений музыкальной культуры и художественного мастерства.

Широкая внешкольная музыкальная работа с детьми, подростками и молодежью, проводимая в Казахстане концертными и общественными организациями, музыкальными школами и клубами была утеряна в переходные 90-е годы прошлого века, поэтому важнейшей задачей современного общества является необходимость поднять на должный уровень художественное образование и эстетическое воспитание учащихся. Следовательно, решение проблемы музыкального образования и воспитания как одной из составляющих социального развития современного общества обусловлено следующим:

- потребностью в разработке модели осуществления обучения музыке в непрерывном целом с общим процессом развития музыкальной культуры в обществе, которая формируется с опорой на детальное изучение теоретических и методических основ;

- необходимостью согласованности общеобразовательной и профессиональной школы в процессе музыкального образования и воспитания;

- признанием важности создания целостной, непрерывной системы нравственно-этического, музыкально-эстетического воспитания молодого поколения в обновленном современном обществе.

В настоящее время в Казахстане идёт активная работа по совершенствованию системы дополнительного образования, поиск путей её дальнейшего развития обусловлено социальным заказом современного общества.

В основу инновационного интегрирования дополнительной музыкально-образовательной системы были положены следующие принципы:

- принцип гуманизации учебно-воспитательного процесса и ориентации на личность ребёнка;

- принцип природообразности который предлагает соответствие задач, содержания, методов и форм образовательной работы;

- принцип культуросообразности, ориентирующих ребёнка на усвоение общечеловеческой культуры;
- принцип индивидуально-дифференцированной направленности содержания форм и методов учебно-воспитательного процесса.

Для выполнения данных принципов в республике создаются различные центры «Дополнительного образования», которые включают реализацию различных инновационных музыкально-образовательных программ.

Одним из таких является «Дом Творчества Шанырак», который успешно реализовывает проект «Soft Mozart» в Казахстане и является направляющим элементом в дальнейшем профессиональном выборе будущих выпускников средних школ.

Эффективность программы «Soft Mozart» заключается в ее доступности для любого начинающего от 3-х лет и старше. Это происходит благодаря азбучному формату музыкального текста. Автор программы модифицировала нотное письмо с помощью картинок, расшифровала нотный текст. С помощью компьютерных технологий она также сделала его интерактивным. Уже на первых уроках дети дошкольного возраста от 3-х до 6-ти лет читают нотный текст и играют на фортепиано двумя руками, а дети школьного возраста за один урок могут выучить несложное произведение. В результате они не станут все великими музыкантами и композиторами, но у учащегося, который систематично занимается игрой на фортепиано, т.е. разрабатывает мелкую моторику обеих рук, вырабатывается рефлекс – одновременная работа обеих полушарий головного мозга.

Программа «Софт Моцарт» была создана Хелен Хайнер в Хьюстоне (Техас, США) в 2002 году. Разработчик программы «Софт Моцарт» по сути изобрела «Музыкальную Азбуку», которая с помощью цвета и образа расшифровывает нотное письмо так же, как цвет и образ расшифровывает абстрактные буквы Алфавита – с помощью рисунков и фонетики. Создание Азбучного Нотоносца является, по сути, прорывом в мировом музыкальном образовании.

В системе 'Soft Mozart' компьютерная программа становится активным партнером в работе ученика, поскольку включает отработку навыков, которые большинство учеников уже имеет: речевую память, способность распознавать картины и цвета, способность нажимать клавиши фортепиано по крайней мере одним пальцем.

При изучении языков мы используем рисунки, чтобы помочь новичкам запоминать абстрактные символы.

Элементарное представление в системе 'Soft Mozart' включает шесть постепенных модификаций. Этот подход базируется на особенностях визуального восприятия человека. Наше зрение устроено таким образом, что глаза могут настраивать фокус только в одной точке. Поэтому самым распространенным видом записи любого языка является линейная. Навык чтения слов построчно, перемещая фокус от одной букве к другой, мы тренируем, обучаясь читать книги. Но музыкальный язык требует особых

навыков чтения, потому он многолинеен. Автор объединила линейки и пространства Нотного стана с клавишами фортепиано и построчно выделила нотный текст. Тем самым положив начало построению навыков чтения многострочного музыкального письма исходя из уже созданного или легко создаваемого навыка.

Поскольку линейки и пространства между ними являются одинаковыми объектами, используется подход «счётных палочек», когда начинающий учится выделять каждую линейку - пространство и отождествлять их на собственном опыте тактильно, одновременно развивая координацию и музыкальный слух.

Наша цель - содействие в развитии дополнительного сектора образования на базе не только средних школ Казахстана, а также развитие инклюзивного и дошкольного образования. Программа «Soft Mozart» отлично работает с детьми с ограниченными возможностями на базе столичного детского сада №64 «Асыл-Бобек». Проект внедрения программы «Soft Mozart» был начат под эгидой благотворительного фонда «Общество детей инвалидов г. Астаны» в 2011 году. Занятия посещали дети с разными диагнозами, разного возраста, иногда с сильными осложнениями, сохранного интеллекта, а иногда и не очень. Это дает им силу и веру в самих себя, и безусловно помогает, чему в доказательство есть многочисленное количество примеров. Для детей с нарушениями речи игра на фортепиано является замечательным тренажером крупной и мелкой моторики, которая непосредственно связана с речевыми функциями/

В данный момент в г.Астана работает три класса «Soft Mozart». Два в государственных учреждениях – Дворец Школьников и вышеназванный Д/С №64, и класс в семейном центре – Дом Творчества «Шанырак». В г.Алматы программа есть в детской деревне *SOS Kinderdorf*, *ведутся переговоры с Женским Педагогическим Институтом*. Также на сегодняшний момент начато активное сотрудничество с *Республиканским центром «Дошкольное детство»* МОН РК в целях внедрения программы «Soft Mozart» в дошкольное образование.

Это изобретение глобального и исторического масштаба. Казахстан оказался одной из первых стран, поддержавших это великое изобретение наряду с Россией, Испанией и США.

Необходимость интегрирования среднего и дополнительного образования сейчас очевидна. Программа «Soft Mozart» детям очень интересна, но этого каждое начало имеет развитие. Были открыты уроки вокала, час «свободное творчество», где проводятся тренинги, просмотр документальных фильмов, обсуждаем важные интересующие темы в рамках искусства. В рамках Дома Творчества «Шанырак» дети пишут стихи, рисуют картины, они танцуют и поют, выражая себя через творчество. Мы все прекрасно понимаем эти проблемы в образовании, т.е. полное отсутствие вышеперечисленной деятельности.

Работая над внедрением инновационной образовательной программы «Софт Моцарт» педагогический коллектив, решает следующие задачи:

- отработку механизма развития инновационных процессов;
- разработку комплексно – целевой программы «Софт Моцарт»;
- оформление карты инновационной деятельности Центра;
- изменение форм и методов осуществления преемственности.

Только объединяя общее и дополнительное образование мы сможем обеспечить формирование общей культуры, исправить отклонения в эмоциональной и личностной сферах ребёнка, создать условия для социальной адаптации, и дать росток прекрасному, высоконравственному и высоко - интеллектуальному поколению людей.

# АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ІЗДЕНУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**Аринова Анар Габдулгазизовна**

Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖК МКК

Студенттердің іздену жұмыстары жалпы білім беру үрдісінің және барлық оқытылатын пәндер мен оқу сабақ түрлерінің мазмұндық қосындысының бір бөлігі болып табылады.

Іздену жұмысының мақсаты: студенттердің тұрақты және тиімді іздену қызметін жасау, оқыту принциптері, ғылыми зерттеулер, халықаралық практикаға сәйкес іздену принциптерін оқыту.

Міндеттері:

- 1) іздену жұмыстарына қатысуға студенттерді баулу, даярлау.
- 2) шығармашылық кәсіби ойлау арқылы ғылыми таным әдістерін меңгеру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) білім беру бірлігін қамтамасыз ету, ғылыми және инновациялық үрдістердің шығармашылық қабілеттілігін дамыту, студенттердің кәсіби-шығармашылық дайындығын жақсарту, ғылыми зерттеу жұмыстарына студент-жастарды жетілдіру нысандарына тарту;
- 4) студент тұлғасының жан-жақты дамуына көмектесу, өзін-өзі бағалаудың объективті бағалауға, шығармашылық коллективте жұмыс дағдыларын игеруге, ұйымдастырушылық және инновациялық қызметке тартуға баулу;
- 5) заманауи ғылымдағы өзекті мәселелерді шешуге және өз мүмкіндіктерін іске асыруға бағыт беру.

Студенттердің іздену жұмыс түрлері:

Оқу-зерттеу іздену жұмыстары (ОЗЖ), оқу жылында орындалатын тікелей арнайы пәндерін оқыту кезінде жүзеге асыруға болады.

Жеке ғылыми зерттеу жұмысы (СҒЗЖ), әр түрлі оқу орындарында орындалатын, студенттердің ғылыми клубтар мен үйірмелерде зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Қолданбалы ғылыми-тәжірибелік қызмет (ҚҒТҚ), орындалатын тікелей пәндерін оқыту кезінде оқу жоспарының құрамында немесе өз бетінше ізденіс жұмыстарын жүргізу.

Студенттердің іздену негізгі іс-шаралары болып табылатындар:

- студенттік бизнес-жоба конкурсы;
- ғылыми жұмыстар бойынша байқаулар;
- студенттік ғылыми конференциялар; ізденіс жұмыстары
- республикалық және колледж аралық студенттік ғылыми олимпиада;
- студенттердің ғылыми-техникалық шығармашылық көрмесі;
- студенттік ғылыми фестивальдар;
- университет, колледж аралық, республикалық, халықаралық дебат;
- дөңгелек үстелдер;
- кездесулер, жетекші ғалымдармен және әр түрлі іс шаралар.



Студенттердің мүмкіндіктерін айқындап, инновациялық тәрбие мен ізденіс жұмыстарын қолдану саласын және ынталандыру әдістерін анықтау керек.

Ізденіс жұмыстарында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда келесідей міндеттерді атқарады:

Сабақта өткен тақырыптарды мазмұнына карай жинақтау;

Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;

Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу.

Әңгімені салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

Әр түрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерімен бөлісусияқты әдіс-тәсілдер жиі қолданылады.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу студенттерді шығармашылыққа баулуға, олардың бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Сондықтан, білім алушыларды ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игертеу бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Мұндағы зерттеу қызметі шығармашылық ізденіс бағдарламасын жасау, қазіргі заманғы әдебиеттерді оқып-үйренуге, оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін жасау, оқушылардың даярлық деңгейін және олардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамытуға зор мүмкіндік береді.

Дегенмен ізденіс жұмыстарын жазу кезінде мынадай қателер жиі кездеседі:

-жұмыстың тақырыбын таңдауда таңдап ала алмау;

-жұмыстың құрылымын білмеу;

-жұмыстың логикасын дұрыс түсінбеу;

-»Кіріспе» бөліміне дұрыс көңіл бөлмеу;

-алдымен практикалық бөлігін жазып алып, жұмыстың теориясын соңынан жазамын деп ойлау;

-әдебиеттермен жұмыс жасаудағы қателіктер;

-әртүрлі әдіс-тәсілдерін дұрыс меңгермеу;

-жұмыстың тілінде кететін қателер (ғылыми стильмен жазылмауы; ұғымға ауыртплетін құрмалас сөлемдерді, күрделі фразалық тұтастықтарды жиі қолдануы; орфографиялық, пунктуациялық қателердің болуы).

Ізденіс жұмысымен айналысатын білім алушы қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды қалыптасқан тұлға болып табылады.

Студенттер ұжымдық шығармашылық және ұйымдасқан жұмыстардың дағдыларын үйрену мақсатында колледждің және жоғары оқу орындарының лабораториялары мен кафедраларына, өзінің қызмет саласының ұйымдар мен мекемелеріне тәжірибелік көмек көрсететін ғылыми, техникалық, жобалау, экономикалық және басқа да ұйымдардың құрамында іздену жұмысын жүргізе алады. Оқу үрдісін ұйымдастыру ғылымның қазіргі жетістіктерін, мәдениет, экономика, ғылым, техника мен технология салаларындағы өзгерістерді көрсететін білім берудің барлық қырларының жүйелі жаңаруын ескере отырып жүргізілуі керек. Бұл салада нақты нәтижелер алу үшін автордың жасына сәйкес түзетілген тәжірибеден өткізілген технологиялар, өзіндік ғылыми

жұмыстар мен мақалаларына енгізілген теориялық және практикалық жағына ерекше назар аудару керек. Мамандықтар бойынша жоспар жасау қоғамдық ғылымдар, жалпы ғылыми, технологиялық мамандық пәндері кафедраларымен бірге жүргізіледі. Жұмысты алдын-ала білімге, дағдыға, іскерлікке маманның сапасына нақты талаптар қоятын бітіруші кафедра бақылайды. Студенттердің іздену жұмысы міндетті есеп берумен, конференция, үйірме отырысында баяндаумен және т.б жазумен аяқталады. Студенттердің сабақтан тыс уақытта табысты орындалған және оқу бағдарламасының талаптарына жауап беретін іздену, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары сәйкес келетін курстық, лабораториялық жұмыстар, дипломдық жобалармен басқа да тапсырмалардың орнына есептелуі мүмкін. Оқу орындарындағы білім берудің зерттеушілік ұстанымы студенттерді ғылым саласында қолданылатын зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыруға, зерттеу әдістемесінің тиімді элементтерін меңгеруге және құбылыстар мен үдерістерді зерттеу арқылы өз бетінше жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілік принципті қолдану студенттердің танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және өзбеттілігін арттыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге, қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Іздену әлеуеті бар ғылым адамының, ғылыми ұжым мүшесінің қалыптасу үдерісінің бастапқы кезеңі –оқу орнына дейінгі және кәсіптік оқу орны кешендерінде жүзеге асырылады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ибадуллаева, С. Ж. Студенттердің ғылыми зерттеу және ізденіс жұмысының кешенді жүйесі / С. Ж. Ибадуллаева, А. А. Нургалиева, Гульвира Жусипова.// — 2017. — № 7.1.
2. Ақпарова Ж.М. Ғылыми педагогикалық зерттеу жұмысының негіздері: Оқу құралы, Қарағанды, 2007
3. Р.Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеу әдістемесі. Астана: «Фолиант», 2011.
4. URL: <https://moluch.ru/archive/87/16673/>

# СОБЫТИЙНЫЙ ТУРИЗМ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ИСТОРИИ И ФОРМИРОВАНИЯ ТУРИСТИЧЕСКОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА

**Проценко Оксана Дияшевна**

педагог - исследователь, преподаватель спец. дисциплин,  
ГКП на ПХВ «Высший колледж «ASTANA POLYTECHNIC»

*«Инвестиции в поездки это инвестиции в себя»*

*Мэттью Карстен*

В современном мире туризм рассматривается как один из факторов социально-экономического развития страны, один из существенных факторов развития её регионов. Развитие туристической отрасли позволит диверсифицировать источники доходов государственного бюджета, что может помочь социально-экономическому развитию страны. Событие – важнейший мотивирующий фактор в туризме. (1)

Событийный туризм благоприятно влияет на экономику страны. Это обусловлено следующими факторами: способствует созданию новых рабочих мест не только в сфере туризма, но и в других сферах, таких как культура, спорт; активизирует деятельность народных и культурных центров; обеспечивает рост уровня жизни населения; увеличивает валютные поступления страны.

Событийный туризм как отрасль присутствует в индустрии туризма два десятилетия. Впечатляет рост данного сектора. Под событийным туризмом понимается значимая часть культурного туризма, ориентированную на посещение дистанции во время, связанное с каким-либо событием в жизни сообщества или общества, редко наблюдаемым природным явлением. Блок событийного туризма включает ряд элементов культурного, спортивного, этнографического и выставочного видов туризма. Различают следующие виды событийного туризма: этнический, культурный, исторический, экологический, рекреационный, деловой.

Влияние событийного туризма: Событийный туризм благоприятно влияет на многие сферы жизни общества и на экономику страны в целом. Он активизирует деятельность народных и культурных центров; обеспечивает рост уровня жизни населения; увеличивает валютные поступления страны. Это обусловлено следующими факторами: способствует созданию новых рабочих мест не только в сфере туризма, но и в других сферах, таких как культура, спорт; активизирует деятельность народных и культурных центров; обеспечивает рост уровня жизни населения; увеличивает валютные поступления страны. (2)

Событийный туризм в Казахстане. Событийный туризм в Казахстане получил развитие, для него есть немало ресурсов. На протяжении многих лет в Казахстане проходят национальные и международные фестивали, концерты, спортивные соревнования. Ближайшие примеры – саммит ОБСЕ; VII зимние

Азиатские игры; музыкальный международный фестиваль «Азия дауысы», в котором принимали участие представители 85 стран мира. Также к событийному туризму можно отнести следующие тематики: национальные фестивали и праздники; гастрономические фестивали; модные показы; аукционы; фестивали музыки и музыкальные конкурсы; спортивные события. В него входят: национальные праздники, чемпионаты и соревнования, карнавалы, дни распродаж, парады, балы, шоу, ярмарки, дни рождения знаменитостей, маскарады, мероприятия музыкальные конкурсы и фестивали. (3)

Исследование. Важность событийного туризма. Осведомлённость населения играет немаловажную роль в формировании событийного вида туризма. (4). Для выявления событийного характера туризма и оценки спроса на него был проведён опрос. В исследовании приняли участие 30 студентов группы ОТ-21-17Б специальности «Туризм» посетивших крупные мероприятия, проводимые в стране, или же уверенно заявивших о желании посетить предстоящие мероприятия. Исследование показало, что в группе 75% опрошенных осведомлены понятием и влиянием «событийного туризма», а 25% знают о нём, но не задумываются о его важности.

Конкретные примеры событийного туризма в Казахстане.

V Всемирные игры кочевников. V Всемирные игры кочевников пройдут в 2024 году в Казахстане. Об этом сообщил председатель мажилиса Ерлан Кошанов на встрече с президентом Касым-Жомартом Токаевым. По информации министерства культуры и спорта, казахстанские спортсмены на IV Всемирных играх кочевников завоевали девять медалей — три золотые, четыре серебряные и две бронзовые. Спортсмены Казахстана выступили в 5 видах спорта – казак күресі, көкпар, көкбөрі, жамбы ату, традиционная стрельба из лука. Соревнования впервые проводили в Турции, где участие приняли свыше 3 тысяч спортсменов из 102 государств мира по 13 видам спорта. приняли участие более 2000 спортсменов из 57 стран мира. (5)

ЭКСПО-2017. Международная специализированная выставка под эгидой Международного бюро выставок, прошедшая в столице Казахстана городе Астане с 10 июня по 10 сентября 2017 года. Тема выставки - «Энергия будущего». В ЭКСПО-2017 приняли участие 115 государств и 22 международных организаций. ЭКСПО предоставило уникальную возможность продемонстрировать интеллектуальный и технологический потенциал всей нашей планеты. Здесь были выставлены порядка 140 научных изобретений в области возобновляемых источников энергии. Результатом проведения всемирных выставок является расширение международных, экономических, политических, культурных и научных связей. Всемирные выставки проводятся один раз в пять лет. (6)

Зимняя Универсиада 2017. 28-е зимние всемирные международные студенческо-молодёжные спортивные соревнования, прошедшие в казахстанском городе Алма-4. Церемония открытия и закрытия Универсиады 2017 состоялись в ледовом дворце «Алматы Арена». На официальном закрытии игр прошла передача знамени FISU Красноярску, городу-организатору

следующей 29-й Всемирной зимней Универсиады. Слоган Универсиады — «Расправь свои крылья!», что является призывом к молодым спортсменам покорить высоты взрослого спорта. Талисманом зимней Универсиады 2017 года выбран птенец сокола что олицетворяет скорость, легкость, энергию и жажду побед.

25-летие независимости Республики Казахстан. 25 лет Независимости - это беспримерный подвиг нашего поколения, не подвластный времени. Символично, что в юбилейный год Казахстан избран в Совет Безопасности ООН. Принятая Парламентом Декларация 25-летия Независимости стала важным политико-правовым документом, в котором отражены наши великие достижения и победы», - подчеркнул Н. Назарбаев во время торжественного собрания по случаю юбилейной даты. 16 декабря 2016 года в Астане на территории международной выставки ЕХРО-2017 открылся монумент «25-летие Независимости», а в столичном театре «Астана Опера» состоится праздничный концерт «Тәуелсіздікке шашу».

Открытый чемпионат города по фигурному катанию. Открытый чемпионат города по фигурному катанию прошел в Астане в 2022г.С 14 по 16 ноября в столичном ледовом дворце «Алау» был проведен открытый городской чемпионат по фигурному катанию на коньках АSTANA-OPEN. По его итогам в сборную Астаны отобрали 24 сильнейших спортсменов. «Городской открытый чемпионат проходил в столице уже второй год. В 2022 году приняли участие дети и юноши, а также кандидаты в мастера спорта и мастера спорта.

Концерт «Новые имена «Астана Опера». 16 октября 2020 года в городе Нур-Султан. Свое искусство представили талантливые молодые солисты театра, лауреаты многих престижных международных конкурсов. В исполнении сопрано Назым Сагинтай прозвучала ария Леоноры из оперы «Трубадур» Дж. Верди, ария Чио-Чио-сан из оперы «Мадам Баттерфляй» Дж. Пуччини, меццо-сопрано Малика Минизини предложили слушателям арию Ольги из оперы «Евгений Онегин» Петра Чайковского и арию Зибеля из оперы «Фауст» Шарля Гуно.

Большой Алматинский эко-пикник. 22 июня 2018 года в Алматы состоялся Большой Алматинский пикник, который собрал более 700 человек в живописном месте Кок-Жайляу. Воскресное утро для алматинцев и гостей города запомнилось самым массовым походом в горы. Прежде всего, поход носил экологическую направленность. Поэтому после пикника участникам субботника были предоставлены мешки для мусора и перчатки. Добровольцы обменивали собранный мусор на напитки и фрукты от партнёров мероприятия.

Фестиваль красок. В марте 2022 года столице отметили праздник Холи — старейший индийский праздник, который символизирует наступление весны, возрождение жизни и изгнание зла. Мероприятие приурочено к 75-летию Независимости Индии и 30-летию установления дипломатических отношений между Казахстаном и Индией. Это фестиваль красок и хорошего настроения — именно так в Индии и в Казахстане на празднике встреча и приход весны и

возрождение жизни. И самым ярким элементом праздника были разбрасывание празднующими цветных порошков и обливание друг друга цветной водой. (7)

Музыкальный международный фестиваль «Азия дауысы-2023». В июле-2023 на территории высокогорного катка Медеу состоялся масштабный фестиваль «Азия Дауысы», собравший свыше 25 тысяч гостей за три дня концертов. Фестиваль «Азия Дауысы» – это яркое культурное событие, которое с 1989 по 2004 годы привлекало большое внимание публики. Через 19 лет перерыва общественный фонд «МФ «Азия Дауысы» восстановил традицию совместно с Halyk Bank.

Выводы: Событийный туризм благоприятно влияет на экономику страны. Это обусловлено следующими факторами: способствует созданию новых рабочих мест не только в сфере туризма, но и в других сферах, таких как культура, спорт; активизирует деятельность народных и культурных центров; обеспечивает рост уровня жизни населения; увеличивает валютные поступления страны. Всё это влияет на положительную динамику формирования имиджа нашей страны- Казахстан.

### Список литературы

1. Закон Республики Казахстан от 9 июля 2001 года № 225-ІІ О науке (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07.2006 г.).
2. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 г. – Астана-2013.
3. Бабкин А. В. Специальные виды туризма: учеб. пособие /А. В. Бабкин. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – С. 186.
4. Туризм Казахстана 2007–2011: статистический сборник/под ред. А. А. Смаилова. – Астана: ТОО «Казстатинформ», 2012. – С. 33.
5. [ziwa.org/kz/Cluster.aspx?uid=2010113029Politics&id=8&rc=0&pid=2010112931&rid=17](http://ziwa.org/kz/Cluster.aspx?uid=2010113029Politics&id=8&rc=0&pid=2010112931&rid=17)
4. [zakon.kz/198710-na-provedenie-aziady-kazakhstan.html](http://zakon.kz/198710-na-provedenie-aziady-kazakhstan.html)
6. [meta.kz//231353-vo-vremja-aziady-pritok-turistov-v-rk-uvelichilos.html](http://meta.kz//231353-vo-vremja-aziady-pritok-turistov-v-rk-uvelichilos.html)
7. [gratanet.com/ru/azerbaijan/news/2013/February/952](http://gratanet.com/ru/azerbaijan/news/2013/February/952)

# НЕЙРОСЕТИ В РАБОТЕ МЕНЕДЖЕРА: ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОРЫВ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Аймаганбетова Ая Сакеновна**  
ТОО «Колледж Управления»

В мире бизнеса менеджеры играют ключевую роль в принятии стратегических решений и обеспечении эффективного функционирования организаций. Однако современные менеджеры сталкиваются с рядом сложных задач, таких как анализ больших объемов данных, оптимизация процессов и управление рисками. Использование же новых технологий как нейросети может предоставить менеджерам новые инструменты и возможности для более эффективного выполнения своих обязанностей. Как сказал в своем послании К.Ж. Токаев: «Перед нами стоит стратегически важная задача – превратить Казахстан в IT-страну... Особого внимания требует применение технологий искусственного интеллекта».

Какие же функции могут помочь выполнять нейросети менеджерам уже сейчас.

## 1. Анализ данных:

Одним из основных аспектов работы менеджера является анализ данных для принятия обоснованных решений. Нейросети позволяют обрабатывать и анализировать огромные объемы данных, выявлять скрытые закономерности и прогнозировать будущие тенденции. Это особенно полезно в областях, где данные играют критическую роль, таких как финансы, маркетинг и логистика. Такая как Convolutional Neural Networks (CNN).

## 2. Прогнозирование:

Нейросети могут использоваться для прогнозирования различных событий и показателей, что позволяет менеджерам более точно планировать и принимать решения. Например, они могут использоваться для прогнозирования спроса на товары или услуги, определения оптимальных цен, а также для управления запасами и логистикой. Например, Feedforward Neural Networks (FNN).

## 3. Автоматизация процессов:

Нейросети могут быть внедрены для автоматизации рутинных операций и задач, что позволяет менеджерам освободить время для более стратегических задач. Например, они могут управлять автоматическими системами складской логистики или предоставлять рекомендации по управлению клиентским обслуживанием, даже заменить колл-центры.

Что может значительно сократить время на обработку и затраты ресурсов. Самая продвинутая нейросеть ChatGPT от OpenAI.

#### 4. Визуализация продуктов:

Нейросети могут создавать по текстовым запросам (промтам) изображения и видео за несколько минут. Менеджера могут тестировать идеи, создавать презентации и маркетинговые материалы в короткий срок и с минимальными затратами. Самой обученной на данный момент нейросетью Midjourney.

И это только основные области, где использование нейросетей может значительно упростить работу менеджеров. На сегодняшний день есть примеры замены генерального директора компании на нейросеть.

В данной ситуации мы должны успеть за развитием технологий искусственного интеллекта и использовать его потенциал в повседневной работе управленца.

### **Список литературы**

1. Токаев К.Ж. «Экономический курс Справедливого Казахстана»: послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана, 01.09.2023г. /К.Ж. Токаев//, [Электронный ресурс].- Режим доступа: <http://akorda.kz/>. - дата доступа 02.10.2023.



## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – НӘТИЖЕЛІ САБАҚТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

**Ибраева Анар Кусаиновна**

Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі

Қазіргі білім беру жүйесі біздерден өзгермелі заманда еңбек ететін, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, жауапты шешімдер қабылдауда сыни тұрғыдан ойлана білетін жастарды тәрбиелеуді талап етеді. Осымен байланысты оқыту үрдісінде бір мәселені талқылау, оған өз көзқарасын білдіру, әріптес ойымен пікір алмасу секілді жұмыс түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Ол үшін білім алушылардың бойында сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыра алуымыз керек. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс – әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Заман сұранысына лайықты, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан тұлғаларды дайындауда жоғары деңгейлі тапсырмаларды қолданудың орны ерекше. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу жылының басында колледжде оқытушылар фокус топ құрып, Lesson Study циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарладық. Фокус топтың жетекшісі Болатова А.Ж. (жаратылыстану пәнінің оқытушысы) ; топ мүшелері:

Ибраева А.К. (қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы); Мутан Е. (математика пәнінің оқытушысы); Хасенова А.А. (педагогика пәнінің оқытушысы); информатика пәнінің оқытушысы Анарбеков Алмаз Нұрболұлы.

Фокустың топтың зерттеу мәселесі: Сыни ойлау технологиясының стратегияларын қолдану арқылы студенттердің жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау қабілеттерін дамыту

Болашақ маман бойында жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді, функционалдық сауаттылықты арттыру – бүгінгі күннің талабы екендігі зерттеудің өзектілігі болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мамандарына сыни ойлау технологиясының стратегияларын қолдана отырып, жоғары деңгейлі тапсырмаларды қолданғанда өзіндік пікірі бар, шығармашыл, терең ойлы, жан-жақты тұлғаны қалыптастыра аламыз. Студенттердің жауапкершілігін, ізденімпаздығын, сөйлеу, ойын жеткізе білу, өзіндік пікір айту қабілеттерін арттыру мақсатында сын тұрғысынан ойлау технологиясының алар орны ерекше. Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталады. [3]. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және

басқаларды сыни тұрғадан ойлауға баулуды білдіреді. Сондықтан «Сыни ойлау технологиясының стратегияларын қолдану арқылы студенттердің жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау қабілеттерін дамыту» деген мәселені зерттеу нысаны ретінде алғанды жөн санадық.

Зерттеу нысаны: Жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындатудағы тиімді әдіс-тәсілдер, студенттердің әрекеті.

Lesson Study тәсілін жүзеге асыру үшін топ мүшелері ақылдаса келе, оқыту үдерісінде сабақта туындайтын мәселелерге тоқталып, зерттеудің мақсатын анықтадық

Зерттеу мақсаты: «Бастауыш білім беру» мамандығы студенттерінің әдістемелік оқыту пәндерінде жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау барысында сыни ой-пікірлерінің қалыптасуына, зерттеушілік қабілеттеріне әсерін анықтау.

### Зерттеуді жүргізу кезеңдері

1 цикл			
Бірінші LS-ті бірлесіп жоспарлау	Бірінші LS-ті өткізу, қадағалау	Студенттермен сұхбаттасу	1-LS-ті талқылау және 2-LS-ті жоспарлау
2 цикл			
Екінші LS-ті бірлесіп жоспарлау	2-LS-ті өткізу, қадағалау	Студенттермен сұхбаттасу	2-LS-ті талқылау, 3-LS-ті жоспарлау
3 цикл			
Үшінші LS-ті бірлесіп жоспарлау	3-LS-ті өткізу, қадағалау	Студенттермен сұхбаттасу	3-LS-ті талқылау, ортақ қорытындылау

### Зерттеу әдістемесі

1. Туындаған мәселелерді зерделей келе, зерттеу сұрағы туындады. Сабақты зерттеу Пит Дадлидің LS-нұсқаулығын басшылыққа алып, зерттеу барысындағы іс-әрекеттермен танысудан басталды. (вебинар), [csm.kz](http://csm.kz), [pedagogical-dialogue](http://pedagogical-dialogue.ru). 2. Пән оқытушылары және студенттермен жүргізілген кіру сауалнамалар қорытындыларының талдауы, тақырып таңдауына негіз болды. Зерттелетін әдістемелік пәндер: математиканы оқыту әдістемесі, жаратылыстану, қазақ тілі әдістемесі мен «Бастауыш білім мамандығының» 2 курс студенттері алынды. 3. Тәжірибеге өзгерістерді енгізу үшін LS-дан тұратын 3 сабақ жоспарланды. Әдістемелік сабақтарды оқытушылар тобы бірлесе жоспарлап, бақылады және талдады. Сабақ соңында студенттер пікірі тыңдалып, қорытындыланды. 4. Әр сабақтың жетістігі мен кездескен кедергілерді талқылап, алдағы уақытта нені ескеру қажет екеніне рефлексивтік есеп жазылды. Нәтижесінде студенттердің жеке даму аймағы анықталып, тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер өзгертілді. 5. Сабақтар топтамасында «Миға шабуыл», «ПОПС формуласы», «Кубиктер» т.б. әдістер; түрткі болу, қайта бағыттау, сынақтан өту сұрақтары ұтымды пайдаланылды. Жай сұрақ қою шеңберінен шығып, жоғары дәрежелі сұрақтарды қойған кезде оқушылардың ойлау қабілеттері дами бастайды.

Зерттеу жоспары

	Мазмұны	Мерзімі
1.	Зерттеу мәселесін анықтау.	Қыркүйек
2.	Бірлескен сабақ жоспарын әзірлеу.	Қыркүйек
3.	Үлгерімін ескере отырып, бақылау нысаны ретінде (А,В,С) студенттерді таңдау	Қазан
4.	Бірлесіп оқыту стратегияларын қолдана отырып, № 1 сабақты талқылау және жоспарлау.	Қазан
5.	А, В, С деңгейіндегі студенттерге жетістік критерийлерін, сондай-ақ студенттердің болжамды жауаптарын қамтитын бақылау парағын дайындау. Сабақтан кейін студенттермен сұхбат алу	Қараша
6.	№ 1 сабақты бақылау. Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру.	Қараша
7.	Алдыңғы сабақтың ұсыныстарын ескере отырып, №2 сабақты талқылау және жоспарлау.	Желтоқсан
8.	№ 2 сабақты бақылау.Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру.	Қаңтар
9.	Алдыңғы сабақтың ұсыныстарын ескере отырып, № 3 сабақты талқылау және жоспарлау.	Ақпан
10.	№ 3 сабақты бақылау. Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру.	Наурыз
11.	Сабақты зерттеуді қорытындылау.	Сәуір

1. Зерттеу мәселесін анықтау. Күнделікті тәжірибемізде топ студенттерінің басым көпшілігі сөйлеуде, өз ойларын жүйелі жеткізуде, әдеби теориялық талдау жасауда, математикалық ұғымдарды меңгеруде қиналатынын байқадық. Зерттеуді бастау үшін алдымен студенттерге: «Пәндерді қызыға оқисың ба?» (иә(неліктен? ) /жоқ (неліктен?), «Оқу барысында түсінбеген тақырыптар, тапсырмалар болды ма?» «Неге түсініксіз?» «Қандай тапсырмаларды орындағанды ұнатасың?» деген сауалнама сұрақтарын қоюды жөн көрдік. Олардың жауаптарынан жоғары деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда, төменгі және орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындай алатындықтарын, сөздік қорларының төмен екендігін; мәтіндерді, есептерді түсіну қиынға соғатынын анықтадық. Ауызша және жазбаша мәтін құрастыруда ойларын жүйелі жеткізу үшін мағыналы сөз тіркестері мен сөйлемдерді байланыстыра алмайтыны көрінді. Туындаған мәселелер төңірегінде топ мүшелерімен ақылдаса келіп, «Сыни ойлау технологиясының қандай әдіс-тәсілін тиімді пайдалансақ студенттердің жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау қабілеттерін дамыта аламыз деген оймен зерттеу тақырыбы етіп алдық

2. Бірлескен сабақ жоспарын әзірлеу. 2 қа тобында «Мақал-мәтелдер, олардың ерекшеліктері» бойынша өткізілетін алғашқы сабағымды

әріптестеріммен бірге жоспарладық. Сабақты жоспарлауда сыни тұрғыдан ойлаудың үш кезеңін кіріктіріп жоспарладық.

3. Үлгерімін ескере отырып, бақылау нысаны ретінде (А,В,С) студенттерді таңдап, бақылауға алатын болдық.

4. Бірлесіп оқыту стратегияларын қолдана отырып, № 1 сабақты талқылап, жоспарладық. Сабақтың алғашқы бөлігі «Қызығушылықты ояту» кезеңінде «Болжау» стратегиясы арқылы тақырыпты болжау жеке тапсырмасы дайындалды. Мағынаны тану кезеңіне «Кубиктер» стратегиясы бойынша жұптық жұмыс белгіленді. *«Кубиктер» стратегиясы. Зерттеңіз.* Мақал-мәтелдер, олардың зерттелуі, мектепте оқытылуы туралы мәлімет беріңіз. *Салыстырыңыз.* Мақал-мәтелдердің айырмашылығын тауып, Венн диаграммасы арқылы салыстырыңыз. *Талқылаңыз.* Абайдың мақал-мәтелдер туралы айтқан қара сөзін оқып, сыни пікір білдіріңіз, «менің өз өмірімде жиі қолданатын мақал-мәтелдерім» тақырыбында ой толғаңыз. *Ойыңызбен байланыстырыңыз.* ПОПС формуласы арқылы ойды жалғастырыңыз.

*«Мақал-мәтелдер тәрбие құралы ма?» ПОПС формуласы:*

Одан әрі студенттердің ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған жоғары деңгейлі тапсырмалар беруді жоспарладық. Ол үшін ең алдымен

Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінің желісі бойынша бейнежазба көрсетіледі.

1, 2-топ: *«Ашық кітап» әдісі* арқылы бейнежазбадағы негізгі ойды түйіндейтін мақал-мәтелдерді жазады.

3, 4-топ: Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесіндегі әкенің тәрбиесімен келісесіз бе? сұрағы бойынша әңгіме-дебат жүргізеді.

Сабақтың соңғы бөлігі ой толғаныста *«Бумеранг» әдісі арқылы топтар бір-біріне* 1-топ: түрткі болу, 2-топ: сынақтан өту, 3,4-топ: қайта бағыттау сұрақтарын дайындап, келесі топтарға қою сияқты топтық жұмысқа арналған тапсырма берілетін болды. Бұл тапсырмаларды алу мақсатымыз: тәсілдердің барлығы дерлік жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік туғызып, өзара коммуникациялық дағдыларын арттыра түсу әрі олардың ойлау дағдысын дамыту. Мақсат етіп алынған тақырып бойынша Lesson Study циклімен бірінші зерттеуді 2 ка тобының «КМ 03. «Оқу ақпаратын тарату, тілдерді өз бетінше үйрену» модулінен бастадық.

5. А, В, С деңгейіндегі студенттерге жетістік критерийлерін, сондай-ақ студенттердің болжамды жауаптарын қамтитын бақылау парағын дайындадық. Сабақтан кейін студенттермен сұхбат алдық.

6. № 1 сабақты бақылау. Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру. Сабаққа қатысу кезінде жоспар бойынша әріптестерім оқушылардың жұптық, топтық және жеке жұмыстарын орындаудағы іс-әрекетін зерттеуге үш деңгейдегі оқушыларды бақылауға алды. Сабақты зерттеудегі студенттердің жоғарыда аталған жұптық, топтық және жеке жұмыстарындағы іс-әрекетіне тоқталсам, «Болжау» әдісі бойынша студенттер берілген тапсырманы өзара жазбаша орындады және жазбаларын топ алдында айтты. Жасалған жұмысқа

ауызша талдау арқылы кері байланыс беріп, коммуникация мен ойлау дағдыларын дамыта түсті. Мағынаны тану кезеңіндегі «Кубиктер» стратегиясы бойынша жұптық жұмыста студенттердің салыстыру, зерттеу, ой толғау тапсырмаларының тиімді жақтарын анықтадым, себебі студенттер осы тапсырмалар арқылы мақал-мәтелдер, олардың зерттелуі, мектепте оқытылуы туралы мәлімет бере алды, «Мақал-мәтелдер тәрбие құралы ма?» деген сұраққа нақты дәлелдер келтіре отырып, тұжырымды жауап бере білді және жұмыстарын постерге жазып, ауызша сәтті қорғады. Бұл тәсілдің тиімділігі тек постер қорғауда ғана емес, топ алдында белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік туғызды. Ой толғаныс бөлігінде студенттер сабақта алған білімдерін жүйелеп, үйренгенін саралады, шығармашылық өз ойтолғаныстары мен көзқарастарын еркін білдірді. Сабақ үдерісіне іс-әрекетті зерттеуге алынған бұл тәсілдерді саралай келе, тиімділігіне көзім жетті, себебі олар тек қана зерттеп қана қоймай, алған білімді өздерінің мамандықтарымен байланыстырып, сыни ойлауын дамыта түсті.

7. Алдыңғы сабақтың ұсыныстарын ескере отырып, №2 сабақты талқылау және жоспарлау. Келесі кезекте топ мүшелері Болатова Арай Жумкеевнаның КМ 04 «Оқу ақпаратын тарату, дербес білім алуға үйрету» /Жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесінен «Жаратылыстану сабақтарында қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру жолдары» тақырыбындағы өтілетін сабағын бірге жоспарладық. Сабақта студенттердің жоғары ойлау деңгейлерін дамытуға бағытталған әдістерді іріктеп қолдануға ұсыныс берілді. «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша бір тақырыптың оқу мақсаттарын таңдап, бағалау критерийлерін анықтау және оған сәйкес тапсырма дайындап, дескрипторлар құрастыру, «Сабақты бастар алдындағы рефлексия» әдісі, «Аяқталмаған сөйлем» әдісі т.б. әдістер қолданылып, жеке, жұптық, топтық тапсырмалар беру жоспарланды.

8. № 2 сабақты бақылау. Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру. Сабақ барысында оқытушылар сабақты бақылады. Сабақты талдау барысында топ мүшелері бақылауымызды ортаға салдық.

9. Алдыңғы сабақтың ұсыныстарын ескере отырып, № 3 сабақты талқылап, жоспарладық. Ол сабақты информатика пәнінің оқытушысы Анарбеков Алмаз Нұрболұлы өткізетін болды. Осы топта информатика пәнінен «Графикалық редакторлар» тақырыбында өтетін сабағын жоспарладық. Бұл сабақта сыни ойлаудың бірнеше стратегияларын қолдана отырып, жоғары деңгейлі сұрақтар және Блум таксономиясының ойлау дағдыларының деңгейіне сай тапсырмалар беру жоспарланды. Студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін қызығушылығын ояту кезеңінде «Жұбына жағымды сөз айту» әдісін, ал ойтолғанысқа «РАФТ» әдісін пайдалануға кеңес бердік.

10. № 3 сабақты бақылау. Нәтижелерді талқылау, талдау, түсіндіру. 11. Сабақты зерттеуді қорытындылау. Фокус топ мүшелерінің өткізген зерттеу сабақтары бойынша қорытынды жасалып, нәтижелері салыстырылды.

Зерттеудің теориялық негіздемесі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет. Қазіргі заман талабы бойынша оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, біздің фокус топ мүшелері өз сабақтарында Блум таксономиясының деңгейлері бойынша тапсырмаларды қолданады. Оқу мақсаттарының негізгі категориялары:

- |             |                     |             |
|-------------|---------------------|-------------|
| 1. Білу;    | 4. Талдау;          | 6. Бағалау. |
| 2. Түсіну;  | 5. Синтез (жүйелеу, |             |
| 3. Қолдану; | жинақтау);          |             |

Блум таксономиясы бойынша сабақты ұйымдастыру студенттердің дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін алты деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - студенттерді кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады.

Қорыта келгенде Lesson Study зерттеу сабақтарын бірігіп жоспарлап, жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде байқағанымыз:

-студенттердің белсенділігі артты; өз ойларын еркін жеткізуге тырысты; студенттер жоғары деңгейлі тапсырмалар орындау барысында жеке қаблеттерін аша білді; оқытушылар арасында кәсіби ынтымақтастық күшейе түсті; білім сапасының жоғарлағаны байқалды; әр топтағы жас мамандардың кәсіби біліктілігінің қалыптасуына әсері болды. Осылайша оқытушылармен бірлесу және студент пікірін ескеру арқылы оқу жетістігін бағалауда жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

Lesson Study тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, зерттеу, бақылау, туындаған мәселелерді бірлікте шешу колледжде қалыптасқан үрдіске айналып келеді. Осы аралықта байқағанымыз, бұл тәсілдің оқытушылардың кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдіс екендігіне көзіміз жетті. Студенттерге тақырыпты нәтижелі меңгеру үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетеміз. Сабақта сыни тұрғысынан ойлау әдісін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Логикалық ойлау қабілеттері дамып, қызығушылығын арттырып, сабақта белсенділіктері күшейтеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Пит Дадли (Ұлыбритания) Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013 – 9, 17 б.

2. Байгаринова Ж.К. Сабақты зерттеу: А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 – 35-36 б. 44

## **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ - МӘДЕНИ МҰРАСЫНДА ДӘСТҮРЛЕР МЕН НОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ»**

**Тусупова Айжан Далабаевна**

Астана қаласы әкімдігінің Технологиялық колледжі ШЖҚ МКК

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

«Ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі жоғары дамыған ел кез келген өркениетті деген елден оқ бойы озық тұрады» деген түрік ағайындардың ұстанған берік қағидасы бар. Осындай қағиданы ұстанған қазақ халқы да басынан небір қиын-қыстау заманды өткерсе де ата-бабаларымыз өзіміздің мәдениетімізді, дәстүрімізді, төл өнерімізді ұмыт қалдырмай, оны ұрпақтан ұрпаққа сақтап, жеткізіп отырған.

Өзге ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтай отырып, еліміздің мәдени, рухани құндылықтарын дамытып қана қоймай, көздің қарашығындай қорғауымыз керек. Осыған байланысты бізде ауқымды шаралар атқарылуда. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тек туған жердегі ғана емес, алыс-жақын шетелдегі ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, жәдігерлеріміз жаңғыруда. Ата-дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. Егер жеті атасына дейін ата тегін, тарихын білмейтін ұрпақ болса, оны «Жеті атасын білмейтін жетесіз» деп халық кінәлайды, айыптайды, жазғырады, жазалайды.

Бүгінгі күні қазақ халқы өз дәстүрі мен мәдениетін жалғастырып, жаңғыртып келе жатыр деп айтсақ артық айтпаспын. Аудандық, ауылдық мектептерде «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» секілді сайыстар жиі ұйымдастырылуда. Бұндай «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» сияқты сымбат пен өнер жарысында өнерпаздық дәстүрдің ұлттық мәйектері сараланып, мәнді өрнектер, өнер үшін баға беріледі. Қазақ қызы әрі сымбатты, әрі нұрлы, әрі еңбекқор, әрі өнерпаз болу керек. Қазақ жігіті жігіттің сұлтаны ретінде өнерден де, ептілік пен күштіліктен де, сымбаты мен сәні жағынан да елді елең еткізетін ерекше жан болуы қажет. Халық ұлдары мен қыздарын өнерпаздыққа баулу үшін түрлі ойындарды ойлап шығарған. Халқымыз өнерпаздық дәстүрін қыз балаларға іс үйрету, өнер үйрету, ер балаларды ерлік пен еңбекке, өнерге баулу әрекетімен жалғастырып, дара дарындарды дамытып отырды. Отбасындағы көңілді кештерде тақпақ айту, жыр жырлау, ән салу, күй тарту - үлкен қуаныш. Өнерпаздық нышандарын айқындап, дарынын дамыту әрбір перзенттің міндеті.



Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата - бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата - бабамыздан қалған қазынаның бірі салт - дәстүрлерді ұмыту мүмкін емес. Ендеше осы елдің ертеңі жасөспірімдерге салт -дәстүрімізді насихаттай отырып, ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени салт - дәстүрлерімізді ұмытпауымыз керек. Ата тегін ардақтау дәстүрі, көбінесе отбасында, мектепте, балабақшада сөз болып отырса, кейінгі ұрпақ қазақтың салт – дәстүрлерін бойына сіңіріп, тәрбиелік мәнін білер еді деп ойлаймын. Салт - дәстүр, әдет -ғұрып - халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрді халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру – өркенді де өнегелі іс.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

*1. Бәсекелік қабілет.* Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы

Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

2. *Прагматизм.* Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын тендесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану - мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

3. *Ұлттық бірегейлікті сақтау.* Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені - өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым - бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі - ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі - алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

4. *Білімнің салтанат құруы.* Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының

басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. *Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.* Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл - әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. XX ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл - ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір.

## «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

Садвакасова Жайнагуль Боранбаевна

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті»

КеАҚ колледжі

*«Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген  
ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін  
жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»*

*Мұстафа Шоқай*

Қазіргі жаһандану дәуірінде өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Еліміздің әлемдегі озық елдердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет [1]. Бұл жөнінде Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Осы мәселе жайында: филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы Мекемтас Мырзахметов: «Біз қазір қандай халықпыз?» деп сұрақ қойып, оған өзі Абай шығармалары арқылы былай жауап береді: «Біз өзіміздің рухани дүниемізден айырылып қалуға жақындап қалған халықпыз. Осыны қалпына келтіретін, өзіміз айтып отырған – ұлттық тәрбие мәселесі. Бұл мәселенің Абай дүниелерінен бастау алғанына мақтанамыз. Әрине, алдымен біз өзімізді өзіміз танып алайық. «Әкел, әкел» дегеннен ұлттық тәрбие келе қоймайды. Абайдың 38-ші қара сөзінде: «Баланың тәрбиесі ата-анасына, өскен ортасы, ойнаған құрбы-құрдастарына, ұстазына байланысты болады. Қайсысы мықты шықса баланы сол меңгеріп кетеді» Қазір бізді кім меңгеріп кетті, ұстаз ба? Ол меңгере алмай отыр. Ата-ана ма, қазір олар өздерінің рөлін орындай алмай отыр. Қазір тәрбие билігін шеттен келген ақпараттар, компьютер, интернет алып кетті. Біз ұлттық тәрбиені дұрыс жолға қоюдың іргетасын құруымыз керек. Іргетасын жақсы қою үшін үлкен мемлекеттік міндет тұр. Ол қандай? Қазақстан ұлттық ғылыми рельсін өзгерту керек. Біз евроцентристік рельспен жүріп келеміз. Солай қалыптастық. Егер де біз осыны ұлттық рельске қоймасақ, айтып жүргеніміздің бәрі құр әңгіме болып қалмақ [2]. Түбірлі мәселе осында жатыр...» - деп санайды. Қашанда ұлттық тәрбиені биік ұстаған халық екеніміз тарихтан белгілі, оған дәлел Абай, Шохан сияқты әжелеріміз, аналарымыз тәрбиелеп өсірген әлем таныған тұлғалар.

Жаудан да қорықпаған қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы: «Менің үш қорқынышым бар. Біріншісі – бесік жырын айта алмайтын келіндердің

көбеюінен, екіншісі – немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюінен, үшіншіден – салт-дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын» деген екен. Отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің сақталуы, ата-бабамыз қастерлеп келе жатқан отбасылық құндылықтардың бағасы төмендеп бара жатқаны көзі ашық жандарға жасырын емес. Қалыпты тәрбиені былай қойғанның өзінде, көптеген отбасылардың шаңырақтары шайқалып, ұрпақ тағдырына көңіл бөлінбей келе жатқандығы да толғандырады [3]. Шығыстық тәрбиеге салыстырмалы талдау жасап қарайтын болсақ: Жапон және корей тәрбие жүйелерінен дәстүрлі қазақ тәрбиесіне ұқсас ортақ тұстарды табуға болады. Мәселен, жапондықтарда да, қазақтардағыдай, баланың барынша еркін немесе қысым көрмей өсу кезеңі бес жасқа дейін созылады. Бұл жасқа дейін жапондықтар баласын «патшасындай» құрметтесе, бес жастан он бес жасқа дейінгі аралықта «құлдай» жұмсайды, ал он бестен асқан соң «теңдесіндей» араласады. Он бес жасқа келген бала өзінің міндеттерін нақты білетін және ережелерге мүлтіксіз бағынатын ересек адам ретінде саналады. Жапон тәрбиесінің парадоксы да осында қордаланған: балалық шағында барлығы рұқсат етілген баладан тәртіпті және заңға бағына білетін азамат өсіп шығады. Расында, бұл елде кішкентай балаларға барлығы рұқсат етіледі, алайда 5-6 жасқа қарай бала әртүрлі жағдайларда қалай әрекет етуді белгілейтін ережелер мен шектеулерге толы қатаң жүйеге тап болады. Оларға бағынбау мүмкін емес, себебі барлығы да осылай жасайды, сондықтан басқаша жасауға ұмтылу ел алдында абыройдан айрылуға және ортадан аластатылуға барабар. Жапондықтар топтық немесе тобырлық санаға бағдарланған, мұнда топ мүддесі (осы тұста - отбасы) жеке бас мүддесінен жоғары қойылады.

Корей қоғамында да балалар мен жастардың тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Бұған, мәселен, мынадай дәйек айғақ бола алады: Корей денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелер институтының 2003 жылғы 4 қарашада басылып шыққан деректері бойынша, орташа оңтүстік корей отбасының ай сайын жұмсайтын қаражатының 56% балаларды күтіп, тәрбиелеуге және оларға білім беруге жіберіледі. Оңтүстік Корея тұрғындарының білім алу үшін жұмсайтын шығындары – әлемдегі ең жоғарыладың бірі, кейбір деректерге сүйенсек, Даниядан кейінгі екінші көрсеткішті көрсетеді. Ал жеке меншік репетиторлардың қызметін төлеу жағынан корейліктерге тең келетін ел жоқ екен [4].

Біздің бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесі мәселесінде батысқа қарап емес, шығысқа қарап бой түзеп өзіміздің ұлттық тәрбиемізден алыстамай, нарықтық заманда ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілікті ұмытпай, техника дамыған қоғамда өмір сүре отырып, техниканы да тиімді пайдалана білу формуласын қарастыру керек. Ол жайлы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында саяси, экономикалық реформаларға қосымша жаңа бағыт ұсынды. Бүгінде жастар тәрбиесі, кішінің үлкенді тыңдауы, үлкеннің ұлағаты күн тәртібіне ерекше қойылуда. Бұл ретте өмір мектебінен өткен, көңілі ояу, ойы терең қазыналы ақсақалдарға жауапты міндеттер жүктелмек. Көп жерде ақсақалдар көптеген игі істердің ұйытқысы болып жүр. Ардагерлер жиында ел бірлігі, ұрпақтар сабақтастығы, сыйластық, ауызбіршілік

туралы зерделі қарияларымыз ойларын ортаға салып, ақылдасып, билік иелеріне ұсыныстар жасап отырса несіа артық? Айтар адамнан тыңдар адамның түйсігі биік болу керек. Орынды айтылған нақты сөз, бөліскен ой-пікір адамның бір-біріне деген сенімін, өмірге деген құштарлығын арттырады, ұлттық салт-санамызды оятып, рухани дүниеміздің көкжиегін кеңейте түседі.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бұла кезіңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ташенова А. Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы» // Ана тілі, №17, 2015 ж.
2. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=2068>
3. <http://aqjolgazet.kz/?p=58738>
4. Тәрбие теориясының өзекті мәселелері : Психология, педагогика және психология бағыту бойынша білім алатын студенттермен магистранттарға арналған оқу құралы / Б. Х. Галиева – Павлодар : Кереку, 2010. – 96 б.

## К ВОПРОСУ ОТНОШЕНИЯ МОЛОДЕЖИ К ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ

Уайсова Шынар Нуржановна

ГКП на ПХВ «Технологический колледж» акимата г. Астаны

Вопрос отношения к историко-культурному наследию для любого народа всегда остается актуальным потому, что в нем отражены фундаментальные этнокультурные ценности прошедших исторических эпох, что, в свою очередь, является духовным стержнем народа. В мире наблюдается рост национального самосознания как защитной реакции на стандартизацию социально-экономической жизни, порожденной глобализацией. Становятся актуальными национально-государственные интересы, национальная идентичность, культура и самобытность.

Опираясь на мнение, что «Культура каждого этноса заслуживает рассмотрения с точки зрения собственных критериев. Она содержит в себе ответы на глубинные экзистенциальные потребности человека, но делает это собственным, аутентичным его внутреннему характеру, способом. Актуальным сегодня является подход, согласно которому, исследование того или иного этноса осуществляется в понятиях его культуры, её мировоззренческих составляющих» [1], - акцентируем внимание на культурном суверенитете, как преимуществе любого государства, живущего в условиях современной эпохи деглобализации.

Чем чреваты последствия деглобализации: глубоким мировоззренческим кризисом и духовной разобщенностью людей. Причиной этих последствий является культивированная евроатлантической цивилизацией *деконструкция культурного кода* как «гаранта» формирования и функционирования культуры, мира ценностей и смыслов, концептов и констант, обуславливающих идентичность того или иного этноса в XXI веке. Подтверждением фактов деконструкции культурного кода западного мира являются пресловутые асоциальные общественные движения последних 10 лет: BLM [2], MeToo [3], LGBTQ+ [4], многочисленные молодежные субкультуры [5], и т. п.

Но на фоне интенсивного «культурного» полилога западного так называемого «свободного мира» одновременно идет поиск новых жизненных и культурных ориентиров в странах третьего мира, для которых культурный суверенитет базируется на культурно-ценностной матрице из историко-культурных констант, влияющих на восприятие и человеком, и обществом, его онтологического и социального бытия в историческом времени, т.е. историко-культурном наследию, наработанном веками историческом опыте самоидентификации того или иного народа.

Наши страны пришли к осознанию, что вызовы постмодерна XXI века, а именно, идеология неолиберализма (толерантность, политкорректность, мультикультурализм, отказ от духовных ценностей); массовая культура; потеря национальной идентичности; глобальное потребление и пр., – должны купироваться государством на основе концептуально продуманной культурной

политики, нацеленной на сохранение национальной/этнической и поиске обновленной идентичности, отвечающей духу времени.

«В структуре этнической идентичности [6], которая, по нашей концепции, стала следующей исторической формой, - осознание реального родства постепенно замещалось сакральным ощущением и осознанием единства на основании иных, не родственных признаков. При этом представление людей об общем происхождении, зафиксированное культурной памятью не вытеснило из самосознания народа представлений о родственной связи. Утратив доминантное значение, они трансформировались в представление об историческом родстве, и переходят из разряда актуальных в разряд дополнительных оснований групповой идентичности. При сохраняющейся значимости «идеи родства», партисипация к этнической общности, идентификация с ней осуществляется теперь в замещенных, несобственных формах: посредством общего языка, религии, государственности, мифов о генетическом и историческом родстве и др.»

В этом аспекте важным основанием для возвращения национально-культурной идентичности у молодежи является историко-культурное наследие народа, как этнокультурное основание ее социальной консолидации.

«... характер эволюции этнокультурной идентичности определяется таким типом культурной динамики, при котором новые культурные формы, обуславливающие образы идентичности, не просто заменяют старые, но сосуществуют, взаимодействуют и образуют все более сложные, иерархически организованные системы» [7].

Поэтому значение национально-культурной идентичности молодежи должно заключаться в создании прочной духовной взаимосвязи «между отдельной личностью и народом в целом, в переживании личностью чувства принадлежности к национальной культуре и в присвоении ее ценностей. Отождествление личности и национальной культуры государства, в частности культурных идеалов и духовных ценностей, в свою очередь, невозможно без приобщения к культурному наследию страны» [8].

Охрана и использование историко-культурного наследия в нашей стране благодаря государственной культурной политике находятся в новом качественном состоянии:

- стратегические национальные культурные проекты [9], последних 20-ти лет;

- новые аспекты законодательства (развитая база об охране и использовании объектов историко-культурного наследия);

- изменение научного, культурологического объяснения социальной роли культурного наследия в обществе;

- деятельность государственных и общественных организаций, связанных с охраной и использованием объектов историко-культурного наследия (музеи, музеи-заповедники и др.);

- конкретные факты отношения к культурному наследию на местности, в регионах страны.



Общеизвестно, в современном мире, где индивидуальность и свобода самовыражения становятся основополагающими, молодежные субкультуры играют особую, порой сакральную для их носителей роль. Они стали своеобразной платформой для экспериментов, исследований, нововведений, выражения своих взглядов и идей. Молодежные субкультуры предоставляют подрастающему поколению возможность самоопределения и самоидентификации, помогают найти свое место в мире, оставив за собой традиционные рамки и стереотипы. Необходим лишь вектор/направление этой самоидентификации, основанной на личностном отношении к своему историко-культурному наследию, затем этнокультурном отношении (этнолингвистические, этноконфессиональные), наконец, политическом (гражданском) основании социальной консолидации со своими «историческими корнями».

Неслучайно сегодня обращение к культурной памяти народа совпадает с нарастающими процессами арабо-религиозной унификации и вестернизацией казахской культуры в целом. Перед системой образования Казахстана стоит важная задача сохранения национально-культурной идентичности как цементирующего фундамента исторического сознания, то есть «духовно-смыслового образования, обеспечивающего переработку и трансляцию социокультурной и событийно-национальной информации из прошлого в настоящее, опосредуясь будущим, так как человек живет одновременно в прошлом, настоящем и будущем» [10].

Молодежь Казахстана должна осознавать и отождествлять себя со своими историческими корнями средствами и педагогического, и народного, и профессионального образования. Наша задача, преподавателей общеобразовательных дисциплин гуманитарного профиля, максимально использовать информацию об историко-культурном наследии в своей и образовательной и воспитательной деятельности с подрастающим поколением Казахстана.

### Список литературы

1. Иткулова Л.А. Мировоззрение этноса как социокультурное явление: философский анализ / автореф. д.ф.н. Электронный ресурс: <https://www.dissercat.com/content/mirovozzrenie-etnosa-kak-sotsiokulturnoe-yavlenie-filosofskii-analiz>

2. История Black Lives Matter и его роль в общественной жизни США хорошо известны. Движение выросло из одноименного хештега, запущенного в Сети после оправдательного приговора жителю Флориды Джеймсу Циммерману, обвиненному в непредумышленном убийстве чернокожего Трэйвона Мартина.

3. В массовую кампанию против сексуального насилия движение превратилось в 2017 году благодаря актрисе Алиссе Милано – именно она стала первой, кто предложил открыто рассказывать о случаях сексуальных домогательств.

4. Аббревиатура LGBTQ + (лесбиянки, геи, бисексуалы, трансгендеры, квир-люди) распространена так же, как и LGBT

5. – популярные корейское и японское направления (халлю, к-пор, анимешники и т.д.);

– экстремальные и спортивные сообщества (диггеры, сталкеры, ЗОЖники);

– интернет-сообщества и поклонники компьютерных игр (гики, виско-герл, веб-панки, дед-инсайд);

– околोकриминальные и криминальные сообщества (офники, скинхеды).

6. Демина С.А. Историко-культурное наследие как фактор сохранения национально-культурной идентичности России // История и археология. 2014. № 4 [Электронный ресурс]. URL: <https://history.snauka.ru/2014/04/961> (дата обращения: 12.07.2023).

7. Там же, Демина А.С.

8. Еромасова А.А. Ментальность русского человека как феномен национальной культуры (философско-антропологический анализ) // История и философия. 2007. № 4 [Электронный ресурс]. URL. <https://www.dissercat.com/content/mentalnost-russkogo-cheloveka-kak-fenomen-natsionalnoi-kultury-filosofsko-antropologicheskii>.

9. Достигнутые результаты в процессе реализации стратегических государственных программ с 2004 года по настоящее время, позволяют сделать выводы о том, что:

10. Национальный проект «Культурное наследие» («Мәдени мұра») 2004-2009 гг. актуализировал в казахстанском обществе вопросы сохранения национальной идентичности и историко-культурного наследия;

11. Национальный проект «Народ в потоке истории» («Халық тарих толқынында») 2013-2016 гг. акцентировал внимание казахстанского общества на развитие культурного суверенитета в целях поддержки традиции преемственности в вопросах развития культурно-исторической самоидентификации;

13. Национальный проект «Духовное возрождение» («Рухани жаңғыру») 2017-2020 гг. способствовал модернизации общественного сознания путем развития личных качеств конкретного гражданина в соединении с историческими, социальными и культурными факторами государственности.

14. <https://history.snauka.ru/2014/04/961>

# ПРИМЕНЕНИЕ 10 ТРЕНДОВ ОБРАЗОВАНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ

**Аубакирова Роза Мухамедсадыковна**  
Колледжа городского хозяйства «Астана Профи»

Раньше безусловным ориентиром образования было формирование знаний, навыков, умений, обеспечивающих готовность к жизни, понимаемую как способность адаптации личности в обществе. Теперь образование все больше ориентируется на создание таких технологий и способов влияния на личность, в которых обеспечивается баланс между социальными и индивидуальными потребностями и которые, запуская механизм саморазвития, подготавливают личность к реализации собственной индивидуальности и изменениям общества. Изменение роли образования в обществе обусловило большую часть инновационных процессов.

Развитие технологий, глобализация и массовая цифровизация, а также события последних нескольких лет, таких, как пандемия коронавируса, сильно повлияли на современное общество, а вместе с ним и на систему образования. Сегодня мы рассмотрим применение 10 трендов в профессиональном образовании. Предлагаю Вашему вниманию 10 трендов образования.

## Непрерывное обучение (Lifelong Learning)

Информация в современном мире обновляется с огромной скоростью - то, о чем все говорят сегодня, завтра уже может быть не актуально. Появляются новые технологии, растёт спрос на профессии, о которых еще совсем недавно никто не знал.

Печально осознавать этот факт, но все чаще случается так, что не успели вы окончить университет, а ваши знания уже устарели. Единственный выход поддерживать нужный уровень компетенции и быть в курсе происходящего в мире - непрерывно обучаться.

## Тотальная цифровизация

От года в год по всему миру наблюдается стабильный рост интернет-пользователей. Во многом по этой причине тренд на цифровизацию образования останется с нами надолго. Переход на дистанционное обучение, создание цифровой среды для учеников только поддерживает его. Университетам, к примеру, гораздо проще запустить курсы в интернете, чем принять на очное обучение всех желающих.

## Массовые открытые онлайн-курсы (MOOC)

Тренд, который вытекает из двух предыдущих. Суть в создании образовательных площадок, на которых доступны курсы даже самых престижных университетов мира. Такие массовые открытые онлайн-курсы эффективно выполняют две задачи:

- Предоставляют доступ к актуальным знаниям как можно большему количеству человек.
- Делают процесс получения знаний открытым и интерактивным.

## Геймификация

Игра становится необходимым элементом современного образования. Появился даже особый термин Edutainment, который объединяет в себе понятие «обучение» и «развлечение». На практике геймификация учебного процесса вовлекает школьников и студентов в обучение, помогает развить креативное мышление и гибкие навыки, которые так важны в современном мире.

## Технологии VR и AR

Совместно с геймификацией в образовании применяются технологии виртуальной и дополненной реальности. Это помогает расширить границы восприятия, сделать процесс образования более объемным и увлекательным, максимально сблизить теорию и практику. VR и AR технологии позволяют по-новому взглянуть на процесс образования. При этом их эффективность подтверждается различными экспериментами.

## Активная проектная работа

Реальная жизнь и работодатели ждут от вчерашних выпускников не теоретических знаний, а практических навыков. По этой причине возрастает роль самостоятельной работы учащихся. На первый план выходит решение сложных задач, участие в мозговых штурмах, подготовка кейсов. Теперь студенты могут сами найти любую информацию и изучить ее. Преподаватели все меньше времени тратят на объяснение материала, и все больше на организацию групповой работы.

## Agile и Scrum-технологии

Это новые подходы к методикам организации учебного процесса. Они позволяют разбить его на короткие отрезки, усилить командную работу над проектами и постоянно отслеживать результат обучения. Студентов эти технологии учат ответственно относиться к каждому этапу работы и поддерживать высокую мотивацию. Agile и Scrum - основные методики работы в IT-компаниях, а значит, студенты получают полезные навыки, которые точно пригодятся для быстрого профессионального роста.

## Адаптивное обучение

Тренд, который набирает все большую популярность и основывается на том, что образование должно подстраиваться под нужды каждого ученика. С развитием искусственного интеллекта появилась возможность создавать максимально индивидуальный путь обучения, который учитывает когнитивные особенности каждого ученика. Правда, такие программы не подходят для гуманитарных знаний и тех областей, которые подвергаются постоянным изменениям. Но это вопрос времени.

## Интегральный подход

Предполагает междисциплинарное обучение. Рассмотрим на конкретном примере. В классической медицине болезнь - это физический недуг, который нужно лечить лекарствами или оперативным путем. Специалист, который использует интегральный подход, рассматривает болезнь не только с точки

зрения физического тела, но и учитывает психологическое состояние человека, его отношения с близким и т.д. Междисциплинарные навыки позволяют изучать предмет с разных сторон, что может пригодиться, чтобы стать востребованным специалистом.

#### Изменение роли преподавателя и чат-боты

Преподаватель перестает быть единственным источником знаний. Теперь он создает и курирует образовательный процесс. На его плечи ложатся такие важные задачи:

- вовлекать студентов в обучение,
- поддерживать мотивацию,
- придумывать и режиссировать интерактивные проекты,
- учить мыслить и критически воспринимать информацию.

Проверка знаний пока еще остаётся задачей преподавателя, но уже сейчас есть сервисы по разработке чат-ботов. Они могут автоматизировать процесс и облегчить труд преподавателей.

#### Непрерывное обучение (Lifelong Learning)

Информация в современном мире обновляется с огромной скоростью - то, о чем все говорят сегодня, завтра уже может быть не актуально. Появляются новые технологии, растёт спрос на профессии, о которых еще совсем недавно никто не знал.

Печально осознавать этот факт, но все чаще случается так, что не успели вы окончить университет, а ваши знания уже устарели. Единственный выход поддерживать нужный уровень компетенции и быть в курсе происходящего в мире - непрерывно обучаться.

#### Тотальная цифровизация

От года в год по всему миру наблюдается стабильный рост интернет-пользователей. Во многом по этой причине тренд на цифровизацию образования останется с нами надолго. Переход на дистанционное обучение, создание цифровой среды для учеников только поддерживает его. Университетам, к примеру, гораздо проще запустить курсы в интернете, чем принять на очное обучение всех желающих.

#### Массовые открытые онлайн-курсы (MOOC)

Тренд, который вытекает из двух предыдущих. Суть в создании образовательных площадок, на которых доступны курсы даже самых престижных университетов мира. Такие массовые открытые онлайн-курсы эффективно выполняют две задачи:

- Предоставляют доступ к актуальным знаниям как можно большему количеству человек.
- Делают процесс получения знаний открытым и интерактивным.

#### Геймификация

Игра становится необходимым элементом современного образования. Появился даже особый термин Edutainment, который объединяет в себе понятие «обучение» и «развлечение». На практике геймификация учебного процесса увлекает школьников и студентов

в обучение, помогает развить креативное мышление и гибкие навыки, которые так важны в современном мире.

#### Технологии VR и AR

Совместно с геймификацией в образовании применяются технологии виртуальной и дополненной реальности. Это помогает расширить границы восприятия, сделать процесс образования более объемным и увлекательным, максимально сблизить теорию и практику. VR и AR технологии позволяют по-новому взглянуть на процесс образования. При этом их эффективность подтверждается различными экспериментами.

#### Активная проектная работа

Реальная жизнь и работодатели ждут от вчерашних выпускников не теоретических знаний, а практических навыков. По этой причине возрастает роль самостоятельной работы учащихся. На первый план выходит решение сложных задач, участие в мозговых штурмах, подготовка кейсов. Теперь студенты могут сами найти любую информацию и изучить ее. Преподаватели все меньше времени тратят на объяснение материала, и все больше на организацию групповой работы.

#### Agile и Scrum-технологии

Это новые подходы к методикам организации учебного процесса. Они позволяют разбить его на короткие отрезки, усилить командную работу над проектами и постоянно отслеживать результат обучения. Студентов эти технологии учат ответственно относиться к каждому этапу работы и поддерживать высокую мотивацию. Agile и Scrum - основные методики работы в IT-компаниях, а значит, студенты получают полезные навыки, которые точно пригодятся для быстрого профессионального роста.

#### Адаптивное обучение

Тренд, который набирает все большую популярность и основывается на том, что образование должно подстраиваться под нужды каждого ученика. С развитием искусственного интеллекта появилась возможность создавать максимально индивидуальный путь обучения, который учитывает когнитивные особенности каждого ученика. Правда, такие программы не подходят для гуманитарных знаний и тех областей, которые подвергаются постоянным изменениям. Но это вопрос времени.

#### Интегральный подход

Предполагает междисциплинарное обучение. Рассмотрим на конкретном примере. В классической медицине болезнь - это физический недуг, который нужно лечить лекарствами или оперативным путем. Специалист, который использует интегральный подход, рассматривает болезнь не только с точки зрения физического тела, но и учитывает психологическое состояние человека, его отношения с близким и т.д. Междисциплинарные навыки позволяют изучать предмет с разных сторон, что может пригодиться, чтобы стать востребованным специалистом.

#### Изменение роли преподавателя и чат-боты

Преподаватель перестает быть единственным источником знаний. Теперь он создает и курирует образовательный процесс. На его плечи ложатся такие важные задачи:

- вовлекать студентов в обучение,
- поддерживать мотивацию,
- придумывать и режиссировать интерактивные проекты,
- учить мыслить и критически воспринимать информацию.

Проверка знаний пока еще остаётся задачей преподавателя, но уже сейчас есть сервисы по разработке чат-ботов. Они могут автоматизировать процесс и облегчить труд преподавателей.

#### Выводы

Практики и исследователи образования во всем мире продолжают осмысливать изменения, принесенные в образование пандемией. Это не только расширенное использование цифровых форматов, но и усиленное внимание к психологическому благополучию и социальному взаимодействию. Признание участников исследования получили в первую очередь тренды на стыке онлайн и офлайн-форматов: гибридное обучение, совмещение учебы и практики за счет цифровых технологий, микрообучение онлайн для прогресса в работе. Для всех этих трендов особенно актуально умение учиться самостоятельно и проектировать собственный образовательный путь из маленьких шагов. В этом отношении тренд «автономное обучение» можно назвать ключевым для 2023 года.

Исследование также подчеркивает актуальность сетевых технологий и сотрудничества в обучении.

#### Список литературы

1. Буянова Н.В., Михайлов Н.Н. Образовательные технологии в профшколе// Инновации в профессиональной школе. - М.: НИИРПО, 2008.

2. Маскин В.В., Петренко А.А., Меркулова Т.К. Алгоритм перехода образовательного учреждения к компетентностному подходу: практ. пособие. - М.: АРКТИ, 2008.

3. Г.В. Валеева Инновационные образовательные технологии преподавания дисциплины «Философия» в условиях гибридной модели обучения

4. Валеева Г.В. Опыт преподавания дисциплины «Этика образования» с применением онлайн-курса как дистанционной образовательной технологии

5. Григорьева А.Н. Использование педагогических технологий в образовательном процессе педагогического колледжа.

6. Плотникова О.В. Взаимосвязь проблемности и историзма как средство формирования общекультурных и общепрофессиональных компетенций.

7. Раевская О.Г. Опыт применения современных технологий обучения при изучении дисциплины «Автоматизированное рабочее место бухгалтера».

# МӘДЕНИ МҰРА – ХАЛЫҚТЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНАСЫ

**Жаркинбекова Сагдат Серикбаевна**

Астана қаласы әкімдігінің Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі

Әр халықтың құнды дүниесінің бірі, әрі бірегейі – оның мәдени мұрасы. Мындаған жылдардың тарихын таңбалап, өткен күннен белгі болып қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, жазбалар, кешегі күн – бүгінгі тарихтан қандай да бір сыр шертетін деректер – баға жетпес асыл қазынамыз.

Бұл ретте мәдени мұраға тек материалдық дүниелерді жатқызғанымыз дұрыс емес. Халықтың бейматериалдық мәдени мұрасы ұлттың негізін құрап, ұрпақтан-ұрпаққа келе жатқан рухани байланысты бекітеді. Ол ерте заманнан қалыптасып, елінің дүниетанымын жан-жақты жетілдіреді. Соның бірі – ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының мәдениеті.

Қазіргі Қазақстан ұлттық жаңғыру кезеңін бастан өткеруде, елдегі өзгерістер ұлттық мемлекеттіліктің жандануы ретінде сипатталады. Сондай-ақ, халық қолөнері, халықтық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен ұлттық спорт түрлері, титулдық ұлт діні, ұлттық білім және қазақ тілі, ән жанры мен қазақ тіліндегі верификация жандануда.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII сессиясында тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев:

«Біз барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілін одан әрі дамыту үшін бар күшімізді салуымыз керек. Сонымен бірге, елде тұратын барлық ұлт өкілдерінің еркін сөйлеуі, ана тілінде оқуы, оны дамытуы үшін қолайлы жағдайлар жасауымыз керек», - деген.

Қазақстан мәдениетін сипаттайтын көптеген түрлі ұғымдар бар және олардың әрқайсысы жеке қарастыруға лайық.

Атап айтсақ, киіз үй, дала зергерлері, пиала, қазақтардың ұлттық киімдері, бас сүйегі, сәукеле сияқты тұрмыстық заттар; музыкалық аспаптар: домбыра, қобыз; қоғамдағы мамандықтар мен лауазымдарға арналған көптеген арнайы атаулар: ақын, би, жырау, қаған, хан, батыр.

Мерекелер мен іс-шараларға арналған көптеген терминдер:

Айтыс – екі ақынның импровизацияланған сайысы, ауызша халық әні поэзиясының бір түрі.

Наурыз – Иран және түркі халықтарының астрономиялық күн күнтізбесі бойынша көктемнің келу мерекесі.

Алтыбақан – алты бағаналы әткеншек.

Шежіре — «даланың ауызша тарихнамасы» деп аталатын халықтың тарихи жадының ерекше түрі. Шежіреде ұрпақтан-ұрпаққа әкелердің есімдері жазылған.

XX ғасырда салт-дәстүрлердің саналы түрде жойылуы көзделген. Жетпіс жылдық кеңестік кезеңде Қазақстанда өткеннің қалдықтары деген адастырма көзқарас қалыптасып үлгерген.

Бүгінде тарихи дәстүр мен экономикалық мүмкіндіктер сыртқы саяси міндеттерді әзірлеуге негіз болды және сол жерде маңызды рөл атқарады. Бұл



мәселе бірінші кезектегі міндет ретінде қойылды және Қазақстанның сыртқы саяси тұжырымдамасында көрініс тапты.

Дәл осы салт-дәстүр Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету ұранының құрамдас бөліктерінің бірі болып шықты (төрт «Т» - «trust» (сенім), «tradition» (дәстүр), «transparency» (ашықтық) және «tolerance» (толеранттылық)). Ұлттық бірлік доктринасы да дәл осы 4Т принципіне негізделген.

Халықтың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі – ежелден келе жатқан ұлттық спорт түрлері: Бәйге, Қыз қуу, Көкпар, Теңге алу, Қазақша күрес, Тоғыз құмалақ, Асық ату, т.б.

2003 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра комитетінің 27-ші сессиясында Қазақстан аумағындағы алғашқы объект тізімге енгізілді.

2017 жылы бұл тізімде Қазақстан Республикасына тиесілі 6 атау болды. 3 объект мәдени критерийлер бойынша тізімге енгізілген, олардың бірі адам данышпанының шедеврi болып танылған (I критерий) және 3 объект табиғи критерийлер бойынша енгізілген.

Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері – Қазақстандағы және Орта Азиядағы Әлемдік мұра тізіміне бірінші болып енген табиғи нысан. Бұл шешім 2008 жылдың 7 шілдесінде Квебекте (Канада) өткен Әлемдік Мұра Комитетінің 32-сессиясында қабылданған болатын.

2016 жылдың 2 желтоқсанында қазақтың ұлттық күресі UNESCO-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Бұл шешімді Эфиопияда Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитет қабылдаған.

2014 жылдың 27 қарашасында UNESCO-ның ресми сайты Адамзаттың материалдық емес мұрасының репрезентативтік тізіміне қазақтың дәстүрлі домбырамен орындалатын күйлерін орындау өнері енді.

Материалдық емес мәдени мұраны (MEMM) қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет аталған қазақстандық ұсыныстарды өзінің 2018 жылғы 26 қараша мен 1 желтоқсан аралығында Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луи қаласында өткен 13-сессиясы аясында мақұлдап, қазақ атбегілерінің көктемгі жоралғылары Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізілді.

2016 жылдың желтоқсанында UNESCO-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтардың көрнекілік тізіміне жаңа элемент енді, ол – Қазақстанға тән саятшылық.

2015 жылдың желтоқсанында UNESCO айтысты адамзаттың мәдени мұрасы қатарына қосты. Мұндай шешім Материалдық емес мәдени мұраны сақтау комитетінің Намибияда өткен оныншы сессиясында қабылданды.

2014 жылдың қарашасында UNESCO қазақтың күйі мен киіз үйін адамзаттың мәдени мұрасы қатарына қосты.

2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді.

Алматы қаласынан солтүстік-батысына қарай 170 шақырымда, Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Таңбалы

археологиялық петроглифтері (Таңбалы шатқалы) UNESCO Әлемдік мұралар тізіміне 2004 жылы енген. Бұл кешен Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі.

Бұдан басқа, 2023 жылғы жағдай бойынша Қазақстан аумағындағы 13 нысан Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізуге үміткерлер қатарында.

Ғасырлар арасын жалғастырып, алтын көпірге айналған мұраларымыз аз емес, жетерлік. Кешегі мен бүгінді, бүгін мен болашақты сабақтастырған бұл қазынаның орны қашан да ерекше екені де баршаға аян. Әр мәдениет көрінісінің жарқын келбеті болған мұраларымызды келер ұрпаққа аманаттау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Культура Казахстана: традиции, реальность, поиски. Алма-Ата, 1996. с. 45.
2. Шалабаева Г. Казахстан: эволюция культурной политики. Алматы: АГУ им. Абая, 2002. С. 48-49.
3. Умарова Г. Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Алматы, 2005. С. 56.
4. Нурланова К.Ш. Человек и мир. Казахская национальная идея. Алматы, 1994. С. 148.

# ПРИМЕНЕНИЕ КЕЙС – МЕТОДА НА ЗАНЯТИЯХ ОБЩЕТЕХНИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

**Грошева Евгения Юрьевна**

Высший колледж «ASTANA POLYTECHNIC»

преподаватель общетехнических дисциплин

Среди современных технологий и методов обучения в последнее время особое место в профессиональном образовании занимает обучение *кейс–методом*. Он ориентирован на самостоятельную индивидуальную и групповую деятельность студентов, в которых студентами приобретаются коммуникативные умения. При решении общей проблемы на занятиях общетехнических дисциплин полезным оказывается технологическое сотрудничество, которое позволяют всем студентам полностью осмыслить и усвоить учебный материал, дополнительную информацию, а главное, – научиться работать совместно и самостоятельно.

*Цели кейс – метода заключаются в:*

- активизации студентов, что, в свою очередь, повышает эффективность профессионального обучения;
- повышении мотивации к учебному процессу;
- овладении навыками анализа ситуаций и нахождение оптимального количества ситуаций;
- отработке умений работы с информацией, в том числе умения затребовать дополнительную информацию, необходимую для уточнения ситуации;
- моделировании решений данных ситуаций и в соответствии с заданием, представлении различных подходов к разработке планов действий, ориентированных на конечный результат;
- принятии правильного решения на основе группового анализа ситуации;
- приобретении навыков четкого и точного изложения собственной точки зрения в устной и письменной форме, убедительно отстаивать и защищать свою точку зрения;
- выработке навыков критического оценивания различных точек зрения, осуществлении самоанализа, самоконтроля и самооценки.

Учебным планом дисциплины «Техническая механика» на самостоятельную работу студентам отводится определенное количество часов. Студенты изучают дисциплину «Техническая механика» на втором курсе. И, к сожалению, большинство из них не может правильно организовать свою самостоятельную деятельность. Студенты не владеют методами принятия решений. Имея небольшой запас знаний и навыков расчета, они могут только решать задачи по образцу и не могут анализировать результаты своих расчетов.

Стандартные расчетные задания по технической механике, как правило, подобраны так, что имеют одно решение и один правильный путь, приводящий к этому решению. Задания в рамках кейс-технологии должны иметь несколько решений и несколько путей, приводящих к новым результатам. Студенты, имея даже небольшой запас знаний по теме, должны научиться применять формулы и

методики расчета в различных ситуациях, приближенных к их дальнейшей профессиональной деятельности. Таким образом, студенты учатся анализировать информацию, приобретают навыки критического мышления, применяют теоретические знания на практике. Преподаватель при разработке задания с использованием кейс-технологии должен проанализировать информацию по изучаемой теме, подобрать задания, связанные с будущей профессиональной деятельностью студентов, продумать различные пути решения, оценить их.

Тема «Расчет балки на изгиб», согласно рабочей программе дисциплины «Техническая механика», позволяет представить основные методики расчета на прочность и жесткость. При изучении темы преподаватель на лекциях и практических занятиях рассматривает типовые проектные задачи, задачи на определение грузоподъемности, задачи проверочного типа. Занятие с элементами кейс-технологии проводится для закрепления алгоритма расчета и для применения его в нетиповой ситуации. Занятие рассчитано на 90 минут. Студенты работают в группах по три-четыре человека. Они имеют возможность обмениваться информацией. Каждой рабочей группе выдано своё задание. У каждой подгруппы разные расчетные схемы. На расчетной схеме представлена балка, которая закреплена с помощью шарнирно-подвижной опоры, шарнирно-неподвижной и жесткой заделки, необходимо выполнить расчет на прочность, с разным вариантом сечения балки. Студентам предлагается рассмотреть несколько вариантов проектирования. Первый вариант – задан вид сечение, допускаемое напряжение и необходимо проверить прочность балка. Второй вариант – заданы размеры поперечного сечение, допускаемое напряжение и необходимо определить момент сопротивления. Третий вариант – задано допускаемое напряжение, момент сопротивления балки и необходимо определить сечение балка – стандартное сечение (швеллер, двутавр), диаметр или поперечные размеры балки. Каждое решение идет поэтапно.

Работа в подгруппе начинается с распределения вариантов. Студенты выполняют и проверяют расчеты совместно. Анализируя результаты, могут быть получены разные решения. Вывод может быть представлен в нескольких вариантах: насколько больше, во сколько раз больше, выигрыш в нагрузке в процентном отношении. В нашем случае применение кейс-метода выступает как разновидность проектной технологии. Позитивную мотивацию у студентов вызывает активная деятельность всех членов подгруппы, возможность коммуникации внутри подгруппы. Работа с кейс-технологией позволяет студентам отработать элементы реальной рабочей ситуации. Но применение задач с элементами кейс-технологии возможно только после изучения студентами основного материала по теме. Для этого необходимо сначала в традиционной форме представить информацию на лекции и практических занятиях. Рассматривать конкретные ситуации можно для закрепления навыков расчета.

Преподаватель планирует занятие, готовит варианты проектирования, прописывает основные этапы работы над заданием. В процессе работы консультирует подгруппы, контролирует процесс выполнения работы, помогает выстроить логическую схему решения проблемы, оценивает деятельность

каждого участника подгруппы. Преподавателю необходимо подбирать задания так, чтобы оно было по силам студентам с разным уровнем подготовленности к самостоятельной работе. Кроме того, преподаватель должен эмоционально поддерживать студентов в течение всего процесса обучения, разрешать и не допускать конфликты, создавать обстановку сотрудничества и конкуренции одновременно. Задание, предложенное студентам, необходимо для обучения анализу, оценке и принятию решения в конкретной ситуации. Включая в учебный процесс элементы кейс-технологий, можно сделать учебную деятельность интересной, творческой, вовлечь студентов в активную работу, дать почувствовать радость от анализа своих результатов расчета, увидеть практическую значимость теоретических знаний. Для успешного проведения занятия преподавателю, кроме подготовки методического обеспечения, необходимо поддерживать деловой настрой в аудитории, иметь критерии четкой оценки вклада каждого студента в работе над ситуацией.

Поскольку способности студентов различны, важно проводить дифференцированное обучение. Предположим, вся группа выполняет одно задание. Способные студенты быстро, эффективно, целеустремленно и более полно планируют свою работу. Менее способные - острее нуждаются в помощи преподавателя во время выполнения задания.

Итак, благодаря использованию кейс - метода в дисциплине «Техническая механика»:

- ✓ повышается вероятность творческого развития студентов;
- ✓ естественным образом происходит соединение теории и практики, что делает теорию более интересной и более реальной;
- ✓ развивается активность студентов, которая приводит их к большей самостоятельности;
- ✓ укрепляется чувство социальной ответственности, а кроме всего прочего, студенты на занятиях испытывают истинную радость.

### **Список литературы**

1. [https://ds47arz.nnov.prosadiki.ru/media/2018/07/26/1226217294/7\\_Mezhdunarodnaya\\_nauchnaya\\_konferenciya\\_2016.pdf](https://ds47arz.nnov.prosadiki.ru/media/2018/07/26/1226217294/7_Mezhdunarodnaya_nauchnaya_konferenciya_2016.pdf);
2. Андюсев Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей М., 2010. - С. 61.
3. Безбородова Ю. Кейс-метод. М., 2008 - С. 163-165.

# ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗНОУРОВНЕГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА

**Шаймерденова Анар Толегеновна**

ГКП на ПХВ «Колледж сервиса и туризма» акимата города Астана

Современные студенты ждут новых форм знакомств с материалом, где могла бы проявиться их самостоятельность и деятельностный характер мышления. Эпизодическое использование творческих заданий не принесет желаемого результата. Познавательные задания включают всю систему познавательных действий, начиная от действий, связанных с восприятием, запоминанием, осмыслением и кончая операциями творческого мышления.

Разноуровневое обучение — это педагогическая технология организации учебного процесса, в которой предполагается разный уровень усвоения учебного материала, то есть глубина и сложность одного и того же учебного материала различна в группах разного уровня А, Б, С, что дает возможность каждому ученику овладеть учебным материалом.

На примере предмета «Композиция городского парка» все задания разделены на три группы, соответствующие трем уровням сложности.

## Распределение заданий по уровням сложности.

Базовые знания	Приобретение навыков	Индивидуальное задания по уровням.
Роль парков в планировочной и объёмной композиции города, в его функциональном зонировании. Значение парка в черте города, гигиеническую роль растительности при подборе ассортимента пород.	Производить формирование паркового пейзажа.	(оценка «3-4») Анализ существующих парков и скверов.
	Определять гигиеническую роль растительности, размещать архитектурные объекты и формировать парковое хозяйство в системе города	(оценка «4») Анализ и планирование существующих парков и скверов.
	Анализировать местность с помощью геоинформационных систем	(оценка «5») Анализ и планирование парков и скверов.

Уровневый подход имеет следующие положительные моменты:

- При составлении заданий преподаватель может четко определить, до какого уровня сложности должно быть доведено усвоение учебного материала, при этом учитываются возрастные особенности студентов.
- Предложение выбора задания способствует созданию для студента ситуации успеха.
- В ходе проверки раскрываются возможности и способности каждого студента, что создает условия для перехода на более высокий уровень усвоения знаний.

- Анализ работ позволяет учителю сделать вывод не только об уровне, но и динамике усвоения знаний и личностном развитии отдельных студентов.
- Применение уровневых заданий позволяет существенно повысить качество знаний.

### **Список литературы**

1. Трухин А.В. Анализ существующих в РФ тренажерно-обучающих систем // Открытое и дистанционное образование 2008. № 1 (29). С. 32-39.
2. Дудырев Ф.Ф., Максименкова О.В. Симуляторы и тренажеры в профессиональном образовании: педагогические и технологические аспекты // Вопросы образования. 2020. № 3. С. 255-276.

# **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЧАТ-БОТТАРДЫҢ РӨЛІ МЕН БОЛАШАҒЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОҚУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ THE ROLE AND FUTURE OF CHAT-BOTS IN EDUCATION: ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND NEW LEARNING OPPORTUNITIES**

**Рашид Әбдіхамит Болатұлы**

Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі

Жасанды интеллект (ЖИ) - бұл жинаған ақпаратты біртіндеп қабылдап, тапсырмаларды орындауға арналған адамның мінез-құлқына еліктей алатын жүйе немесе машина. ЖИ-дің көптеген түрі бар соның ішінде:

- чат-боттар тұтынушылардың сұрауларын жылдам талдау және тиісті жауаптарды беру үшін ЖИ пайдаланады;
- «ақылды көмекшілер» үлкен деректер жиынынан ақпаратты еркін түрде алу және жоспарлауды оңтайландыру үшін ЖИ пайдаланады;

ЖИ формат немесе функция емес, бұл деректерді ойлау және талдау процесі. «Жасанды интеллект» сөзінде көпшілік әлемді жаулап алуға ұмтылатын интеллектуалды гуманоид роботтарды елестетеді. Дегенмен, ЖИ адамдарды алмастыруға арналмаған. Оның мақсаты – адамның дағдылары мен мүмкіндіктерін кеңейту.

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру үдерісіне енгізу 1970 жылдардан басталады, бұл кезде зерттеушілер компьютерлер ең тиімді және сонымен бірге көптеген адамдар үшін қол жетімді оқытуды қалай қамтамасыз ете алады деген идеяға таң қалды (Bloom, 1984). Алғашқы әрекеттер әрбір білім алушы үшін автоматты түрде бейімделу немесе оқытуды жекелендіру ережелеріне негізделген ЖИ әдістерін пайдаланды (Carbonell, 1970; Self, 1974). Содан бері білім беруде ЖИ технологияларын қолданудың дамуы бірнеше бағытта жүрді мысалы, оқушыға бағытталған ЖИ (яғни, оқыту мен бағалауды қолдауға арналған құралдар), мұғалімге бағытталған ЖИ (оқытуды қолдау үшін) және жүйелік орталықтандырылған бағытта ЖИ (білім беру мекемелерін басқаруды қолдау үшін). - (Baker et al., 2019). Білім беруде ЖИ технологияларын енгізу педагогиканың, ұйымдық құрылымдардың, қолжетімділіктің, этиканың, әділдіктің және тұрақтылықтың көптеген мәселелеріне де жарық түсіреді, өйткені белгілі бір процесті автоматтандыру үшін оны жақсы түсіну керек. ЖИ технологиялары соңғы уақытта білім беру қызметтерінде жиі қолданылап жатыр [1].

Білім беру чат-боттары. Чат-бот – бұл бұлттық қызметтер мен адамдардың әңгімесін имитациялау арқылы ЖИ-дің әдістерін пайдаланатын, онлайн компьютерлік бағдарламалар. Чат-бот – пайдаланушылар мәтін арқылы өзара әрекеттесетін жасанды интеллект жүйелері.

Соңғы жылдары біз чат-боттарды тәжірибеде пайдалануды айтарлықтай қарқынды өскенін байқадық. Оларды кез-келген салада табуға болады, онлайн туристік брондау порталдарынан бастап мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік платформаларға дейін дерлік. Бұл үрдістің таралуының бірнеше себептері бар.



Біріншіден, NPL (табиғи тілді өңдеу) саласында чатботпен қарым-қатынасты табиғи етуге көмектесетін көптеген зерттеулер бар. Бағдарламалаудың технологиялық аспектілері барған сайын қолжетімді бола түсуде: жақын арада тіпті даму принциптерімен таныс емес адамдар да қарапайым, бірақ пайдалы чат-боттарды жасай алатын дәрежеде.

Боттардың танымал болуының тағы бір себебі - бағдарламалық пакеттердің «қызметтерін» ауыстырған қолданбаларды пайдаланудың түпкілікті қалыптасқан тәжірибесі. Пайдаланушының мінез-құлқы стратегиясының логикалық жалғасы басқасын жүктеп алудың орнына адамдар негізгі қолданбаны өңдеуден барынша пайда алуға ұмтылатын тәсіл болды (көбінесе бұл мессенджер) [2].

Бірнеше жыл бұрын Билл Гейтс The Verge басылымына берген сұхбатында чат-боттардың білім берудегі зор әлеуетіне тоқталды. Оның айтуынша, Chatbots-ті репетитор ретінде пайдалану арқылы ең күрделі және арнайы пәндерді де оқытуға болады. Гейтс үшін жаңа дағдыларды үйренудің кілті тиісті салада құзыретті адамдардан кері байланыс пен қолдаудың болуы болып табылады.

Қолданушы (адам) жазады немесе сұрақ қояды, ал чат-бот жауап береді, ақпаратты ұсынады немесе қарапайым жаттығуларды орындайды. Чат-боттың екі деңгейі бар. Чат-боттардың көпшілігі ережелерді және алдын ала бағдарламаланған жауап сценарийлерінен таңдауға болатын кілт сөздер қолданады, ал виртуалды көмекші чат-боттары («Siri», «Alexa», «DuerOS» және «XiaoYu») табиғи тілді өңдеуді және бірегей жауаптарды жасау үшін машиналық оқытуды пайдаланады. Чат-боттар көбісі білім беру саласының қосымшаларында көбірек қолданылады. Олардың қатарында білім алушының білімін немесе деңгейін білу (мысалы, «Сіз қандай компьютерлік курстарды оқып аяқтадыңыз?»); тәулік бойы ақпаратпен қамтамасыз ету (мысалы, «Мен жаттығуды қашан аяқтауым керек Білім беру чат-боттарына «Ada» және «DeakinGenie» кіреді.

Машиналық оқыту – бұл компьютерлік жүйелердің шаблондар мен логикалық тұжырымдарға сүйене отырып, нақты нұсқауларсыз тапсырмаларды орындау үшін қолданатын алгоритмдер мен статистикалық модельдерді әзірлеу туралы ғылым. Компьютерлік жүйелер статистикалық деректердің үлкен көлемін өңдеу және деректер үлгілерін анықтау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланады. Осылайша, жүйелер берілген кірістер жиынтығы негізінде нәтижелерді дәлірек болжай алады. Мысалы, деректер мамандары миллиондаған сканерлеуді және тиісті диагноздарды сақтай отырып, рентгендік кескіндер арқылы қатерлі ісік диагнозын қою үшін медициналық қолданбаны үйрете алады.

2017 жылдың соңында ЕО-да «Цифрлық мүмкіндік» бағдарламасы іске қосылды, оның аясында білім беру субъектілерін киберқауіпсіздік, деректерді талдау, бағдарламалау және ЖИ сияқты салалардағы дағдылар мен құзыреттерге оқыту мақсаты қойылды.

Білім беру кеңістігіне ЖИ технологияларын енгізудің сәтті мысалы ретінде сарапшылар 2019 жылы Фландрия (Бельгия провинциясы) үкіметімен келісімге қол қойған британдық Century Tech компаниясының дамуын келтіреді. Century жүйесі - бұл оқушылардың білімі мен қызығушылықтарын бағалауға арналған

тесттерден тұратын компьютерлік бағдарлама, оның нәтижелері мұғалімдерге қолжетімді және оқу процесін айтарлықтай оңтайландырады. Netology Online университетінің бағдарламалау бөлімінің басшысы А.Полехиннің айтуынша, 2018 жылдан бері мұндай жобалар Австралияда, Қытайда, тіпті Беларусьте де жүзеге асырылуда. Оның пікірінше, Ресейде ЖИ білім беру технологияларын қолданудың көптеген мысалдары бар, бірақ осы негізде білім беру процестерін тиімді дамыту үшін отандық білім беру және ғылыми мекемелерді толықтай компьютерлендіру қажет [3].

Оқу бағдарламаларын меңгерудің цифрлық форматы білім берудің барлық деңгейінде өзінің кеңеюін жалғастыруда. Онлайн курстар бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдарға оқуды қол жетімді еткенімен, зерттеулер курсқа тіркелгендердің шамамен 7% ғана оларды іс жүзінде аяқтайтынын көрсетті. Жаһандық цифрландыруға және автономия тенденцияларының артуына қарамастан, МООС «веб-аудиториясындағы» пайдаланушылар қолдау мен кері байланыстың жоқтығынан қолайсыздықтар сезіледі. Чатботтар оқу көмекшілері ретінде жұмыс істей отырып, бұл қашықтықты жоюға көмектеседі.

E-Learning сегментінде бар онлайн-қызметтердің көптігімен чат-боттар перспективалы құрал болып көрінеді, өйткені олар әр білім алушының деңгейіне және материалды игерудің таңдалған қарқынына сәйкес жеке-жеке сүйемелдей алады, бұл оқуды кез-келген адамға қолжетімді етеді. Дәстүрлі репетиторлықпен салыстырғанда чат-боттар айтарлықтай ресурстық шығындарды қажет етпейді және бүкіл әлем бойынша миллиондаған студенттерге көмектесе алады [4].

Білім беруді ақпараттандыру үшін ЖИ қолдануда екі үлкен мәселе бар, олар: біртұтас өзара әрекеттесу ортасын құру мәселесі және талданатын үлкен деректердегі бөлу мәселесі. Сонымен қатар, қарапайым мектеп мұндай жүйелерді экономикалық тұрғыдан енгізуді қамтамасыз ете алмайды, өйткені сатып алудан басқа, олар тұрақты қымбат техникалық қызмет көрсетуді және сыртқы құралдарды (мысалы, деректер орталықтары) пайдалануды талап етеді. Заң тұрғысынан да қиындықтар бар – провайдерлердің қызметтерді көрсетуі және кәметке толмағандар туралы деректерді үшінші тұлғалардың сақтауы және өңдеуінде.

Білім берудегі жасанды интеллект жоғарыда айтылғандай, көптеген елдерде білім беру процесін сүйемелдейтін цифрлық технология ретінде жүзеге асырылуда. АҚШ-та AI элементтері бар инженерлік жарыстар кең таралған (еуропалық елдерден айырмашылығы, қатысушылар саны бойынша шамамен Ресеймен бірдей) және информатика мұғалімдері қауымдастығының жарыстарға қатысу және ұйымдастырудағы позициясы белсенді. Мысалы, Америкада ЖИ-ді информатика тақырыбы ретінде зерттеу бұрын қарастырылмаған және алғаш рет тек соңғы K-12 информатика стандартында пайда бола бастады.

Жақын арада чат-боттар жаңа білім саласының бірі бөлігі мүмкін. Мысал ретінде, алғашқылардың бірі болып пайдаланған танымал Duolingo қосымшасын келтіру жеткілікті. Duolingo үшін білім алушылар өздерінің сөздік қорын жаттықтыру және грамматикалық конструкциялардың дұрыстығын тексеру үшін шет тілінде «жанды» әңгімелесу үшін бірнеше кейіпкерлер әзірленді. Тіл

үйренудің дәстүрлі бағдарламалық құралымен салыстырғанда чат-боттар әлдеқайда икемді және бейімделгіш құрал болып табылады. Олар нақты сөйлесулердегі сияқты, пайдаланушы берген жауапқа байланысты әртүрлі әрекет етеді. Ақыр соңында, сұрақтарға жауап берудің әртүрлі тәсілдері бар, егер студент әңгімені жалғастырмаса, боттар тіпті «алғашқы қадамды жасайды» Машиналық оқыту мүмкіндігі Chatbot-ті білім саласындағы осындай перспективалы технологияға айналдырады. Белсенді пайдалану арқылы олардың білім базасы тек өседі, ал боттардың өзі бірнеше жылдан кейін студенттермен бірге әлеуетті түрде оқи алады. Жазылымға негізделген бизнес үлгілері танымал және сұранысқа ие болғандықтан, білімнің жаңа саласын игергісі келетін адамдар чат-боттар қолдайтын білім беру ақпаратының ғаламдық кітапханасына кіру үшін жазылымдарды сатып алатын әлемді елестету қиын емес. Оның ішінде жүздеген түрлі дереккөздер, соның ішінде университет ресурстары [5].

Қорытындылай келе ЖИ дамудың бастапқы кезеңінде және әлі де маңызды адам қолдауын қажет етеді. Дегенмен, оларды білім берудің барлық деңгейлерінде пайдалану перспективалары шексіз. Қазіргі білім алушы үшін хабар алмасу қазірдің өзінде әлеуметтік желілерде үстемдік етуде.

### Әдебиеттер тізімі

1. Искусственный интеллект в современной информационной образовательной среде // Актуальные проблемы методики обучения информатике и математике в современной школе : материалы международной научно-практической интернет-конференции / под ред. Л.Л. Босовой, Д.И. Павлова. – Москва : Московский педагогический университет, 2019. – С. 660–665. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=41517683>
2. Разработка чат-ботов и разговорных интерфейсов / Джанарсанам Срини. – 2019.
3. Искусственный интеллект в образовании: Перспективы и проблемы для преподавания и обучения / Б. Майя, Х. Уэйн, Ф. Чарльз. – 2022.
4. Rudolf Urbanek, generální ředitel společnosti Microsoft v České republice a na Slovensku. pět rolí umělé inteligence ve vzdělávání budoucnosti [Электронный 38 ДОЛГАЯ О.И. ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ОБУЧЕНИЕ В ШКОЛЕ: ОТВЕТ НА СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ доступ: <https://umelaintelligence. Forbes .cz/AI-a-vzdelavani>;
5. Искусственный интеллект DeepMind // Какие опасности нейросетей мы недооцениваем? // Искусственный интеллект DeepMind учится предсказывать будущее, основываясь на прошлом / А. Богданов , А. Сутягин, В. Кузнецов. – 2021.

## **АРНАЙЫ ПӘНДЕРДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

**Жилкайдарова Гульнур Беибитбековна**

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі

Бүкіл әлемдегі елдермен терезесі тең, керегесі кең болу үшін артымыздан ерген келешек ұрпағымыз білімді болу керек. Білімнің сапалы берілуі – ұстаздың біліміне, тәжірибесіне, ізденісіне, оқытудағы жаңа технологияларды сабақ барысында мол шеберлікпен, шығармашылықпен жеткізуіне байланысты болып тұр.

Заманауи АКТ құралдары (компьютер, интерактивті тақта, сабақ бағдарламалары, интернет және т.б.) дыбыстық эффектілер, анимациялар, фотосуреттер, жарқын иллюстрациялар сабақты қызықты әрі ашық қылып өткізуге көмектеседі. Жобалық іс-әрекет оқушының танымдық қызығушылығын дамытады, көкжиегін кеңейтеді, коммуникативті, оқу және танымдық құзіреттіліктерін қалыптастырады.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзі қоғамдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны ендіру сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикасы күшті дамыған елдердің көрсетіп отырған білім деңгейлерінен көруге болады. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын толық игеру міндеті тұр. Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыру үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру керек.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны – оқытушының білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет, мұның бірі – компьютерді қолдану.

Қоғамда болып жатқан түбегейлі қайта құрулар (өзгерістер), қазіргі заманда адамдардың ынта-ықыласын және шығармашылық әрекетін ескеріп, білімге және өмірге жаңа тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кезде адамның жаңа жағдайды бағдарлауы, түсінуі және оны өзгертуге ат салысуы басты мәселе болып отыр.

Осыған байланысты оқытудағы инновация көкейкесті мәселе болып отыр. Оқытудағы инновация қазір жаһандану үрдісімен әлеуметтік болмыс формалары және білімді кіріктірумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда теория мен практикада байқалып отырған қарама-қайшылықтарды шешіп, талдаудың қажеттілігі баршамызға мәлім, бір жағынан бүтін оқу-тәрбие үрдісі болса, екінші жағынан сол үрдістің тиімділігін арттыруда инновациялық технологияны пайдаланудың

қажеттілігінен туындап отыр. Сонымен, жаңару белгілі бір уақытта пайда болып, сол кезеңнің келелі міндеттерін озық шешіп нормаға практикаға айналады немесе ескіріп бірте-бірте дамуға кедергі жасауы да мүмкін.

Педагогикалық жаңалықтарды ашу, меңгеру, қолдану жөніндегі білім жүйесі әдіснамалық зерттеулердің инновациялық-педагогикалық жаңа объектісі болып табылады.

Инновациялық үрдіс қазіргі білім мен практиканың жалпы даму тенденциясына бағынады. Жүйелі пәнаралық байланыс, кешенді білімге сүйеніп, ізгілікке бет бұру теория мен практиканың қазіргі даму жолына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі инновациялық үрдісте белсенділік, ынта, ізденушілік мәселелері педагогтарды қызықтырып, оқытушы – зерттеуші – практик ретінде көріне бастады. Мұның өзі іргелі теориялық зерттеулерде эксперименттік – практикалық жұмыстарды жүргізуге мәжбүр етеді.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыларды қайта құрумен сипатталады.

Жалпы, инновациялық тәсілдерді қолдану, білім алушылардың білімі мен дағдыларының сапасын арттыруға ықпал етеді, ал шығармашылық тәсіл оқытушыға заманауи компьютерлік білім беру технологиялары ұсынатын бай құралдарды өз жұмысында барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Жыл сайын оқытушының қызметіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі арта түседі деп санаймын. Білім беру орталықтарында заманауи, әлемдік кеңістікте бағдарлай алатын студенттерді дайындау керек. Әрине, оқыту барысында әртүрлі техникалық құралдарға жүгіну кезінде туындайтын мәселелер пайда болады. Ең алдымен, бұл мекемеге бөлінетін қаржы жағына қатысты. Өкінішке орай, Қазақстандағы кейбір білім беру орталықтарында заманауи техникалық құралдар әлеуетін толық пайдалану қымбат болып, қуатты жабдыққа ие бола алмайды. Ең бастысы- барлығымыз болашақта шет тілдерін оқытудың формалары мен әдістеріне ғана тоқталмай, сонымен бірге білім берудегі жаңа деңгейге көтеретін инновациялық тәсілдер мен монументалды технологияларды зерттеп, үйрену.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғам аралық қатынасты да қадағалай білген жөн.

Ойын сабақ оқушылардың логикалық ой-өрісін, сана-сезімін дамытуда, олардың әр түрлі шамалар мен бірліктердің, терминдер мен заңдылықтардың, құбылыстар мен өзгерістердің атын есте сақтауға көмектеседі.

Оқыту ісіндегі жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты- пәнді жан-жақты түсіну қабілетін дамыту болып саналады. Сонымен бірге білімдерін кез-келген ортада қолдана алуы, іске жаратуы деп ойлаймын.

Сабақтың оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Оқытушы мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық.

### Әдебиеттер тізімі

1. Е.К.Хеннер, А.П.Шестаков. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения. Информатика и образование; 2004; №12; 5-6 бб.
2. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы, 2006.
3. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.-Алматы, 2014.
4. Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы. –Қызылорда:ҚМУ, 2004
5. Интернет желісі

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» ӨЛЕҢІ

Кемпирова Айгуль Алтынбековна

Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық колледж

Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған - деп, ұлы Абай айтып кеткендей жалынды жырларымен халықтың көкірегінде қалған ардақты ұлылардың бірі- Мағжан Жұмабаев өзінің өнегелі істерімен халықтың жүрегінде мәңгі сақталған. Мағжан Жұмабаев - қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі.

Қысқа ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, халық игілігі үшін қара басын қатерге тігіп, күллі адамзаттың мүддесін көздеген Мағжан Жұмабаев замана сырын ашып, болашаққа жол сілтеген ұлт ақыны. Өмір шындығын поэзия шындығына айналдырып, таланты мен көрегендігі тоғысқан Мағжан ақынның туындыларын толыққанды талдап, санамызға сіңіре алған жоқпыз. Сондықтан зерттеген сайын зерттеуді қажет етіп, терең ойға, сырлы сезімге, тұңғық әлемге батырып жіберетін ақын өлеңдерін жүрек түкпіріне қонақтату – бүгінгі ұрпақ, біздің еншімізде.

Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды. Бірақ солақай саясаттың құрбаны болды. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы Кеңес кезінде кісенде болды.

Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Осы тұрғыдан Мағжанның азаматтық үнін танытатын «Мен жастарға сенемін» өлеңі жас ұрпақтың жанына жігер, жүрегіне рух пен айбындылық, көңіліне сенім ұялатар ұлтжандылықтың ұраны дейміз. Мағжан поэзиясы енді ғасырлар бойы толассыз зерттеуге жетеді. Бұл жұмыс алаш ұлының айбынды рух атой салған «Мен жастарға сенемін» өлеңінің өзекті ойы мен қазіргі таңда елді, ел тұтқасын ұстар өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мән-маңызын зерттеп, бүгінгі күнмен үндестік тапқан ақынның азаматтық үнін зерделеуге арналды.

М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі - ұлттық рух пен патриоттық ұлтжандылықтың ұраны деп санауға болады.

Мағжанның ойы жастардың бейнесін

*Жас қырандар-балапан,*

*Жайып қанат ұмтылған.*

*Көздегіні көк аспан.*

*Мен жастарға сенемін* – деп сипаттап, бойларын енді-енді тіктеп, бойына қуат жинап қолы жетпес аспанға ұмтылғанын, сенімділігін көрсетеді. «Мен жастарға сенемін» өлеңі сол дәуірдің жастарына ұран болып, рухтандырып, күш-қуат берген. Алдымен өлеңнің мазмұнына зер салайықшы.

«Мен жастарға сенемін» өлеңі – ұлтжандылықтың ұраны.

*Арыстандай айбатты,*

*Жолбарыстай қайратты –*

*Қырандай күшті қанатты.*

*Мен жастарға сенемін!*

Рас, өзінің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді қозғап, ел болашағына қатысты көзқарасын көтереді. Сонда ғана ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні таныта алады. Мағжан ақынның өмірлік мұраты, азаматтық үні осындай халық мүддесінен туып, өсер елдің өскелең ұрпағына деген риясыз ықыласын, айнымас сенімін өрлікпен алға тартып және солай боларына еш күмән, күдік келтірмей көрегендікпен шабыттана жырлайды. Алаш қайраткері өлең арқылы жастарға сенім артып, айбатты болуға үндейді. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтқандай, «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» екенін ұғындырады. Қазақтың намысшыл, ешкімге есесін жібермейтін көкірегі ояу болғанын армандайды. Себебі, орыстандыру саясаты қазақты басып-жаншып, жағымпаз, талаптан аса алмайтын, қорқақ болуға көндіріп жатқан кез еді. Ол мінезбен біз ешқашан өзімізді жеке мемлекет етіп алып шыға алмасымыз анық еді. Ақын бір ғана өлеңі арқылы болашақты бағындыру үшін ез болмауға үндейді. Өздері мықты еді, бірақ қызыл саясат өрістетпеді. Өзі шыға алмаған биікке Алаштың ұл-қыздарының жеткенін көздейді, елдің тұтқасы болғанын қалайды. Ол Тәуелсіздікті жігерлі жастардың қолымен келетінін білді және соларға сенім артты.

Мағжан Жұмабаевтың үні бүгін де, ертең де керек. Ақын өлеңдері жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелейді.

*Көздерінде от ойнар,*

*Сөздерінде жалын бар.*

*Жаннан қымбат оларға ар,*

*Мен жастарға сенемін! –*

деп жырлаған Мағжан Жұмабаев қатігез тағдыр тәлкегіне ұшырап, алдымен Ресей патшалығы, кейіннен Кеңес Одағы кезеңдерінде өмір сүрді. Халықтың мұң-зарын жырлап, туған халқының тайғанақтап жүрелеген тағдырына жаны ауырып, осы жан айқайын өлеңге қосты. Бірақ, орыстардың ұстанған қатал саясаты қазақ азаматтарын аямады. Талай азаматтар біздің халық болып қалыптасуымыздың жолында жандарын құрбан етті. Солардың ішінде 1938 жылы ату жазасына ұшыраған Мағжан Жұмабаев болған еді. Ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып кетті.

*Тау суындай гүрілдер,*

*Айбынды алаш ерім дер,*

*Алтын Арқа жерім дер,*

*Мен жастарға сенемін!*



Бұл – елін емірене сүйген ақын жүрегінің үні.

Ақын айтқандай, желбіреген тәуелсіздік туы ел тағдыры үшін жанын пидаеткен құрбандардың тікелей бастауымен келді. Сауатсыз қарапайым қара халықтың сауатын ашып, көзі ашық, көкірегі ояу жандарға айналдырды. Талай жылдар бойы қазақтың қанындағы надандықты түп-тамырымен жоюға ұмтылып, болашағы жарқын, тәуелсіз Қазақстанды құруға ұмтылды. Міне, араға көп жылдар салып бұл арманы да орындалды. Өз Отанының, өз елінің патриоты болғанға не жетсін! Сайын дала – ата-бабаларымыздың көзінің қарашығындай сақтап, найзаның ұшы, білектің күшімен қорғауының арқасында бізге жетіп отыр. Ендеше осындай алып Отанды сүю кімге де болсын парыз әрі қасиетті міндет. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.

Алаш – айбынды ұраны,

Қасиетті құраны.

Алаштың олар құрбаны,

Мен жастарға сенемін!

Ұлан байтақ Қазақстан жерін ежелден мекендеп келе жатқан ел – қазақ халқы. Көптеген ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз, қолбасшы батырларымыз кең байтақ жерімізді сырттан төнген қауіптен қорғап келді. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. Каспийден Алтайға, Мұғалжардан басын аң шалған кәрі Алатауға дейін созылып жатқан өлке біздерге сыр айтқандай. Сол сары даланың қойнауы ереуіл атқа ер салған Махамбет пен Исатай батырлардың, елді аузына қаратқан Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, «Қайтсем елім кешер күн, аулақ болар зар-мұннан» деп, елінің қамын ойлаған барыс жүректі Бейбарыс сұлтанның, өр мінезді Абылай ханның, құдайы, әруағы да, жері, қазына-байлығы да, баласы, жаны да мал болған әумесер байларды ащы тілімен сынаған кемел ақын, кемеңгер, ойшыл Абай атамыздың жатқан қасиетті жері.

Жастардың тұлғалық сипаты жас кезінен бастап қалыптасады. Жас сәби табиғатынан таза пәк, бұл жастардың әді өмірден әлі ештеңе көрмеген, көңілге түймеген шағы. Міне дәл осы кезде ата-анасының тәрбиесін, білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің балабақшадан бастап бірте-бірте рухани адамгершілік құндылықтарды Отанына деген сүйіспеншілікті намыстылық пен қайраттылықты бойына жинату- маңызды іс. Жастар бойындағы қайрат, жігер сенімділік Мағжан өлеңінде айтылғандай,

«Жұмсақ мінез жібектер.

Сүттей таза жүректер.

Қасиетті тілектер-

Мен жастарға сенемін!»- дегендей жастар бойында қасиеттер әлі де сақталғанына сенімдімін.

Мағжан поэзиясы - қазақ ұлтының мұрасы.

Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын -Мағжан

Жұмабаев.

XX ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне Мағжан Жұмабаев куә болды. Олардың бәріне ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырды. Қай кезде болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде жүрді.

Мағжан үшін ең негізгі мәселе-қазақ елі жерінің тағдыры ақын түсінігінде бәз-баяғы жүдеу қалпында. Қазан төңкерісінің даңғаза ұраны мен жалған насихатына ақын иланбады. Сондықтан да ақын ендігі үміті мен арманын жастарға артады  
Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!- деп басталатын өлеңінде ақын, өзінің ертеңінен үміт үзбейтіндігін, бүгінгі кеткен есені, ұтылысты ертең-ақ «көздерінде от ойнаған, арнамысты жандарынан да қымбат көретін» жастар қайратылығына кәміл сенеді. Жастардан күткен үміті ақталып келе жатыр деген ойдамыз. Бүгінгі ұрпақ үшін Мағжан, жастарға артар үміті мәңгілік қазақ елінің өркендеуі, жастардың қолында деген.

### Әдебиеттер тізімі

1. М. Жұмабаевтың көп томды шығармалар жинағы, Алматы: «Жазушы» 2002 жыл.
2. М. Жұмабаевтың шығармалары, Алматы: «Жазушы» 1989 жыл.
3. «Әдептану» Ұ. Асыллов, Ж. Нұсқабайұлы, «Рауан» 1998 жыл.
4. «Аңыз адам» № 1 саны 2012 ж.
5. Мағжан Жұмабаев «Сүй жан сәулем» Атамұра.
6. Егемен Қазақстан №43 2014 ж.

## Ғылым және инновация – заманауи білім берудің негізі

Мутайхан Маржангуль

Астана Халықаралық Университетінің педогогикалық колледжі

Заманауи білім берудің маңыздылығын түсіндіру, ғылым мен инновацияның дамуындағы орындалып жатырған іс-әрекеттер атап өту. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми – педогогикалық негіздерін меңгеру маңыздылығын түсіндіру.

Жаңартылған білім беру болашақтағы сапалы білім кепілі деп тануға болады. Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдау мақаласында айтылған рухани жаңғыру мен заманауи ілгерілеудің жолын ұстап, саналы ұрпақ тәрбиелеп, қоғам жүгін қатар көтерісетін азаматтарды қалыптастырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің сапында болу қай-қайсымыздың да көкейімізге қонары хақ! Елбасының «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», «Жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр алуы керек» деген сөздерінің астарында ел мүддесін басты құндылық ретінде бағалау жатыр. Ел ертеңінің бастауы – рухани жаңғыру. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін еліміз алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық және концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс енгізу - болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - маман даярлауда «Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайықты болуға тиіс. Әр ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына

Қазақ өлшемдері қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне негізделген. Кейбір жазба әдебиеттерде сақталған мәліметтер бойынша ең кіші салмақ өлшемі - арпа дәні алтын мен асыл тастардың салмағын теңеуге арналған қазыналық өлшем ретінде қолданылған. Оған қарағанда бір арпа дәні шамамен 45 мг. болған. Басқа жерде осы арпа дәні ұзындық өлшемі ретінде де пайдаланылған. Ал арпаның алты дәнінің еніне тең өлшем бармақ деп аталған. [1]

Байырғы қазақ өлшемдері – қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан өлшем бірліктері. Қазақтардың көне заманнан бастау алатын халықтық өлшем жүйесіне ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшемі түрлері кіреді. Мысалы, «бір қыдыру жер», «түстік жер», «айшылық жол» деген сөз тіркестері қашықтықты білдіреді. [1]

Халық өлшемдері - ұлт мәдениеті мен этнографиясының көрнекті салаларының бірі. «Халық айтса - қалт айтпайды» дегендей, халық өлшемі - анық өлшем. Себебі, оны ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып, сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Қазіргі таңда қолданылатын килограмм, метр, сантиметр атаулары ол кезде таңсық болғаны анық.

Қазақтардың көне заманнан бастау алатын халықтық өлшем жүйесіне ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшем түрлері кіреді. Бұлардың өлшем бірліктері мен өлшеу ережесі адам әрекетіне, дене қимылына және қолданған бұйымдар мен заттарға балау арқылы қалыптасқан.

Қай халықта болмасын, ерте заманнан ұзындық өлшем бірліктері ретінде адамның дене мүшелерінің өлшемі негізге алынды. Қазақта бұл өлшемдер елі, бармақ, шынашақ, буын, алақан, тұтам, қарыс, сүйем, шынтақ, кез, құлаш деп аталады.

Ұзындық және қашықтық өлшемі мүлде екі ұғымды, екі түрлі өлшемді білдіреді. Ұзындық өлшемдері бір заттың (таяқтың, арқанның) ұзындығын анықтайды, атаулары: бір елі (1-5 см.), екі елі, үш елі, тұтам, сынық сүйем (14-15 см.), сүйем (17-18 см.), қарыс, кере қарыс (20-22 см.), кез (50 см.), аршын (75 см.), құлаш (1,80-2 м.), т.б. Сол сияқты ұзын, қысқа деп, шамамен есептей береді. [3]

Бас бармақтың қалыңдығына негізделген өлшем бармақ, шынашақтың қалыңдығына негізделген өлшем шынашақ деп аталады. Захр ад-дин Бабур (XVI ғ.) өз жазбаларында кейбір жерлерде бір елінің ені қатар қойылған алты арпа дәнінің еніне, ал арпаның дәнінің ені – жылқының алты қылының еніне тең болатынын жазып кеткен. [3]

Өлшемдерді дәл беруде адамның аяғы мен қолының да қызметі ерекше:

Қолдың қары – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа (80 – 85 см. шамасы) тең ұзындық бірлігі. Кейде оң иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (шамамен 1 м.) қары ретінде алынады.

Сынық сүйем – кере созылған бас бармақ пен сұқ саусақ ұштарының арасына тең (шамамен 17 – 18 см.).

Ал бармақ пен бүгілген сұқ саусақтың арасына тең өлшемді сүйем дейді.

Елі – сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (шамамен 2 см.). Қазы майының қалыңдығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. елімен өлшенген. Қазақ арасында «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ» деген нақыл сөз бар.

Буын – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық (шамамен 5 – 6 см.) бірлігі. Сәулетті сарайлар мен түрлі ғимараттардағы ою-өрнектің мөлшері осы буынмен өлшенген. Ол тігін, киім пішу жұмыстарында да қолданылған.

Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (шамамен 60 – 70 см.) бірлігі.

Құлаш – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі.

Танап – қазақ халқының егін шаруашылығымен айналысқан жерлерінде жер аумағын өлшеу үшін қолданған өлшем бірлігі. Ол 1820,83 шаршы метрге тең.

Тұтам – қолды жұмғандағы төрт саусақтың бойы. Шамамен 8 см.-ге тең ұзындық.

Қарыс – қолдағы бас бармақ пен ортаңғы саусақтың толық керілген кездегі ұштарының арасына тең өлшем. Шамамен 19-20 см. Ол тұрмыста, құрылыс жұмыстарында пайдаланылған. Мысалы, киіз үйдің уығы он екі — он алты қарыс мөлшерінде жасалады.

Шынтақ өлшемі шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралықты білдіреді, шамамен 70 см.-ге тең. Бұл өлшем бірлікті қазақтар аршын деп те атаған.

Құлаш – иық деңгейінде екі жаққа кере созылған екі қол ұшының арасы, шамамен 165-175 см.-ге тең. Әдетте, өлшем бірлігінің бұл түрі адамның бойына сәйкес келеді. Мәселен, адамның бойының ұзындығы орта есеппен 175 см. болса, құлашының да ұзындығы осы шамада болып келеді. [3]

Қашықтық және ұзындық өлшемдері:

Адым – жай жүргендегі екі аяқ арасының алшақтығы 1 м; Таяқ тастам жер – тым жақын жер, яғни 10-15 м; Дауыс жететін жер – 250-300 м; Шақырым

– 1 шақырым; Иек астында, бір тобе астында – 4-5 шақырым; Қозыкөш жер – 5-6 шақырым; Көз ұшында – 6-7 шақырым; Тайшаптырым – 4-5 шақырым; Құнаншаптырым – 8-10 шақырым; Бір көш жер – 10-15 шақырым; Атшаптырым –

25-30 шақырым; Өте алыс жерлер – жер аяғы қиянда, жер түбі, жер мойны қашық, қиыр, ит өлген жер, ит арқасы қиянда. [3]

Қазіргі кезде жиі қолданылатын «шақырым» қашықтық өлшемінің шығуы келесідей. Бір адамнан екінші адамға дейін адамның өте қатты дауысы естілетін қашықтық- бір шақырым деп алынған. Одан ұзағырақ жер - қозы көш. Жаңа туған қозымен бірге көш жүргенде ол алысқа жүре алмайды. Шамасы - 5 шақырым.

Бір айта кетерлік жай: жоғарыдағы аталған өлшемдер бір-бірінің орнына жүрмейді.

Қазақ шеберлері жасайтын заттарының өлшемдерін анықтауда осы дәстүрлі ұзындық өлшем бірліктерімен жұмыс істеген. Біріншіден, адам денесінің бөліктерінің өзара және денемен пропорциялық үйлесімділігі ескеріліп, осы үйлесім негізге алынды. Демек әр нәрсенің басты өлшемі адам болды. Екіншіден, бұл өлшем жүйесі арқылы әр адамның дене құрылымына оған арналып жасалған құралдардың, заттардың, киімнің өлшемі сәйкестендірілді. Әрбір адамның өз пропорциясына өзінің заттары үйлесімді болуы тиіс деген идея жүзеге асты. Бұл үйлесімділік адамның заттарды тәжірибе жүзінде қолдануында маңызды рөл атқарған екен. [3]

Енді халықаралық өлшем бірлік атауларымен байырғы қазақ өлшемдерін салыстыра келе келесіні байқауға болады. Заманында ата-бабаларымыздың кеңінен қолданған «қолдын қары» өлшемі ағылшын «ярдымен» шамалас. Ал Ресейде 17-20 ғасырларда қолданылып келген ағылшын футы (foot – табан) байырғы қазақ өлшемі «табанға» жуықтау келеді, «табан» өлшеміне қазақ табанның енін алса, ағылшын футы — табан тұрқына тең. [1]

Сондай-ақ ағылшынның дюйм (голландша – үлкен саусақ) өлшемі қазақ халқының байырғы «бармақ» өлшеміне («Бармақ елі қазы») сәйкес келеді. Орыстың «верстасы» мен қазақтың «шақырымы», орыстың «долясы» мен қазақтың «мысқалы», сондай-ақ ағылшынның «фунты» мен қазақтың «қадамы» шығу төркіні, атқаратын қызметі жағынан төркіндес, тектес деуге әбден болады.

Заманауи өлшеу құралы дегеніміз – заттардың барлық түрлерінің арақашықтықтарын, сондай-ақ өлшемдерін, геометриялық сипаттамаларын және физикалық шамасының мәнін дәл анықтайтын құрылғы. [2]

Адамның қарамағында әртүрлі кәсіби және күнделікті жұмыс салаларында көмектесетін көптеген өлшеу құралдары бар, олар: ленталық өлшемдер мен штрихтер, шаршылар, зондтар мен нивелирлер, штангенциркульдер мен қашықтық өлшегіштер, теодолиттер мен нивелирлер.

Рулетка — сызықты өлшеуге арналған құрал, ол катушкаға оралған және корпусқа салынған бөлімдері (металл немесе пластик) бар таспа. Орамның әртүрлі механизмдері бар рулеткалардың көптеген үлгілері бар: тұтқаны қолмен немесе автоматты түрде қайтару серіппесін пайдалану арқылы орындалады.

Қарапайым өлшеуіш құрылғылар санатына сонымен қатар қолдануға оңай және конструкциясы қарапайым сызғыштар мен бұрыштықтар кіреді. Бұл ұзындық өлшем бірлігін негізінен сантиметрмен білдіретін ағаштан, металдан, пластмассадан жасалған тақталар (бір немесе екі, тік бұрышта орналасқан). Олар күнделікті өмірде де, әртүрлі кәсіби жұмыстарда да жиі таптырмас көмекшілер.

Қашықтан өлшегіш (дальнометр) деп диапазон жиі лазерлік таспа өлшегішті айтады және бұл құрал өлшеу дәлдігі мен пайдаланудың қарапайымдылығына байланысты кең таралған.

Лазерлік нивелир немесе нивелир – жер бетіндегі нүктелердің биіктіктерінің айырмашылығын анықтайтын құрал және көбінесе геодезиялық жұмыстарда, сондай-ақ ғимараттарды, көпірлерді, жолдарды, инженерлік желілерді салуда қолданылады.

Теодолит – горизонталь және тік жазықтықтардағы бұрыштардың шамасын анықтайтын геодезиялық жұмыстарға, топографиялық және маркшейдерлік жұмыстарға арналған құрылғы. [2]

Техника мен технологиялардың күрделенуі, көптеген жұмыс орындардың автоматтануы, құрылыс пен өндірісте жоғарыда көрсетілген заманауи өлшеуіш құралдарының қажеттілігін тудырып отыр. Заманауи өлшеуіш құралдары еңбек өнімділігін арттырады, дегенмен қолөнер шеберлері, жеке тапсырыс шеберлері көнеден келе жатқан өлшем бірліктерін қолдануда.

Түйін

Жапон халқы күріш егеді. Жері аз болса да, күріш егіп шығыны көп кәсіп болса да айрылатын емес. Күрішті сырттан сатып ала салған жапондар үшін төрт-бес есе тиімді. Бірақ олар бұлай жасамайды. Мәселе осында. Жапон халқының сөздік қорындағы 30 пайызға жуық сөзі осы күрішпен байланысты. Кәсіп тоқтап қалса ол сөздер де пайдаланылмай қалады. Пайдаланылмаған, айтылмаған, естілмеген сөз ұмыт болары анық. Сол отыз пайыз сөзі үшін ол халық бес есе шығынға батып отыр.

Тура солай біздің тілдегі өлшем бірлік сөздері де 20-40 пайызы жылқымен, киіз үймен, адамның өлшеміне байланысты. Күнделікті тіршілікте қолданылмайтынынан сол пайыздардағы сөздер ұмыт болып барады. Соған назар аударуымыз қажет. Яғни, киіз үй мен жылқыны сирек қолданғанмен, атадан мұра болып, ғасырлар бойы ұтымды қолданып келген өлшем бірліктерінің ауыз екі сөзден, қолдану аясынан кетпеуі керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: ТОО «Алматыкітап» ЖШС, 2006. - 384 бет.
2. Нұрпейісова, М.Б. Геодезия: оқулық / Маржан Байсанқызы Нұрпейісова.- Астана: Фолиант, 2010.- 280 б.
3. [www.facebook.com/madeniportal.kz](http://www.facebook.com/madeniportal.kz) Қазақ қалай өлшеген? 31 Март 2021 ж.
4. Энциклопедия. 5-том. 22-27 бет. «Азия Арна» баспасы. Алматы, 2014 ж.

# ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ЭЛЕКТРОННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Бикмуханова Динара Асылжаровна**

Магистр, педагог-модератор

Педагогический колледж Международного университета Астана

Творчество учителя во многом обусловлено спецификой его деятельности, которая носит публичный характер, осуществляется в определенной аудитории и требует умения управлять своими чувствами и настроениями. Педагогический процесс связан с постоянным творческим поиском, поскольку учителю в школе, приходится действовать в изменяющихся условиях разнообразных педагогических ситуаций. При этом творческий процесс приобретает двусторонний характер: с одной стороны, творчество учителя, с другой - на основе применяемых им стимулирующих методов возникает творческая деятельность учащихся. Творческое состояние класса необходимо поддерживать и сделать творческий поиск совместным коллективным стремлением учителя и учащихся.

Из этого следует, что музыкально - педагогическая деятельность учителя представляет собой сложный комплекс взаимосвязанных элементов, владение которыми является показателем профессионального мастерства учителя музыки, которое в полной степени раскрывается на уроке музыки. В.А. Сухомлинский утверждал, что урок – это зеркало общей и педагогической культуры учителя, мерило его интеллектуального богатства, показатель его кругозора и эрудиции.

В настоящее время образовательные учреждения всего мира получили доступ к информационным ресурсам. Поэтому обучение и воспитание подрастающего поколения стало строиться на использовании компьютерной техники, а компьютерные технологии получили широкое распространение в различных областях музыкальной деятельности. В Казахстане применение музыкально-компьютерных технологий началось совсем недавно по сравнению с Западом, где такая практика существует более 20 лет. Мы считаем, что их неисчерпаемые возможности позволяют как расширить, обогатить, усовершенствовать теорию и практику преподавания музыки в общеобразовательных школах, так и повысить качество всего музыкального образования.

В связи с этим появились новые требования к учителю музыки. Теперь он должен не просто знать компьютерные технологии, а быть специалистом, активно применяющим, правильно использующим и осознающим необходимость их применения в своей работе. Однако возникает вопрос: почему учителя музыки не используют широкие возможности компьютерных технологий в своей работе, когда для их внедрения имеются все объективные предпосылки. Создание и разработка учебно-методических пособий, программ, методических разработок и литературы по использованию музыкально-компьютерных технологий для учителей музыки. В данной области уже есть новаторы, педагоги-исследователи России, которые освещают подобные вопросы. Среди них особый интерес

представляют такие, как формирование и развитие электронного музыкального творчества (И. М. Красильников, И. Айдарова, Н. Глаголева, С. В. Пучков, М. Г. Светлов); использование и применение музыкально-компьютерных технологий в музыкальном образовании школьников (Г. С. Машошина, Д. А. Семенова, Ж. Б. Кармазина, А. О. Бороздин Т. А. Затымина, Э. В. Зауторова, О. Тарачева); развитие музыкального слуха у младших школьников в процессе электронного музицирования (А. Е. Гимро); компьютер в музыкальном образовании детей (Т. Цареградская, А. Апухтин); работа в музыкально-компьютерных студиях (В. Г. Кадина). Не остались без внимания и проблемы истории создания электронных музыкальных инструментов (Н.Ю. Хомутская, П.Л. Живакин); сохранности здоровья при использовании музыкально-компьютерных технологий (О.В. Приходько, Е.В. Бирюлева) и другие различные вопросы по использованию музыкально-компьютерных технологий (Е.В. Орлова, М.И. Катюган, В.О. Белунцова, В.Г. Пешняк, В.П. Чудина, А. Пресняков, В. Медников) [5].

В связи с перечисленными ранее проблемами возникли определенные противоречия: между требованиями, предъявляемыми музыкальной педагогикой к музыкальным компьютерным технологиям, и реальными возможностями использования компьютерной техники на уроках музыки и во внеклассной работе по освоению компьютерных технологий; некомпетентность выпускников музыкально-педагогических факультетов средних и высших педагогических учебных заведений в использовании музыкально-компьютерных технологий в процессе обучения школьников; отсутствие возможностей.

Все перечисленные выше противоречия можно объединить и свести к особенностям обучения игре на синтезаторе для специализированных детских музыкальных школ и детских школ искусств, а также к освещению истории создания электронных синтезаторов. К тому же большой проблемой музыкальной педагогической практики является состояние учебно-методической базы, а именно наличие оформленных и оснащенных кабинетов музыки. Речь не идет об образцово-показательных школах, в которых есть компьютерный класс. По мнению И. М. Красильникова, его можно легко превратить в специализированную студию компьютерной музыки [4], где можно проводить и традиционные уроки музыки. Такие возможности имеются не во всех школах, а состояние кабинетов музыки, выглядит весьма плачевным. Педагогический процесс связан с постоянным творческим поиском, поскольку учителю в школе, приходится действовать в изменяющихся условиях разнообразных педагогических ситуаций. При этом творческий процесс приобретает двусторонний характер: с одной стороны, творчество учителя, с другой - на основе применяемых им стимулирующих методов возникает творческая деятельность учащихся.

Современные тенденции внедрения компьютерных технологий в образование вплотную коснулись и системы музыкального образования школьников Казахстана. Отсюда наблюдается заинтересованность учителей музыки в освоении этих технологий и использовании их на практике. Однако, как правило, учителя музыки имеют слабое представление о дидактических возможностях компьютерных технологий, а те, кто все же применяет их в своей

практической педагогической деятельности, используют их однопланово, не исчерпывая весь потенциал. Поэтому для современной отечественной Казахстанкой музыкально-педагогической практики актуальной является проблема подготовки специалистов нового типа.

Задачей современного учителя музыки становится не только передача знаний, умений и навыков, развитие музыкальных способностей учащихся, но и привитие учащимся творческого желания и развития, необходимых для дальнейшего самообразования и самореализации в условиях современного общества. Наука доказывает, что творческий потенциал, творческие возможности заложены и существуют в каждом ребенке, что творчество – естественная, природная функция мозга. Но развитие творческого стиля мышления происходит только в творческой деятельности. Благодаря творческой деятельности учащийся развивается, приобретает специальный опыт, раскрывает свои природные дарования и способности, удовлетворяет интересы и потребности. Поэтому учителю музыки просто необходимо создать все условия на уроках музыки для творческого развития, используя для этого новые музыкально-компьютерные технологии.

Музыкально-компьютерные технологии призваны облегчить и усовершенствовать творческую музыкальную деятельность учителя музыки, а также обогатить те наработки в музыкальной педагогике, которые были накоплены ранее. Для внедрения компьютерных технологий в процесс школьного музыкального образования учителю музыки необходимы следующие технические средства: мультимедийный проектор или интерактивная доска (Mimio interactive ink, Hitachi Starboard и Interwrite board), а к ним всевозможные музыкальные программы (караоке, энциклопедии, справочники, игры по освоению нотной грамоты), компьютер, синтезатор.

Синтезатор – инструмент с безграничными электронными возможностями. По мнению П. Л. Живакина, у него большое будущее. Автор справедливо отмечает: «В последние годы компьютерные и коммуникативные технологии все больше затрагивают сферу культуры и особенно музыки. В свое время фортепиано произвело революцию в музыкальном образовании. Наступит день, когда схожую роль сыграет и синтезатор» [1]. Встает вопрос как же его использовать учителю на уроках музыки. Следует мнение, что синтезатор, придя к нам в XXI век, призван искоренить фортепиано из процесса обучения музыке. Но по-нашему мнению, у преподавателя появился лишь выбор в использовании как традиционных инструментов, так и цифровых.

Необходимым видом музыкальной деятельности на традиционных уроках музыки было и остается слушание, которое предполагает знакомство с произведениями композиторов различных эпох и народов. Педагог, выбрав музыкальное произведение, может использовать метод сравнения, который заключается в исполнении произведения на фортепиано, затем на синтезаторе и прослушивании этого же произведения в электронной версии аранжировщиков. Учащиеся, восприняв одно и то же произведение в разном исполнении, могут сделать сравнительный анализ, выделить положительные стороны и



преимущества каждого инструмента. Немаловажным видом деятельности на уроках музыки является хоровое пение. При этом мы предполагаем использование аккомпанемента синтезатора или программы «караоке». Записав «минусовку» песни (фонограмму без главной мелодии), педагог сможет направить все внимание на работу с детским хором. Караоке сможет прекрасно влиться и во внеклассную работу. Такие аранжировки будут прекрасным фоном музыкальных сценок, сказок, концертов, музыкально-ритмических игр, физкультурных минуток. Сам учитель может придумать массу приемов и методов применения караоке в своей работе по музыкальному воспитанию детей.

Появление обучающих компьютерных программ, игр, игровых вопросов и ответов, мультимедийных кроссвордов позволяет изучать нотную грамоту и получать элементарные знания о музыке. На наш взгляд, в музыкальных классах, где проводятся уроки музыки, существует необходимость в установлении мультимедийного проектора либо интерактивной доски. Данные технологии позволяют музыкальный процесс уроков обогатить яркими и интересными событиями по музыкальному искусству (история музеев, театров и балетов, биография композиторов и дирижеров и другие), и демонстрируемый музыкальный материал будет усваиваться учащимся глубже. Синтезатор – умный и музыкальный помощник, который может значительно облегчить труд преподавателя, увлечь учащегося и дать новые возможности для развития как преподавателя, так и ученика. Такие качества синтезатора, как наличие спецэффектов, автоаккомпанимента, многотембровость, ритмических сбивок, секвенсера, возможности подключения к компьютеру позволили инструменту прочно обосноваться не только в профессиональной музыке, но и получает все более широкое распространение в повседневном обиходе как инструмент любительского музицирования.

### **Список литературы**

1. // Музыка в школе. 2005. - № 3.
2. Живакин П. Л. Синтезатор – это основной элемент общего музыкального образования в будущем // Музыка в школе. 2005 г.
3. Красильников И. М. Электронное музыкальное творчество в системе художественного образования. Дубна: Феникс+, 2007 г.
4. Красильников И. М., Глаголева Н. Электронное музыкальное творчество в общеобразовательной школе. М., 2004 г.
5. Новые технологии в музыкальном образовании (компьютер, синтезатор, интернет): материалы Всероссийской научно-практической конференции / сост. Е. В. Орлова. М.: Библиотека журнала «Искусство и образование», 2008 г.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН НОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Тусупова Айжан Далабаевна

«Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

«Ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі жоғары дамыған ел кез келген өркениетті деген елден оқ бойы озық тұрады» деген түрік ағайындардың ұстанған берік қағидасы бар. Осындай қағиданы ұстанған қазақ халқы да басынан небір қиын-қыстау заманды өткерсе де ата-бабаларымыз өзіміздің мәдениетімізді, дәстүрімізді, төл өнерімізді ұмыт қалдырмай, оны ұрпақтан ұрпаққа сақтап, жеткізіп отырған.

Өзге ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтай отырып, еліміздің мәдени, рухани құндылықтарын дамытып қана қоймай, көздің қарашығындай қорғауымыз керек. Осыған байланысты бізде ауқымды шаралар атқарылуда. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тек туған жердегі ғана емес, алыс-жақын шетелдегі ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, жәдігерлеріміз жаңғыруда. Ата-дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. Егер жеті атасына дейін ата тегін, тарихын білмейтін ұрпақ болса, оны «Жеті атасын білмейтін жетесіз» деп халық кінәлайды, айыптайды, жазғырады, жазалайды.

Бүгінгі күні қазақ халқы өз дәстүрі мен мәдениетін жалғастырып, жаңғыртып келе жатыр деп айтсақ артық айтпаспын. Аудандық, ауылдық мектептерде «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» секілді сайыстар жиі ұйымдастырылуда. Бұндай «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» сияқты сымбат пен өнер жарысында өнерпаздық дәстүрдің ұлттық мәйектері сараланып, мәнді өрнектер, өнер үшін баға беріледі. Қазақ қызы әрі сымбатты, әрі нұрлы, әрі еңбекқор, әрі өнерпаз болу керек. Қазақ жігіті жігіттің сұлтаны ретінде өнерден де, ептілік пен күштіліктен де, сымбаты мен сәні жағынан да елді елең еткізетін ерекше жан болуы қажет. Халық ұлдары мен қыздарын өнерпаздыққа баулу үшін түрлі ойындарды ойлап шығарған. Халқымыз өнерпаздық дәстүрін қыз балаларға іс үйрету, өнер үйрету, ер балаларды ерлік пен еңбекке, өнерге баулу әрекетімен жалғастырып, дара дарындарды дамытып отырды. Отбасындағы көңілді кештерде тақпақ айту, жыр жырлау, ән салу, күй тарту - үлкен қуаныш. Өнерпаздық нышандарын айқындап, дарынын дамыту әрбір перзенттің міндеті.

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата -

бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата - бабамыздан қалған қазынаның бірі салт - дәстүрлерді ұмыту мүмкін емес. Ендеше осы елдің ертеңі жасөспірімдерге салт -дәстүрімізді насихаттай отырып, ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени салт - дәстүрлерімізді ұмытпауымыз керек. Ата тегін ардақтау дәстүрі, көбінесе отбасында, мектепте, балабақшада сөз болып отырса, кейінгі ұрпақ қазақтың салт – дәстүрлерін бойына сіңіріп, тәрбиелік мәнін білер еді деп ойлаймын. Салт - дәстүр, әдет -ғұрып - халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрді халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру – өркенді де өнегелі іс.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

*1. Бәсекелік қабілет.* Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

*2. Прагматизм.* Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз

мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Біқылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану - мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

3. *Ұлттық бірегейлікті сақтау.* Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені - өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға әсте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым - бойымыздағы жақсы мен жаманды санамаалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі - ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі - алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

4. *Білімнің салтанат құруы.* Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты

бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. *Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.* Күллі ХХ ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл - әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. ХХ ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл - ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа - эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау - қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

6. *Сананың ашықтығы.* Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл - өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава - Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті - осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі - қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл - табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

Қазақстанның мемлекеттік тілі - қазақ тілі болғандықтан, оның сақталуы мен тазалығы еліміздің ұлттық мүдделерінің қорғалуына әсер етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» демекші, қазақ тілінің мәртебесінің артуын күтуде.

Тілі жоқ халық, жоғалып жер бетінен ғайып боларын ескерсек, тілдің тазалығын сақтау жолдарында қажырлы еңбек ете отырып, өткеніміздің өзектілігін айқындайтын тілдің теңдессіз байлық екеніндігін ұрпаққа айта отырып, келер ұрпаққа жеткізуге аманаттау біздің яғни бүкіл қазақ халқының міндеті, парызы деп айта аламыз.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру
2. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі.
3. Манкеева Ж. АМәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым
4. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Адилгазықызы Жулдыз

Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледж

Әрбір адам мен әрбір халықтың өзбетінше дербес өмір сүруге, дамуға деген ұмтылысы күшейіп отыр. Адам қолымен жасалған әлем шексіз мүмкіндіктер мен өзара байланыстылық дәуіріне қадам басты. Адамзаттың мәдениет пен діндердің бейбіт сұхбаты болмаған жағыдайда қандай да бір қауіпсіздік туралы сөз қозғаудың мүмкін еместігіне көзі жетті. Сондай-ақ, әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өміріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тіреді.

Ұлттық тәрбие мақсаты – ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, жалпы адамзаттың бүгінгі мен келешегіне қызмет етуі. Ұлттық тәрбие дегеніміз – ана сүтінен, ата –ана тәрбиесінен және жан-жағындағы қоғамнан қалыптасатын мінез құлық. Яғни, ұлттық тәрбие қалаптасу үшін бірінші баланы сәби күнінен тәрбиелеу. «Ел болам десең-бесігіңді түзе» -деп бекер айтпаған ата – бабамыз осыдан шығатын түйін жас сәбиге анасы бесікке жатқан күнінен өз ана тілімізде әлдилесе мұның өзі ұлттық тәрбие. Ал екіншіден ата-ананың беретін тәрбиесінен былайша айтқанда ата-анасы өз арасында ана тілінде таза сөйлесіп, салт-дәстүр түрлерін күнделікті қолданса ол келешекте өсіп келе жатқан баланың мінез құлқында, санасында жатталып, қалыптасады. Үшіншіден бала жаңа қоғам көреді сол қоғамға қарай қалыптасуға тырысады. Яғни жаңа қоғам дегенім ол жаңа түскен мектеп табалдырығы немесе жоғары оқу орыны болуы мүмкін. Егер түскен оқу орнында ұлттық тәрбиеге байланысты тәрбие сағаттары, ұлттық ойындар өткізілсе, өз ұлттының - ұлт болып қалыптасу тарихын үйретсе мұның өзі ұлттық тәрбиенің қалыптасуы болып табылады. Енді тағы бір ұлттық тәрбиенің сақталуының ең маңызды факторы болып табылатын нәрсе - ұлттық рух. Ұлттық рух дегеніміз – бір ұлтты басқа ұлттан парықтандырып тұратын сол ұлттың өзіне тән ішкі рухани жан дүниесі, ұзақ уақыттар бойы біртіндеп қалыптастырған салт-дәстүрі, көзқарасы, мұрат-мақсаты негізіндегі психикалық даралығы, өзіне тән қажыр-қайраты мен намыс-жігері қатарлылардың шоғырлы бейнесі. Өскелең ұлттық рухтың болуы бір ұлттың қоғамдық ортада өмір сүруі мен дамуында, ұлттық образын өзге жұртқа танытуында, ұлттың жалпы тұлғалық бітімін жоғары деңгейге көтеруде, сол ұлттың экономикалық, қоғамдық дамуын алға ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Қажыр-қайраты мықты намыс-жігері күшті ұлттың ұлттық рухы дәуірдің алға ілгерілеп, қоғамның дамуына сай жаңарып, әрленіп, толықтанып отырады. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық

құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін рухта қалыптастыру.

Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселеге келейік. Ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Қазір өкінішке орай, тәрбиеде сондай үрдістің жүріп жатқанын ащы да болса мойындауға тура келеді. Біздіңше, кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады.

Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Қазыргі жастарымыздың ой-сана жағынан бүкіл әлеммен бірге дамуына толық мүмкіндіктер бар. Тұтас қоғамды сол шынайы қалпында, өз болмыс-бітімімен түсіну жастарымыз үшін өте қажетті. Жастарымыз өзге ұлт халықтарына көзсіздікпен еліктемей, өз ұлттық болмыс-бітімімізді сақтай отырып жасампаздықпен, талғампаздықпен еліктегені жөн. Қазір біздің мүлде басым сандағы жастарымыз жақсы, олар еңбекшіл, парасатты, батыл, іскер, білімді, ибалы. Күнделікті реал өміріміздің әр сала, әр шебінде ұлтымыздың «Қазақ» деген ардақты атын аспандатып жүрген



азаматтарымыз да баршылық. Біз мұндай жастарымыздың болғанына мақтануға қақылымыз. Ал өміріміздің қараңғы жағында жоғарыдағыдай қасиеттерден жұрдай қалған жастарымыз да жоқ емес, бар. Бірақ олар азшылық. Өкінішке орай олар азшылық болғанымен ұлтымыз өміріне тигізіп отырған кері ықпалы төтенше зор, сондықтан ондай жастарымызға қаратылған тәлім-тарбиені барынша күшейтуіміз қажет. Білім беру мен тәлім-тарбие қашанда етене егіз болуға тиіс. Тұтас тәлім-тарбие қызметінде ата-аналармен ұстаздардың назарында мұның біреуі дәріптеліп, енді бірі қағыс қалса, нәтижесі нөлге тең болады.

Қортып келгенде, ұлттық рух – ұлттың өмір сүруі мен дамуындағы рухани тірек. Ұлттың ар-ұжданын қозғап алға қарай жетелейтін, бейнесін әйгілеп, күшқуатын саулелендіретін қозғаушы күш. Жастарымызда болуға тиісті ғылым-біліммен сабақтасқан терең ойлы тектілік пен кемелді кісілік, мұқалмай асқақ тұратын ұжданды ұлттық рух өздігінен пайда болмайды, оны жастарымыздың бойына жалықпай жүргізілген тағылымды тәрбие арқылы біртіндеп сіңіруге болады. Өсер ұрпақты тағылымды тәрбиемен өзіміз баурай алмасақ, әрине, еліктіріп, баурап әкететіндер табылады. «Ертеңін ойлаған ел азбайды» дейді дана халқымыз. Сондықтан өсер ұрпаққа жүргізілетін білімдік сапа мен жалпы ұлттық рухани тәрбиені ұлт рухын серпілтудің, оны одан ары жоғары деңгейге көтерудің бірден-бір қажетті шарты деп білуіміз қажет. Өйткені, тек өз ұлтын сүйе білген терең ойлы текті ұрпақ ғана тұтас ұлт рухын жоғары көтеруге өзіндік үлесін шынайы қоса алатын болады. Олай болса, сол жаһандану уақытында ұлт болып қалудың ең тиімді жолы ұлттық тәрбиесінен келетін жеміс екенін ұмытпағанымыз абзал.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы, 1998, 2000 г.
2. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999 г.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001 г.
4. А.С.Макаренко. Тәрбие мақсаты. – 1958 г.
5. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. – А, 1995 г.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ САЯСАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ералина Айнур Ериковна**

«Томирис» медициналық колледжі» ЖШС

Мәдени саясат – қоғамның негізгі құндылықты бағыттары мен тұлғаның жасампаз бастамасын қалыптастыратын әрбір дамыған мемлекеттің басты идеологиялық тұғырнамасы. Қазіргі таңда мәдениет – әлемдегі барлық мемлекеттер дамуының маңызды басымдықтарының қатарына кіреді. Ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтау мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтарды құруды, трансляциялау мен қолдануды қамтамасыз ететін мәдени институттар мен механизмдердің тиімді жұмыс жасайтын инфрақұрылымдарының болуы дамыған мемлекеттің өлшемін көрсетеді.

Қазіргі заманғы мәдени саясатты жасауда ЮНЕСКО — Білім және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы айқындаушы рөл атқарады. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. Бүгінгі күні Ұйымға 193 мемлекет мүше. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев бастамасымен іске асырылды. Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады.«Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін. Жұмыс бағыты: бағдарлама төрт бағыт бойынша жұмыс істейді:

-ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;

-археологиялық зерттеулер;

-қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстар;

-ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құру.

Зерттеу жұмыстары

- 2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден – бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілген, олардың 28-і (35%) – 2008-2011 жылдары реставрацияланған.
- Біздің түп-тұқияндарымыз туралы көптеген мәлімет беретін ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілген. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазбалар, «скиф-сібір аң стиліне» немесе өнерге жататын табылған алтын бұйымдар әлемге әйгілі атақ алды (б.з.д. V-III ғғ.).
- Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.
- Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы керек уақытында ұсынылды. Қазіргі біздің тарихи даму кезінде бұрын-сонды болмағандай өзіміздің тарихымызды білуіміз қажет. Әсіресе қазіргі замандағы жастарға. Бағдарламалар көп болғанымен, олардың біреуіде «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен салыстыруға келмейді. Сол бағдарламаның ерекшелігі, үлкен іске ортақтастық. Әр адам өзінің үлесін қоса алады. Ол біреуге көмектесіп, әлеуметтік бағдарламаларда, қолдаушылықта және тағыда басқа қоғамдық жұмыстарға қатысудан басталады. Соған қатысты көптеген мысалдар бар. Адамдар адал ниетті жекеше бастамадан бастап, жастар өзінің рухани жаңғырғанын көрсетеді. Жаңғыру дегеніміз- даму режимі. Бұл режимде қоғамның саяси жүйесі үздіксіз кемелденіп отрады. Онда жаңғыру тенденциясы басым болады. Ол жеткілікті түрде белсенеді жаңғыруларды қабылдайды. Рухани жаңғыру дегеніміз мемлекет қаржысына уәлаят аралап, шетел аралап бой жазып, көзге түсіп көңіл көтеріп қайту емес деп отырған себебіміз де осы. Тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы қаны мен терін қоса төккен қазақ халқы тек қарнымыз тоқтығына мәз болып ұрандата берейік деген жоқ. Қазақ ұрпағымыздың ұлттық рухы, ұлттық тілі, ділі ең болмаса өз елінде әуелеп тұрсын деп, рухымыз азат, өзгелермен тереземіз тең ел болсақ деп аңсап еді ғой! ... Рухани жаңғыру – діні бөлек, тілі бөлек, салт-дәстүрі бөлек, бай елдерге еліктеу емес. Әттең, қазақ билігіндегілер осыны да түсінгісі келмейтін сияқты. Олар аузын ашса «Еуропада өйтеді, Ресейде бүйтеді» деген сияқты есірме ермеліктен шыға алатын түрі жоқ.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12 сәуір 2017 жылы қалың бұқараға жол тапқан еді. Бір жыл уақыт аралығында Елбасы басты мақсат еткен бағыттарды орындау аясында кең ауқымды жұмыстар атқарылды. Білім ошағында білім мен тәрбие саласының басты бағыт ұстанымы – жас буын жастар. Иә, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жаһандық өзгерістерге бейім, әрі патриоттық рухта тәрбиелеу қашан да өзекті мәселе болып келген. Сондықтан Президент

ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасы – бала тәрбиесіне жауапты мамандардың басты бағдарына айналуы заңдылық. Бағдарламаның мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол Ұлы Дала елінің бойында қалғып кеткен құлдық сананы ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелді. «Ұлттық код», «білім культі», «эволюциялық жол» жаңғыру терминдерін көпке жол сілтеуші темірқазыққа айналдырды. Рухани жаңғыру аясында Латын әліпбиіне көшу– заман талабы екенін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мақаласында айтып кеткен еді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақ тілі әліпбиінің тарихы тереңнен тамыр тартатынын айтып өтті. VI-VII ғасырлардан бастау алатын көне түркілердің руникалық жазуынан араб әліпбиіне ауысып, кейіннен кириллицаға көшкен сүрлеу жолды тарих беттерімен сыр бөлісті. Расымен де, латын әліпбиіне көшу қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның және ғылымның жаңа қарқында дамуынан туындап отыр. Осы орайда, колледж қабырғаларында «Латын әліпбиіне көшу: мәселе, пікір, ұсыныс» тақырыбы аясында кездесулер мен пікірсайыстар өтті. Әсіресе бұл үдеріс студент жастарымызға ғылым мен техниканы меңгеруге жол аша отырып, төл әліпбиіміздің қайта жаңғыруына мүмкіндік бермек. Жалпы, колледж жастары латын әліпбиіне көшуді қолдайды. Оған қоса, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Тұңғыш Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: – еліміздің барлық жоғарғы оқу орында- рында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру; – гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару; – мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру. Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері 2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу

үлгілері болып та- былатын кітаптармен оқуды бастайды. Сондай-ақ, Тұңғыш Президент өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Сонымен қорыта келгенде, бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағыт- бағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

Тәуелсіздік жылдарында бұл бағытта үлкен жұмыс атқарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени ескерткіштер жаңартылып, барлық әлеуметтік салалар дамып, жаңғыртылуда. Халқымыздың болашағы ең алдымен оның өзіне, рухани қуаты мен шығармашылық күшіне, ұлттық санасына байланысты. Материалдық игілікке деген табиғи ұмтылыс ұлттың рухани және зияткерлік өсу қажеттілігін тежемеуі тиіс. Руханилық пен ағартушылық әрқашан біздің халқымыздың ғасырлар бойғы тарихындағы ең күшті белгілері болды. Біздің елімізде адамдардың бақытты өмір сүріп, қоғамға пайда әкелуі үшін халықтың рухани дамуы үшін барлық жағдай жасалуда. Данышпандар айтқандай: «Отаннан сен үшін не істей алатынын сұрама, ал сен Отаның үшін не істей алатының туралы ойла». Біз біртұтас және ұлы ұлтқа жататынымызды мақтан етуге тиіспіз. Біздің жолымыз бір: рухани жаңғыру арқылы - жақсы болашаққа!

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. - 696 б.
2. Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 147-құжат.
3. Политический словарь / Под. ред. В.П. Халипова.-Москва.-1995.-245 с.
4. Драгичевич-Шешич М. Перспективы культурного развития: новые модели общейкультурной политики //Обсерватория культуры. – 2006.-№2.– С. 27.
5. Сужиков М.М. О путях сохранения межнациональной стабильности в Республике Казахстан Межнациональному согласию в Казахстане альтернативы нет. Алматы: Институт филос. НАН РК. -1993.-195 б.
6. Ғабитов Т.Қ. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 1998. – 203 (13).

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН НОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

**Арыстанова Арайлым Кенжебаевна**  
«Астана Профи» қалалық шаруашылық колледжі

Тарихымыз бен мәдениетіміз, дәстүріміз бен әдебиетіміз – қазақтың қаны мен жанынан құралған, ұлтымыздың болмысы мен бітімін ашатын ұлттық құндылықтарымыз. Бүгінгі қарыштап дамыған технологияның түрлі салдарынан немесе тың өзгерістер мен жаңа бастамалардан ажыратып, оның маңызы мен мәнін, құндылығы мен қасиетін сақтау және ол үшін жасалатын күрес – ұлттық сананы сақтау құралы.

Қазақстанның кең байтақ жері тарихи ескерткіштерге де, мәдени мұраларға да бай. Сан ғасырды, бірнеше мыңжылдықты қамтитын 30 мыңға жуық тарихи және мәдени ескерткіштеріміз жыл сайын құрылыс және өзге де себептермен бүлініп жойылуда. Негізінен, елімізде орта ғасырлық мұсылмандық сәулет ескерткіштері (ғибадатхана, мешіт, кесене) ғимараттары көптеп салынған болатын. V-VIII ғасырларда қалалар санының артуы, түрлі құрылыс жұмыстары сәулет өнерінің дамуына ықпалын тигізген еді. Бұл саланың қолөнер шеберлері конструкциялар мен формалар енгізіп, декоративті өрнек түрлерін ойлап таба бастады. Кейін бұл бастама әрі қарай өркендеп, кең етек жая бастады.

Тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, оның сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде де маңызы зор. Осы мақсатта 2004 жылы «Мәдени мұра жобасы» іске қосылды. Бағдарлама төрт бағыт бойынша жұмыс істеді:

- ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;
- археологиялық зерттеулер;
- қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстар;
- ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құру [1].

Нәтижесінде атқарылған жұмыстар өз жемісін берді. Соның ішінде:

1. 35 тарих, археология және сәулет ескерткіштері қайта жаңғыртылып, қалпына келтірілді;

2. Отызға тарта қалашықтарда, қоныстар мен қорғандарда археологиялық зерттеулер жүзеге асырылды.

3. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбалар, кітаптар мен құжаттарды іздеу, жинақтау мақсатында Қытай, Түркия, Монғолия, Ресей, Жапония, Египет, Армения, АҚШ, Өзбекстан, Батыс Еуропа елдерінің мұрағаттары мен ғылыми кітапханаларында экспедициялар ұйымдастырылды. Мұнда бес мыңға жуық Қазақстанның өнері мен тарихы, этнографиясы туралы қолжазбалар табылып, баспа беттерінде жарық көрді.

4. Облыстар мен қалалар бойынша тарих және мәдениет ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жасап, энциклопедиялық анықтамалар басып шығарды.

5. Аз ғана уақыт ішінде тарихи-мәдени мұраларымызға қатысты 218 көлемді кітап әзірленіп, жарыққа шықты.

6. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне Қожа Ахмет Йасауи кесенесі мен Тамғалы кешені енгізілді.

7. Тарихи-мәдени мұра саласындағы зерттеулерді жетілдіру, әрі сақтау мақсатында «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану» мәселелері бойынша өзгерістер енгізіп, жаңғырту отыруға Заң қабылданды.

8. Қазақстан мен Сирия, Египет елдері арасында үкіметаралық келісімге қол қойылып, Дамаск қаласының этно-мәдени орталығына, әл-Фараби кесенесінің құрылысына, Каир қаласындағы Бейбарыс сұлтан кесенесін қалпына келтіруге байланысты жұмыстар жүргізілді.

Тарихи-мәдени мұралар – бір ғана елдің қазынасы емес, бүкіл адамзатқа ортақ, әлемнің баға жетпес байлығы. Оларға келген зақым, келтірілген қауіптер әлемнің барлық халықтарының мұрасына нұқсан келтіргенмен бірдей. Сондықтан да адамзатқа ортақ мұндай қасиетті мұраларды сақтап, қорғауда ЮНЕСКО-ға мүш мемлекеттер 1972 жылдың өзінде-ақ жаһандық мәдени және тарихи мұраны қорғау туралы Дүниежүзілік мұра Конвенциясын қабылдады.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлшегі, адам ақыл-ойын, этнос қоғамын қалыптастыру мен дамытудың негізгі тетігі, тарихи қойманың аса маңызды көзі.

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жағдайында ғасырлар бойғы дәстүрлерді сақтау, оны одан әрі жаңғырта отырып кешенді жұмыстар жүргізумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, көне мешіттер мен кесенелерді, ежелгі қалаларды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандырумен, тарихи-мәдени мұражай қорықтар құрумен сипатталады.

Ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда жергілікті халық аталған тарихи-мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізсе, оның келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеуде маңызы зор.

Бүгінде 39 тарих пен мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының жобалары іске асырылып, республикалық маңызы бар 14 ескерткіш қолға алынды. Ескі Бейнеу қорымы, Бекет ата жерасты мешіті, Сисам ата қорымы, Шақпақ ата қорымы және жерасты мешіті, Қараман ата қорымы және жерасты мешіті, Ақүйік, Бекі, Уәлі, Бесінбай, Қарамола, Қызылсу қорымдары, Омар-Тұр күмбезтамы, Оғыланды қорымы, Қарағашты әулие, Кенті баба, Сағындық, Үштам, Құсшы ата, Ақшора, Мая, Бегеш, Белторан, Адай ата-Отпан тау тарихи-

мәдени кешені және өзге де кешендер қорғау аймағына еніп, тиісті жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әрине, еліміздің әрбір өңірінде ертеден келе жатқан мәдени мұралар аз емес. Сол себептен жыл сайын үздіксіз, үнемі тарихи, археологиялық, этнографиялық зерттеулермен толықтырылып отырады.

Жалпы, мәдени мұра заттық және бейзаттық деп екіге бөлінеді. Заттық мәдени мұраға ескерткіштер мен жәдігерлер жатса, бейзаттық мұраға эпикалық мұра, ұлттық музыка, айтыс, күй өнері, шешендік өнер, фольклор, салт-дәстүр, қолөнер, ұлттық ойындар, мифология және тағы басқа жатады. Еліміз егемендік алғаннан бергі отыз жылда технологиялық және әлеуметтік жаңғыру процестерінің жылдам дамуы мен жерде өндірістік, шаруашылық салаларына игеру кең етек алды. Бұл өз кезегінде әр түрлі маңыздағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жойылуы мен олар орналасқан мәдени ландшафтының бұзылуы әкеліп соқты. Өткенге көз жіберсек, еліміздегі археологиялық ескерткіштер адами факторлардан бірнеше бұзылуларды бастан өткерген: Алғашқысы – патшалық Ресейдің Қазақ даласын отралаудағы басты құралы – казак отрядтары мен жаппай қоныстанған келісмектердің Қазақ даласында алтын іздеп, арнайы түрде обаларды шахталық әдіспен жаппай тоналуары. Кейбір казак жасақтарының құрамында мыңға дейін адам болған деген деректер бар. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың ортасында казак жасақтарынан тыс Қазақ жеріне әр түрлі мақсатпен келген экспедициялар, саяхатшылар ел мұрасын өзге елге сұраусыз әкетіп отырған.

Екіншісі – кеңестік кезеңдегі тың игеру уақыты. Жоспарды асыра орындау үшін қажетті, қажетсіз мақсатта жерлер жыртылып, бар-жоғы үш-ақ жылда елімізде мыңдаған ескерткіштен мәдени ландшафтысымен бірге бұзылды. Бірақ бұл кезеңде Қазақстан бойынша археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, 1960 жылы алғаш рет Қазақстанның археологиялық картасы жасалған еді. Тәуелсіздік алып, теңдігімізді қолтығымызға қыса бергенде, археологиялық ескерткіштер жаппай бұзылу мен тонаудың үшінші ірі сатысынан өтті.

Ескерткіштер – елдің тарихы. Тарих пен бүгінгі күнді байланыстырушы, жалғастырушы құрал. Тарихын танымаған ұрпақтан мемлекеттік сана мен елдік мұрат шықпайды. Тарихи мұраларды сақтау және қорғау жөніндегі заң бойынша жер, не су астында көмулі қалған археологиялық мұра нысандары (тас жәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі қала жұрттары, обалар, жартастағы суреттер, қоныстар мен тұрақтар) мемлекеттің меншігі мен қорғалуында болуы керек. Мемлекеттік меншіктегі ескерткіштерден тыс жыл сайын жаңа ескерткіштер табылып жатады. Негізінде, археологиялық ескерткіштерде жүргізілетін зерттеу жұмыстары арнайы лицензия арқылы жүзеге асырылады. Қазба жүргізген әрбір жеке тұлға жәдігерлерге зерттеу жұмыстарын жасап болғаннан кейін мемлекеттік музей қорына тапсыруы тиіс.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім» деп жазған [3]. Ескерткіштерді



қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған. Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жойылуына алып келеді.

Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ескерткіштерді қорғау – елдіктің белгісі - Егемен Қазақстан  
<https://egemen.kz/amp/article/188290-eskertkishterdi-qorghau-%E2%80%93-eldiktinh-belgisi>

2. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен сақтаудың маңыздылығы  
<https://naqtygazeti.kz/ru/tarihi-m-deni-eskertkishterdi-or-au-men-sa-taudy-ma-yzdyly-y/>

3. Мұраларымызды сақтаймыз десек, заңсыз көмбе іздеушілерді құрықтау ...  
<https://kazgazeta.kz/news/125062>

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

**Кептербаева Алтынгүл Сағынтайқызы**

**Баймұхамедова Айжан Абдукаримовна**

«Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС

Өткен ғасыр басында еліміздің азаттығын аңсап, арманын өлеңмен өрген көрнекі ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Ақмола губерниясының Петропавл уезінің Полудин болысында дүниеге келген. Сыршыл ақынның туған жері қазіргі күні Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданына қарайды. Кезінде Мағжан туралы академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың маңыздылығы ағылшындар үшін - Шекспирдің, орыстар үшін – Пушкиннің маңыздылығынан кем емес» деп баға берген екен.

1905 жылдан 1910 жылға дейін Мағжан Петропавл қаласының медресесінде (діни семинарияда) оқиды, онда медреседе білім алушылар араб, парсы, түрік тілдерін негізгі пән ретінде үйретті; түркі халықтарының тарихы зерттелді. 1910 жылы Қызылжар (Петропавл) қаласының медресесінен білім алып шыққан соң, Мағжан өзінің оқуын жалғастырған. Болашақ ақын ауылдас досы Бекмұхаммед Серкебаевпен (Қазақстан жазушылар одағының алғашқы мүшелерінің бірі, әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) Уфа қаласына жолға шығып, жоғарғы рухани оқу орнына («Ғалия» медресесі) оқуға түскен. с

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық жолы 1909 жылы, осы «Ғалия» мересесінің қабырғасында жүргенде басталды. Алғашқы «Шолпан» жинағы (қазан, 1912) кеңінен танылуына жол ашқан.

Осы кезеңде ол өзінің шығармашылығына үлкен әсер еткен адамдармен танысады, атап айтқанда, бұл Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов, Григорий Потанин сияқты сол заманның майталмандары еді. Соңғысы Мағжанмен алғашқы кездесулерден кейін жас жігіт болашақта екінші Шоқан Уәлиханов болады деп болжаған. Ұлы ғалымның болжамы орындалды: Мағжан Жұмабаев кейіннен ірі түрколог-ғалым, тарихшы, лингвист, орыс классикалық мектебі рухындағы педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқулықтардың, «Педагогика» кітабының авторы ретінде танымал тұлға боп қалыптасты.

Осы жерде қазақ даласындағы оқиғаларға қатысты аздаған шегініс жасау керек. 1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. Алаш орданың құрылуына қатысты тарихшылар көптеген деректі келтіреді. Тарих ғылымдарының докторы А. Мұсағалиеваның Алаш қозғалысының тарихына қатысты еңбегінен мынадай мәліметтер алуға болады 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. 1917 жылы Қазақ съездері Орынбор (Торғай

облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) т.б. қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізуге ұлт зиялылары белсене кіріскен. Осы жылдың жазы мен қысында Мағжан Орынборда Ақмола облысының делегаты ретінде екі жалпы қазақ съезінде «Алаш» партиясы мен «Алаш Орда» үкіметін құруға қатысады.

Партия мен үкімет құрылған бірінші жалпықазақ съезі 1917 жылы 21-28 шілдеде өтті. Онда 14 мәселе қаралған: Мемлекет билеу түрі; Қазақ облыстарындағы автономия; Жер мәселесі; Оқу мәселесі және т.б. Алаш орда үкіметінің екінші съезі, яғни екінші жалпықазақ съезі 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен. Съезде қаралған маңызды мәселелерге: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі т.б. жатқан.

Бұл ел тарихындағы шешуші кезеңдердің бірі болды. Қаншама ғасыр бойы көшпенділік салтын ұстанып, ұланғайыр даланы «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қорғап келген еліміздің Ресей бодандығына енгеннен кейінгі бір серпіліс кезеңі деп атауға да болады. Яғни Ұлы дала төрінде ұлт болып қалудағы сыни кезең еді. Өзінің дербес жолы бар, саяси ұстанымы бар көзі ашық, көкірегі ояу алаш белсенділері осы жолда бар күшін салды. Бірақ мұның соңы қандай салдарға әкелгені баршамызға аян.

20 жылдардың бірінші жартысында Мағжан Жұмабаев Ташкентте тұрақтанып, онда «Ақ жол» газетінде жұмыс істейді, жергілікті «Шолпан», «Сана» журналдарында туындылары басылып шығады. Осы уақытта әйгілі «Батыр Баян» поэмасын жазып шығады. «Батыр Баян» Абылай хан мен оның батыр билерін дәріптеуге арналған туынды екенін атап өту керек. Кенесары, Науандар, Қойлыбай сияқты бақсылар Мағжанның сүйікті кейіпкерлері. Ташкентте оның екінші өлеңдер жинағы 1923 жылы жарық көрді.

1923 жылы ақын Мағжан Жұмабаев Түркістан Республикасынан Мәскеуге В.Брюсовтың жоғары әдеби-көркемсурет институтына жіберіліп, онда жазушылар бірлестіктерінің, атап айтқанда, ақындар одағының қызметімен танысты. Ол «Алқа» деп атаған және ұйымның бағдарламасын жазған қазақ жазушыларының әдеби бірлестігін құру туралы ойлады. Ол әртүрлі қалаларда тұратын жазушыларға танысу үшін пошта арқылы жіберіліп, жақтастарын тапты. «Алқа» бағдарламасы хат-хабарларда мақұлданды, бірақ жиналыс болмағандықтан қабылданбады. «Алқа» ұйымдасқан түрде ресімделмеген күйінде қалды. Әдеби бірлестік құру ниетін большевиктер билігі ұлтшылдықтың белгісі, алашордалықтардың кеңестік жүйеге қайта тірілуге және зиян келтіруге тырысуы деп таныды. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың Қазақстан ақындары мен жазушыларын біріктіру идеясы кейіннен 1934 жылдың жазында КСРО жазушыларының бірінші съезі ашылғанға дейін үш ай бұрын Қазақстан Жазушылар Одағының құрылуында көрініс тапты. Бірақ кейінірек оның негізін қалаушылар Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіров 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, атылды.

1927 жылы Мағжан Петропавлға оралып, педагогикалық техникум мен советтік партия мектебінде оқытушы болып жұмыс істейді. Осылайша көрнекі тұлғаның өміріндегі тағы бір маңызды сатысы басталып кетеді.

Ақмола облысы «Алаш» комитетінің құрамына кірді; «Алаш Орданың» Білім істері жөніндегі комиссияның төрағасы болып сайланды.

1929 жылы Мағжан Жұмабаев қамауға алынып, 10 жылға сотталды, оған 1921 жылы жасырын «Алқа» тобын құрғаны үшін айыптады, дегенмен бұл топтың толыққанды ұйым ретінде қызмет жасамағанын жоғарыда айтып кеттік.

Алашордалық, пантюркист және жапон тыңшысы ретінде Жұмабаев Петропавлда қамауға алынып, кейін 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Сотқа дейін ол Мәскеуде, Бутыркада отырды, ал Карелия мен Архангельск облысында, атап айтқанда, әйгілі Соловецк лагерінде мерзімін өтейді.

1935 жылы лагерьде болған кезде Мағжан Максим Горькийге хат жазады, әйгілі жазушы оны түрмеден мерзімінен бұрын босатуға көмектесті. 1936 жылы Петропавлға оралып, Пушкин атындағы кіші орта мектепте орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеді, бірақ көп ұзамай «алашордалық» ретінде жұмыстан шығарылды. Ол Алматыға баруды шешеді, сол жерде өлкетану мұражайына жұмысқа орналасады. Жаңа жұмысқа үйренісіп үлгермейді - ол қайтадан жұмыстан шығарылды. Өзінің жағдайына, көңіл-күйіне қарамастан, ол «Жамбылға», «Тоқсан тоғыз» атты туындыларын жазады.

1937 жылы 30 желтоқсанда Мағжан қайтадан қамауға алынып, 1938 жылы 19 наурызда «халық жауы» ретінде атылды.

Осынша ауыр тағдыр иесінің есімін сол кездегі билік өкілдері ұрпақ санасынан өшіру үшін бар күшін салады. Туған туыстарының өзі ұмытуға шақ қалған ақын 1960 жылы 8 шілдеде ақталды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Жетписбаев Б. А. Образные миры Магжана Жумабаева: электронный ресурс. — Алматы: NURPRESS, 2014. — (Электрондық кітап).
2. Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтама. — Алматы: Аруна. — 2010. — Б.208-209.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиеті: тұжырымдамалар мен жанрлар. — Астана: Фолиант, 2010. — Б. 504.
4. Султанбеков М. Синий меридиан. Алашорда. Аттила. — Семей: Семей-Печать, 2013. — Б. 325.
5. Султанбеков М. Мағжан Жумабаев // Вести Семей. — 2014. — 27 мая. — Б.5.
6. Электрондық ресурс <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2037902-alas-or-da-tarixy-qalai-quryldy-zane-negizin-qalausylar/>

## ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

**Бектаева Жазира Жусуповна**  
**Темирхан Томирис Адильхановна**  
Кәсіптік білім беру мектеп-колледжі  
Қазақ ұлттық хореография академиясы

Қазіргі таңда шамамен кез келген ақпарат және қоғамдық ойды оңай табуға болады, ал әлеуметтік желілер тек қарым-қатынас тәсіле ғана емес, сонымен бірге көпшілік алдында пікір алмасу алаңына айналған. Күнделікті ақпарат көздерін ашып қалсақ, тәуелсіздік кезден бастап қазіргі уақыт аралығындағы саясатты ақтарып, адамдар әр қалай айтып жатады. Ал мен үшін тәуелсіздік кезеңінде, яғни 1991-2023 жылдар аралығында, еліміздің қандай күйде екенін зерттеу қызық болды. Оны мен қарапайым халықтан сауал мен сұрақтар және сұхбаттар арқылы зерттеуді жөн көрдім. Өйткені мен үшін өткеннің қоғамдық өкілдері мен тарихи танымдардың әсерінен қалыптасқан және сонымен бірге өткенге әлі жата қоймаған кезеңнің естеліктерін сақтай отырып, Қазақстан тарихының соңғы 32 жылындағы зерттеу қызықты кейс болып табылады деп ойлаймын.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары қайта қарастыруға талпыныс жасай отырып, біз тақырыпқа деген өзіміздің зерттеушілік қызығушылығымызды ғана емес, зерттеудің практикалық маңызын қарадық. Жалпы зерттеу барысы Астана қаласында жүрді.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстанның 32 жылдық тарихын азаматтардың көзқарасы арқылы ұсыну. Ал бұл кезеңде болашақта қоғамды топтастыру мен азаматтық бірегейлік қалыптастырудың берік негізі болады деп ойлаймын.

Зерттеу барысында біз келесі сұрақтарға жауап табуға тырыстық:

1. Тәуелсіздікке қол жеткізу қалай жүрді?
2. Қазақстан Тәуелсіздік уақытындағы тұлғалардың рөлі қандай болды?
3. Мемлекеттік саяси қайраткерлерден кімдерді атауға болады?


Тәуелсіздіктің 32 жылын Қазақстан қоғамы қалай еске алып, қалай қабылдайтынын түсіну мақсатында талқылау әдісін жүгінуді жөн көрдік. Бұл анализ үшін кеңінен қолданылатын сапалық зерттеулер әдісі, берілген тақырып бойынша өкілдермен өтетін модераторлық топты құрыдық. Жаппай тек сауалнамаға қарағанда, дректерді жинауға нақты бағытты белгілемейтін және «қоғамдық пікірді» баспақы қалпында сақтап, ауқымды көзқарасты жеткізуге мүмкін берді.

Қатысушыларды төрт буындық топқа бөлдік. Буын дегеніміз бір кезеңде туылған адамдар тобы ғана емес, белгілі бір маңызды тарихи оқиғадар мен өзгерістерді бірге басынан кешірген адамдар тобы. Карл Мангейннің пайымдауынша тұлғаның одан әрі қалыптасуында реформалық буын (1970-1983), миллениалдар (1984-1999) мен центениалдар (2000 жылдан туылғандар) Осы буындармен зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

1. Тәуелсіздікке қол жеткізу қалай жүрді?

1991 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы әлі өткен шаққа жылжып, тарихқа айналған жоқ. Бірақ тәуелсіз Қазақстанның соңғы үш онжылдықтағы сұлбасы қоғамның ұжымдық жадысында белгілі бір сипатқа ие.

Халық үшін тарих пен естеліктердің сенімділігі екінші дәрежелі болғандықтан, осы зерттеудің мақсаты бірлескен өткен кезеңдердің дәл егжей-тегжейлі және дәйекті бейнесін жаңғырту емес. Біз осы зерттеу аясында Қазақстан Республикасы қазіргі тарихының негізгі сұлбасын сызуға ұмтылып, қайсысы өткенді ұжымдық қабылдауға айқын көрінетін ескере отырып, анықтауға тырыстық.



## 2. Ел тарихындағы тұлғалар


Қазақстанның тарихы, басқа елдегідей, саяси құрылымды, әлеуметтік және мәдени элитаны құрайтын адамдардың тарихымен тығыз байланысты.

Осы орайда бірнеше күннің сауалы мен қарапайым халықтың сол кездегі көз алдындағы оқиғалардан қоғамдағы орын алатын тұлғалардың есімдері аталды. Бұл саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, шығармашылық, мәдени салалардың өкілдері. Негізгі тұлғалардың тізімін әзірлегеннен кейін, аталған қайраткерлердің әрқайсысының қосқан үлесін бағаладық. Осылайша, олардың рейтингісін «оң», «екіжақты» және «теріс» керттерілермен дерек жинадық.

Талқылау барысында респонденттер 107 адамның есімін атады. Төмендегі диаграммадан көріп отырғандай, олардың 47 пайызы - саясаткер, 38 пайызы - мәдениет және спорт қайраткерелі, 18 пайызы - қоғам қайраткерелі мен кәсіпкерлер.

Талдау көрсеткендей, адамдар саясаткерлерді басқа сала өкілдеріне қарағанда жиі атайды. Атап айтқанда жеке тұлғаларды бөлуден саясаткерлердің үлесі -50% асады. Орташа алғанда, 2-7 саясаткер бірнеше рет қайталанды. Қоғам қайраткерлері, бизнесмендер мен мәдениет, спорт қайраткерлеріне келетін болсақ, әрбір адамды орташа есеппен 1,8 рет қайталанды.

1-сурет Тұлғалар және жеке адамдар




Әр түрлі буын өкілдерінің тұлғаларды атауларын талдау динамикасы қызық мәліметтерге толы. Мемлекет және саяси қайраткерлердің танымал тұлғалары арасында реформалық буын мен миллениалдар жиі аталады.

Тоқырау кезеңінің буыны мен центениалды саяси қайраткерлерді сирек еске алады. Бірақ, қоғамдық қайраткерлер мен кәсіпкерлер жайында көп айтады.

2-сурет

Тұлғалардың түрлі буын өкілдерімен аталып өтуі




Жалпы респонденттер арасында негізгі тұлғалардың ел дамуындағы рөлі оң болып бағаланды (60%)

Алайда әртүрлі сала өкілдерінің қосқан үлесіне деген көзқарастардың бір-бірінен айырмашылықтары бар. Осылайша, саясаткерлердің рөлі бәрінен де нашар бағаланады. Аталған адамдардың 41%-ы оң әсер етті, ал 42%-ының рөлі екі жақты, не жақсы не жаман емес деп бағаланды. Аты аталған тұлғалардың 18%-ы теріс баға алды.

Қоғам қайраткерлері мен бизнесмендердің қосқан үлесі неғұрлым оң қабылданады: 59%-ы оларды оң деп бағаласа, 32%-ы екі жақты және тек 9%-ы теріс деген баға берді.

Сонымен, мәдениет және спорт қайраткерлерінің рөлі толықтай оң бағаға ие болды. Аталған есімдердің 92% -ы оң мағынада болды.



Жоғарыда аталып өтілгендей, талқылау барысында аталған аттардың көпшілігі мемлекет және саясат қайраткерлеріне қатысты (барлығы 46 адам). Бұлар көбінесе соңғы 30 жылда Қазақстанда жоғары мемлекеттік қызмет атқарған адамдар.

Алынған мәліметтер негізінде саяси қайраткерлерді атаудың шартты рейтингін құруға болады. Сонымен, барлық талқылау кезеңде Н. Назарбаевтың, Қ. Тоқаевтың және Әбілязовтың есімдері аталды. Алты топта А. Сәрсенбаев, З.Нұрқаділов және И.Тасмағамбетов аталды. Саясаткерлердің арасында Р. Әлиев, Д. Назарбаева, М. Жәкішев сияқты тұлғалар да салыстырмалы түрде жиі аталады.



Н. Назарбаевтың тұлғасы қазақстандықтар арасында қарама-қайшы пікір туғызады. Бір жағынан, еліміздің бейбіт жолмен дамуындағы Тұңғыш Президенттің шешуші рөлі туралы игі әңгімелер бар. Ел ішінде де, көршілес елдермен қарым-қатынаста да бейбітшілік пен келісімді сақтау Н. Назарбаев саясатының арқасында жүрді деп есептеледі. Бұл Қазақстанды басқа посткеңестік елдерден жақсы жағынан ерекшелендіреді.

Мұндай пайымдаулар негізінен Н. Назарбаевтың тұлғасына көбірек адалдық танытатын 50 жастан асқан буын өкілдеріне тән екенін айта кеткен жөн.

*Елбасымыздың арқасында бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз деп ойлаймын. Мысалы, Ауғанстан, Қырғызстан сияқты көрші елдер де бізбен бірге*



*КСРО-дан шықты. Бірақ біздің олардан айырмашылығымыз - бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымыз. Бізде терактілер, қақтығыстар жоқ (55-тен асқан әйел адам)*

Бұл ретте оның ел басқарған кезеңдеріне байланысты «жақсы және жаман Назарбаев» туралы дискурс қалыптасты. Осылайша, 90 жылдары, ол жаңа сайланған кезде, қазақстандықтардың нақты қолдауы мен құрметіне ие болған басшы деп саналатын. 50 жастағы буын өкілдері 90 жылдардың басында алғаш рет Назарбаев үшін саналы түрде дауыс бергендерін еске алады.



Қ.Тоқаев. Еліміздің қазіргі президенті Қ. Тоқаевтың қосқан үлесіне қатысты респонденттердің көзқарастары да оң және екіжақты болды. Егер Н. Назарбаев жағдайында мұндай пікірлер оның мұрасының анық еместігіне қатысты болса, Тоқаев жағдайында қатысушылар қорытынды жасау үшін өкілеттілігі тым қысқа деген тұжырым береді.

Бұл орайда Тоқаевтың Назарбаевтан айырмашылығы жоқ деген пікір бар, «олардың шыққан ортасы бір». Мүмкін, бұл аға буынның екінші Президентке деген сенімімен түсіндіріледі. Респонденттерге оның білімі, зиялылығы және БҰҰ-дағы жұмыс тәжірибесі ұнайды: «БҰҰ елшісі болып, ол Қазақстан үшін көп нәрсе жасады» (әйел, 50 жаста).



М.Әбіләзов.Тіркелмеген «ҚДТ» (орыс. ДВК) партиясының жетекшісі Мұхтар Әбіләзов Тәуелсіздік кезеңіндегі көбінде жағымсыз кейіпкер ретінде қабылданады. Респонденттердің бір бөлігі оның елдің дамуына қосқан үлесін түсініксіз, ал екінші бөлігі теріс деп бағалады.

Оның рөлін екіұшты бағалау Әбіләзовтың кезінде өзі қазір сынап отырған саяси режимнің бір бөлігі болғандығынан туындайды. Сәйкесінше, оның ниеттерінің шынайылығына деген сенім жоқ. Теріс пікір білдірген респонденттер одан алауыздықты тарататын және дамуға кедергі жасайтын адам деп біледі.

*Мұхтар Әбіләзов - халық қамын ойлайтындардың бірі. Жамандықтың барлығы оған ілінді. Сіз үкіметке қажет деп Мәскеуде гимарат салынғанын білесіз бе? Содан кейін алды да, оны соған жапты. Оны әлі күнге дейін елге жібермейді, неге? Себебі адамдар оны қорғайды*



З.Нұрқаділов.Заманбек Нұрқаділовты да соңғы 30 жылдың басты тұлғаларының бірі ретінде еске алады. А. Сәрсенбаевтың жағдайындағыдай, оның өлімі қазақстандықтар үшін үлкен соққы болды. Талдау оның тұлғасына деген көзқарас оң және екіжақты екенін көрсетті. «Заманбек Нұрқаділов көп жақсылық жасады. Ол тарихта қарапайым, әділ адам ретінде қалды» (әйел, 41 жаста)



И.Тасмағамбетов.Республикада жоғары лауазым атқарған

Иманғали Тасмағамбетовті де зерттеуге қатысушылар алдыңғы қатарда атап өтті. Сонымен қатар, оған деген көзқарас көбінде оң. Ең алдымен респонденттер Тасмағамбетовтің әкім болған қалаларды дамытуға қосқан үлесін атап өтеді: «Мен ол жайында оң көзқарастамын. Өйткені ол Атырау облысының, Астана мен Алматының әкімі болған. Барлығы ол туралы айтқанда күлімсірейді» (ер адам, 22 жаста, орысша ФТ). Сондай-ақ, оның мәдениетті қолдау мен шығармашылық интеллигенцияға деген қамқорлығы туралы айтылды: «ол елдегі руханияттың дамуына алғаш үлес қосқан қайраткерлердің бірі» (ер адам, 46 жаста, қазақша ФТ).

Барысында басқа саясаткерлер аз айтылды және олар туралы пікірлер аз болды. Дегенмен, олардың ел дамуына қосқан үлесін бағалай отырып, қазақстандықтардың ұжымдық жадында із қалдырған тұлғалардың келесі топтарын атап өтуге болады:

- Жағымды кейіпкерлер қатарында: Серікболсын Әбділдин, Мұрат Оспанов, Нұрлан Балғымбаев, Мұхтар Жәкішев және Асхат Аймағамбетов секілді тұлғалар жиі кездеседі.

- Екіжақты кейіпкерлерге: Әкежан Қажыгелдин, Жанболат Мамай, Кәрім Мәсімов жатты.

- Теріс кейіпкерлер: Дариға Назарбаева, Рахат Әлиев және Әміржан Қосанов.

қоғам қайраткерлері мен бизнесмендер саясаткерлерге қарағанда аз аталды. Бұл тізімге барлығы 19 адам кірді, олардың арасында О. Сүлейменов, М. Ломтадзе, Т. Әубәкіров сияқты тұлғалар жиі аталған.

Талдау көрсеткендей, үш адам жағымды пікірлер тудырады. О. Сүлейменов Семей ядролық полигонын жабуға үлес қосқан қайраткер ретінде қабылданады. Kas-ri bank басшысы Михаил Ломтадзе банк қызметтері нарығында революциялық өзгерістерге алып келді және өте ыңғайлы банк қосымшасын жасағаны үшін жағымды кейіпкерлердің қатарына жатқызылады. Тоқтар Әубәкіров өзінің ғарышқа ұшқан алғашқы қазақ мәртебесінің арқасында оң бағаға лайық болды.

Тізімді одан әрі саралайтын болсақ, жағымды ой тудыратын қоғам қайраткерлеріне Мұхтар Шаханов, Әбіш Кекілбаев және Досым Сәтпаев жатқызылды. Сара Назарбаева, Марғұлан Сейсембай, Айдын Рахымбаев және Мұхамеджан Тазабек сияқты тұлғалар жөніндегі пікірлер екі жақты.

Жоғарыда айтылғандай, барысында тәуелсіздіктің ең маңызды тұлғаларының қатарында мәдениет пен спорт адамдары көп болды. Барлығы 41 адам аталды. Олардың үлесі шамамен барлық оң бағаланды.

Бұл топтағы ең көп айтылатын кейіпкер — әлемге әйгілі қазақстандық әнші Димаш Құдайбергенов. Барлық оның ел беделіне қосқан оң үлесі атап өтілді.

Сонымен қатар, Димаш тәуелсіз Қазақстанның символдарының бірі ретінде қабылданады.

Мәдениет қайраткерлерінің арасында Батырхан Шүкенов, «Ирина Кайратовна» және Ninety One топтары, Иманбек, Мейрамбек Беспәев, Данәлия Төлешова және басқа да орындаушылар бар.

Спортшылар арасында Денис Тен, Геннадий Головкин, Илья Ильин, Серік Қонақбаев, Серік Сәпиев, Жақсылық Үшкемпіров және т.б. қайраткерлер аталды.

Негізінде, біздің халықта саясаткерлер туралы теріс көзқарас бар, ал мәдениет қайраткерлері дамудың күші және мақтанышы болды.

Бізде бірде-бір ғалым, жазушы жоқ екенін қосқым келеді. Зиялы қауымнан, әрине, бірнеше адам бар, бірақ олардың саны өте аз. Ең алдымен саясаткерлер, эстрада жұлдыздары және тарихи тұлғалар мақтанышы болып табылады.

Біздің зерттеу талдаудың негізгі мақсаты қазақстандықтардың біздің таяудағы ортақ өткен шағымыз туралы ұжымдық түсініктерін білу және саралау, зерттеуге қатысушыларға өткенге баға беруге мүмкіндік беру болды. Өйткені, қоғамдық тарих саласындағы жұмыстың маңыздылығы өткеннің бейнесін жасауда емес, оларды мұқият түсінуде жатыр. Өткен қателіктерді, сәтсіздіктер мен қиындықтарды ашық талқылау арқылы ғана жарқын болашаққа қадам жасай аламыз. Сондықтан, осы орайда біз топтық пікірталастарға қатысушыларымыздың айтуынша, тәуелсіз Қазақстанның 32 жылдық жолын осы бөлігінде біз қазақстандықтардың елдегі өмірдің түрлі салаларын, соның ішінде әлеуметтік инфрақұрылымды, бірегейлікті, тілді, мәдениетті, халықаралық қатынастарды қабылдауын жинақтауға және талдауға тырыстық. Біз тәуелсіз Қазақстанның белгілі бір саладағы нәтижелерін қорытындылауға бағыттамай, олардың ең жиі қайталанатындарын ғана атап өтіп, қорытынды бойынша тәуелсіздіктің 32 жылдық кезеңін бағалау барысында байқағанымызша, топтық пікірталасқа қатысушылар көбінесе өмір сүру деңгейі мен сапасына, экономикалық дамуға, мемлекеттік басқару сапасы мен ішкі саясатқа сілтеме жасады.

Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады. Ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы- Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларынан күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, бұл керемет болар еді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Алматы «Атамұра»-2021ж. Аяған Бүркітбай. Ауанасова Әлима. Сүлейменов Арман.
2. Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет. «Тарих айдынындағы тұлғалар» Әбілсейіт Мұқтар Алматы-2013.

3. Қазақстан халқының тарихи тұлғалары 3-ші кітап Алматы-2014.
4. Қазақнама-Алматы-2008 Тәңірберген Қамлаханов.
5. Қазақстан тарихының ғылыми танымдылық басылым. Алматы Атамұра-2013. Жамбыл Артықбаев, Әділхан Пірманов.

## **ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – МАҚТАНЫШЫМ**

**Толеуова Назым Бейбитказыевна**  
**Махан Мөлдір Ерсіңқызы**  
«З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық»  
жоғары медициналық колледжі»

Тәуелсіздік-қазақ елі үшін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. ХХІ ғасырдың ұлы жетістігі – қазақ халқы үшін егемендік алып, көк туымыз желбіреп, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сондықтан да, біз үшін Тәуелсіздік күні-ең қастерлі күн. «Тәуелсіз елім» деген жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Тәуелсіздік-қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Айта берсе жалғаса берер еліміздің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарымыздың ерен ерлігінің арқасы деп білемін. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Міне, Қазақстан осы 30 жыл ішінде зор жетістіктерге қол жеткізіп отырған мемлекет. Көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктеріміз, асқан асуларымыз мен бағындырған жаңа белестеріміз аз емес. Біздің еліміз саяси, әлеуметтік және де халықаралық тұрғыдан Орта Азияның көшбасшысына айналды деп санаймын. Біздің бүгінге дейінгі барлық жетістіктеріміз - Тәуелсіздіктің арқасы. Осындай берекелі елде тұру мен үшін үлкен бақыт. Қазақ халқы берекелі! Кең байтақ Қазақ елі ынтымағы жарасқан, бай – қуатты, берекелі ел. Еліміздің әсем де көрікті -Астанадай елордасы мен білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Қазіргі таңда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуроодақ, Халықаралық Валюта Қоры және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдарының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр. Біз Тәуелсіздіктің аз ғана жылдар ішінде халықаралық дәрежедегі Қысқы Азия ойындарын, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының форумын жоғары деңгейде өткізіп, ел мерейін асқақтатқан болатынбыз. Сонымен қатар, еліміз 2017 жылы «Ехро» көрмесін өткізуге үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді. Яғни, қазақ елі бұдан да танымал болды. Бұл, біз үшін қуантарлық жаңалық. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алағанын мақтанышпен айтсам, артық айтқаным болмас. «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» - дейтін даналықтың шындығында, еліміздегі барлық ұлттардың достық пен татулықта, келісімде тұрып жатқаны бәрімізге аян. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың осыншалықты тамыр тартуы мемлекет құрушы қазақ халқының мейірбандығы мен қонақжайлығына үйренген басқа ұлттардың өзара татулығының нәтижесі деу орынды. Қазақстан

достық пен ынтымақтың жерұйығы деуге әбден лайық. Менің ойымша, қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы - елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестіріуі, тәуелсіз еліміздің жетістігі деп білемін. Міне, бүгінгі күнде еліміз бақытты күн кешуде. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - қасиетті Қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Мың жаса тәуелсіз Қазақ Елі! Тәуелсіз елім-гүлденіп, өсе бер! - деп тілеймін. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Елімізді әрі қарай көркейтетін мына біз болашақ жастар боламыз! Біздер, жас ұрпақ , тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі болашақ ұрпақ – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің ертеңі екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. Мен осындай бейбіт және тату елде тұрып жатқанымды мақтан тұтамын. Мен – егеменді елімнің ертеңімін. Мен де тәуелсіздік елімнің табысына мақтана отырып, ортақ мақсатқа бір кісідей жұмыла түсуім, менің болашақтағы міндетті парызым. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын Мағжан Жұмабаев атамыз болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Болашақта Қазақстанды дамыған өркениетті отыз елдің қатарына енгізетін – ол бүгінгі біздер жастармыз. Біз жастар – елдің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу, ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ортақ отанымызды дамыту мен көркейту – біздің мүдделі мұратымыз.

## ТӘУЕЛСІЗДІК -ЕЛ БАҚЫТЫ

Ордабаева Зайрагул Киябаевна

Амангелді Асел

«Басқару колледжі»ЖШС

*Тәуелсіздік бізге оңай келмеді.  
Асау аттай өз тізгінін бермеді.  
Қазағымның алтын басын иілтіп,  
Талай дұшпан төрімізге төрледі.*

Біздің Ата бабаларымыз неше ғасырлар бойы өз алдына тәуелсіз ел болуды аңсады. Тәуелсіздіктің жолында ер жүрек апа ағаларымыз батырларымыз елі жері үшін оқ қа да ұшырады. Ақын жазушыларымыз тәуелсіздік үшін күресті. Мысалы 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады. Тәуелсіздік Ата бабаларымыз армандаған асыл армандардың бірі екенін біз келешек ұрпақ жақсы білеміз. Келешек ұрпақ жалынды жастар осы Ата бабаларымыздың терімен ерен еңбегімен келген салып берген сара жол тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақпыз. Тәуелсіздік біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір осы Тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап шекарамызды ресми бекіту жолында көп күш жұмсалды. Сондықтан бабалардың қанымен келген киелі құндылық-Тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, ұлан байтақ Отанымызды қастерлеп қорғап кейінгі ұрпаққа аманаттау парызымыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мемлекет, халық және әрбір азамат өзінің болашағын жасауды шынайы бостандағына қол жеткізді. Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, хх ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңмен есте қалды. 1916жылы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, сексен алтыдағы желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жанына ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Желтоқсанның ызғарынан өткен күннің естеліктері қаоғандай, жүрегімізді бір қарып өткенмен сол жастардың арқасында тәуелсіздігіміз есік ашқаны көңілге қуаныш ұялатады. Еліміздің болашағы үшін жанын беріп, осы күнді бізге табыстап кеткен азаттықты бағалау, қастерлей білу әрбір Қазақстандық азаматтың парызы. Сондықтан тәуелсіздіктің ақ таңы мәңгілік болу үшін әрбір адам өз тарапынан елге деген, жерге деген сүйіспеншілігін сақтап, еліміздің ынтымақ, бірлігінің бұзылмауына атсалысуы тиіс. «Бірлік барда тірлік бар», - дегендей, ынтымғамыз бен бірлігіміз жарасып, сыйластықта өмір сүрсек еліміздің іргесі сәгілмесі анық.

Бұл күндері Қазақстан - егемендігін алған жас мемлекет, алайда, оның үш мың жылдық тарихы бар қасиетті ел екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Сол уақыттан бері қазақ халқы егеменді ел боламыз деп талай тар жол тайғақ кешті, сондықтан мен тәуелсіздікті таусылмас тарих деп білемін. Тауелсіздік-

бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік-таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдыретті сөз. Тұңғыш рет қолымызға тиген тәуелсіздіктің асыл құсын ұшырып алмай берік ұстау бүгінгі ұрпақтың қолында. Сондықтан, егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру, қастерлете білу баршамыздың міндетіміз болуы тиіс.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата – бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек қателеспейміз. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Сондықтан о бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді.

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өз заңдары мен талаптары болуы қажет. Осы негізде ата заңымыз қабылданып, ата заңға сүйене отыра қоғамдық келеңсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары қабылдана бастады. Қабылданған заңдарды жүзеге асырушы сот билігі өз біліктіліктерін көрсете білді. Сонау тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі сот саласының айырмашылығы жермен көктей. Техника мен өркениеттің дамыған заманына тұспа-тұс келген біздің егемендігіміз қарыштап дамуда. Алға қарай ілгерілеу мақсатында судьялар мен сот мамандырына қажетті жағдайлар жасалып, сот мәжілістерін өткізу заманауи техникамен жабдықталып өткізілуде. Әрбір сотқа қатысушы тараптар сот шешімдерін ғаламтор арқылы оқи алады. Қазіргі техниканың дамыған заманында заңды білмейтін азамат кемде-кем. Жылдан-жылға дамып, өркендеп келе жатқан біздей жас мемлекеттің алдағы жетістіктері өте мол деп нық сеніммен айтуға болады.

Қазірде елімізге тыныштық заман орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламыз. Артқа тастаған жиырма жылдың ішінде не атқардық деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды және жүзеге асырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді. өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар да үдей түсті. Еліміздің барлық саласындағы қызметкерлерге, шет елдің түрлі саладағы мамандарымен тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады.

Бүгінде біз де еліміздің тәуелсіздік алған жылдарымен қатар өсіп келеміз, яғни тәуелсіздік атты өшпес ұғымның құрдасымыз десек қателеспеймін. Қазіргі жастар бақытты, себебі олар тәуелсіз елдің ұрпақтары. Ендігі алаңдайтын мәселе, әлемнің басқа елдеріне көз салсақ, мемлекет ішінде болып жатырған қақтығыстар, төңкерістер жүректі ауыртады. Жастарымыз түрлі діни ағымдарға еріп кетпей,



қасиетті аталардың жанын қиған оқиғалар қалған еліміз тыныш болсын деп тілеймін. Еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

### Әдебиеттер тізімі

1. Новейшая история Казахстана (1939-2005 гг.): Хрестоматия.
2. История Казахстана. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 432 с.
3. История Казахстана ( с древнейших времен до наших дней). В 5томах. Т.2. – Алматы: Атамұра, 2010.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘҢГІЛІК ЖЕРІ – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ!

Ордабаева Зайрагул Қиябаевна

Амангелді Асия

«Басқару колледжі» ЖШС

Тау да аласа, оған бақыт қонбаса!

Кең даладан, бос даладан не пайда,

Бос далада бостандығың болмаса! – деп Қадыр ақынның бостандықты жырлауы ата-бабамыздың аңсаған асыл арман, аманаты- азаттыққа үн қосып, аға ұрпақтың жас ұрпаққа артқан сенімі еді... Ақын айтқан бостандық басымызға қонған бақ болатын. Жер бетіндегі қай халық үшін де тәуелсіздіктен асқан ұлы мұрат жоқ. Болмақ та емес. Сол тәуелсіздіктің арқасында елдің кеудесі қайта көтерілді. Рухы қайта шалқыды. Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жұрт қалпын сақтап қалғаны – оның еркіндік сүйгіш ерік-жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қай кезде де өткен тарихтың өнегесін өз ұрпағы заманға сай жауапкершілікпен, кезеңге сай кемелдікпен, болмысқа сай бағамен, жағдайға сай мүмкіндікпен өлшеген. Ұлан далада сан ғасырлық қоғамдық құбылыстарды басынан өткізген ел мен халық үшін ұлы дала сахнасында болған тарихи оқиғалар ізсіз кеткен жоқ. Қазақстан небір сұрапыл соғыстарды, қайғылы күндерді басынан кешірді. Әйтсе де қазақ халқының атамекенді ардақтау, азаттықты аңсау сезімі өте терең, туған жерді қасиет тұту – қанына сіңген мінезі. Ең қасиетті де қастерлі, үкілеген тұмар-бостандық, еркіндік, тәуелсіздік болды.

Қазіргі таңда тәуелсіздіктің арқасында жеткен жеті игілігіміз.

1. Біздің лайықты әрі ұлы еліміз – «Мәңгілік Ел»

Отанымыздың он төрт мың километрден астам талассыз шекарасы оны біртұтас монолитке айналдырды. Ол барлық іргелес елдермен тату көршілестіктің шебіне айналды.

2. Ел бірлігі

Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Бірлік, береке - біздің басты байлығымыз, құн жетпес қазынамыз. Біздің рухани бірлігіміз - зайырлы мемлекет пен қоғамның басты іргетасы.

3. Төл мәдениетіміз бен ана тіліміз

Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. Біздің өнеріміз бен бай мәдени мұрамыз әлемнің рухани байлығына қосылды.

4. Индустриялық-инновациялық экономика

XXI ғасырда барлық табысты ұлттардың жолын индустриялық әлеует пен инновациялар айқындайды.

5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы

Қажырлы еңбек етудің нәтижесінде қазақстандықтар қазіргі табыстарына қол жеткізді. Еңбек әр адамды мейірбан, ал елді ұлы етеді.

#### 6. Астана

Тәуелсіздігіміздің Ұлы тарихы елорданың жаңа орамдарында, алаңдарында, саябақтары мен сәулет өнерінің туындыларында айнадағыдай көрініс тапқан. Астанаға деген сүйіспеншілік - ол отанға деген перзенттік сезім.

7. Жаһандық жауапкершілік, барша адамзатқа ортақ бастамалар Қазақстан халықаралық қатынастарда сенімді орнықтыруға, халықаралық құқық негізінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған барлық бастамаларды қолдайды.

I «Мәңгілік ел» идеясы. Ұлттық идея-ел тәуелсіздігінің берік тұғыры.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Мәңгілік Ел идеясы — қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы бұл қазақтың бүтін тарихын қамтиды.

II. Қазақстанның мәңгілік жері — Ұлы Дала елі.

Жері жоқ ел мемлекет бола алмайды, ал мемлекеті жоқ ел мәңгілік бола алмайды. Біздің мәңгілік болар негізіміз жеріміз бар. Қазақ жері қандай?

Қазақстан жер көлемі 2724,9 мың км<sup>2</sup>-ге тең. Жерінің көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына жатады. Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін қамтиды. Кіші батыс аймағы Еуропада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр. Физикалық-географиялық жағдайы тұрғысынан, Қазақстан Тынық мұхиты пен Атлант мұхитынан, сондай-ақ Үнді мұхиты мен Солтүстік Мұзды мұхитынан бірдей дерлік қашықтықта орналасқан. Оның мұхиттардан шалғай жатуы әрі аумағының үлкендігі климатының өзіндік ерекшелігін қалыптастырады. Қазақстан батысында - Еділдің төменгі ағысынан, шығысында - Алтай тауларының етегіне дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі - Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне дейін 1650 км-ге созылып жатыр. Қазақстан қоңыржай белдеудің орта және оңтүстік ендіктерінде орналасқан. Қазақстан бес мемлекетпен шектесіп жатыр. Қазақстанның Қытай мемлекетімен шекарасының жалпы

ұзақтығы 1783 км. Қырғызстанмен шекара — 1242 шақырымды, Түркіменстанмен арадағы шекара — 426 және Өзбекстанмен 2351 шақырымды құрайтыны анықталды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара құрлықтағы ең ұзын шекара болып саналады, оның жалпы ұзындығы 7591 шақырым.

Республика аумағының 10 пайызы биік таулы өңірлер үлесіне тиеді. Қазақстанның ең биік жері-Хантәңірі шыңы /6995м/, ал ең ойыс жері-теңіз деңгейінен 132 м төмен Қарақия ойысы.

Қазақстан туралы қызық деректер видео ролик.

«Ұлы дала елі» дегенде бірден Қазақстанды тануы тиіс. Ал қазақтығымызды айшықтатын дүние аз емес. Ұлы даланы мекендеген ата-бабаларымыз жабайы жылқыны алғаш рет қолға үйретті. Бұл ғылыми тұрғыдан дәлелденді де. Адамзатқа аспандағы бүркітті аулап, қолға үйреткен Алтай, Тарбағатай бүгінгі Қазақстан территориясынан шыққан адамдар. Ұлы дала екенінің негіз болатын нәрсе ме, негіз болатын нәрсе. Мысалы үшін Қазақстан - алманың отаны. Ең үлкен алма Қазақстанда. Осы атауды пайдаланып тек Алматының емес, Қазақстанның атына да пайдалануға болатын нәрсе деп ойлаймыз. Адамзат ғарышқа бірінші аттанған мекен бұл Байқоңыр. Қазақстан даласында. Ұлттық құндылықтарымыз, салт дәстүріміз бен әдет ғұрыптарымыздың өзі бір төбе. Шетелдіктер өзгесін айтпағанда түрлі ою-өрнекпен өрнектелген ұлттық киім-кешектеріміздің өзіне қызыға қарайды. Ұлттық тағамдарымыздың орны ол бөлек. Дертке шипа беретін қымыз, шұбатымыздан бастап, бауырсағымыз бен ірімшік, құртымыздың өзіне тамсанады шеттен келген қонақ. Домбыра мен қобыздан төгілген әуезді әуендерге де балқымай тұра алмайды. Қысқасы, қазақ даласын Ұлы дала елі ретінде танытатын құндылықтарымыз жетіп артылады. Тек жеткізе белсек болғаны.

Биыл Тәуелсіздік алғанымызға 32 жыл. Осы жылдар аралығында қол жеткізген жетістіктеріміз аз емес.

### III Тәуелсіздігіміздің жетістіктері

- «Қазақстан Республикасының Конституциясы»
- «Мемлекеттік рәміздер»
- «Мемлекеттік шекара»
- «Мемлекеттік тіл»
- «Жаһандық бастамалар»
- «Азаматтық қоғам»
- «Бірегейлік және бірлік»
- «Ұлттық валюта»
- «Ядролық қарусыз әлем»
- «Ғылым мен жаңа технологиялар»
- «Қазақстан Республикасының Президенті институты»
- «Отбасылық құндылықтар»
- «Ұлт саулығы»
- «Спорт жетістіктері»
- «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы»
- «Мәдениет және руханият»
- «Нұрлы жол»
- «Нұрлы Болашақ»
- «Білім»
- «Әлеуметтік жаңғыру»
- «ЭКСПО «жасыл» технологиялары»

«Индустрияландыру»  
«Қуатты Қазақстан - қуатты өңірлер»  
«Астана»  
«Мәңгілік Елдің» мәңгілік құндылықтары»  
Ұлттық валютамыз - теңге.  
Қазақстан Республикасы бес мемлекетпен шекаралас.  
Қазақстанда ЭКСПО көрмесі өтеді.  
Астана қаласы Қазақстанның елордасы.  
Қазақстан Республикасының президенті «Мәңгілік Ел» идеясын жариялады.  
Қазақстан Республикасы Конституциясы қабылданды.  
Қазақстанда рәміздер күні аталып өтіледі.  
Қазақстан ядролық қарусыз мемлекет.  
Қазақстанда қысқы универсиада ойындары өтеді.  
Қазақстан – Ұлы Дала Елі.

Қорытынды. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мына бір сөзімен қортындылағым келеді.

– Бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол – ержүрек қазақ халқы. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол – Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік Ел жасау. Біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі! Бұл – біздің тағдырымыз! Бұл – біздің таңдауымыз! Мәңгілік Елімізде бейбітшілік пен береке болсын! Халқымыз аман болсын!»

### Әдебиеттер тізімі

1. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы: Өнер, 1992. - 80 б. 29.
2. Балашов Д. М., Марченко Ю. И., Калмыкова Н. И. Русская свадьба. - М.: Современник, 1985. - 402 с. 30.
3. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. - 1994. - № 16. - С. 11-20. 31.
4. Соколова А. Л. Традиции русской народной свадьбы. - М., 2014. - 292 с. 32. П. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. - С.23-46.

## «ТӘУЕЛСІЗДІКТЕГІ ҚАНДЫ ЖОЛ»

**Ордабаева Зайрагул Киябаевна**

**Бисембай Қуандық**

Астана қаласы «Басқару колледжі» ЖШС

*Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.*

Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіз – әлемдегі ең құдіретті сөз. Ел еркіндігі. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 32 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербез ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

1991 жылы 16 желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл тәуелсіздік қанша ғасырдан бері армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындаған түбі бір Түркия елі. Тек бір ел ғана емес, барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. Еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің алдында жасалынатын көптеген жұмыстар тұрды. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасы мен валютасын қалыптастыру сынды жауапты жұмыстар тұрды. Осының бәрін отыз екі жылда орындап, әлем жұртының алдында өзіннің даңқты ел екенін мойындата білді.

Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына мыңдаған жылдар кеткеніне көз жеткіземіз. Жерімізге көз тіккен жауыз жоңғарлармен 150 жылға жуық шайқасып, ата-бабамыз қасықтай қаны қалғанша жерімізді қорғап қалды емес пе? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты батырларымыздың «Қайтсек те жауға бермейміз» деген ұранмен қол бастап, жауынгерлеріміздің рухын көтергені, Отанына деген махаббатын оятқаны бәрімізге аян. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен астасып жатқан ұлан-ғайыр даланы жат жұртқа бермеу үшін қайтпас қайсар батырларымыз жан аямай күресті. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рух жеңіске алып келді.

Пай! Пай! Пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер.

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,-деп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев жырлағандай, бұл өлке нені көрмеді десеңізші! Ғасыр ағынымен қанды шайқасты да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірді де, өзге мемлекеттердің үстемдік етіп, билік жүргізуін де, бірін-бірі жеуге дейін барған аштық заманды да, табиғаттың дүлей күшін де, бәрін-бәрін көрді, келешек ұрпаққа жетуі үшін тасқа қашап, хатқа қаттап, бәрін мәңгі өшпестейсақтап жазды.

Қазақ халқының іргесі сөгіліп, бірлігі мен ынтымағы кетпеуі жолында дала заңгерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер тер төкті. «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлігі жоғары елді жау алмайды» деген қазақ халқының мақалдары да халқымыздың қашан да жұмыла бірлесіп ел тізгінін өзгеге бермегеніне дәлел бола алды. XX ғасыр да қазақтар үшін өзінің қанды қылышын сүйретіп жетті. Бейбіт өмір орнап, жағдайымыз түзелді-ау деген шақта еліміз Кеңестік биліктің қатал ықпалына түсті. Сонда да тайынбай, еңсесін түсірмей тәуелсіздік алатынына сенімін жоғалтпаған ержүрек халқымыздың арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері биліктің бұрыс жақтарын беттеріне басып, кемшіліктерін әшкерелеп, мемлекеттің еркіндігіне қол жеткізуге әрекет еткені үшін өлім жазасына дейін кесілді. Мұны құлағымен естіп, көзімен көріп отырса да өзге жастар айтқанынан қайтпай, батыр баба ұрпағы екенін танытып, туған жерін өз жанынан биік қойды. Әлихан Бөкейхановтың «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады» деген сөздері қазақтың тәуелсіздікке ұмтылудағы қадамының маңызын ұғындырады. Осындай ұлт жанашырлары Қазақстанды өз билігі өз қолында болатын, ежелден келе жатқан мәдениеті мен салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары толықтай сақталған мықты, ынтымағы жарасқан, егемен мемлекет ретінде көруді аңсаумен өтті. Тәуелсіздіктің бізге не бере алатынын түсінген асыл текті бабаларымыз оның жолында жан аямай күресіп бақты. «Осы кісілер тірі болғанда қалай болар еді?» деген сұрақ көкейімнен кеткен емес. Тәуелсіздік жолындағы күрестердің бірі де бірегейі 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі. Қазақ жастары билік басшыларының шешімімен келіспегендіктен наразылық білдірді, Қазақстандағы билікті қазақ басқаруы керек деп кеңестік билікке ашық қарсы шықты. Аланды өз қандарымен жуған жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында жаужүрек батыр ұрпағы екенімізді дәлелдеп, бодандықтан арылып, бостандықта өмір сүру бақытына ие болдық. Осылайша көптен күттірген тәуелсіздікке қолымыз тек XX ғасырдың соңында ғана жетті. 1991 жылы еліміздің басшысы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланып, еліміздің шынайы тарихының ақтаңдақ беттері ашылды, егемен ел азаматтарының құқықтарын, мемлекет заңдарын анықтайтын Конституция қабылданды. Әлем елдері тізімінде жаңа мемлекеттің аты жазылды. Қаншама жылдар бойына тәуелсіздікті армандап келген ата бабаларымыздың асқақ арманы орындалды. «Тарихты жеңген жазады»-дейді емес пе, ендеше біздің ғасырлар бойы күрескен жеңісіміз көрінді. Ұлттық валютасы, әнұраны, туы және елтаңбасының пайда болуы көгінде қыран еркін шарықтаған Қазақстанның ешкімге бағынышты емес екенін дәлелдеді. Тіл ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі емес пе? Осыны ескерген көреген тұңғыш Елбасымыз мемлекеттік тілді қазақ тілі деп бекітті. Тәуелсіздік алуымыздың арқасында қаншама жыл бойы езгіге түскен ана тіліміз қайта жаңғырды.

Кеңес Одағының құрсауынан босап, қыстан тұралап шыққан малдай, әлсіреген қазақ халқы ендігі кезеңде жаңа өмірге, өзгеше кезеңге аяқ басты».

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген сөздері ата-бабамыздың бойына біткен керемет қасиеттің құндылығы қашан да алға жетелеп, тәуелсіздікке алып келгенін көрсетеді. Тәуелсіздік таңы атқанына міне 32 жыл толып отыр, осы уақыт ішінде Қазақстан өзін күллі әлемге танытып үлгерді. Аз ғана мерзімде мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты да көреген саясатының нәтижесі ретінде орнады. Экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен арадағы қарым-қатынастар реттеліп, халықаралық саудаға шығуға мүмкіндік алды. Жастардың шет елдерде оқуға, сол жерде алған білімін Отанында қолдануға мүмкіндіктері пайда болды. Қазіргі таңда спорттан ұйымдастырылатын олимпиада, спорттық ойындарда қазақстандық бауырларымыз жоғары орындардан көрініп, ел беделін көтеруде, еліміздің әнұраны бүкіл әлем алдында жиі ойнатылып Қазақстан деген мемлекет күннен-күнге әлем үшін жаңа белестерден көрінуде. Елбасымыздың бастауымен Астананың негізі қаланып, бүгін адам танымастай өзгеріске ұшырады, әлемдегі мемлекеттермен келісімшарттар жасалатын, жиналыстар өткізілетін заманауи шаһар қалыптасты. Көпжылдық тарихында толық еркіндігі болмаған еліміз ХХІ ғасыр табалдырығында осылайша тұғыры биік бейбіт мекен ретінде көрініс тапты. Тәуелсіздігіміз жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенделердің тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік ету бақыты пайда болды емес пе? Сол бақытты жандардың бірі-менің де осындай мемлекетте тұруым маған жарқын болашақ сыйлап отыр. Заманның ауыртпашылығын көп көрген ата-апам өткен күннен естеліктерін айтқанда көзіме еріксіз жас ұялайды. Қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да осы тәуелсіздік арқасы екеніне тағы көз жеткіземін. Өткеннің асылдарының ыстық ықыластары дамыған Еуропаның, АҚШ-тың жоғарғы оқу орындарында білім алып, сонда алған білімімізді туған жерімізде қолдануды біздің алдымыздағы негізгі мақсат етіп қояды. Мен сияқты өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы ұшан-теңіз екендігіне сенімім мол. Мен осындай елде туып-өскенімді мақтан тұтамын. Басқалардың қолы жете бермейтін тәуелсіздіктің бізге келгені-үлкен мақтаныш, дәреже, бақыт. Бүгіндері Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Ата-бабамыздан қанмен берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелейтіні анық. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы ескен осы кезеңнің баянды болатынына кәміл сенемін. Жазық далаға ел жүрегі – Астана



қаласын салып, оны әлем жұртына таңыта білдік. Қаланың аспанмен теңесе салынған биік ғимараттары мен халықтың қолданысы үшін әрқилы ойын-сауықтық кешендер барлығы қала әсемдігіне көрік қосып тұр. Қазақстанның әсем мекендері, сұлу табиғаты, жұпар ауасы, тарихқа толы қалалары бәрі еліміздің баға жетпес байлығы әрі әлем жұртының көз тіге қарайтын, саяхаттап келетін туристік мекенге айналды. Қорыта келе айтарым тәуелсіздіктің бағасымен, құндылығын ұмытпаған жөн. Біз, жас өскелең жастар, тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата-бабаларымыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біздер шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат, осы еркіндікті баянды ету біздің басты парызымыз. Сол ата-бабаларымыздың төккен әр бір тамшы қаны, шыққан көз жасы, өмірден өткен әр бір адамы біздің тәуелсіздік алуымызға зор көмек берді сондықтан бұл тәуелсіздікті жанымыздан артық бағалайық. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/poslani\\_e-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodukazahstana-strategiVa-kazahstan-2050-novVi-politicheskii](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslani_e-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodukazahstana-strategiVa-kazahstan-2050-novVi-politicheskii).
2. Қазақстан тарихы (өте ерте уақыттан біздің заманымызға дейін). В 5 томдық. Т.2. – Алматы: Атамұра, 2010

## «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МӘН МАҒЫНАСЫ»

**Ордабаева Зайрагул Киябаевна**

**Канапиянова Құндыз**

Астана қаласы «Басқару колледжі «ЖШС

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, сәулелі құбылыс. Бостандық жолында басын бәйгеге тіккен бабаларымыздың асыл арманы болған азаматтығымыз ақ қанатты періште сипатында халқымыздың басына бақ болып қонды. Тұңғыш Президентіміздің «Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиеленген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отрмын» деп айтқанынан ойлы сыр түйеміз. Қазақ халқы ғасырлар бойы Тәуелсіздікке ұмтылып келеді. Соңғы ғасырдағы оқиғалар соның айқын куәсі. Әр ұрпақ, әрбір этнос осы арманға жетуге өзіндік үлесін қосты. Сондықтан Тәуелсіздікті мерекелеу әрбір қазақстандық үшін ерекше мәнге әрі маңызға ие болмақ. Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бағзы заманнан бері қаншама өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салиқалы салтын сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіштік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алатын көтерілістер: Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, қынадай қырылған 1930-1933, ел тізгінін ұстаған азаматтардан 1938 жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең жақан далада өмір сүруі, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған еді. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген бабаларымыздың есімдері алтын әріппен тарихта қалды.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиеті де жетерлік тарихына айналды. Иә, Желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр септі. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанамыз, Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Ән-ұранымен айбатты.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты... Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя

алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

2. Бүгінгі ұрпаққа айрықша миссия жүктеледі. Біз Қазақстанымызды сақтап қана қоймай, оны нығайтып, қайталанбас тарихи тәжірибесін сақтай отырып табысқа жетелеп, гүлдендіруіміз керек. Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, оқу орындарының, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы осы құндылықтарды қоғамдық санаға сіңіруге бағытталуы тиіс. Тәуелсіздік десек – Желтоқсан көтерілісі, Желтоқсан десек –Тәуелсіздік ойға оралады. Желтоқсан көтерілісі Тәуелсіздікке балама екенін бәріміз іштей мойындаймыз. Сіздің ішкі ойыңыз не дейді бұл тұрғыда? – Рас. Иә, Желтоқсан – Тәуелсіздік символына айналып үлгерді. Біріншіден, Желтоқсан көтерілісі егемендікке ұмтылудың керемет үлгісі еді. Сондықтан, оны ұлттық идеологиямыздың бір құралына айналдыру өте маңызды. Ұлттық деңгейде «Желтоқсан көтерілісі» туралы көркем фильм түсірілетін уақыт келді. Фильмдерге ашық деректер енгізуге әлі де «шектеулер» бары сезіліп қалады. Екіншіден, желтоқсанда ресми түрде саяси тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздікті тойлаудан гөрі оның «Желтоқсан көтерілісі», тағы басқа да тәуелсіздік тағылымдарын ұрпаққа ұғындыруға басымдық беруіміз – анағұрлым ұтымды. Үшіншіден,тіл мәселесі. Қазіргі таңда халықтың басым бөлігі орыс тілінде сөйлейді, бұл басты мәселе болғанымен орыс тілі ресми тіл ретінде қалыптасты. Қазақ тілін міндеттемей, күштемей, қинамай, сендер қазақша сөйлеуге міндеттісіңдер демей-ақ, қазіргі таңдағы позитивті, жеңіл түрде нақыштау керек деп ойлаймын.Мысалы: заманауи түрде қазақша брендтер көбейіп,даму үстінде соның бірі Qazaq Republik. Бұл брендтің басты мақсаты қазақ брендтерін көбейту. Сол сияқты қазақша блогттар жүргізу және тағы басқа мақсатта қазақ тілін дәріпштеу керек. Халық арасында қазақ тілін өте керемет дәріптейтін адамдар бар,олардың айтқаны дұрыс,бірақ бұлай айтқанмен ештеңе өзгермейді керісінше халық арасында алауыздық пайда болады. Сондықтан қазақ тілін жеңіл әрі ұтымды түрде қолдана білу керек!

Көкбайрағы – көгінде,

Тектілігі – тегінде!

Бірлігімен тұтасып,

Жеткен азат өмірге.

Тұғырлы елім, рухты,

Той боп жатыр төрінде!

3. Сен Тәуелсіздіктің қадірі жайлы не түсінесің?

1.Тәуелсіздік дұрыс болу үшін адамдардың бір-біріне деген көзқарастары,ниеттері дұрыс болу керек және өз тіліне адал болу,жүрген жерінде үлкендердің ақылын ұстану арқылы жастар жақсы жаққа бет бұрады.Өз тілімізді қадір тұтсақ,басқа ел өкілдеріде қадір тұту арқылы тәуелсіздігіміздің қадір қасиетің түсінеміз! Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, жас ұрпақтың білімінде жатыр. Егемен елде

дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше.

2.Егемен болмай – ел болмас». Расында егемендік Тәуелсіздік екеуі егіз ұғым. Еңсені тіктеген 30 жылда тұрмысымыз түзеліп, жоғымыз түгенделе бастады. Бұл қазақ елінің даму жолындағы дара жол. Небір қиындық пен соғысты өткерген тарих парағының жаңа беттері жазыла бастады. Ең бастысы ата-бабамыздың арманы орындалды. Жемісті жылдарды тізбектеген сәтте тәуелсіздіктің қандай соқтықпалы-соқпақты жолдармен өткенін аңғарамыз. Егеменді ел болудың ерекшелігін ұғынамыз. Тәуелсіздік жай ұран сөз емес. Оның қадір-қасиеті тереңнен тамыр тартып, ата-баба рухымен байланысып жатыр.

3. Тәуелсіздік – еліміздің ең басты мерекесі. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген ең басты байлығы – Тәуелсіздік. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында Қазақстан деген ел бар екенің және сол елдің қазіргі таңда алар белестері көп екенің барлық әлем мойындау үстінде. Сонымен қатар, дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Тәуелсіздік – Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн.

4. Тәуелсіздік жайлы сан алуан ойы бар. Өз тарихтарын білу, өз ойларын сараптауы мені қуантады. Әркім әртүрлі ойлайды, бірі Тәуелсіздік халыққа байланысты айтса, бірі тілге байланысты деп екі ойға тоқталды. Ендігі кезекте осы айтылған ойларды сараптау кезінде түпкі ой Қазақ халқының бостандығы, азатығы. Қорытынды ойға келу

Халықтың ел болып қалыптасуы ауызбіршілігі мен бірлігінде. Қазақ халқының ел болып, мемлекетке айналуына бірден-бір көп үлесін қосқан тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында Тәуелсіз мемлекетте, бейбіт өмір сүреміз! Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ халқының билікте отырған азаматтарының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп – төркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық. Мен өз еліммен мақтанамын!

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://osken-onir.kz/kogam/19012-tuelszdkd-adrn-tere-tsunuz-kerek.html>
2. [https://www.zharar.com/kz/shygarma/5548-tauelsizdik\\_25.html](https://www.zharar.com/kz/shygarma/5548-tauelsizdik_25.html)
3. <https://faktiler.kz/tauelsizdik-turaly-shygarma/>

## «БАРЫМЫЗ ДА, БАҒЫМЫЗ ДА – ТӘУЕЛСІЗДІК»

Ордабаева Зайрагул Киябаевна

Таубай Фарида

«Басқару колледжі» ЖШС

*Жантебіреніс: Азаттық таңы атты! Тілекке құдай жеткізді! Күні кеше  
құл едік - енді бүгін теңелдік!  
Әлихан Бөкейханов*

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақсатан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыста өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалады. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Тәуелсіздік – ұлттың, тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Тәуелсіздік кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Өзінің алдында дербестігі. Тәуелсіздік сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өзі тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан. Қазақстан өз әнұраны, елтаңбасы, көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар.

Тәуелсіздік - бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік - ащы термен келген тәтті жеңіс. Тәуелсіз ел болу оңай емес. Біз тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақпыз. Еліміздің тәуелсіз болып, басқа елдерден кем болмай дамып жатқаны тәуелсіздік үшін күрескен қайсар батырларымыздың арқасы.

1991 жылы бізде басқа тәуелсіз елдер секілді өз тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Бұл кезең қазақ халқының орыс құзырынан бостандыққа шыққан уақыты. Іргесі қаланған жаңа Республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерең еңбек керек. Оның барлығы тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақтың қолында. Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 32 жыл толып отыр. «Тәуелсіздік» деген сөздің мағынасы қандай терең, қандай киелі сөз десеңізші! Ата-

бабаларымыз сан ғасырлар бойы осы тәуелсіз ел болуды армандады. Бүгінде, мен – көгінде көк байрағы желбіреген тәуелсіз елдің ұрпағымын. Ұлан-байтақ жері бар «қазақ» деген тәуелсіз ұлы халықтың ұрпағы болу не деген керемет?! Осы тәуелсіздікке біз қалай жеттік?!

Ата — бабаларымыздың ғасырлар бойы арманы еткен азаттық жолында талай боздақтар құрбан болды. Кең даламызды ата – бабамыз ғасырлар бойы ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келді. Осы қазақ даласында үш ғасырдай бостандық пен тәуелсіздік жолында қазақ халқы небір қиын-қыстау жылдарды басынан өткерді. Атап айтсақ, 1931-32 жылдардағы қолдан жасаған ашаршылық, зиялы алаш азаматтары репрессияға ұшырауы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздік жолдағы күрес еді. Ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша елін, жерін біз үшін, кейінгі ұрпақтары үшін кеудесімен оқ тіреп, соңғы демдері үзілгенше қазақ жерін сақтап қалды. Сол себепті тәуелсіз үшін күрес қанша қасиетті болса, сол күрес тарихы да, оның қаһармандарының есімдері де сондай қасиетті. Бабаларымыз армандаған тәуелсіздік күні кешеге дейін жалғасып, отыз жыл бұрын бақыт құсындай қолымызға қонды. Тәуелсіздігіміз жариялағаннан бері көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Осы уақыт ішінде Қазақстан күллі әлемге танылды.

Қорыта келе, қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да - осы тәуелсіздік арқасы. Мен сияқты өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы өте зор. Осындай тәуелсіз, кең байтақ қазақ жерінде өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын. Болашағыма нық сеніммен қараймын. Елімнің тарихын білуге, туған еліме, жеріме деген сүйіспеншілігімді арттырға міндеттімін. Мен қазіргі кезде әлемде болып жатқан жаңалықтарды көре, тыңдай отырып, өз еліміздегі тыныштықты дәріптеуіміз керек екенін түсіндім.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 32 жыл толды. Бұл –қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

1991 жылдан –еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіләлемге алғаш қадам басқан жыл. Сол сәттен бері, міне, 32 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуге еліміз көп қиындықты көргенін ұмытпағанымыз жөн. Қан мен тер арқылы келген Тәуелсіздіктің туы мәңгілік желбіресін.

Қазіргі Қазақстан-егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.

Мен – өркениет өріне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінді ақыл –таразысына салып, баға беру, ғасырлар тоғасында өмір сүріп жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірін айту- менің өз парызым сияқты.

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғатбайлағымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақ халқы өзінің мейірімділігімен, бауырмалдығымен басқа ұлт өкілдерін бауырына басқан.

Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктеге ұмтылу біздің буынның бағыты болуы тиіс. Қазақстан жетістіктері алда. Мен оған сенемін.

Бүгінде біз де еліміздің тәуелсіздік алған жыдарымен қатар өсіп келеміз, яғни тәуелсіздік атты өшпес ұғымның құрдасымыз десек қателеспеймін.. Қазіргі жастар бақытты, себебі олар тәуелсіз елдің ұрпақтары.Тұңғыш рет қолымызға тиген тәуелсіздіктің асыл құсын ұшырып алмай берік ұстау бүгінгі ұрпақтың қолында. Сондықтан, егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру, қастерлете білу баршамыздың міндетіміз болуы тиіс. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес,ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерде ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЛАРЫ

**Ордабаева Зайрагул Киябаевна**

**Тезекбай Фатима Парахатқызы**

«Басқару колледжі» ЖШС

Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жүгіртер болсақ, саналы ойымызға сан алуан сұрақтар келетіні рас. Мысалы, «Біз кіміз?», «Жер бетінде қашан пайда болдық?» «Қай жерді мекен еттік?» «Тіліміз бен мәдениетіміздің деңгейі қандай?» Бұл сан сауалдарға жауап іздейтін болсақ Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз.

Біз қазақпыз? Қазақ елі – дербестігін әлем мойындаған, бүгінгі күні «Мәңгілік ел» идеясымен қаруланған Ұлы Дала Еліміз.

Халқымыз егемен мемлекет болып, аяққа нық тұрған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде тәуелсіздігімізді ту етіп, бірлігі жарасқан ұлт болып, тамырлы тарихымызды жаздық. Сонау Керей мен Жәнібек құрған хандық заманы, Абылай хан тұсындағы бейбітшілік, бүгінгі күні бірлігі бекем, болашағы бағдарлы тәуелсіз Қазақстанмен жалғасын тауып жатыр. Осынау бабалар аңсаған, баға жетпес тәуелсіздігіміздің ширек ғасырға жетерлік шежіресі бар. Елдігіміз бен бірлігіміздің арқасында жай ғана тәуелсіз мемлекет емес, әлемдік аренада өзіндік орны бар өзгелер қызыға да, қызғана тамсана қарайтын мызғымас елге айналып отырғанымыз рас. Бүгінгі күні мұны қазақ елі ғана емес, күллі әлем мойындайды.

Тәуелсіздік халқымызға оңай келген жоқ. Ғасырлар бойы ата-баба қанды жорығының, дабылды күресінің жалғасы деп түсінуге болады. Тәуелсіздігіміздің тұғырын биік, мықты ету халықтың бірлігі мен ынтымақтастығында болып отыр. Тұңғыш Елбасымыздың «Бабалар ерлігі, бүгінгі буынымыздың ерен істері мен жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік ел» боламыз» деген қанатты сөзінде аса бір мағыналы мән жатқан сияқты. Біз осындай Ұлы Дала Елінің перзенттері болғанымызды мақтан тұтуымыз керек. Тараз аймағында қазақ тарихындағы жаңа беттің ашылып, қазақ ұлты қалыптасқаны мәлім. Қазақ халқының басынан небір сұрапыл замандар өтсе де, ұлттық рухы мен тілін, дінін, жерін сақтап қала білген бабаларымызға айтар алғысымыз шексіз.

Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Тәуелсіз, дербес мемлекет құру кезеңінің өзі қазір тарихтың үлесінде.

Отан! Қазақстан! Тәуелсіздік! Осы үш ұғымның жолында қайсар қазақ халқы елі мен жері үшін сонау сайын далада қарсы келген жауының қаһарын қайтарды. Олар үшін ең бір қасиетті ұғым - ол Тәуелсіздік болды. Тәуелсіздігіміздің арқасында біз ұлттық рәмізімізді, туымызды, елтаңбамызды қабылдап, салт-дәстүрімізді жандандырдық. Тәуелсіздігіміздің арқасында төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға түсті. 2002 жылы Евразияның кіндігі – Астананың төрінде тұңғыш Елбасының идеясымен Елорданың символына айналған биіктігі 97 метрлік «Астана – Бәйтерек» монументі салынды. Тұңғыш Елбасының: «Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал бізді Ұлы



Дала перзенттері деп атаған» сөзінің түкпірінде аса бір мағыналы мән бар екені белгілі. Осы орайда айта кететін жайт, алаш арысы Мағжан Жұмабаевтың ер түріктің бесігі болған – Түркістанның ғана емес, қазақтар қара шаңырақтың заңды мұрагеріне айналғаны жөнінде жырлап, жұрттың ой санасына сәуле шашты емес пе? Оның: «Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің тәңір берген несібі ғой», деген жалынды шумағының шығу тегі тарихтың қатпар-қатпар сырлы беттерінен алынса керек.

Ұлт болған соң, оның ғылымы мен мәдениеті өсіп өркендеуі үшін қазақ елін басқа елдерге таныстыру үшін, өткенінді қастерлеп, жетістіктерінді паш ету үшін білім керек. Осы қазақтың бірлігі мен ерлігі болмаса әлемде тоғызыншы орын алатын жерді сақтап, ұстап тұра алмаған болар едік. Ата-бабаларымыз ежелден – ақ «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді, бірлік бар жерде тірлік бар» деп өмір сүрген. Биыл Ел Тәуелсіздігіне 32 жыл толды. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолында талай биік белестерді бағындырды, толағай табыстарға қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді.

Осы кезең ішінде біз қандай жетістіктерге қол жеткіздік?

Осы орайда 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалды: Өсу, реформалар, Даму, тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 33 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп, «Бұл тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәті» деуге болады. Тәуелсіздікті баянды ету, мемлекетіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді» - деп алдағы кезеңде сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат сын-қатерлерге төтеп беріп, әлемдік дағдарысқа қарсы тұра отырып, елдің дамуы мен дамыған отыз елдің қатарына кіру екендігін айта отырып, қазіргі таңдағы жаһандық дағдарыстар ықпалының елімізге тигізер әсері туралы айтылған болатын. Біз өз жері, өз шекарасы бар әлем мойындаған бірыңғай елміз. Осыған жеткізген жаратушы иеміз алла тағалаға және «Ұлы Далада» сан ғасыр еркіндік пен егемендікті аңсаған, сол жолда бойларындағы жандарын берсе де, ұлтарактай жерін жауларға бермей арпалысқан ата-бабаларымызға әрқашан басымызды иіп, тағзым етеміз.

Ұлы Даланы – Ұлы етіп қалыптастырған заңдылықтары мен алғы шарттары және өрелі құндылықтары өте көп. Биыл қазақтың тарихы қайта жаңғырып, өткенге салауат айтып, болашаққа тағы бір қадам жасаған жыл. Жер бетіндегі қай халық үшін де тәуелсіздіктен асқан ұлы мұрат жоқ екені мәлім. Сол тәуелсіздіктің арқасында елдің кеудесі қайта көтерілді. Тамырын тереңге тартқан қазақ халқының сонау алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, еңселі елі мен іргелі жұртын сақтап қалғаны – ерік жігері мен асқақ рухының арқасы.

Еліміз Тәуелсіздігін алғалы бері жүргізіліп келе жатқан саясаттың арқасында қазіргі таңда қоғамда тіл туралы оңды көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың

өзегіне айналып отыр. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттық рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Ұлттық салт дәстүрдің, әдет-ғұрыптың берік сақталып, өркен жайған шырайлы тіліміздің өсіп, дамыған жері де осы тәуелсіз Қазақстан. Айта кететін болсақ, қарты батагөй, үлкені қамқор, кішісі ізетшіл, қызы инабатты, жігіті білекті, досына адал, бір-біріне кішіпейіл екендігін айтуға болады. Еліміз Тәуелсіздік алғалы 32 жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласында қарыштап дамып келеді. «Дені сау анадан – дені сау бала туылатынын айтып, ана мен бала денсаулығына да қатты көңіл бөлініуде. Қазақ халқы үшін «Ұлы Дала – Ұлы ұғым». Қазақстанның мәдениетін өркендетуде де елеулі жұмыстар атқарылып келеді. Қазіргі кезде мәдениет саласында аты атаулы қазақтан шыққан ұлы перзенттеріміз өте көп. Міне, бұл да ұлттық дәстүріміздің жалғасуы, тәуелсіздігіміздің жемісі екені даусыз. Біздің қазақ Ұлы далада жаратылып, Ұлы далада өсіп келеді. Ұлы дала бүкіл әлемдік өркениеттің бастау алған жері. Ол тұрғысында жер шарының ең беделді археолог ғалымдары сенсациялық жаңалықтар ашуда. Мысалы, Ботай, Берел, Тарбағатай, Көкшетау, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз, Кереку, Атырау, Маңғыстау, Ұлытау, Жетісу, Орал-Жайық бойлары, Сарыарқа қорымдарынан табылған қазбалар оған анық дәлел бола алады. Жалпы алғанда, Ұлы дала болмысы, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі нағыз ұлттық идеологияның өзі. « Ұлы Дала» – ұлтымыздың кіндік қаны тамған, ата-бабаларымыздың қаны мен тері сінген құт қонған, ұялы мекені.

Қазақтың жер астындағы кен байлығы өте көп, ұлан – ғайыр, ол халыққа жұмыс істейді, ол болашақтың шаруасы. Ал жердің үстіндегі ен байлығымыз – біздің халқымыз, сауатты халқымыз. Отанын, елін, жерін сүйетін ұлы халқымыз. Жалпы алғанда біз Ұлы деген сөзден қашпауымыз керек. Қазақ – Ұлы халық. Қазақ Ұлы болмаса, осынау көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын алып жерді ұстап тұра алмаған болар еді. Ата – бабаларымыздың зерттеуінше қазақтың тарихында болған барлық соғыстардың 93,3 пайызы осы Ұлы дала жерін жаулардан қорғау үшін болған. Біздің міндетіміз – Ұлы даланы қастерлеу, құрметтеу, тарихын зерттеу, соны тек зерттеп қана қоймай болашақ ұрпақтың игілігіне жарату – Ұлы даланың қазіргі жастарын рухты болуға, ерлікке, батылдыққа, отансүйгіштікке, жерді сүйуге тәрбиелеу. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы ата-бабаларымыздай ержүрек азаматтарды дайындау болып табылады.

Аз өмірді мағыналы кешіп, артында өшпестей із тастап тарихта атын қалдыратын он саусағынан өнері тамшылаған қаншама дарын иелері, қол бастаған көсемдер мен шешендер, ғалым философтар тағы басқа да дара ғұламалар баршылық. Ел басқарған дара тұлғалар, асыл жандардың туған жер төсіне төккен тері мен еткен еңбектері жайлы баяндап, қазіргі жастар мен кейінгі ұрпаққа өнеге етуді мақсат еттім.

Бүгінгі өміріміздің барлық жетістіктері, ұлтымыздың жаңа замандағы қайта өсіп, өркендеуі, рухани экономикалық еркіндігімізді, дүние жүзілік

қоғамдастықпен, әлемнің дамыған ел, мемлекеттерімен тереземіз тең жағдайда қарым-қатынас жасау мүмкіндігіміздің барлығының да бастауы – біздің мемлекеттік Тәуелсіздігімізде.

Қысқа мерзім ішінде дағдарыстан шықтық. Ұлттық теңгеміз айналымға кірді, жаңа экономикалық қатынастар қалыптасты. Өндіріске жаңа технологиялар енді. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Өз сәулетімен таң қалдыратын жаңа Астана салынды. Жаңа заманауи білім ошақтары мен ауруханалар бой көтерді. Қазақты әлем таныды. Мемлекеттігіміз тұрақтанды. Халықаралық жағдайымыз жақсарып, халық санының өсуі жылдан-жылға артып келеді. Елімізде медицина саласы қарқынды дамып, түрлі қауіпті кеселдерді емдеу өз елімізде іске асырылуда. Заманымыздың заңғар жазушысы атанған Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген қанатты сөзі текке айтылмаған. Демек адамзатты терең ойға білім жетелейді. Себебі кезінде ата- бабаларымыз мақсат еткен білімді ұрпақ, сауатты ұрпақ бүгінгі күні өз-өзінен, біздің Отанымыздың дәулеті мен сәулеті арту үшін «мен не істедім?» деп сұрау керек. Ең бастысы – тәртіп пен реттілік сондай – ақ бұлжымас құндылық бар – ол білімге ұмтылу.

Уақыт көші зымырап өтуде. Кешегі өткен ғасырлардағы халықтың басынан кешкен ауыр бейнет, ашаршылық, сауатсыздық бәрі артта қалды. Қасиетті туған жеріміздің тәуелсіздік жолындағы жасаған ерлік істерін айту алдағы уақытта да толастамайды деп сенемін.

### Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2050 стратегиялық жолдауынан.
2. Н. Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері» кітабы 2003 ж.
3. Жолбарыс Тілеуұлы «Мақта ордасы – мақтаралым» кітабы» 2003 ж.
4. «Жеті сыр» газетінің өткен сандарынан.

# ТӘЖІРИБЕ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҰМЫТЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДЫ ЗАМАНАУИ СТИЛЬДЕ ДАЙЫНДАУ

**Байгабылова Гульден Еркиновна**  
**Кусаинова Мерей Даулетовна**  
Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ

Түйінді сөздер: Оқу тәжірибесі, ұлттық тағамдар, арнайы пәндер.

Аннотация: Мамандарды кәсіби даярлаудың жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін ұлттық тағамдарды нақыштап оқу тәжірибеде немесе ұлттық асхана сабағында оларды дайындап заманауи стильде безендіріп, студенттердің қызығушылығын арттырамыз.

Тақырыптың өзектілігі: Заман алмасып, ұрпақ жаңарған сайын кейбір ұлттық тағамдар да күнделікті тұрмыс дастарқанымыздан ұмытылып бара жатыр. Қазақ халқының өмір сүру салтына байланысты тағамдар ыстыққа бұзылмайтын, ұзақ уақыт сақталатын және құнарлы болып келген. Сондай тағамдардың бірі - жент. Қазақтың ұлттық десерті. Талқан қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден, ұнтақтап дайындалады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – қол диірменге тарту, екіншісі – келіге тую.

Мақсаты-қазақтың дәстүрлі ұлттық тағамдары негізінде ежелгі ғасырлық дәстүрлерді сақтау және тарату.

Міндеті- Ұмытылған ұлттық тағамдардың рецептерін сақтау және жеткізу дені сау ұлттың қалыптасуына тірек болған дәмнің бастауын қайтару. Қазақ ұлттық тағамдары халықтың мәнін оның тарихын мәдениеті мен дәстүрін толық көрсетеді. Қонақжайлылық ежелден бері қазақ халқының айрықша белгісі болғандықтан, үйде қонақты әрқашан лайықты қабылдау болады. Ұмытылған ұлттық тағамдардың табиғи құрамы мен дәмі бар және көп дәруменге бай болғандықтан құнарлы болып келеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Горбатов, Л.В. Национальные традиции хакасов в сфере питания / Л.В. Горбатов //
2. Успехи современной науки. 2016. № 4. С. 62-65.
3. Иунихина В.С. Из истории национальных крупяных продуктов/ В.С Иунихина//Хлебопродукты. 2012. №11. С. 66-67.
4. Жаркеев М.К. Совершенствование линии для производства зерновых продуктов / М.К Жаркеев //Хлебопродукты. 2011. № 5.С. 46-47.
5. Көбжасарова З.И., Орымбетова Г.Э. Ұмытылған ұлттық тағам талқанның тағамдық құндылығын жоғарлату/Республикалық ғылыми журнал//QAZAQTANY. Шымкент № 1 (3) 2021. С. 93-97

# ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ЕМШІЛІГІНЕ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

**Акбергенова Акмарал Ибраимжанқызы**  
**Усен Айшолпан Бауыржанқызы**  
ШЖҚ МКК «Жоғары медициналық колледж»

Мақсаты: Қазақ емі мен емшілігінің өскелең ұрпақ арасында алатын орнын анықтау және қазахи емді балгерлікпен шатастырып алмауды насихаттау.

Өзектілігі: Қазіргі таңда сауаттылықтың жетіспеушілігінен қаншама адам, соның ішінде жастар қауымы, сырқатын асқындырып, дәрігердің көмегіне жүгініп жатады. Себебі, сырқатына еш шипа болмайтын бақсы-балгерлерге барып, уақытын өткізіп алады. Осы орайда, дәрігердің көмегінсіз шипасы табылмайтын немесе дәрігердің емінсіз қазақи еммен емделіп кететін ауру түрлерінің бар екендігін естен шығармаған дұрыс. Зерттеу жұмысының өзектілігінің басты бағыты, жастардың ой-санасында дәстүрлі емнің құндылығы жайлы ой салу.

Зерттеу объектісі: жастар және олардың қазақ халқының еміне көзқарасы

Зерттеу жұмысын жүргізудегі негізгі бағыттар:

- Дәстүрлі қазақ емі туралы жеке зерттеу жұмысын жүргізу
- Сауалнама сұрақтарына жауап алу арқылы жастардың ұлттық емге,

емшілікке деген ұстанымдарын анықтау, зерделеу, қорытынды шығару

Зерттеу әдістері:

Сауалнамаға қатысушылар: Барлығы: 185

1 курс: 103

2-3 курс: 82

Күтілетін нәтиже: Жастарымыз «Дәстүрлі қазақ емшілігіне жастардың көзқарасы» атты ұлттық қазақи ем туралы біледі және өмірде дұрыс қолдана білу туралы ой түйеді.

Сауалнама сұрақтары

- 1) Сіздің дәстүрлі қазақ еміне көз-қарасыңыз қандай?
- 2) Бақсы-балгер мен емшінің ара-жігін ажырата аласызба?
- 3) Қазақ еміне жүгінген кездеріңіз болды ма?
- 4) Қазақи емнің қандай түрлерін білесіз?
- 5) Қазақ емінің қандай түрін қолданып көрдіңіз?
- 6) Сіз немесе сіздің жақындарыңыз үшін қазақи емнің пайдасы болды ма?
- 7) Ауырып қалсаңыз ең бірінші кімнің көмегіне жүгінесіз?

Қазақ емі – тарихы ұзақ, қатпары терең, киелі ұғым. Емші, халық емшісі-өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысатын адам. Қазақ емшілігінің тарихы сонау сақ, ғұн, үйсін, түркі дәуірі, Әл-Хорезми, Әл-Бируни, Әл-фараби, Ибн Сина бабаларымыздың еңбектерінен бастау алып, XV ғасырда жазылған Өтебойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты медициналық еңбегімен жалғасын тапқан.

Қазақи емдеуді діни-ғұрыптық емдеумен шатастырып алмауымыз қажет. Дәстүрлі емдеу, яғни қазақша емдеу – атадан балаға беріліп, уақыт сынынан өткен

ғылыми тұжырымдаманың, тәжірибенің жиынтығы негізінде қалыптасқан, біртұтас үлкен ғылым.

Қазақ шипагерлігінің басты ерекшелігінің бірі – диагноз қою. Қазақ шипагерлігінде науқасқа дұрыс диагноз қою бес саты бойынша жүреді. Ол: қарау, сұрау, ұстау, тыңдау, иіскеу қатарлы бөлімдерден тұрады. Қазақ емшілігінде дәрілер қасиетіне қарай суық райлы, ыстық райлы, салқын райлы және жылы райлы болып төрт түрге бөлінеді. Дәрілердің дәмі қышқыл, кермек, тәтті, ащы, сор дәмді болып бес түрге бөлінеді.

Қазақ емшілігінің кең тараған түрлері

Сынықшылық - қазақтың тарихтан келе жатқан дәстүрлі емшілік түрін қолы жеңіл адам тез үйрене алады. Қазақ емшілері мертліккен адамның сынығын тануды 5 түге жіктеп әрі сол негізде арнайы қалыптар жасап, ғылыми қолданысқа енгізген.

Шетпешілік - қазақ емшілігінде өзіндік орын алған арнаулы мамандық. Тәжірибелі, епті дәрігерлерді шетпеші деп атаған. Шетудің таяз шету, терең шету, тамырдан шету қатарлы түрлері бар.

Лонқа қою – қазақ даласында дінен бұрын қалыптасқан қазақтың қарапайым халықтық емі. Ертеде қазақтар күміс, алтын, жез лонқалар пайдаланған, бұл металдардың адам организміне беретін емдік қасиетіне байланысты қолданған.

Құяң үзу - қан тамырындағы қанның өзгеріске ұшырауынан, баяулауынан, тамырдан сүзіліп шығып, қақ тұрып қалу яғни жиналған сарысудан асқынып қаққа айналуы. Соны қазақтың құяң үзуге арналған аспаптары арқылы емдейді әрі шөп дәрілер арқылы зардабын да жояды.

Булау - қазақтың қарапайым ұлттық емінің бірі. Оны қазақтарда отырма булау, бу бұлау, сүйек бұлау, тас бұлау, тері бұлау, жын бұлау, құмырсқа илеуі бұлау деп атайды.

Дәрілердің де түріне қарай атауы болған: сеппе дәрі, атпа дәрі, тосап дәрі, тартпа дәрі, шар дәрі, сорпа, талқан және оқ дәрі.

Қорытынды: Ғылыми жұмысымызды қорытындылай келе, қазақ емшілігі болашақта үлкен зерттеуді қажет ететін құнды ұлттық мұра деп білемін. Ең бастысы адам ағзасына зияны жоқ емдік тәсілдердің қолданылуы қазақ емшілігінің бір ғажап көрінісі. Бәрі табиғаттың бізге берген таза өнімдерінен жасалып, емдеу жолында қолданылған. Қазақ жерінде медицинаның болғанын, ата-бабамыздың ауруды біліп, сырқаттанған адамды емдеуді өте сауатты жүргізе білгендігіне дәлелдер де көп ақ. Бірақ, өкінішке орай зерттелмей, тарих қойнауында қалып қоя берген. Болашақта қазақ жастары осы тақырып төңірегінде үлкен жаңалық ашатынына сөзсіз сенемін. Дегенмен, жастарымыздың дәстүрлі қазақ еміне көз-қарастарының оң екендігін, балгер мен нақты емшінің ара-жігін ажырата алатындықтарын, қазақ емін қолданбаған қазақ баласының жоқтың қасы екендігін, сонымен бірге қазақи емнің пайдасының куәгері болғандарын және басым көпшілігінің сырқаттанған адамның ең бірінші табан тірейтіні жері емхана, яғни кәсіби дәрігер екендіктері сауалнама барысында анықталды. Әрине, арамызда діни сенімге негізделген ем түрлері жайлы да көзқарастарда орын алды.

Дегенмен, жастардың қазақ емі жайлы білімдерінің, ұстанымдарының қанағаттандырарлықтай дәрежеде екендігіне көз жеткіздік.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://e-history.kz/>
2. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
3. <https://informburo.kz/>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
5. <http://old.baq.kz/>

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

**Бижанова Арай Жамантаевна**  
**Қожақұл Қарақат Мұратқызы**

Қазақ технология және бизнес университеті АҚ Колледжі

Алаш партиясы-қазақ тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Партия 1917 жылы сәуір айында жалпықазақ съезде қабылданып, дәл сол жылы шілдеде құрылды. Қазақ зиялылардың қоғамдық сұранысқа сай партия құруын орыс революция 1905-1907 жылдарында қолға алды. 1905 жылы соңына қарай қазақ облыстары өкілдерінің съезі «Қазақ конституциялық демократиялық партиясын құру туралы» шешім қабылдады.

20 ғасырдың басындағы елбегі қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш партиясы болған. Осы қозғалыстың басында-саяси, оқыған, сауатты, адамгершілік-имандылық қасиеттері бар Әлихан Бөкейхан, Ахмед Байтұрсынов, Мыржақып Думалатов, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты аталарым тұрса, солардың ізін басқан қазақ ұлдары Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Айтауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқада қазақ ұлдары әрі қарай дамытты.

Тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім. 1917 жылы Торғай обласында қазақ съездінде қабылданып, съезд оны басқаруды Әлихан Бөкейханов және Ахмед Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрған. Бірінші жалпықазақ съезін ұйымдастыру «Қазақ» газетіне 24 маусым күні съездің мәселелері бойынша қазақ еліне өз тұжырымдарын ұсынды. Бұл мәселелерге байланысты ғой жасаған тұжырым мынау еді: ресейде күнде түрлі партиялары бар. Олардың көздегені қаза мақсаттарын жинап, бағдарлама құрып, сол мақсаттарға жету іс-әрекеттер қарастырып қазақ партиясын қалай жасау.

Әлихан Бөкейханов атамыз айтып кеткендей «бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере-бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ!»

Сонымен, тұңғыш жалпықазақ съезі 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан мәселелер қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа мәселелер бар еді. Сүйтіп бірінші жалпы қазақ саяси партия құру туралы шешім қабылдағанмен, күзге дейін, яғни құрылтай депутаттарын сайлауға дейін партияның түрлі деңгей ұйымдары мен істерінмен ешкім айналыспаған.»қазақ» газетінде 1917жылы 5 қазанда Жаханша Досмұхамедов хатты жариялайды. Ол хатта құрылтай жасайтын кеңес, бас жер комитетінде жалғыз өзі жүгіргенін білдіріп партияның бағдарламасын жазуға уақыты жоқ екенін айтып бастартады.



«Қазақ» газетінің басқармасы Жаһанша Досмұхамедовтың хатын алған соң, 5-қазан күнгі санында «Алаш партиясы» деген бас мақала жариялап, онда былай деп көрсетеді: «Әр саяси партия өз ұранын шақырып, өз ұраны атынан список түзеп, сайлау ісіне кірісе бастады. Қазақ партиясының программасы жасалмағанымен жалпықазақ съезінің қаулысы жасалмақ программаның негізі болсын делінген еді. Съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш « ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси партияның атын «Алаш» қою, ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпықазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының тізімі деп жүргізулері керек»

Оған қажетті офицерлер дайындау үшін атаман А. Дутов басқарған Орынбор қазақ әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажет деп табылды. Алаш Орданың А. Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені, Оңтүстік Оралда Әліби Жангелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П. Кобозев пен С. Павлов басқарған қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылжардан шыққан А. Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты Алаш Орда біртұтас қазақ автономиясын құрып үлгермей, барлық қазақ жерлеріндегі үкімет бірлігінен айырылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей маңындағы Алаш қаласы атанған елді мекеніне келіп, өздерін Алаш Орданың шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің 2 бөлігі Орал облысындағы Жымпиты қаласына келіп, өздерін Алаш үкіметінің батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады. Үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу облысында әрекет етті. Елде азамат соғысы басталған 1918 жылдың жазында Алаш Орда бастаған күштер және большевиктер мен Кеңес өкіметінің соңынан ерген күштер қарама-қарсы жақта қалып, өкімет үшін бір-бірімен ашық күреске шықты. Алаш Орда Азамат соғысы жылдарында Кеңес құрылысына жау күштер жағында болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі «Алаш» партиясы мен Алаш үкіметін таратты.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-roma/press/news/details/325641?lang=kk>
2. <https://e-history.kz/ru/kazakhstanika/show/9908>

# ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ-КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ КӨТЕРІЛГЕН ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Ибраева Анар Кусаинова  
Есқараева Дильназ Әбілейқызы

Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі

Зерттеудің өзектілігі: Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдызы, жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына биыл 80 жыл толып отыр. Оралхан Бөкей – қазақ әдебиетінің ғана емес, күллі әлем әдебиетінің тарихынан өз орнын айшықтаған тұлға. Ұлтының бағына біткен жазушының шығармалары бір оқып қана қоятын шығарма емес, ізгілікке қызмет етер мәңгі туы. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романындағы кейіпкерлер бейнесі, олардың бүгінгі өмірмен байланысы, автордың образдарды сомдау шеберлігі, шығармаларының өміршеңдігі, бүкіл адамзаттық мәселелерді көтеруі зерттеудің өзектілігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романындағы кейіпкерлер бейнесін талдау арқылы автордың образды ашу шеберлігін, кейіпкерлер бейнесі арқылы романда көтерілген адамзаттық мәселелерді айқындау.

Міндеттері:

- романдағы кейіпкерлер бейнесіне талдау жасау;
- қаламгердің образды ашу шеберлігін зерделеу;
- романда көтерілген адамзаттық мәселелерді талдау, бүгінгі өмірмен байланысын ашу.

Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы - қоғамдық өмірдің қым-қуыт сауалдарына түрлі әдістермен жауап бере отырып, барлығынан айрылсаң да, адами қасиеттерді жоғалтпау туралы ой тастайтын күрделі роман. Ол туралы белгілі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев: «Оралхан Бөкей – жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді» - десе, жазушы Дулат Исабеков: «Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер»-деп баға береді. «Атау-кере» романының тақырыбы - адамның адамгершілік болмысы, қаймағы бұзылмаған табиғат аясында барлық бәле-сұмдықтан алыс, өз қиялымен өзі қолымен жасап алған «жұмбақ» әлемінде күн кешкен адамдардың іс- әрекеті. Романның «Атау-кере» аталуында да үлкен мағына бар, өйткені «атаукере» адамның өлер алдындағы ең соңғы асы, дәмі деген мағынаны білдіреді. Қазақ арасында қатты ашуланып, ұрсысып қалған жағдайда «Атау-керенді ішкір» деген сөз қарғыс түрінде тұрақты тіркеске айналған. Романның екінші атауы «Қауіпті будан» болуы тегін емес, өйткені шексіз дүниеқоңыздыққа бой алдырған Ерік шетелдік араның қауіпті екенін біле тұра алдыртып, ақырында шешесінің

беймезгіл өліміне себепші болады. Сонымен бірге Нюраның әке-шешесінің келісімін алмай, тұрмысқа шығуы, оған шешесінің лағынет айтуы, қарғыс дұға жасауы – осылардың бәрі жинақтала келе романның «Атау-кере» деп аталуына себеп болған.

Романдағы кейіпкерлер саны көп емес. Олар: Ерік, Айна, Нүрке, Таған. Романда Ерік бейнесі аса шеберлікпен сомдалған. Шығарманың басы бірден — ақ «ол» деп автор үшінші жақтан таныстыра баяндалатын Ерік образы арқылы басталады. Автор оның жылына бір-ақ рет туған ауылына қатынасса да сол ауылда оны ешкім сағына, сарғая тосып отырмағанын «қайбір екі туып бір қалғаны бар» дегейсің деген тіркеспен айтып салады. Міне, шығарма басындағы осы бір салқындықтың лебі аяғына дейін оқырманын ой сарсаңына түсіріп, ішін бір жылытпай — ақ қояды.

Шығармадағы Ерік бейнесі Нүрке ананың сөзі арқылы ашыла түседі.

«Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым — тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ -ты»; «Шешесі айтып отырады: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы ісмер-ді. Бірақ...». Сол «бірақтың» ақыры әлі күнге айтыла қойған жоқ»; «Жалғыз бала қатты болады деуші еді, содан ба, Ерігім өсе келе жұртқа жұғымы жоқ, даланың тағысы секілді тәкаппарлау болып кетті; « – Садағаң кетейін, келінжан-ай, сен болмасаң, бір сабақ жіп жалынбай ма. Көзімнің қуанышы, көңілімнің жұбанышы өзіңсің. Жалғыз ұлға теріс батамды бермеймін, бірақ, бірақ... осындай қаттылығы қинайды мені».

Өз сөздері арқылы Ерік бейнесі толыға түседі. «Ендеше, физикалық жұмысты рухани еңбектің құлына айналдырып, қорлауға болмайды»: « – Мен о бастан сөзге шорқақ, тұйық екенімді білуші едің ғой. Сондықтан да үйірсектігім жоқ, тағылау мінезіме таң қалмай-ақ қой. Кейде Айна мен анам да осы саяқтығыма өкпе білдіреді, қайтеміз, жаратылысымыз солай, көр түземесе, адамның қолынан келмейді. Үндемегеннің бәрінде үйдей бәле бар деу де қате. – Сонда қалайдыны қоя тұр. Өзің айта беретін «Неге біз осыны» енді мен айтсам: неге біз осы байлығы бар адамды бандит деп есептейміз. Кім қабілетті – сол ғана байлық жинап алды. Баяғыда да сөйткен. Ақымақтың аты – ақымақ, етегіне салған

Шығармадағы Шал сөздері арқылы Ерікті басқа қырынан танимыз.

«– Араны қалай ұрлайды? – деп таңдана сұрады Таған. -Ол оңай. Балдың балауызын үстіңе жапсырып ұясына жақындасаң, ара біткен жапырлап тәттіге қонады. Сол қалпымен үйіне алып келіп өз жәшігіне кіргізеді. Адам баласына қайыры жоқ. Не орыс емес, не қазақ емес, өгей неме...».

Шығармадағы Таған бейнесі қарама-қайшылықта суреттелген бейне. Бір кезеңдерде бүкіл елді аузына қаратқан саналы, салиқалы, терең білімді, көркіне көз тоймайтын көркем жігіттің тағдырдың тәлкегіне ұшыраған аянышты халі кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Ал оның осындай бейшара кейіпке түсуіне қоғам итермеледі емес пе? Өмір жолындағы кедергілердің ауыр соққысына мойып, сағы морт сынған жігіт барынан айырылып бір күнде адамдық қадір-қасиетін жоғалтып алады. Астарында «ұлтшылдықтың сарыны» жатқан деген

желеумен ғылыми жұмысы қорғалмақ түгілі өзі қуғын көріп, жігерсіздікке бой алдырып, шарасыздық танытады. Міне, Таған бейнесі шығармада сол шарасыздықтың нәтижесін ащы судан тауып, алжасып жүрген кезін сипаттаудан басталады. Автор суреттеуіндегі Таған бейнесі «Шашы құйын ұрғандай дудырап білтеленген». «Оның әбден арақ өтіп лайланған көзі кең ашылып, сөне қоймаған ашу ұшқыны, бәлкім, намыс шоғы жылтырады»; «..анау иілген құс қанат қастың астындағы қара көзде»; «Қолы-басы дірілдеп, аш аруақ секілді еңбектеп жүрген мүскін, расында да орангутанқа өте-мөте ұқсап кеткен»; «Кеберсіген быт-шыт ернін жалап, жараның орнындай үңірейген ұясына кіріп кеткен көзі жыпылық қаға еңіреп жіберген». «Көз алдында көлбендеген арақ-сайқал ғана ежелден қалмай келе жатқан көңілдесіндей қылмындап, көзін қысып жымыңдап, жетелейді-ай, дедектетті-ай»; «Жағасы жайлауда, мойны сораып, эрозияға ұшыраған даладай сортаңданған бетінен айғыз-айғыз тер сорғалаған Қарабура да ербиіп орнынан тұрды»; «Мең-зең, дел сал бейбақтың күнә, пәле-жала, айқай — шудан таза мұнтаздай мұңы бар еді», -деп сипатталады. Тағанды ауыр жан азабынан құтқарған – ол Табиғат ана. Табиғат тек тамашаланып қана қоймайды, ол «тіріліп кетеді». «Тау мылқау деп кім айтты, жүрегі, тілі бар, тек естір құлақ керек; ал, құлағы мен көзі барлардың да естімейтіні, көрмейтіні толып жатыр. Дүниені алатайдай бүлдіретін де солар. Құлағы бар – керең, жанары бар – соқырлар... сондықтан да, жан дүлейлігінен сақтасын...» Міне-міне, Тағанның маскүнемдіктен сауыға бастаған, Тағанның баяғыдағы санасы, тоқтап қалған сағатты бұрап қайта жүргізгендей, сыртылдап істей бастады...». Қаламгер пайымдауынша, табиғат- шексіздіктің белгісі, ол – пір тұтатын әлем. Кейіпкер Таған да бар тәубәшілікті табиғаттан табады, бойына жігер құятын да – табиғат. Қаламгер пайымдауынша табиғатты бағындырамыз деп тыраштанғаннан гөрі, оның бар болмысын қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауымыз керек деген түйін жасайды. Таған бейнесін суреттеуде автор көркемдегіш тәсілдерді шебер қолданады. Мұнда жазушы құс қанатындай мұнтаздай мұң теңеулерін, құйын ұрғандай дудырап білтеленген шаш, лайланған көз, аш аруақ, кеберсіген быт-шыт ерін эпитет сөздерін және жараның орнындай үңірейген ұя, арақ – сайқал метафоралық тіркестерін пайдалана отырып, Тағанның ішкі болмысын жайлаған қасіреттің сырын сыртқы түр-тұлғасы арқылы әсерлі өрнектей алғанын көреміз.

Жазушы адамдар арасынан өз орнын таба алмаған, рухы биік кейіпкер ретінде Шалды алады. Байқап отырғанымыздай, елден жырақта, үңгірде ғұмыр кешіп жатқан Шалдың мемлекеті оқырманға бір ертегідегі жұмбақ әлемдей елестейді. Шығармада жүрегіне ізгілік ұялаған, ибалы да инабатты келін Айна образы жазушы тарапынан ерекше ілтипатпен суреттеледі. Айнаның ішкі сыры, болмысы өзінің іштей монологы арқылы айтылады, Сонда кейіпкердің «Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барып, дәтке қуат, жанға суат арқыраған асау өзенмен» сырласуы арқылы біз оның бүкіл жан сарайының сырына қанық боламыз. Жазушы Таған тағдыры арқылы қоғамдағы түйткілді мәселелерді жан-жақты қырынан саралап, сараптай көрсетуге ұмтылады. Туындыда Таған адамзаттық проблемаларды арқалаушы, шығарманың негізгі өзегі ретінде көрінгенімен, оның өзі өмір сүріп жатқан ортаға сіңісе алмай

жатсынуы, өз қоғамынан өзі жеруі – қоғам түйткілімен тізбектеле өрілген Таған тағдырының, бәлкім, адамзат тағдырының басты трагедиясы.

Таған монологы арқылы романда автор қоғамда орын алған адамзаттық мәселелерді көтереді.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»..оқта-текте жылап алмаймыз?

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...итжандымыз, басқа қаңқ еткізіп теуіп жіберсе де, қыңсылаған күйі «иеміздің» етегіне оралып, аяғын жалаймыз.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»...көр соқырдай қалай жетелесе, солай ере береміз... Кім үшін, не үшін өмір сүрерімізді ақыл таразысына салмай сандаламыз.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»...өзіміздің бұл әлемге артық, түкке де керегіміз жоқ бейшара мүскін екенімізді мойындамаймыз...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»...қатыгез де, қасиетсіз болып кеттік?..

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»...бұл дүниенің барлық мүлкін арғы дүниеге арқалап кетердей, мұрнымыздан қан аққанша жиямыз, а?

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»...өтірік сөйлейміз, өтірік күлеміз, қысқасы – өтірік өмір сүреміз, а?..

Осы аталған мәселелер қазіргі күні де қалың оқырманын ойлантпай қоймайды. О. Бөкейдің «Атай-кере» романында көтерген адамзаттық мәселе – аралас неке. Елімізде жыл сайын 100 мыңға жуық неке қиылады. Соның ішінде 20 пайызы – аралас неке. Қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне назар аударсақ, 18-20 жас аралығындағы қазақстандық қыздардың үштен бірі (оның 50 пайызы – қазақ қыздары) шетелдіктерге тұрмысқа шығуға әуес.

XX ғ. басында қазақ зиялылары өзге ұлттың қыздарымен отау құруға әуес болды. Оқығандардың біразы замана көшінен қалмау үшін де тілі өктем ұлттың қыздарын алуға мәжбүр болды. Қазіргі кезде қазақ елі ТМД елдерінде ғана емес, Орталық Азияда қыздарының жоғары білім алуына көңіл бөлетін елдердің көшін бастап тұр. «Қазір 22 жас пен 64 жас аралығындағы қазақ әйелдерінің 100 % – орта білімді, 79 % – жоғары білімді. Жоғары білімді еркектердің үлес салмағы – 67,5 %, жоғары білімді қалалық ер адамдар 32 % , ауылдық жерде тұратын жоғары білімді ер азаматтар 22 % құрайды. Бұл – БҰҰ дерегі. Мәселен, Түркияда шетел азаматтарының түрік қыздарымен танысуына рұқсат берілмейді. Ал арабтар өзге ұлттарға қыздарын бермейді. Түрікменстанда жергілікті қызды алу үшін сол елдің азаматтығын қабылдап барып, сосын Үкіметке 150 мың АҚШ доллары ретінде салық төлеу қажет. Ал бізде ше? Отандастарымыздың 50 % Ресей азаматтарымен некелеседі екен. Одан кейінгі орында өзбек және қырғыз жігіттері тұр. Соңғы жылдары олардың қатары түрік, қытай, арабтан шыққан азаматтармен көбейді. Қазір нәсілі бөлек келіндерден гөрі, күйеу балалардың саны әлдеқайда көп. Африка құрлығы мен Үндістаннан келген қара нәсілді күйеу жігіттер де баршылық. Осы тұста «шетелдіктердің назары неге өзбек, түрікмен, тәжік қыздары емес, қазақ қызына ауа береді» деген сауал туады. Қытай Халық Республикасы, керісінше, бейресми түрде шетелден әйел алған қытай азаматтарына «қалыңмал» төлеп, сол азаматтың сол жат елде үйленіп, жер иеленіп, бала-шағалы болып, сосын туыс-туғандарын шақырып алуына көмек береді деген сөз бар. Осылайша,

«қалыңмал» беріп қолдап, қолпаштауының нәтижесінде қытай азаматтары шетелдік қыздармен үйленіп, сол елде азаматтық алып, тез көтеріліп жатыр.

Өзге ұлттың азаматымен бас қосып, бақытын басқадан тауып отырған еліміздің азаматтары туралы сауалнама жүргіздім.

Сауалнамаға қатысқандар саны - 21

Сұрақтар	Жауап	Жауап	Жауап
Сіз аралас некеге қалай қарайсыз?	Қарсы емеспін, дұрыс қараймын -9	қарсымын -12	
Аралас неке қауіпті ме?	Иә -5	Жоқ - 11	Жауап беруге қиналамын -5

Қорыта келгенде, қаламгер Оралхан Бөкей сомдаған кейіпкерлер өздерінің ішкі болмысы арқылы сыртқы шындық өмірдің жұмбақтарын түсінуге талпыныс жасап, өз көрермендері мен оқырмандарын жалықтырмайды. Қаламгер шығармасы арқылы жас ұрпақты адами құндылықтарға баулуға болады. Оралхан Бөкейдің шығармаларын насихаттау мақсатында менің ұсынысым:

- Оқу орындарында «Кітап оқу» акциясы негізінде барлық топтарда О. Бөкейдің «Атау-кере» романын оқу;
- оқырмандар конференциясын, пікірталас ұйымдастыру;
- драмалық қойылым көрсету;
- «Оралхан оқулары» мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастыру;
- Эссе жазу, зерттеу шығармашылық жұмыстарды сайтқа орналастыру
- О.Бөкей шығармаларын насихаттау жұмысын жандандыру.

### Әдебиеттер тізімі

1. Бөкеев О. Атау-кере. Алматы: Жазушы, 1973. 200 бет.
2. Сыздықова Р. Сәйкестік. //Уақыт және қаламгер. 10 кітап. Алматы: Жазушы, 1984. - 160-177 бб.
3. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том. Алматы: Жазушы, 1996. – 494 бет.
4. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/30388/>
5. <https://www.youtube.com/watch?v=ukjV6d0j4pI>
6. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/48344/>

# ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ: ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БАСТАУ АЛҒАН ҰРПАҚ

**Бижанова Арай Жамантаевна  
Аубакирова Балсулу Тлеубековна**

Қазақ технология және бизнес университеті АҚ колледжі

Адамзаттың, мемлекеттердің тұтастай даму тарихына үңілер болсақ, азаттық үшін, бостандық үшін, тәуелсіздік үшін күрестің толассыз жүргізілетінін байқаймыз. Тіпті, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау – ұлы борыш. Қазақ елі тарихының түбі терең, түп тамырымен мыңдаған ғасырларға тіреледі. Сол ұзақ жол 1916 жылдан Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресінен басталады. Ресей үкіметіне қарсы шыққан батыр халық үшін бұл алдағы оқиғалардың бастамасы болады. «Алаш» партиясының құрылуы, «Қазақ» газетінде халықтың ауыр халін сипаттайтын статьялар, өлеңдердің шығуы, «Алашорда» автономиясының азаттық күресі, Ашаршылық жылдары, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, бұл оқиғалар аса ауыр тарихымыздың тек жартысы ғана. Әйтсе де, қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа зайырлы Тәуелсіз Қазақстан Республикасы келді, дербес қазақ елі өмірдің жаңа парағын ашты.

Міне, біздің Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына биыл отыз екі жыл толады. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз екі жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, осы отыз екі жылда Қазақстан аяғынан қаз тұрып қана қоймай, әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміздің экономикасы дамыды, әлеуметтік жағдайы нығайып, елдің еңсесі көтерілді. Тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Бүгінде жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, Қазақ халқының береке, бірлігі артты. Ана тілімізге деген құрмет Ата Заңымыздан бастау алды. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсыновтың: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», деген ұстанымы бүгінде біздің жолбасшымызға айналып отыр. Сонау тоқсаныншы жылдардағы күйреп қалған шаруашылықтар, босап қалған дүкен сөрелері, елді жайлаған жоқшылық пен қымбатшылық аз уақытта еңсеріліп, халықтың тұрмысы оңалды, экономикадағы өрлеу елдің әл-ауқатын арттырды. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекеттік меншікте, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік шаруашылықтарда ғана жұмыс істеп үйренген халық жаңа жұмысқа баулынды, кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасалды, «жекеменшік» деген ұғым қалыптастырылды, адамдардың жаңадан өмір сүруіне қолдау көрсетілді. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артып, білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді. Өзге шет елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар да нығая түсті. Еліміздің барлық саласындағы қызметкерлерге, шет елдің түрлі саладағы мамандарымен тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Бүгінде тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана

Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Оның дәлелі болып жүрген еліміздің спортшылары әлем ареналарында бақ сынасып биіктерді бағындырып жүрсе, жас өнерпаздарымыз халықаралық байқауларда еліміздің атын шығаруда.

Тәуелсіздік қазақ халқының еңсесін көтерді, рухани серпілісін оятты. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екенін, оның мағынасы зор, қанша жыл уақыт өтсе де оның бағасы жойылмайтындығын ұғындыра түсті. Сондықтан да қазіргі заманауи қазақстандық қоғамда өз еліміздің өткеніне, тарихына, жекелеген тұлғаларға немқұрайлы қарау болмауы керек. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында аталып өткендей, біз дәстүрлерімізді дамытып, құндылықтарымызды, тәуелсіздік жетістіктерін сақтауымыз керек.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атауға болады. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржолға шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі болғандықтан әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс.

Бүгінгі күннің жастары – тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақ. Біз ата-бабаларымыз қаны мен терін төгіп күрескен жерде еркін өмір сүріп жатырмыз. Қиын-қыстау заманда емес қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда дүниеге келген бақытты елдің ұрпағымыз. Тәуелсіздіктің төбедең түспегенін, әлдекім сыйға тартпағанын, тарих көшіндегі ата-бабамыздың арман-аңсарының толық жүзеге асқанын түсінетін ұрпақпыз. «Ақын болу – өз еркін, ал азамат атану – міндетің» демекші, егеменді еліміздің өскелең ұрпағы ретінде біз



ата-бабамыздың асыл қасиеттерін жанымызға медет тұтып, еліміздің, жеріміздің өркендеп өсуі жолында көп тер төгуіміз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеуіміз қажет. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. <https://egemen.kz/article/260146>
2. <https://emirsaba.org/>
3. <https://e-history.kz/kz/news/show/1938>

## ҚАЗАҚ ОЮ –ӨРНЕГІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ

Сеитова Құралай Төлеубайқызы

Габдыхамит Гаухар

«Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МҚК

Ою-өрнек, орнамент (лат. ornamentum - әсемдеу, сәндеу) - әр түрлі заттарды (үй-іші мүліктері, тоқыма бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарақ), архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған, жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Мұндай әшекейлер «жал», нүкте, ирек тәріздес болып келеді. Ою-өрнек түрлі геометриялық пішіндерден құралып, зерлеу, дәнекерлеу, оймалау, кестелеу, құйма-жапсыру әдістері арқылы жасалады. [3]

Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолдары мен тарихы бар. Бұл тарих сонау «Андронов мәдениетінен» бастау алады. Бұл дәуір біздің заманымызға дейінгі екі мың жылдарда мекен еткен. Бұған елімізде ұзақ жылдар жүргізген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Тарихи ғылыми деректерге - жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгені белгілі. Бұған дәлел қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілерінен андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұралары. [2]

Қазақ ою-өрнегі бейнелеу өнерінің сәндік үлгісі ғана емес, ол философиялық ойға, терең мағынаға негізделген. Ою-өрнектегі әшекей белгілер халықтың қоршаған орта, өмірі туралы ұғым-түсінігін, ойлау жүйесінің, көркемдік ой-қиялының көрінісі. Мұндағы түр мен тустің символикасы, магиялық нышан белгілері біртұтас образ ретінде белгілі бір мағыналық қызмет атқарады. Көгілдір түс, әдетте аспанды, қызыл түс от пен тіршілік негізін бейнелесе, жасыл түс көктемді көрсеткен.

Қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір аймағының өзінің стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Ғалымдардың пайымдауынша қазақ ұлттық ою-өрнектерінің, әзірше 230-дай түрі ғана анықталған. Ою өрнек саласын зерттеп жүрген ғалымдар оларды бір жүйеге түсіріп, мынандай топтарға бөлген:

1. Ең көп таралғаны зооморфты ою-өрнек. Зооморфты өрнектер – қошқар мүйіз (қошқар мүйіз), қос мүйіз (біріктірілген мүйіз), түйе табан (түйе ізі) т.б. – киіз бұйымдары мен теріден, ағаштан жасалған әр түрлі тұрмыстық бұйымдарды әшекейлеу үшін пайдаланылған. Ол киіз бұйымдарында (текемет, сырмақ), тоқымашылықта (басқұр, алаша, кілем), сондай-ақ теріден, сүйектен, ағаштан, металдан жасалған бұйымдарда кездеседі. Бұйымдардың кейбір түрлерінде элементтің дизайны аппликация техникасы арқылы жасалады. Оны бояу үшін қызыл, жасыл, қоңыр, ақ және қара реңктер қолданылады.

2. Геометриялық ою-өрнек мотивтері тоқу және архитектуралық безендіруде (үшбұрыш, ромб, крест, тарихқа дейінгі свастика) кең тарады. Ол кілем жиектерінде, орталық жақтауда, текемет өрістерінде – киіз кілемдерде кездеседі. Қара, көк, бургундия, қоңыр тондармен боялған.

3. Гүл өрнектері кесте мен тоқыма бұйымдарында (гүл, жапырақ, өркен) кездеседі. Бетті еркін толтыра отырып, мұндай үлгілер фон қалдырмайды және өнімге талғампаз және мерекелік көрініс береді. Сары, қызғылт сары, қызыл, қызғылт, бургундия тондарымен боялған.

4. Космогониялық белгілер (күн, жұлдыз, жарты ай, кілем тоқуда композицияның орталық бөлігін толтыру үшін қолданылады, мысалы, «Қайнар - фонтанел» өрнегі жайылым мен суаруға мұқтаж мал шаруашылығында дүниеге келген. Қолданылатын түстер көгілдір, көк және күлгін.[1]

Өткен ғасырларда кітаптың мұқабасы мен ішін әрлеу үшін Еуропа баспагерлері өсімдік пен жеміс-жидек гүлдерінің нақты бейнесін салса, қазақ суретшілері қазіргі басылымдардың бірінші бетіне түрлі формадағы ою-өрнек элементін бейнелейді. [4]

Ою-өрнекті сан құбылтып, әдемі өрнек шығару қолөнер шеберінің талғамына, ой-өрісіне, танымы мен біліктілігіне байланысты. Тепе-теңдікті, ырғақты және заттың мөлшерін сақтай отырып, қиылған ою-өрнекті бұйымдарға талғаммен ұтымды орналастыра білу шеберлік біліктілігіне келеді. Мысалы, Батыс Қазақстан мен Қызылорда өңірінде еліміздің басқа аймақтарына қарағанда өрнек тоқуда ерекше мәнер бар. Бұл ертеден келе жатқан «кежім теру», «бұхар теру» әдісі, бұлай терілген алашаның үстіңгі беті тегіс, айшықты өрнектелген, сәнді келеді. Алаша тоқу кезінде қолданылатын өрнектің мәнері шебердің ой қиялы мен тапқырлығына байланысты «ромб», «ирек», «сынықмүйіз», «қошқармүйіз» өрнек элементтерін ұтымды пайдаланады. Қазақ алашалары тоқылу, өрнектелу сипаты жағынан түркімен, қарақалпақ, қырғыз, өзбек алаша бұйымдарына жақын.

Батыс Қазақстан зергерлік бұйымдарындағы ою-өрнектің негізгі элемент ретінде түрлі нұсқадағы ромб, тұмарға ұқсас үшбұрыштар және түрлі геометриялық оюлар кездесе, Орталық Қазақстанда қарапайым зооморфтық ою үлгілері басым, ал Оңтүстік Қазақстанда қолөнердің барлық саласында өсімдік тәрізді оюларды көбірек қолданады. [2]

Қазір бұл өнер жана бағытта дамып келеді. Халқымыздың қолөнер шеберлерінде жаңа мазмұндағы шығармашылық серпіліс байқалады. Мұражайлар жәдігерлерінде бейнеленген нақышты оюларды жаңа ырғақпен халыққа жеткізуге мүмкіндік туды. Сондықтан қазіргі кезде ою-өрнектің сан түрлі жаңа мәнерлері пайда болды, бүгінгі күннің басты жаңалығы ою-өрнектің бір элементін компьютерге енгізу нәтижесінде бір бөлшектің өзінен мың түрлі ою- өрнек алуға болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Этнограф Садық Қасиманов пен сәулетші Телеутай Бәсеновтің ою-өрнектер туралы жазылған ғылыми еңбектері бұл өнер түрін өз тарихы, даму жолы, заңдылықтары бар тұтас сала ретінде танытты. Осы салаға бүгінгі таңда үлкен үлес қосып жүрген білікті шебер, суретші Сапар Төленбаев. Ол тұңғыш рет екі

мыңнан астам қазақ оюларының сабақтас түрін жасап, өндіріс орындарына енгізді. Оюдың жаңа үлгідегі түрлері: «сызбаою», геометриялық ою-өрнектердің композицияланған тұтас түрлері - «дөңгелек», «қосалқа», «алқа», «үш, төрт, алты, сегіз, он, он екі бұрышты» оюлардың тұтас туындысын жасады. [2]

Бұл ою-өрнектердің бір ұтымды жағы - оларды барлық өндіріс саласына дайын үлгі ретінде қолдануға болады. Осындай өзгерістердің нәтижесінде бүгінгі таңда суретшілер қоғамдағы жаңғыру үрдістерін өздерінің өнер туындыларына жаңа тақырып етіп, ою-өрнектерінің мазмұнын байытуда. С. Төленбаев оюларында еліміздің басынан өткен барлық кезеңдері көрініс тапқан. Шебер жаңа ою-өрнек элементтері ретінде бесжұлдыз, зымыран, кептер, орақ пен балға, сондай-ақ дән молдығын бейнелейтін бидай сабақтарын, мақта пішімін ұтымды пайдаланған.

«Бесжұлдыз» элементі тұтас оюлардың дәл ортасына келтіріліп, жан-жағына аралас өрнектер түсірілген. Көнеден келе жатқан ғарыштық ою-өрнек тобына жататын «жұлдыз», «жұлдызгүл», «жұлдызқұрт» оюларынан «бесжұлдыз» өрнегінің басты айырмашылығы - белгілі бір затты тұспалдамай дәл бейнесінде берілуі. Тұтас оюлардың ішінде зымыран элементтері өте көп кездеседі. Ғарыш тақырыбына арналған ою-өрнектер: зымыранның түрлі нұсқалары аспан әлемін тұспалдайтын көк түспен бейнеленген. [2]

Шебердің оюлары ұлттық нақышты сақтай отырып, ғарыштық, зооморфтық және өсімдік мәнерінде қиылған. Еліміздің рәміздеріне қатысты олардан ою-өрнектің ресми мазмұнға да ие бола алады. Жаңа ою-өрнектерді мазмұнына қарай, мынандай топтарға бөлуге болады:

1. Мал өсіру, аңшылыққа байланысты ою-өрнектер.
2. Табиғат көріністері.
3. Күнделікті тұрмыста кездесетін заттардың сырт пішімі.
4. Еліміздің рәміздері.

Бұл жаңа ою-өрнектер ежелгі ою-өрнек тобынан алшақтамай, тек кеңестік және тәуелсіздік кезеңдерінде қосымша пайда болған еліміздің рәміздері қазақ ою-өнерінің басты тақырыбына айналған. [2]

Қазақ ою-өрнектің арқауы болған «мүйіз» оюы заманымызға сай түрленіп, жаңа ұғымда, жаңа мазмұнда қолданылуда. Демек, ою-өрнек көнермейді, ол заман ағымына қарай өз дәуіріне сай өзгеріп, жаңарып, жаңа туынды ретінде өмір сүреді. Қазіргі кезде маман суретшілер көбінесе суреті салынатын заттың сырт пішініне, яғни суреттің неғұрлым сол затқа ұқсас болу жағына көбірек назар аударады. Ал оюшы өз ою-өрнектерінде ойлаған заттың немесе көріністің жоғары талғамда орындалуын көздейді. Демек, шеберлер ою-өрнектің жана түрлерін өз қолөнерлерінде жоғары талғаммен пайдаланып келеді.

Қазір жүздерге немесе ру аттарына, аймаққа байланысты пайда болған қолөнер туындылары жоқ. Себебі, тоқсаныншы жылдардан бастап еліміздің барлық өңірінде пайдаланылатын бір-бірін қайталамайтын ою-өрнек нұсқаларының жаңа, сабақтас түрлері ою-өрнек тақырыбында жарық көрген кітаптардан алынып қолданылатын болды. Бұл жерде қазақ ою-өнерінің басты

ерекшелігін - шеберлер оны қанша түрлендіріп пайдаланса да бастапқы ұлттық-нақышын, мәнерін сақтап қалатынын атап айтқан жөн.

Халықтың ойлау жүйесінің дамуына сәйкес жаңа кәсіпшіліктер дамып, тиісінше ою-өрнекке байланысты жаңа атаулар дүниеге келді. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде, ой санасында, мәдени-тұрмыс дәрежесінде, дүниеге танымында жаңа серпін, бетбұрыс пайда болды.

Халық өнеріне ұлттық құндылық, қазына ретінде қарай бастадық. Енді алда осы құндылықты мәңгі рухани қайнарымызға айналдыру міндеті тұр.

Еліміз егемендік алып, осындай тарихи өзгерістің нәтижесінде халық шеберлерінің шығармашылық ізденісі шыңданып, жетіле түсуде.

Бұрын шеберлер мал өсіру мен аңшылықты, жер, су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттың сыртқы пішінін бейнелесе, қазіргі заман шеберлері осы қазыналы өнерімізді түрлі салаларда тиімді пайдаланып жүр. Мемлекет рәміздерінен, сәулет өнерінен, графика өнерінің барлық саласынан, кітап пен журнал беттерінен т.б. нақышты ою-өрнектерді жиі көріп жүрміз. Еліміздің белгілі суретшісі Әбілхан Қастеев бұл өнерді кімнен, қайдан үйрендің деген сауалға:

Таудың бұлағынан,

Қойдың құлағынан,

Апамның киізінен,

Ешкінің мүйізінен, - деп жауап берген екен. Біз де, біздің қазіргі және болашақ ұрпағымыз да өнер атты құндылықты осылайша үйреніп, рухани қайнар ретінде сусындауымыз керек. [2]

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қайта жаңғырған қолөнерімізде ұлт мүддесіне негізделген серпіліс, мақсатты бетбұрыс байқалады. Бүгінгі таңда қайта көркейген, жаңа мазмұнға ие болған, өмірімізден өзінің лайықты орнын алған бұл өнер саласына өткеннің ескерткіші ғана емес, күнделікті тұрмыс –тіршілігіміздің ажарын ашатын рухани құндылық ретінде қарауымыз керек. Ол сонау ғасырлар қойнауынан жеткен жай таңба-белгі емес, бұл халқымыздың оюмен жазылған шежіре - тарихы. Ендігі міндет сол тарихты оқи алатын, өзгені де оқыта алатын ұрпақты, қас шебер мамандарды даярлау, сөйтіп өнердің өрісін кеңейту. Ою-өрнек - халқымыздың қол танбасы, ол өшуге, жоғалуға жатпайды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. Өнер. 1987. 113б.
2. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақстан ою-өрнектері. Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2003-284 бет.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас редакторы Б.Аяған.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005.-728 бет.
4. Қайыркелді Д. Қазақтың оюлары ұлттық брендіміз болуы керек/ Қайыркелді Д. //Ақиқат. 2022-№10.- 25-27 б. ISSN 1019-5300.

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Джумабаева Жанар Атеговна  
Кульжанова Айшабиби

Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК

Әр адам күн сайын үстел басынан дәмді, хош иісті және жаңа піскен нанды көргісі келеді. Нан – адамзаттың басты құндылығы, ол молшылықтың және әл-ауқаттың белгісі. Оны ешқандай тағам алмастыра алмайды, «Дастарханыңда наны жоқтың, тамағыңда сәні жоқ» деп бекер айтылмаған.

Бұрын заманауи технологиялар болған жоқ, барлық зат қолмен жасалып, үлкен шеберлік пен күшті қажет еткен. Нан бидай ұнынан жасалады. Нан пісірілуіне, қоспасына қарай әртүрлі аталған. Әдетте, пешке пісірілгендерін- нан, отқа көміп пісірілгендерін -күлше, табаға, тандырға пісірілгендерін - бәтір, қазанға пісірілгенін -қарыма, майға пісірілгенін - бауырсақ, жайма деп атайды. Нанды жерге тастамайды, үстінен аттамайды, үстіне ешбір затты қоймайды. Нанды бір қолмен үзіп жемейді.Алайда нан ұннан, судан жасалады. Нанға тұз, ашытқылар (дрожжи) қосады. Ең алдымен нан қалай дастарханға келеді деген сұраққа жауап іздедік. Нанды дайындау үшін қажетті шикізат туралы мәліметтер жинадық. «Ас атасы – нан» демекші дастарханға нан үлкен еңбектің, маңдай тердің арқасында келетіні белгілі. Нанды әзірлеу үшін негізгі және қосымша шикізат қажет етіледі. Нан, әсіресе жаңа, витаминдердің үлкен тізімін қамтиды. Ең алдымен, бұл В тобындағы витаминдер: В9, В6, В2, В5, В1. Сонымен қатар, нанның құрамы холин, бета-каротин және ПП, Е, Н, А витаминдерімен байытылған.Қазіргі таңда нанның жаңа түрлері алуан, мысалы: глютенсіз нан, химиялық ашытқысыз, табиғи ашытқымен, көкөніс наны. Дұрыс тамақтану біздің таңдауымыз және болашағымыз тақырыбындағы инновациялық жоба біздің колледжімізде арнайы құрылған жоспар бойынша жүзеге асырылып отыр.

Қазіргі таңда нанды біздің колледж табиғи ашытқы яғни закваскадан дайындап халыққа пайдалы нан туралы мәлімет жеткізіп жатырмыз.Жоба барысында ашытқылар туралы толық анықтамалар айтылды.Пісіру ашытқылары ашытқылардың ең көп таралған түрі және оны кез келген дүкеннен табуға болады. Ең алдымен пайдалы нанды әзірлеу, нанның түрлері, оның құрамы, дайындау рецептері, нанды дайындаудағы химиялық ашытқының зияны және табиғи ашытқының пайдасы туралы бейне ролик түсірілді.

Ашытқының 3 түрі болады.Олар:жаңа сығылған ашытқы,құрғақ ашытқы және ашытқылар (закваска).Бұл ашытқылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталсақ:

1.Жаңа сығылған ашытқы-табиғи кремді түске ие,ерекше иісі бар ашытқы түрі.Алдымен бұл ашытқы түрін қолданбас бұрын біркелкі және тығыз қысылғандығына және қара дақтардың болмауына көз жеткізу керек. Ашытқыны ұстаған кезде саусаққа жабыспайтын, қолыңыздан оңай құлап кететін, еш жерге жайылмайтын болса оның балғындығын білдіреді. Ал егерде олар жабысқақ

болса, бұл ашытқыны құтқару мүмкін емес, оны тез арада лақтырып тастау қажет. Себебі оның сақталу мерзімі өтіп кеткен.

Сығылған ашытқыны сақтау ережелері:

1) Сығылған ашытқылардың қасиеттерін ұзақ уақыт сақтау үшін оларды ұсақ бөлшектерге бөліп, аз мөлшерде ұнмен араластырып ұнтақтау керек. Кейін оны қағаз сүлгіге қойып, 1-2 сағатқа қойып қою керек. Уақыт өткен соң массаны шыны ыдысқа салып, қараңғы жерде сақтаған жөн. Осы әрекеттер арқылы ашытқыны 1 ай бойы балғын түрінде сақтай аласыз.

2) Қалған бөлшектерді шыны ыдысқа салып үстіне күнбағыс майын құйып, ыдысты мықтап жауып, тоңазытқыштың ең төменгі сөресіне қойып қойыңыз.

3) Жаңа ашытқыны сақтау үшін ыңғайлы температура 0 градустен 4 градусқа дейін. Осы температурада сақталса 2 апта бойы жарамды болады.

2. Құрғақ ашытқы-әрбір үй шаруасындағы ең қажетті ингредиенттің бірі болып саналады. Олар: жылдам және белсенді ашытқылар деп екіге бөлінеді.

1) Жылдам ашытқы - нан пісіру үшін қажет. Оны сулап қажет емес.

2) Белсенді ашытқы-құрғақ ашытқының бұл түрін де нан пісіруге қолдануға болады. Алайда оның жылдам ашытқыдан айырмашылығы, ол суды қажет етеді.

Пайдасы: Құрғақ ашытқының құрамында адам ағзасына қажет элементтер бар. Олар: ақуыз, амин қышқылдары, минералдан соның ішінде магний, калий, фосфор, В дәрумендері (ұйқыны жақсартады және жеңілдетеді), иммунитетті жақсартады.

Зияны: Өткір асқазан ауруы, бауыр ауруы бар адамдарға ұсынылмайды.

3. Ашытқылар (закваска)-ашытуды тудыратын микробиологиялық құрам. Ол ұн мен судың ашуының нәтижесінде пайда болады. Оның иісі жағымсыз болады. Осы ашытқыны қолдану арқылы пайдалы бактерияларға бай өнімнің бірі нан жасалады.

Жалпы осы ашытқыларды қолдану арқылы пайдалы нан жасауға болады. Жоба жоспары бойынша пайдалы нан туралы мәліметтерді тұтынушыларға жеткізу үшін және пікірлерін білу үшін Астана қаласы №58 мектеп оқушыларымен кездесу өткіздік. Кездесу барысында оқушыларға жобаның мақсаты және пайдалы нан, ашытқының түрлері, пайдасы, зияны туралы ақпараттар берілді, сұрақтар қойылды және оларды мазалаған сұрақтарға жауап бердік. Осы мектеп қабырғасында орналасқан гидропоника жасыл мектеп жобасымен танысып, микрозелень қалай өсетінін өз көзімізбен көріп қайттық. Кездесу ойдағыдай және қызықты өтті. Осыған байланысты оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама сұрақтарына тоқтала кетсем: Нанды не үшін күнделікті қолданамыз? Сіз қандай нанды қолданасыз? Нанның құрамында қандай дәрумендер барын білесіз бе? Сіз салауатты өмір салты және дұрыс тамақтануды ұстанасыз ба? Глютенсіз нан болатынын білесіз бе? Ашытқылар не үшін қажет? деген сұрақтарға «ия» немесе «жоқ» деген жауап алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 60% -ия, 40% -жоқ деп жауап берген. Біздің келесі кезең бойынша Астана қаласы тұрғындарынан пайдалы нан және дұрыс тамақтану туралы ойларын білу үшін сұхбат алынған болатын. Тұрғындарға: «Нанды таңдағанда сапасына қарайсыз ба? Әлде бағасына қарайсыз ба?» және «Пайдалы

нан жайлы ойларыңыз»және т.б. сұрақтар қойылды.Бұл сұхбаттың нәтижесінде пайдалы нанның ашытқылардан яғни закваскадан дайындалатынын біліп, оның шынайы пайдасын білетініне көз жеткіздік. Пайдалы нанды тұтынатын және қолдайтын тұрғындар көп екеніне дәлеліміз жетті.Қорытындылай келе денсаулық басты байлық екенін ескере отырып, барлық тұрғындарды дұрыс тамақтануға,пайдалы өнімдерді қолдануға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз!

### Әдебиеттер тізімі

- 1.М.П.Байысбаева «Нан өнімдерінің технологиясы» Алматы 2011ж.
- 2.И.Ю.Бурчакова,С.В.Ермилова «Күрделі нан-тоқаш,ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру» Мәскеу «Академия баспа орталығы» 2015ж.
- 3.Л.С.Кузнецова,М.Ю.Сиданова «Технология производства мучных кондитерских изделий».
4. <https://faktiler.kz/>



## **ПОКОЛЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ: ФАКТЫ И ИССЛЕДОВАНИЯ**

**Корушунова Татьяна Викторовна**

**Маликова Аяжан Жандосовна**

НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева»

Что такое «поколение независимости»? Это обычно относится к поколению людей, которые родились или стали взрослыми в период времени после получения их страной независимости от колониального строя или другой формы зависимости. Эти люди рассматриваются как символы новой эпохи и стремятся к укреплению своей национальной идентичности и развитию своей страны после долгой борьбы за независимость.

16 декабря 1991 года постановлением Верховного Совета Республики Казахстан был принят Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан». Эта дата навсегда останется самой яркой страницей в славной истории нашей страны. Так чего же добилось «поколение независимости»?

В первую очередь это Международное признание

Как известно, в декабре 2010 года Казахстан стал первым постсоветским государством, первым представителем Центральной Азии, которому было доверено председательство в ОБСЕ. В 2017 году Казахстан стал первой страной бывшего СССР, которая провела Международную специализированную выставку ЭКСПО.

Одно из значительных достижений Казахстана заключается в переносе столицы из Алматы в Астану (который тогда назывался Акмола) в декабре 1997 года. Уже в 1999 году Астана, ставший столицей Казахстана, получил награду от ЮНЕСКО «Город мира». Это признание присуждается новым городам по всему миру, которые достигли значительных успехов в социально-экономическом, политическом и культурном развитии в короткие сроки. В 2012 году Казахстан вошел в число 50-ти конкурентоспособных стран мира в глобальном отчете Всемирного экономического форума 2013-2014 года

Не малого успеха добились и в спорте

Выдающийся казахстанский лыжник Владимир Смирнов вошел в историю как первый спортсмен из нашей страны, выигравший золотую медаль Олимпийских игр. Случилось это знаменательное событие 27 февраля 1994 года в Лиллехаммере.

Ярким примером может служить самый титулованный казахстанский спортсмен, двукратный чемпион Олимпийских игр Илья Ильин. Он трижды признавался лучшим штангистом планеты — в 2005-м, 2006-м и 2014 годах.

Визитной карточкой казахстанского спорта по праву считается бокс. Наши бойцы принесли для страны на пяти Олимпийских играх 17 наград. В 1996 году на XXVI летних Олимпийских играх в Атланте (штат Джорджия, США) уверенно заявил о себе балхашский боксер Василий Жиров. Кроме титула олимпийского

чемпиона, он стал обладателем самого почетного приза — Кубка Вэла Баркера, которым за всю историю Олимпиад владели бойцы всего восьми стран.

Казахстан входит в число самых безопасных стран в рейтинге ядерной безопасности. Этому способствовал указ Первого Президента о закрытии Семипалатинского ядерного полигона 29 августа 1991 года. По инициативе Казахстана ООН объявила 29 августа Днем международных действий против ядерных испытаний который отмечается во всех странах.

В 2009 году Казахстан вышел на первое место в мире по добыче урана. Половина всего урана добывают у нас. Этого хватило бы на создание ядерного оружия превышающие запасы России и Америки вместе взятых. Но казахстанцы как люди познавшие на себе все те ужасные последствия от использования ядерного оружия предпочли этого не делать. Казахстан стал одной из 4 стран мира отказавшихся от ядерного оружия. Выбрав мир и используя уран в благих целях: для строительства атомных электростанций, проведения научных экспериментов и в лечении раковых заболеваний.

Нынешнее поколение добивается многих важных изменений и достижений туда входит

Социальные изменения: Нынешнее поколение работает над решением социальных проблем, таких как дискриминация, неравенство, доступ к образованию и здравоохранению. Они стремятся к созданию более справедливого и инклюзивного общества.

Экологическая устойчивость: Борьба с изменением климата и охрана окружающей среды становятся все более важными. Нынешнее поколение содействует устойчивым экологическим практикам и внедрению новых технологий для снижения воздействия на природу.

Технологические инновации: Нынешнее поколение вносит свой вклад в создание новых инноваций, которые улучшают качество жизни.

Глобальное сотрудничество: С мировыми проблемами, такими как пандемии и экологические вызовы, справиться сложно без международного сотрудничества. Нынешнее поколение работает над укреплением мировых отношений и решением глобальных проблем.

«С момента обретения нашей страной Независимости выросло целое поколение молодых людей, свободных духом и помыслами. Подрастает плеяда детей Независимости, которые уже вносят свою лепту в процветание нашей Родины» Токаев К.К.

Но мы не забываем тех благодаря кому мы стали поколением независимости те кто открыл нам эту дорогу. Наши предшественники надолго запомнили трудности переходного периода после распада Союза, оставшиеся, к счастью, только в воспоминаниях. Только благодаря сплоченности всего народа были преодолены сложности первых лет

суверенитета. Теперь мы живем в процветающем государстве, в приоритете которого человек, его

культурное, духовное развитие, приобщение молодежи к непреходящим культурным ценностям. Именно мы продолжим путь начатый предыдущим поколением

Поколение независимости это люди чьи идеи и проекты меняют наше представление о мире, диктуют правила игры в самых разных индустриях. Участники списка задают тон тому, за что в истории будут помнить их поколение.

## **ТУҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК**

**Токежанова Асем Айдаровна**

**Қазихан Ақтоты Ерсіңқызы**

Астана қаласы ЖШС «Басқару колледжі»

Қазақстан Республикасы-Еуразия аспанындағы еркін құс. Бұл ерекше ақкөңіл, қонақжай халқы бар ел. Бұл бір қанаттың астында тату-тәтті өмір сүретін жүздеген ұлттары бар жер. Бәрімізді біріктіретін орын. Бұл біздің керемет Отанымыз, мықты және тәуелсіз мемлекетіміз.

Менің түсінігімде Тәуелсіздік-өте жан-жақты ұғым. Сіз тәуелсіз адам бола аласыз, тәуелсіз пікірге ие бола аласыз немесе тәуелсіз мемлекет бола аласыз. Бірақ бұл терминдердің барлығы бостандықты, еркіндікті және егемендікті біріктіреді. Бұл Қазақстан.

Біздің еліміздің егемендікке апарар жолы ұзақ және тікенді болды.Тәуелсіздік туын көтеру үшін күш пен табандылық қажет және ол шын мәнінде дұрыс, өйткені халық пен Президенттің бірыңғай күш-жігерінің арқасында ғана біз мақтанышпен қол жеткіздік, сөйтіп Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталды. Он алтыншы желтоқсан-тарихтың барлық бағытын өзгерткен еліміздің әрбір азаматына көп нәрсе айтатын күн. Бұл-Қазақстанның Тәуелсіздік күні.

Қателесуден қорықпай, Қазақстан қазіргі индустриалды мемлекеттің жарқын үлгісі деп айтуға дайынмын. Мен Әнұран айтқан сайын, желде біздің Туымыздың керемет желбірегенін көргенде және Елтаңбаға құрметпен қарасам, менің жаным қуанады, мақтаныштың көз жасы көзге түседі,өйткені бұл біздің Тәуелсіздігіміздің нышандары. Мен үшін мұндай елдің азаматы болу үлкен абырой мен жетістік.

Астана-еліміздің тәуелсіздігінің көрінісі. Міне, Тәуелсіздік сарайы, бұл бейбітшілік пен келісім сарайы, онда әлемдік конфессиялардың өкілдері өзекті мәселелерді талқылау үшін жиналады. Бұл біздің еліміздің әлемдік аренадағы құрметінің дәлелі емес пе? Ал ЭКСПО көрмесі? Ал Сирия мәселесі бойынша келіссөздер? Мен сенімді түрде мәлімдеймін: менің елімнің тәуелсіздігі мен ұстанымы әлемдік аренада берік. Менің тәуелсіз Қазақстаным цифрландыру дәуіріне қадам басты.

Менің ойымша, бұл елдің экономикасын көтеріп қана қоймай, оның егемендігін нығайтады.Мұның бәрі біздің асыл еңбегіміз. Біз бұл жолды бірге жүріп, мындаған қиындықтар мен кедергілерді бастан өткердік, бірақ біз мұны жасадық. Біздің көшбасшымыз бізді дұрыс бағытқа бағыттады. Суық қыста мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жыл бізді.Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп жариялады.Біздің жас еліміз мұнымен тоқтап қалмайды және біз жастар оны одан әрі табыстарда қолдау құрметіне ие болдық. Отанымызды, Қазақстанымызды, ол қандай болса да сүй!

«Менің Отаным-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы!»

## Әдебиеттер тізімі

1. «Менің елім» Көсемәлі Сәттібай.- Алматы: «Нұрсәт» баспасы, 2016.
2. Желтоқсан — 86. Кн. 8. Сборник документов / [сост. Б. Абдығалиев и басқалар.] — Алматы: ОФ «Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы», 2006. — 457 б. — ISBN 9965-9999-8-8. (орыс.)
3. Тәуелсіздік тамырлары: Б. Қойшыбаев. – Алматы: «Дәуір» баспасы , 2022.
4. Шөмішбай Сариев. «Тәуелсіз ел қазағым». Егемен Қазақстан. №16. 2003 ж.
5. Лесбек Сайлаубекөв. «Бодандыққа қарсы бұлқыныс». Ақ жол. №21. 2006 ж.

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ЖОЛЫ – ЖЕЛТОҚСАН

**Токежанова Асем Айдаровна**  
**Асқарова Дильназ Бауыржанқызы**  
Астана қаласы ЖШС «Басқару колледжі»

Қазақстан Республикасы әр жыл сайын 16 желтоқсанда Тәуелсіздік күнін тойлайды. Бұл 16 желтоқсан тойланатын Тәуелсіздік күнін алу оңай болған жоқ.

Тәуелсіздік алу үшін 168-200 дейін адам қаза тауып 200ден аса адам арақаттанып мыңнан аса адамдар тұтқындалған.

1986жылы 17-18 желтоқсан күндері Мәскеудегі орталықтан саяси тәуелсіздікті талап етті. Нәтижесінде КСРО ИМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған «Кұйын-86» операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды.

Көтерілісшілер сотталып, қатал жазаланды. 17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И.Бережников атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті.

Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, «бұзақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. 18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды.

Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды.

Желтоқсанның Қанды Шайқасында құрбан болғандар: Т.Тәшенов, К.Күзембаев, Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ. Рұсқылбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова және тағыда басқалары.

Ешкім баға берген де жоқ. Жерлесіміз, желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Қ.Рысқұлбековтің рухын құрметтей отырып, жастарымызды ұлтжанды - адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында 1991 жылдың наурыз мерекесінде мойынқұм ауданында қайрат атынды. Қазақ жастарының Алматыдағы жиыны туралы 1986 жылы 18 желтоқсанда «ТАСС» ақпарат агенттігі қысқаша хабар берді. Бұл ақпарат келесі күні «Казахстанская правда» газетінде, ал тағы бір күннен соң «Ленинская смена» газетінде жарияланды. Орталық комитетінің соңғы пленумының шешімін қолдамайтындарын білдіріп көшеге шықты. Қалыптасқан жағдайды бұзақылар, арамтамақтар мен өзге де жат пиғылды адамдар пайдаланып, тәртіп сақтау органдарының өкілдеріне қарсы заңсыз әрекеттер жасады, азық-түлік дүкендері мен көліктерді өртеп, қала тұрғындарының ар-ожданын қорлайтын іс-қимылдарға барды», – дейді «Алматыдан хабар» деп аталатын ТАСС-тың шағын ақпараты. Бұл хабарға дейін республикалық екі ірі газет - «Казахстанская правда» мен «Ленинская смена» 17-18 желтоқсандағы қазақ жастарының шеруі туралы ләм-мим деген жоқ.

Алайда көп ұзамай-ақ қарсылық акциясына қатысқандарды барынша қатаң жазалауға шақырған ұрдажық мақалалар жарық көре бастады. Жастардың бұл шеруін советтік баспасөз «зиянды, теріс әрекет», «ұлтшылдықтың көрінісі» және

«жаппай тәртіпсіздік» ретінде баса көрсетті.»Қазақстанская правда» да, «Ленинская смена» да біршама уақыт өткен соң шеруге шыққандардың ісін қараған коммунистер мен комсомолдардың партиялық жиындары туралы жалынды есеп бере бастады. Советтік саясатқа қарсы митингіге қатысқаны үшін оқудан да, комсомол қатарынан да шығарылған жастарды мақала авторлары жерден алып, жерге салды Сондай мақалалардың бірі «Ленинская смена» газетінің жас тілшісі Евгения Доцуктың атынан жарық көрді. Ол 1986 жылы 22 желтоқсанда жарияланған «На мутной волне» деп аталатын мақаласында Желтоқсан оқиғасына қатысқан кейбір студенттерді комсомол қатарынан шығарған Алматы энергетика институты комсомол комитетінің отырысы туралы баяндайды. Тілшінің сөзіне қарағанда, институттағы екі жарым мың комсомолдың 25-і 1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматы алаңында болған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына соң бірнеше жыл өтсе де, ол туралы ашық айтуға рұқсат етілмеді. Бірақ сонымен бірге «ұлтшылдарды» іздестіру де тоқтаған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдары - Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің алдындағы алаңда наразылықтарын білдірген жастарға қысым көрсеткен советтік үгіт-насихаттың басты қаруына айналды.

«Ленинская смена» газетінің 1987 жылғы 14 қаңтарындағы нөмірінен алынып, «Комсомольская правда» газетінде жарық көрген «Ащы сабақ» («Горький урок») деген мақалада былай дейді: «Республикада жүзден астам ұлттар мен халықтар тұратынына қарамастан Қазақстан астанасындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын студенттердің басым көпшілігі байырғы ұлт өкілдері екендігіне назар аударылмады. Студенттердің жатақханаларда ұлттық белгілеріне орай орналасуына ұсақ-түйек нәрседей қарады».

Мақаланың соңына А.Лапин деп қол қойған тілші Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің комсомол қатарынан шығарылған студенттерінің барлығының ісін мұқият қарап шықтым дейді: «Жағдай былай екен. Біріншіден, олардың басым көпшілігі республиканың оңтүстік облыстарындағы негізінен қазақтар тұратын шағын ауылдар мен поселкелерде туып-өскен. Оның да үлкен бөлігі мектепті қазақ тілінде бітірген. Орысша нашар сөйлейді. Көпшілігі өндірісте аз ғана жұмыс істеген немесе әскерде болған».

Қазіргі біздің бейбіт өміріміз осы тәуелсіздік құрбандарының арқасында. Елім, жерім деп жүректері соғып патриоттық сезімдерін оятқан сол кездегі 1986 жылғы жастарымзға үлкен алғысымызды айтамыз!

### Әдебиеттер тізімі

1. «Желтоқсан қарлығаштары» Болатбек Төлепберген, Адырбек Көлбай. Тәуелсіздікке талпыныс Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016.
2. «Сезім сәулесі» Оспан Әлсейіт. Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016.
3. «Менің елім» Көсемәлі Сәттібай.- Алматы: «Нұрсәт» баспасы, 2016.

4. Тәуелсіздік тамырлары: Б. Қойшыбаев. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2022.



## ЖОҒАЛЫТҚАН ҰРПАҚ БЕЙНЕСІ

Токежанова Асем Айдаровна

Беген Ердәулет

ЖШС «Басқару колледжі»

Жоғалған ұрпақтың бейнесі-бұл көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның тарихындағы әсерлі және бір мезгілде қайғылысәт. Бұл сурет жастықшағы мен балалықшағы әлеуметтік және саяси дүрбелең кезеңінде болған адамдар мен байланысты, бұл олардың жоғалуына және олардың әлеуетін толық жүзеге асыра алмауына әкелді.

Қазақстанда, бұрынғы Кеңес Одағының көптеген республикалары сияқты, жоғалған ұрпақ коммунизмнен тәуелсіздікке көшу мен байланысты. Бұл адамдар қайта құруларға қатысу үшін тым жас болды немесе олардың өміріне ҚСРО-ның күйреуі және экономикалық қиындықтар сияқты үлкен өзгерістер әсер етті, бұл олардың өмір баяндарында тереңіз қалдырды.

Осы ұрпақтың көпшілігі мамандық пен мансапты таңдауда қиындықтарға тап болды, өйткені олар экономикалық жән еәлеуметтік жүйелердің өзгеруіне тап болды. Бұл олардың әлеуеті мен мүмкіндігін бағаламауға әкелуі мүмкін.

Алайда, қиындықтарға қарамастан, Қазақстанның жоғалған ұрпағы да бірегей ерекшеліктері нкөрсетті: бейімделу, қиындықтарды жеңе білу және білімалуға ұмтылу. Олардың көпшілігі бизнес, мәдениет және білім беруді қосаалғанда, әр түрлі салаларда табысқа жетті.

Қазақстанда жоғалған ұрпақтың тарихы жастарды қолдаудың маңыздылығын және олардың амуы мен әлеуетін іскеасыру үшін жағдай жасауды еске салады. Бұл тәжірибе сонымен қатар болашақ ұрпақтың жеке басы мен әлеуетін жоғалтпау үшін тарихи білім мен мәдени құндылықтарды сақтау мен берудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан қазақ еліне көптеген еңбегі сіңген ата бабаларымыз дыұмытып бара жатырмыз. Біз өзіміздің тарихымызды және сол тарихтааттары алтын әріппен жазылған ата бабалырымызды ұмытсақ ары қарай ел болып қалыптаса алмаймыз депойлаймын. Негізі қазақ еліне көп еңбегі сіңген ата бабалырымыз көп мысалы, Рахымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Шахановт. Хандар, билер, ақындар. Мұхтар Шаханов атамызға тоқталатын болсақ қазақ еліне көптеген еңбегі сіңген қайраткерлердің бірі.

Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Түркістан облысы, Төле би ауданы, Қара су ауылында дүниеге келген. Мұхтар ағамыз біздің тәуелсіздігіміздің алуына басты үлесін қосқанын анық білеміз.

КСРО халық депутаттарының І-ші съезінде (Кремль, 1989) белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың батыл мінез көрсетіп, Желтоқсан қозғалысы кезіндегі шындықты батыл айтып, ерлік көрсеткені барлығымызға

аян. «Мінбер» сіздердің назарларыңызға сол тарихи ерлікке парапар болған атаулы сөздің бейнебаянын ұсынды.

Не бәрі бір неше минуттың ішінде желтоқсан оқиғасы туралы барлық мәселені көтеріп нақты және тиянақты айтты. Міне нағыз ерлік намысты қолдан бермей ешкімнен қорықпай бастаған ісін аяғына дейін жеткізді. Абай атамыз айтқан: «Жаралғаннан емес жаратқаннан қорық»- деп. Мен ойлаймын осы кісінің арқасында біз тәуелсіз мемлекетте тұрып жатырмыз. Егер сол сәтте Мұхтар Шаханов барлық шындықты айтпағанда бәрі басқаша боларма еді?!

Осы кісілер біз үшін бастарын қатерге тігіп біз үшін қаншама қиындықтардан өтіп қиналып бізді осы тәуелсізетіп осы бейбіт өмірге жеткізсе неге біз оларды ұмытуымыз керек. Біз өзіміздің тарих пен бартырларымызды ұмытуға жолбермеуіміз керек, тарих біздің өткенімізбен бүгініміз. Егер біз тарихымызды жоғалтсақ ары қарай қадам басуымыз өте қиын болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. В.А.Сухомлинский. «О воспитании» М., 1988 г.
2. Мұхтар Шаханов. «Жаңа қазақтар». А., «Білім», 2000 ж.
3. Нұртөре Жүсіп. «Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз!». Жас алаш .№1. 2001 ж.
4. Шөмішбай Сариев. «Тәуелсіз ел қазағым». Егемен Қазақстан. №16. 2003 ж.
5. Лесбек Сайлаубеков. «Бодандыққа қарсы бұлқыныс». Ақ жол. №21.2006 ж.

# ҚАЙРАТ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУЕКЕЛІ

**Токежанова Асем Айдаровна**

**Амантай Кәтен Маралұлы**

Астана қаласы ЖШС «Басқару колледжі»

1991 жылы Қазақстанның Кеңес Одағынан тәуелсіздігі ел тарихындағы маңызды оқиға болды, бірақ ол тәуекелдер мен сын-қатерлермен де ұштасады. Міне, Қазақстанның тәуелсіздігімен байланысты тәуекелдер туралы әңгіме.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан экономикалық тәуекелдерге тап болды. Мұнай мен газдың жоғары бағасына тәуелділік ел экономикасын әлемдік шикізат нарықтарындағы ауытқуларға осал етеді. Мұнай бағасының төмендеуі бюджетке және әлеуметтік бағдарламаларға теріс әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ, елдегі этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік шиеленістерге байланысты саяси тұрақсыздық қаупі бар. Қазақстан әртүрлі этникалық топтар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады, бірақ бұл, әсіресе жаһандық қақтығыстар мен геосаяси шиеленістер жағдайында сын-тегеурін болуы мүмкін.

Тағы бір маңызды тәуекел-көрші және әлемдік державалардың геосаяси ықпалы жағдайында елдің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтау. Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатқа ұмтылады, бірақ бұл әр түрлі елдердің мүдделері арасында тепе-теңдік орнатуды талап етеді.

Сондай-ақ модернизация мен жаһандану процесінде мәдени және тарихи бірегейлікті жоғалту қаупін ескеру маңызды. Қазақстан өзінің дәстүрлері мен мәдени мұрасын сақтай отырып, осы тәуекелмен күресуде.

Осылайша, Қазақстанның тәуелсіздігі ел үшін жаңа перспективалар мен мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар оларды барынша азайту және басқару үшін назар мен күш-жігерді талап ететін түрлі тәуекелдермен ұштасады. Тәуелсіздік тәуекелі Құрбандарының бірі Қайрат Рұсқұлбеков ағамыз ол кісі біздің тәуелсіздігіміз үшін өз өмірін кыйған адамдардың бірі, Қайрат ағамыз тәуелсіздігіміз үшін аянбай тер төгіп жауға қарсы шығып қазақ үшін өлуге дайын болды, Қайрат ағамызға өтірік жала жауып ағамызды қорлады, Қайрат ағамыз өз өлеңінде мына сөздері қазаққа рух берген, Қазақ деген атым бар Қазақ деген затым бар Еркек тоқты құрбандық, атам десен атыңдар деп өз өлеңін аяқтаған. Қайрат ағамыз Қазақстанның тәуелсіздігі үшін өз өмірін кыйуға дейін барған.

Менім тақырыбым Қайрат тәуелсіздік тәуекелі. Тәуелсіздік Алумызға ат салысқан аға тәтелеріміздің қосқан үлестері өте зор. Олардың ішінде Қайрат Рұсқұлбеков ағамыз еліміздің тәуелсіздігі үшін өз өмірін кыйуға дайын болғандығы айтпаса да белгілі. Қайрат ағамыз 1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан көтерілісіне қатысып. Оған қатысқаны үшін ең жоғарғы жазаға-өлім жазасына кесілді. Одан кейін үкім 20 жыл бас бостандығынан айыруға өзгертілді. Семей түрмесінде, бостандық айыру орнына бара жатқанда белгісіз жағдайда қайтыс болды. 1992 жылы өлімінен кейін ақталды. 1996 жылы Қазақстан президентінің жарлығымен оған өлімінен кейін «Халық қаһарманы» марапаты берілді. Қайрат ағамызға 2000 жылы Жамбыл облысында арналып ескерткіш

койылды, және де Алматы қаласында Қайрат ағамыздың атына бір көшенін аты берілді. 2003 жылы тағыда Семей қаласында «Халық қаһарманы» деген атаумен тағыда ескерткіш тұрғызылды, 2018 жылы Рұсқұлбеков Атына Тараз қаласында тағы ескерткіш соғылды, 1992 жылы «Емен бұтақтары» атты Қайрат Рысқұлбековтің өлеңдері мен күнделікті жазбаларының жинағы басылып шығарылды.

1996 жылы режиссёр Қалдыбай Абенев 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі туралы Аллажар фильмінің түсірілімін аяқтады.

Фильм Азат атты, түрмеге камалып, тергеушілердің қорлауынан және бақылаушылардан өткен ұл туралы. Азаттың прототипі - Қайрат Рысқұлбеков. Тағы да Семейде Қайрат Рысқұлбековтің атымен № 33 мектеп аталған, ол мектепте оған арнап жасалған мұражай және «Жас Қайрат» балалар ұйымы бар. Алматыда оның атымен Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы (бұрынғы Алматы архитектуралық-құрылыстық институты (ААҚИ), онда Рысқұлбеков оқыған) орналасқан көшеге оның аты берілген. Біз еліміздің болашағымыз сол себептен Тәуелсіздікті қанша қиындықпен алғанымызды ұмытпау керекпіз, сондықтан біз тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін аянбай жұмыс істеу керекпіз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Желтоқсан — 86. Кн. 6. Статьи и публикации за 1986—1995 годы / [сост. Б. Абдығалиев и др.] — Алматы: ОФ «Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы», 2006. — 328 б. — ISBN 9965-831-00-9. (орыс.)

2. Желтоқсан — 86. Кн. 7. Статьи и публикации за 1986—1995 годы / [сост. Б. Абдығалиев и др.] — Алматы: ОФ «Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы», 2006. — 300 б. — ISBN 9965-9999-9-6. (орыс.)

3. Желтоқсан — 86. Кн. 8. Сборник документов / [сост. Б. Абдығалиев и басқалар.] — Алматы: ОФ «Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы», 2006. — 457 б. — ISBN 9965-9999-8-8. (орыс.)

4. Желтоқсан-86. 2-кітап. Намыс оты алаулаған. / [Құраст. Б. Әбдіғалиев, Б. Көрпембайұлы, Н. Әубәкір] — Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2006. — 284 б. — ISBN 9965-9999-2-9.

5. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: саясат, билік, тағдырлар. Респ. ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары — Алматы: Қазақ университеті, 2008. — 166 б. — ISBN 9965-30-564-1

# ОРАЛХАН БӨКЕЙ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Хасенова Айжан Ислямовна**

**Кентай Айсұлу**

Астана халықаралық университетінің

Педагогикалық колледжі

Заман ағымы, заман талабы деп жатамыз. Қазіргі заман талабы қандай? Қазіргі заман балаларын тәрбиелеуде қандай міндеттер күтіп тұр? Ол үшін кәсіби, заманауи педагог қандай болу керек?

Осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, биыл туғанына 80 жыл толып отырған – Оралхан Бөкей тұлғасын тану аса маңызды деп білеміз. Психология ғылымы жеке тұлғаны танып білуде, адамның мақсат-мұраты, сенімі мен мінез-құлқы, қызығуы, қажеттілігін өтейтін мотив мәселесін зерттейді. Жазушы, драматург, журналист Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Оралхан Бөкей қалай қалыптасты? [1]

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі-тұқым қуалаушылық. Адамның көптеген психикалық ерекшеліктері оның өмір сүретін ортасынан, қоғамдық қатынастың тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. [2] Оралхан Бөкейдің есімі қандай ниетпен қойылған? Оралханның әкесі Бөкей көп сөйлемейтін, сөйлей қалса сөзі өткір, қанжардай қиып түсетін, сөзге шешен, астарлап сөйлеп өз ойын дәл жеткізетін, рухы мықты, жаны таза адам болған. Өте сабырлы болған. Анасы Күлия көреген, ділмар, аузын ашса жүрегі көрінетін ашық кісі болған. Керемет дауысты әнші болған. Оралханның есімін әкесі берген. 1943 жылы әкесі Орал қаласында еңбек армиясында жүрген кезінде дүниеге келіпті. Сол әкесі аман-есен оралсын деген ниетпен қойылған. [3]

Адамды әрекетке бағыттайтын, қажеттілігін өтеуге талпындыратын бір түрткі болады. Бұл түрткі психологияда мотив деп аталады. Оралхан бала кезінен жазушы болуды армандаған. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ әдеби шығармаларды көп оқиды. Оның күнделігінде мынадай бір қанатты сөзі бар: «Адам армандай білуі керек, армандаса — соған қол жеткізеді. Мен жазушы болуды армандадым, жазушы болдым. Менің парталасым досым Жеңіс ұшқыш болуды армандады, ол да ұшқыш болды. Адам армандай отырып, соның жолында күресе білуі керек. Бүкіл адамзат саған қарап тұрғандай, өз-өзіңді шексіз жауапкершілікке сезінгенде ғана ойлаған мақсатыңа жете аласың».

Жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі-темперамент. [2] Ол өте тынышсыз, шағып сөйлегенді жақсы көрген. Ұшқыр, тез ойланып, тез жауап беруді ұнататын бала болған екен. Оқуда озат болып, мектепті үздік бітірген. Алгебра, геометрия сабақтарынан да үлгерімі жоғары болған. Шахмат, волейбол ойнағанды ұнатқан. Осы қасиеттеріне қарап, Оралхан Бөкейден жүйке жүйесі типінің күштілігін, сангвиник және холерик темпераменттерінің басымдылығын көреміз.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тағы бір фактор- әлеуметтік ортасы. Оның жазушы болып қалыптасуына өзінен тура 11 жас үлкен қаламгер ағасы Шерхан Мұртазаның қамқорлығы әсер еткен. Жарықтық Шерхан Мұртаза еліміздің бас басылымдарына редакторлық қызмет атқарған жылдары қаншама жас таланттың томағасын сыпырып, бағын ашып, қаламына қанат бітірді. Көркем сөз иегесінің көрегенділігінің арқасында ел ішінен қаншама көркем сөз шеберлері іріктеліп, қаншама талант түледі. Солардың бірі де бірегейі от ауыз орақ тілді Оралхан Бөкей. Асқар Алтайдың қойнауында трактор айдап жүрген арманшыл боз баланың редакцияға жолдаған хатынан-ақ дарынын байқап, Алматыға арнайы алдыртқанда осы Шерхан Мұртаза тұғын. Оралхан қазақ баспа сөзіне көркем публицистикалық стиль әкелген қаламгер. Әсіресе оның қаламынан төгілген очерктер мен новелалар ерекше оқылып оқырман тарапынан ыстық ықыласқа бөленді. Ол әдебиетке де өзінше келді. Өз үнімен, өз стилімен соқпақ салды.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін келесі фактор- табиғи орта. Оралхан Бөкей өзі туып өскен Алтай өңірін шексіз сүйді. Ол табиғат пен адам жанының нәзік байланысын көре білді. Содан сыр шертті. Оралхан Бөкей ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды. [3]

Оралхан жастайынан өлең сөзге жақын өскен. Көз көргендер ол кісіні отырыстың гүлі, әмбебап асабалық қырынан да танып, таң қалған. Бірақ өнер жолын қууға сәті түспейді, шешесі қарсы болады. Ақыры қалам мен қағазды серік етем деген балалық сертін бек ұстанады. Жазушы маңдайына жазылған тағдыр шындығын өз туындыларына өзек етті, әрі оны әсерлемей өз басынан кешкен базынаны бәз-баяғы қалпында көркем жеткізді. «Ұйқым келмейді» атты әнгімесін толғағанда ол өмірден ұрпақсыз өтетінін мойындап қалың оқырманын өзімен бірге қатты түңілтіп қояды, бірақ шығармаларындағы пенде болмысы қаншалықты қиын болғанмен автор сырт көзге ішіндегісін қатты білдіре бермейтін.

Психологияда қабілет деп мақсатқа бағытталған, адамның белгілі бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуін айтады. Оралхан көркем сөз оқығанда алдына жан салмайтын, әсіресе Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісін» жатқа соғып, актерлік қабілеті арқылы ортасын баурап алатын. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр жазушының есімі елге танылды.

Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды. Оралхан жарға адал, достыққа берік, ағайынға қайырымды болған жан. Алатаудың бауырында мерейі тасып жүрсе де, Алтайдағы ата-анасымен, ағайын-туыстарын бір сәт ұмытпаған. Қолы қалт етсе ауылының амандығын сұрап, қарындастарына жиі хат жазатын. Ақиқатында Оралхан қазақ әдебиетінде ғана емес, күллі әлем әдебиетінің тарихынан өз орнын айшықтап алған тұлға. Ізгілікке қызмет ететін мәңгілік туынды жазды. Қаламгер әсіресе қарапайым адамдардың, ауыл тұрғындарының психологиясын жан-дүниесін зерттеген жазушы. Ол қандай шығарма жазса да, әрдайым өзі білетін, басынан өткен оқиғаны, өзінің өскен ортасын туындысына өзек қылған.

Оралхан әдебиетке өз соқпағы мен, өз табиғи талантымен келген жазушы әрі ешкімге еліктеген емес. Оралханның өңделген, өзгерген, қайта жазылған не жарамсыз жарияланбай қалды деген бірде бір шығармасы жоқ. Бұл оның әдебиетке таланты толысып, дарыны дараланған тұста келгендігінің дәлелі. Ұлтқа қызмет істеу, ұлт тірегі болу деген осы!

### Әдебиеттер тізімі

1. Алипова Л.С./Елордалық білім, №7(36) 28.07.2023
2. Жұмасова К. Психология. Астана, 2010
3. <https://youtu.be/81BNZ1URxTU?si=Q3eQ01JnQtLu7-eC> /Ұлт тарихы

## **ЖАҚСЫ МАМАН – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ**

**Куандыкова Асель Асхатовна**  
**Султанов Азамат, Шаймағанбет Гульбахрам**  
«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті»  
КеАҚ колледжі

Білімді жас ел ертеңі. Тұғырымыз биік тәуелсіз мемлекет болу үшін әрқайсымыздың қосар үлесіміз маңызды. Қызмет етіп жүрген саламызға барынша көңіл бөліп, халықтың пайдасына тиетіндей, адал әрі жақсы маман атану міндетті. Қай салада болсын қызмет бастамас бұрын, мамандық таңдау қазіргі таңда үлкен проблемаға әкеліп соқтырып жатыр. Осыған байланысты, бізге берілген «Жақсы маман— елдің ертеңі» тақырыбында сөз қозғаймыз.

Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастардың қалыптасу және даму процесі шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестіктің күшеюімен, сыртқы және ішкі маркетингтік ортаның тұрақты өзгеруімен қатар жүреді, бұл тауарларды жасау, бөлу және тұтыну бойынша кәсіпкерлік және маркетингтік қызметті жетілдіруді талап етеді. Сондықтан кәсіпкерліктің философиясы мен құралы ретінде маркетингке қызығушылық айтарлықтай өсті. Мұны еліміздің экономикалық дағдарысты еңсеру және экономикалық өсудің жоғары қарқынына қол жеткізу қажеттілігі де талап етті. Өйткені маркетинг, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез келген бизнестің негізгі элементі.

«Маркетинг» термині 1926 жылы АҚШ-та, ал алғаш рет Қазақстанда 90-жылдардың басында қолданыла бастады. 1992 жылы оқу орындарында «Маркетинг негіздері» курсы оқытыла бастады, ал 1994 жылы маркетинг мамандарының алғашқы шығарылымы өткізілді. Тәуелсіздікке дейін «Маркетинг» ұғымы Қазақстанда дамымады. Себебі, ол кезде Қазақстан КСРО қарамағында болып, ешқандай шешім қабылдауға мүмкіндік болмады және басқа елдермен коммуникацияға түсе алмады. Осыған байланысты маркетинг тәуелсіздіктен кейін қарқынды дами бастады.

Мамандандырылған және басқа да экономикалық мамандықтарды бітіргендер көбейіп келеді, бұл бізді қуантатын жағдай. Бірақ, диплом, тіпті «қызыл» болса да, қазіргі уақытта ештеңеге кепілдік бере алмайды. Мұның бір себебі – университеттерде заманауи маркетингтік іс-шараларға мән берілмейтіндігі және тек теориялық дағдылардың ұсынылуы.

Жұмыс берушілер маркетинг лауазымына үміткерлерге өте қатаң талаптар қояды. Маркетинг мамандығы әдетте экономика, маркетинг, әлеуметтану, статистика немесе ақпараттық технологиялар саласында толық жоғары білімді қажет етеді. Маркетинг мамандығының негіздерін, маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістерін, тауарлар немесе қызметтер нарығын зерттеу әдістерін, статистика негіздерін білу, аналитикалық қабілетті болуы керек, маркетингтік ақпаратты және үлкен көлемдегі ақпараттармен жұмыс істеу дағдылары болуы керек.



Кез келген бизнес сегментінде нарық пен аудиторияны талдай алатын әмбебап маркетинг жоқ. Сондай-ақ, маркетингтің функционалдық міндеттері компания қызметінің бағытына ғана емес, сонымен қатар жылжыту әдісіне де байланысты. Олар: сыртқы жарнама, интернет, теледидар, радио.

Жоғары білімі бар оқу орындарында заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілермен байланысты маркетинг пәндеріне мән беру керек. Бұл болашақта кәсіпорындарды заманауи бағытта жылжытуға мүмкіндік туғыздырады.

Маркетинг – қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған адам қызметінің түрі. Бүгінгі маркетинг тек өнімді жасау және оны нарықта жылжыту ғана емес, ол тұтынушылық құндылықтарды анықтау және өнімді немесе қызметті сатып алу процесі тұтынушының негізгі құндылықтарын толығымен қанағаттандыратын жүйені құру болып табылады. Маркетинг – бұл тауарлар мен қызметтерге тұтыну нарығындағы сұраныс пен ұсынысты зерттейтін маман, компания өнімдерін өткізу бойынша сарапшы. Маркетингтің негізгі міндеті - тауарлар немесе қызметтер нарығындағы сұраныс пен ұсынысты зерттеу, талдау және компанияның даму стратегиясын қалыптастыру. Маркетингтің негізгі мақсаты – тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Мұны істеу үшін алдымен қажеттіліктерді зерттеп, анықтау, содан кейін сатып алушының әртүрлі сипаттамаларына сәйкес келетін өнімді жасау маңызды.

Digital Marketing – тұтынушылармен барлық кезеңдердегі өзара әрекеттесу үшін цифрлық технологияларды пайдаланатын тауарлар мен қызметтердің маркетингі. Бұл тұтынушылармен тығыз қарым-қатынаста болуға және мақсатты аудиторияның үлкен бөлігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан оның тиімділігі жоғары.

Цифрлық маркетинг құралдары көптеген адамдарды хабардар етуге немесе мақсатты аудиторияның назарын өнімге немесе компанияның өзіне аударуға мүмкіндік беретін барлық әрекеттерді қамтиды. Оларды әртүрлі арналарда пайдалануға болады. Көбінесе бірнеше цифрлық маркетинг құралдары бірге жұмыс істейді. Олар:

- SEO - бұл іздеу жүйесін оңтайландыру, ол арқылы белгілі бір сұраулар бойынша іздеу нәтижелеріндегі сайттың орнын арттыруға болады.

- QR кодтары офлайн - оларды қолданбаны орнатуға ынталандыру үшін пайдалануға болады.

- Мәтінмәндік жарнама – сіздің бизнесіңіздің тақырыбына сәйкес келетін сайттарда жарнамаларды орналастыру.

- Теледидардағы жарнама – бүкіл ел бойынша таратылатын қымбат жарнамалар.

- Баннерлік жарнама – сәйкес тақырыптық ресурстарда орналастырылған өніміңізді/қызметіңізді/веб-сайтыңызды жарнамалайтын баннерлер.

- Радиожарнама - бұл бірдей қымбат, бірақ кең аудиторияға ие тиімді құрал.

- Вирустық жарнама - бұл пайдаланушылардың өздері танымал ететін жарнама - мысалы, көп репосттары бар жарнама.

- Электрондық поштаны тарату - электрондық пошта мекенжайларының дерекқорына немесе компанияңыздың клиент мекенжайларының дерекқорына хаттар жіберу.

- Қолданба ішіндегі жарнама – бұл ұялы телефондардағы ойындарды немесе басқа қолданбаларды пайдаланушыларға көрсетілетін жарнамалық терезелер.

- Мақсатты жарнама – пайдаланушы сұрауларына сәйкес келетін жекелендірілген жарнама.

- Жергілікті жарнама - бұл үшінші тарап ресурстарындағы табиғи жарнамалық материалдар, мысалы, сіздің өніміңізге шолу.

- SMS жіберу – тұтынушылардың стандартты немесе мақсатты базасына хабарламалар жіберу.

Өткізілген зерттеулер көрсеткендей, барлық компаниялар әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдаланады, олардың кейбіреулері веб-сайттар мен контекстік жарнама, ал сыртқы жарнама үшінші орынды иеленді. Дегенмен, барлығы нүктелері цифрлық маркетинг құралдарына қатысты.

Болашақта маркетинг технологиялық жағынан қарқынды дамитын болады. Тіпті қазіргі кезде интернет-маркетологтар өте көп. Маркетинг – бизнестің қайнар көзі деп айтуға болады. Себебі, өнімді шығару, жылжыру, дамыту маркетологтардың көмегінсіз мүмкін емес. Ал кәсіпорынсыз ел экономика жағынан төмен жағдайда болады.

Елімізді дамыту үшін экспорт, сауда-саттық, технология секілді көптеген салалар бар, ал сонымен тығыз байланыста болатын маркетинг ғылымы. Әрине, біз әлі күнге оны толық зерттеген жоқпыз, болашақта белгілі бір қарқынға жетуде маркетинг ғылымының алар орны өте ерекше сондықтанда біз осы ғылымды қолға алуымыз керек. Жақсы маман шығару арқылы еліміздің болашағын жақсартып аламыз. Жақсы маман елдің ертеңі біз осы елімізді дамыту үшін осы мамандықта мамандар дайындауымыз қажет. Басқа елдер неге дамыған себебі оларда мүмкіндік те, мамандар да бар. Біз де мүмкіндік болсада, өз жағдайымызды өзіміз қиындатамыз.

Кезінде ұлы бабамыз әл-Фарабидан шығыс әміршісі өз елінің болашағын сұрағанда «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, содан соң айтып берейін», – деген екен. Әлемдегі бәсекеге қабілетті, озық елдердің қатарына қосылу үшін біз әрдайым алға ұмтылуымыз қажет. Ел болашағы – білімді мамандардың қолында. Тек білімімізбен биіктерді бағындырамыз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. В.К. Фальцман, Э.Н. Крылатых. Маркетинг. Интенсивный курс МВА: Учеб. пособие — М.: ИНФРА-М. — 544 с. — (Учебники для программы МВА). 2018
2. Урманбекова И.Ф.; Самадова Н.Р., Научная статья «Многомерные (матричные) методы и приёмы анализа в маркетинговых исследованиях» (Электронный журнал «Economyand Business»)

3. Беркутова Т.А. Маркетинговые коммуникации: учебное пособие/Т. А.Беркутова. -Ростов н/Д: Феникс, 2017. -254 с.
4. Брылева В. Маркетинг:путь к успеху на рынке.-Ставрополь,-362 с.
5. Крэнделл, Р. 1001 способ успешного маркетинга / Р. Крэнделл. - М.: ФАИР-Пресс, 2015. - 496 с.

## ТӘУЕЛСІЗДІК. ТАРИХИ ОЙ-САНА: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қундузбекова Сауле Мурзановна

Кенжеғали Әдемі Айдарқызы

Астана қаласы Қазтұтынуодағының жоғары колледжі

...Өз сөзімді Қасым-Жомарт Кемелұлының мына сөзімен бастасам: «Әр заманда кез келген халықтың білімді және білікті азаматтарының ортақ мүддеге топтасатын кезеңі болады. Әр дәуірдің өз ерекшелігі, өз әуені, өз ұраны болады. Жастар өздерінің өткір идеяларымен, тың ойларымен, жігерлі және шапшаң қимыл-әрекетімен, креативті рухымен ылғи да өз дәуірінің көшбасшылары әрі мұзжарғыштары болады». Осыған дәлел ретінде өз дәуірінде біздің аға-апаларымыз қиын-қыстау кезеңде, ұлт тағдырына қатысты тіл, жазу, денсаулық тақырыптарында қалам тербеп, халықты сауаттандыру жолында еңбек ете бастаған. «Қазақ» газеті /1914 жылы 23 ноябрь №87 /санында жеті түрлі сұрау сұрап, ірі қалаларда оқитын қазақ студенттеріне сәлем жолдаған. Қай қалада, қанша студент, қандай мамандықта, үкіметтен степендия алуы мен өз күшімен оқуды сияқты мәліметтерді сұрап жазған студенттер жауап жазып, өздерін таныстырып отырған. Қазақ студенттері сол уақыттағы ең қажетті ауыл шаруашылық, мал дәрігерлік, медициналық, заңгерлік сияқты мамандықтарда білім алған екен.

1991 жылдан бастап Қазақстан жаңа кезеңге аяқ басқан кезде қазақ жастарының отаншыл және еңбексүйгіш рухын түсініп, бай-бақуатты болып өсіп-өнгісі келетіні анық Білім алушылар арасында тарихи ой-сана мен зерттеулер жүргізіп, фактілерді іздедім. Студенттер «Сенің тарихи оқиғаларға көзқарасың қандай?», «Бір тарихи оқиғаны айтып бере аласың ба?», «Қандай оқиғалар жастар рухын көтере алады?», «Қазақтың тарихи киносы рух, жігер бере алады ма?», «Тарихи романдар оқисыз ба?» деген сұрақтарға жауап іздедім.

Жастар «Оян қазақ!», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Ұлт ұстазы» сияқты тарихи фильмдердің түсірілгенімен хабардар және көрермен болып жүр. Мысалы: тәуелсіздік қазақ халқын оқу-білімге жетелеген, сол жолда ұзақ түнге көзілмей еңбектенген Ұлт ұстазы Байтұрсынов бейнесін көріп, ұстаздағы батылдық, ерлік ісі бізге үлгі, сан рет абақтыға айдалып, темір торда азап шексе де, жазу-сызу, білімін дамытып, кітап жазуы бізді ойландырды. Адамгершілік құндылықтарын да байқадық, ол жақын адамдарының адалдығы, сатқындық Саңғытовтың үйінде баласының А.Байтұрсыновтың өлеңін оқулықтан жаттап жүргенін көруі. Ахмет Байтұрсынұлы жасап кеткен қазақ тілінің негізгі ережелері әлі оқытылып жатыр. Байтұрсынов: Мен азды-көпті еңбек жасаған шығармын. Ол еңбек осы залда отырған барлық жастың қолынан келеді», – дейді. Ахметтің сол үміті, сенімі осы күні толық ақталып отыр.

Тарихи оқиғалар туралы фильмдерді көріп көзіне жас алған студенттер көп. Ардагер журналист Гүлмәрия Барманбекова былай деп жазады:

«Оян қазақ!» фильміндегі Сатқындық пен қайсарлық. Ізгілік пен зұлымдық. Қатігездік пен мейірбандық. Надандық пен парасат. Тайғақтық пен табандылық.

«Міржақып. Оян, қазақ!» телетуындысында осы қасиеттердің бәрі бар. Жаратушы Ие ұлтты сүюдің ұлы үлгісін көрсеткен Міржақып Дулатұлының ғұмырын 43 емес, 83 жылға созғанда қазақ елінің өркендеп дамуына қосар үлесі бұдан да орасан болар ма еді! Онда, қазақты «оятып» қана қоймай, өртесе де өлмейтін рух дарытып үлгерер еді дегенді жандүниемнің түкпірінен бір құдірет сыбырлап өткендей болды. Көктей солған қыршындар! Гүлдемей жатып сабағынан үзілген боздақтар! Міржақып Дулатұлы кезінде былай деп толғанған екен: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, бұлбұлдай сайраған тілмәр едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барам. Былғанып барам. Жасыдым. Мұқалдым. Мен не көрмедім?».

Иә, қазақ не көрмеді? Ғасырдан ғасырға жалғасқан еркіндік жолындағы күрестің опаты ұлтқа қаншама зұлмат әкелгенін тілге тиек етудің өзі ауыр. XX-ғасырдың басында ғана болған 380 азаттық көтерілісінде 80 мың адам шейт болған дейді тарих. Халық бас көтерген әр датаны бүгінгі ұрпақ жадында берік сақтап, батырлар рухына тағзым ету – парыз. Әр қанды қырғынға аза тұту күнін жариялауға жылдың 365 күні аздық етеді екен..

Қорытндыда, жастарымыздың рухани бет-бейнесі, ой-санасы туралы айтсам, қазақ жері, Алаш жұрты ежелден-ақ талант пен дарынға кенде болған емес. Бүгінгі күні де дарынды, талантты жастарымыз аз емес. Мәселе, сол талантты да дарынды жастарымыздың ой-санасы, отаншылдық рухы, ұлтжандылық сезімі қай деңгейде?! Бұл қасиеттер әлдекімнің бойында кем соғып жатса, ондай жастың таланты мен дарынынан ұлтқа келер пайда шамалы.

Біз Елдік пен Тәуелсіздік қадірін бағалай білуіміз керек. Жастарымыз әрдайым ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, дәріптей білуі қажет. Бұл өздеріңізге жүктелген мәртебелі миссия деп біліңіздер».

### Әдебиеттер тізімі

1. Қ.Тоқаев Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президенттік жастар кадр резервіне өткен азаматтармен кездесуде сөйлеген сөзі.
2. Абай Мырзағали «XX ғасырдағы білімпаз қазақ жастары». Абай kz.
3. Гүлмәрия БАРМАНБЕКОВА «Ана тілі».
4. Ғаламтор материалдары.

## ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПҰЛТТЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Проценко Оксана Дияшевна  
Усенов Санжар Нұржанұлы  
ГКП на ПХВ «Высший колледж  
«ASTANA POLYTECHNIC»

*«Бірлік-сәттіліктің тамыры, алауыздық-сәттілікке  
кедергі»*

*Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев*

Тәуелсіздік алғаннан бастап, біз әртүрлі этностар арасындағы келісімді сақтай алдық. Ұлтаралық қақтығыстардың орын алуына жол бермедік. Елімізде қазақтардың саны көп болғанымен, біз басқа халықтарды кемітпейміз, керісінше, оларға өз мәдениетін, тілін және дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасаймыз. Әрбір ұлттың дінін, тарихи мұрасын, және әдеп-ғұрпын құрметтеп, оларға шыдамдылықпен және түсінушілікпен қарауымыз керек. Өйткені, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, мемлекетіміздің ішкі саясатының негізгі бағыты болып табылады.

Қазақстанның көпұлттылығы мен бірлігі ел үшін мақтаныш көзі ғана емес, оның өркендеуінің факторы болып табылады. Әр түрлі этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл мен өзара түсіністік экономиканың, мәдениеттің, білімнің және өмірдің басқа салаларының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Әр түрлі мәдениеттер ұсынатын перспективалар мен идеялардың әртүрлілігі инновацияға, шығармашылыққа және әлеуметтік дамуға ықпал етеді.

Қазақстандағы көпұлттылық: Мәдени және тілдік әртүрлілікті сақтау және құрметтеу Қазақстанның басымдықтары болып табылады. Мемлекет түрлі мәдени дәстүрлер мен Ұлттық тілдерді белсенді қолдайды және дамытады. Елдегі білім беру мекемелері әр этникалық топ өзінің жеке басы мен тілін сақтай алатындай етіп әр түрлі тілдерде оқытуды ұсынады. Сонымен қатар, фестивальдар, концерттер және басқа да мәдени іс-шаралар өткізіледі, онда әр ұлттық мәдениет өзінің мұрасы мен шығармашылығын ұсынуға мүмкіндік алады. Мемлекет қоғамдағы ұлтаралық келісім мен келісімді қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан заңнамасы ұлттық, этникалық немесе діни белгілері бойынша кемсітуге тыйым салады, бұл еліміздің барлық тұрғындары үшін тең құқылы және толерантты орта құруға ықпал етеді.

Зерттеу: Қазақстанның ұлттық құрамы. Қазақстандағы көпұлттылықтың нақты мысалдары.

Республика демографиясының этникалық аспектісі. Бүгінгі Қазақстан халықтың көп этникалық құрамы бар мемлекет. 2022 жылғы Қазақстан халық санағының деректеріне сәйкес негізгі этностар: қазақтар (халықтың 70,4%), орыстар (15,5 %), өзбектер (3,2 %), украиндар (2,5 %), ұйғырлар (1,5 %), немістер (1,2 %), татарлар (1,1%) және басқалар болып табылады. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі Мемлекеттік болып табылады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы. Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы этникалық тамырына қарамастан, ҚР барлық азаматтары біртұтас бірлікті, ал республиканың басты байлығы — халықтар достығын қалыптастыратынын мәлімдеді. Қазақстан халықтары Ассамблеясының басты міндеті-ортақ қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру.

Бұл әр түрлі этностар мен ұлттардың өкілдері елдің мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына толық қатысуға құқылы екенін білдіреді.

Көшпенділер әлемі. Халықаралық Көшпенділер мәдениеті фестивалі. 2019 жылы ол төртінші рет өтті. іс-шаралар көшпенділердің еркін рухына жақын адамдар. Мұнда Сіз бірнеше ғасыр бұрын Еуразия кеңістігінде болған атмосфераны сезіне аласыз, бірақ ол жерде атмосфера бар, көшпендінің рөлін сезініп, ежелгі өркениеттің тарихы мен дәстүрлеріне қол тигізе аласыз.

Этнофольк-фестивалі Убинские распевы. Қазақстан-көпұлтты мемлекет, бүгінде достық пен келісімде 100-ден астам этнос тұрады. Әрине, бұл елдің мәдени өміріне де әсер етеді. Мұнда түрлі ұлт өкілдері «Наурыз» түркі мерекесін және славян «Масленн» мерекесін бірге атап өтеді.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының маңындағы Коперечное ауылында жыл сайын шілде айының ортасында «Убинские рапевы» этноэкофольк-фестивалі өткізіледі.

Spirit of Tengri. Қазіргі этникалық музыка фестивалі. Ұйымдастырушылардың өздері фестиваль туралы айтқандай, «The Spirit Of Tengri-Қазақстан жерінде Әлем елдерінің этникалық дәстүрлерін көрсетуге бағытталған көпмәдениетті жоба». Бірнеше жыл ішінде сахнаға әлемнің 30 елінен келген музыканттар шықты.

Әрине, бүгінгі таңда The Spirit Of Tengri-Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразия континентінің мәдени бренді.

Тойқазан. Қазақстан халықтарының ұлттық тағамдарының Алматы фестивалі. 2018 жылы алтыншы рет өтті

«Тойқазан» сөзі мерекелік қазан – достықтың символы дегенді білдіреді. Таңқаларлық емес, өйткені қазан өзінің туыстары мен жақындарын бейнелі түрде біріктіреді, мейлі ол үйлену тойы болсын, туған күн кеші болсын немесе көктемнің кездесуі туралы халықтық мерекелер болсын.

Іс – шараның басты идеясы, ұйымдастырушылардың айтуынша, көпұлтты Қазақстанда тұратын барлық халықтардың достығы мен бауырластығын бай ұлттық тағамдарды насихаттау арқылы нығайту. Фестивальде ұсынылған тағамдар алуан түрлілігімен таң қалдырады, ал Қазақстанда дәстүрлі түрде кез келген тағамның негізгі құрамдас бөлігі ет болып табылады. Бешбармақ, қуырдақ және кебаб жеуге дайын болыңыз. Тағамдардың дәмін татудан басқа, фестиваль қонақтары елдегі ең жақсы аспаздардың «шайқасын» тамашалай алады, олар ең жақсы бауырсақтарды, ең жақсы бешбармақты дайындау конкурстарына қатысады.

Force Экоэтнофестивалі. Төрт «Э» - экология, этника, эмоциялар және эволюция. Бұл төрт бағыт кез-келген адамның рухани өсуінде маңызды.

Айтпақшы, шатырлар мен бүкіл аумақты жарқын маталармен безендіру фестиваль тұжырымдамасымен байланысты төрт түстің басым болуымен ойластырылған: жасыл-экология, күлгін-эволюция, қызғылт – эмоциялар, сары – этника. фестивалде әлемнің үздік дәстүрлері: музыка мен би, аңыздар мен ертегілер, дәстүрлі костюмдер ұсынылған. Әр түрлі рухани тәжірибелердің шеберлері, йоги, психологтар жиналады. Ал кешке қонақтарды музыка алаңдарының шеберлері – Қазақстан мен жақын шетелдердің орындаушылары қуантады.

ЭКСПО-2017 — 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында Қазақстанның астанасы Астана қаласында өткен Халықаралық көрмелер бюросының қолдауымен Халықаралық мамандандырылған көрме. Көрменің тақырыбы - «Болашақ энергиясы» ЭКСПО-2017 көрмесіне 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Көрмеге 4 миллионға жуық адам келді, оның жарты миллионы басқа елдерден келді.

Ашылғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев көрмені өткізу мақсаттары туралы былай деп жауап берді: «біз 166 ел арасында жеңіп алған ЭКСПО-2017 Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды, жасырмаймын, имидждік жоба болып табылады. Көрменің ашылуына 17 мемлекет, үкімет, корпорация басшылары көп қатысты. 115 ел, 22 халықаралық ұйым, олардың барлығы осы көрменің павильондарына өздерінің ерекше инновацияларын әкелді және мұндай инновацияларды жинаудың өзі бір кездері атып, Қазақстан үшін прогреске қызмет етуі тиіс».

Қазақстан жері ежелден 130-дан астам этнос өкілдерінің үйіне айналды. әрбір этностың Қазақстанда үйі табылады. экономика саласында ғана емес, мәдениет, спорт сияқты басқа да салаларда жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді; халықтық және мәдени іс-шаралар қызметін жандандырады . Мұның бәрі еліміздің имиджін қалыптастырудың оң динамикасына әсер етеді .

### Список литературы

1. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
2. <http://elbasylibrary.gov.kz/ru/news/kazahstanskaya-identichnost-strategicheskij-resurs-gosudarstva>
3. [https://infourok.ru/tuelsz\\_azastan\\_-\\_kpltty\\_altyn\\_ya.-508664.htm](https://infourok.ru/tuelsz_azastan_-_kpltty_altyn_ya.-508664.htm)
4. <https://kazakhstan.travel/publications/ru/55/5-annual-festivals-that-make-kazakhstan-worth-visiting>
5. <https://baribar.kz/14236/nursultan-nazarbaevtynh-eskertkishi-ornatyldy/>
6. <https://multiurok.ru/files/stat-ia-kazakhstantsy-iedinaia-natsiia-budushchieg.html>
7. <https://heartofeurasia.ru/>
8. <https://adebiportal.kz/ru/books/view/mysliami-s-narodom-podelius> 193




## ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асқанбай Нұрислам Еркінұлы, Жақсылықова Дильназ Мерекеевна  
Жилкайдарова Гульнур Бейбитбековна  
«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ колледжі

Жұмыссыздық қоғам өміріне тән құбылыс. Ол бұған дейін де болған, алдағы уақытта да бола бермек. Бұдан кейде әрқилы әлеуметтік-экономикалық проблемалар да туындап қалып жатады. Қазіргі нарық жағдайында қай жерде болсын жастар арасында жұмыссыздар санының көбейе түсер ықтималдығы да мол. Себебі, оның мынандай факторлары бар екендігі екіншісі біріне белгілі жайт. Мысалы, өндірістің жаппай автоматтандырылып, механикаландырылуы, еңбекті интенсификациялау деңгейінің артуы, әлемдік қаржылық дағдарысқа байланысты өнеркәсіптің т.б. мекемелердің дағдарысқа ұшырауы, тіпті соның кесірінен жабылып қалуы, сондай-ақ мамандандырылудың біржақты жүргізілуі (қаржыгер, мұнайшы) – осындай себептерден жұмыссыздық асқына түсері мәлім.

Еңбек нарығында тереңірек бойлап көрсек, жұмыссыздық және жастарды жұмыспен қамту жөнінде көп айтуға болады. Проблема атаулы іле сөз етіліп, ол асқынбай тұрғанда түйінін шешуге ұмтылыс жасалғанда ғана жаңа күн тәртібінен біртіндеп сырғи беретіні түсінікті шығар. Сонымен, осы мәселені қандай жолдармен реттеуге болады. Тұйықтан қалай уақыт озбай шыға аламыз? Керемет боп елестейтін келешекке көлеңке түсіре беретін басты мәселенің бірі – жұмыссыз жастар жайы.

Жұмыссыздық деңгейі  
пайызбен



Сурет 1. 2021-2023 жылдардағы жұмыссыздық деңгейлері

2022 жылғы II тоқсанымен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі (ХЕҰ әдіснамасы бойынша) 4,7% деңгейіне дейін төмендеді.

Тәуелсіздік елге орнап бақыт акелгеннен бастап ел ұрпағы жаңа деңгейге жетті. Әр жылға қысқаша тоқтау жасап кетсек Тәуелсіздіктен киін 1993жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының тұңғыш Ата заңы қабылданды. Осы жылы 15 қарашада Ұлттық валютамыз - тенге айналымға енді. 1994 жылдың 16 ақпанында Елбасы Н.Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойды. Қазақстан өз еркімен қуатты қарудан бас тартып, ядролық қаруы жоқ ел ретінде осынау зұлматпен күрестің алғашқы баспалдағын қалады.

1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданып, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. 1998 жылы елордамыз Ақмолаға Астана аты берілді. Осы жылы еліміздезейнетақы реформасы басталды. Мемлекет зейнетке шығу жасын әйелдер үшін 58 және ерлер үшін 63 жасқа дейін ұзартты [1].

2003 жылы Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші құрылтайы өтті. Тарих жузінде бұған дейін дәстүрлі үш бағыттағы дін басшыларының бір жерде бас қоспағанын ескерсек, бұл Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі болып саналады. 2005 жылдың желтоқсанында Конституция шеңберінде Президенттік сайлау өтіп, ел өзінің басшысын тандады. Сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев қатысушылардың 91 пайыз даусын алып, ел сеніміне ие болды. 2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданады.

2017 жылы Қазақстанда ЕХРО-2017 көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астанада өтті. Оны тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен 3 миллион адам келді. Ал көрмені еткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. 2019 жыл Қазақстан үшін тосын оқиғаларға толы болды.

19 наурызда Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

Міне осылай Қазақстан тәуелсіздіктен кейін бірнеше жетістіктерге жетті деп мақтанышпен керіп айталамыз, Тәуелсіздіктен бастау алған ұрпақтар жетістіктері жетерліктей көп.

Ауыз толтырып айтатындай мақтыныштарымыз: спорт жағынан еліміздің көк туын желбіреткен Қазақстанымызды басқа мемлекеттерге спорт жағынан танытқан Геннадий Головкин, Бекзат Сағтарханов, Ермахан Ыбрайымов, Алия Юсупова сияқты батыр аға әпкелерімізді тілге тие кетуге болады

Біздің тәуелсіздік ұрпақтары тек жерді ғана емес аспан әлемінде бағындырған Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов секілді халық қаһармандары баршылық.

Қазақ жерін әлемге танытқан әнші Димаш Құдайберген қазақ халқының мақтанышы Димаш арқылы миллиардтаған халық казак әнін тындап, кейбір қытайлықтар казак тілін үйрене бастаған. Бұлда бір мақтаныш

Әлемдік шахмат чемпиондары Мұртас Қажғалеев, Дивья Дешмух секілді чемпионаттарымыз Азияны бағындырған.

Қазақ елін білім жағынан жер шарына мақтанышпен көрсеткендерді де ауыз тиып айтып кетесек Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дінмұхаммед Майлыбай секілді ақылды, данышпан апке ағалармыз сан алуан.

Ауызға салынбай айтып өтпеген ақын,батыр, данышпандармызда өте көп

Міне осы адамдар тәуелсізден бастау алған ұрақтар деуге келеді Егер біз осы кезге дейін тәуелсіздік алмасак бұлай Қазақстан жерін әлемге танытарма едік немесе өз дербестігі жоқ әр елде кезіп жүрермедік, бұлда бр үлкен сұрақ ойландырады екен.

Осы ұрпақтың басталуы Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлында ұмытпай еңбектерін ескеріп алғашқы бастамаға үміт берген жан ретінде мақтанышыз деп биікке көтеру әр ұрпақтың міндеті деп санаймын. Осы кезде Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген атты өлеңі еске түсе отыра Қазақтың байрағын әр елге мақтанышпен көтеріп кеуделерне қолдарын қойып әнұранды шырқатып жүрген тәуелсіз елімізден бастау алған ұрпақтары сенімін ақтауда деп санаймын

Міне осы кезден бастап тәуелсіздік ел байрағында желбірегеннен даму үдірісінде алға қарай жүзіп бірнеше мүмкіндіктер ашылды.Біз қәзір жеке мемлекетпіз жеке тіліміз, жеке ұлтымыз бар. Қазіргі жастар ең бақытты кезендерін бастарынан кешіріп жатыр. Не қалайды не армандайды бәрінде мүмкіншілік бар.

Тәуелсіздік бізге бірнеше мүмкіндіктер көзін ашты технология дамыды, білім сапасы өсті, ойланып қарсақ тәуелсіздікке диін біз өзге мемлекеттін тілімен білім алдық, сол тілде оқуға мәжбүр болдық қызір өз ана тілімізде білім алудамыз,осына бағалап құрметтеу әр тәуелсіз азамат(ша)ларын қолында. Бұрын бізде жұмыс жасауға орындар тапшы болатын, қазірше? Оқуынды бітіріп өз

арманындағы мамандықта жұмыс жасай аламыз. Біз еркінбіз, біз тәуелсізбіз осы кезімізді келесі ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Әйелдің жасын сұрама, әйелдің жасы 63-те.// Ана тілі газеті. 19 мамыр, 2022 жыл. [anatili.kazgazeta.kz/news/60544](http://anatili.kazgazeta.kz/news/60544)

## **ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БАСТАУ АЛҒАН ҰРПАҚ**

**Акпар Айжан  
Сапаралі Айдана**

Менеджмент, бизнес және білім колледжі

Ұшқан құстың қанаты талатын кең-байтақ қазақ өлкесінің тамыры тереңде жатыр. Сонау ұлыс ұлт боп қалыптасқан кезеңдерден бастап күні бүгінге дейін қазақтың қазақ ретінде, жан-жақтан жалмаған дұшпандарға таба болмай іргесін биік көтеруі айбарлы да өрнамысты жастардың еңбегі. 1991 жылғы 16 - желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жылдан жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік-біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Тәуелсіздік алғанан кейін жас мемлекетіміз саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып береке бірлігіміз артты одан қалса Ана тіліміз үлкен жарыққа бастау алды. Елордамыз Астананың мәртебесін, қазақстандықтардың рухын көтеріп тастады. Астана қаласының салынуы республикамыздың әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуына, ұлттық қауіпсіздігіміздің нығаюына үлкен үлесін қосты. Еліміздің көркейгенімен қоймай Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда қазақтардың саны 40 % ғана болды. Яғни, біз өз мемлекетімізде тұрып, өсім жағынан азшылық жағдайда қалып келдік. Оның әртүрлі себептері болғанын білеміз. Дегенмен, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ондағы негізгі ұлт, мемлекет құраушы ұлт сан жағынан басым болуға тиісті еді. Бұл бағытта да жүргізілген онтайлы көші-қон, демографиялық саясат тәуелсіздік жылдары қазақтардың санын 6,5 миллионнан 10,3 миллионға жеткізді. 2010 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Қазақстандағы қазақтардың саны 63,6 % болды, яғни 20 жылға жуық уақыт ішінде қазақ халқының саны 3,8 млн. адамға көбейді [1].

Биыл Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына тұп-тура 30 жыл болды. Ата-бабаларымыз білектің күші, найзаның ұшымен, аға-әпкелеріміз қаны мен терін төгіп жанқиярлықпен қорғаған қазақ елі 1991 жылдың 16 желтоқсанында өз тәуелсіздігін жариялады. Сөйтіп шекарамыз бекіген, іргеміз нығайған, төрт құбыламыз тең, керегеміз кең мемлекетке айналдық. Ия, тәуелсіздік – бізге қонған бақ, тіліміз бен салт-дәстүріміздің тірегі, алтын діңгегі. Тәуелсіздік – халықтың үні, ұстыны. Бұл қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының, Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының жемісі.

Ал тәуелсіздік бізге не берді? Осы жылдар ішінде мемлекетіміз нендей

жетістіктіктерге жетті тоқталайықшы... Осы орайда, ең алдымен, Қазақстанның осындай зор жетістіктерге жетуінің ерекше маңызды факторларының бірі 2030 жылға дейінгі Қазақстанның ұзақ мерзімді Даму стратегиясының қабылдануы және ойдағыдай жүзеге асырылуы болып отырғандығын ерекше атап көрсеткен жөн. Сонау бір өкпені қысқан өтпелі кезеңде, 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» Стратегиясы өзінің бойына ең маңызды базалық тұжырымдар мен қағидаттарды сіңіре білді. Оның стратегиялық бағыттарының дұрыстығы, басымдықтардың дәл таңдап алынуы бүгінде қазақстандықтар орынды мақтан тұтатын зор табыстардың тұғыры болды. Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет Ұлттық қор құрды. Қазір бұл қорда 33 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жинақталып, ел экономикасының болашағына сенімді серпін беруде [2]. Жастар – қоғамның қозғаушы күші, егемен еліміздің ертеңі. Сондықтан Жаңа Қазақстанды құру ісінде өскелең ұрпақ айрықша орын алады. Тең мүмкіндік әділдік, ашықтық ұғымдары ең алдымен жас буынның кедергісіз келешегін қалыптастыруға негізделген. Бұл ретте Аманат партиясының қызметін трансформациялау үрдісі оның Жастар рухы ұйымында да лайықты жалғасын тауып жатыр. Жастар үшін ең бастысы білім. Себебі білімді азамат өзін еркін сезінеді, болашаққа сеніммен қарайды және қай бағытта қозғалу керек екенін біледі. Әрбір жас қазақстандық осыған ұмтылуы тиіс. Мысалға, қазіргі таңда жастармыз ғылымға, өнерге, үлкен игілік істердің бәріне ат салысып жүр. Кейбір жастармыз БОЛАШАҚ бағдарламасы мен шет елдерде жоғары білім алуда елімізде жоғары білім алу үшін білім гранттары бөлінуде. Қазақстан жастарының даму бағдарламасы «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» секілді бағдарламалар жастарды тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Жәнібек Әлиман. Ұлтқа тірек ұлы көш.//Орталық Қазақстан газеті., 1 желтоқсан 2020 жыл. <https://ortalyq.kz/785>
2. Қазақстанның дамуы және еуразиялық интеграция.// Егемен Қазақстан газеті. 2 наурыз 2021 жыл. <https://egemen.kz/article/10647>



# ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

**Алиева Анар Муратбековна**  
**Орынтаева Айханым Жұлдызқызы**

Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК

Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құру үдерісі. «Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын [1]. Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады. Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады. Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған.

Жаһанданудың нақты нәтижелерін шартты шекараларын экономикалық, мәдени және саяси қызмет үшін барған сайын айқындалып жатқанынан көруге болады және трансұлттық жүйелер – өнеркәсіп монополиялары, ғаламтор, студенттермен және кәсіби мамандармен өзара алмасу қызмет көрсету саласы, «жасылдардың» ұйымы және адам құқын қорғау қозғалысы – шын мәнінде жаһандық мәдениет пен экономика жүйесін құруға ықпал етті [2].

Осы факторлардың арқасында ХХ ғасыр үшін әлемдік кеңістіктерге, аумақтарға және идеологиялық блоктарға бөліп қараудан тұрған дәстүрлі геосаясаттың іргесі шайқалып, «ағыстар» мен «жүйелерден» тұратын жаһандану барған сайын бір тұтастықтың бейнесін қабылдаған әлемге жаңаша қарауды қалыптастыруға алып келді. Жаһандануды жалпы әлеуметтік мәселе ретінде зерттеу оның феноменін терең түсінуде жатыр.

Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша «жаһандану» ұғымы «өзара тәуелділік», «интеграция немесе кірігушілік» деген мағына береді және халықаралық экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды. Олар жаһандануды әр текті, бірақ әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы деп түсіндіреді. Жаһандық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үдерісі жаһандануға алып келмей қоймайды. Бұл үдеріс трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді.

Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды. Негізінен, оны ұлттық және әлемдік шаруашылықтың

техникалық және қаржылық жағынан дамуының нәтижесі деп есептейді. Алайда әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де Жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр. Ғалымдардың барлығы дерлік жаһанданудың объективтілік сипатын атап өтеді. Сондықтан бұл ұғым академиялық сөздік құрамында ғана емес, сонымен бірге, журналистер, саясаткерлер, іскерлік және білім беру орталықтарына да кең тарады.

«Жаһандану» ұғымына берілген сипаттамаларды талдай отырып, оның ХХІ ғасырдың басындағы дүниежүзінің даму үдерістерін сипаттайтынын, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелділікті қиындатып, жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсететінін және әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық үдерістердің жаңа сапасын байқатады [3] (сурет 1).



Сурет 1- Жаһандану (ғаламдану) үдерісінің бағыттары

Қазақстан – 1990 жылдардың басында тәуелсіздігін алған мемлекет екендігі белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары барлық салаларда қиыншылықтарға, әсіресе білім беру жүйесінде басшылық және реформа дағдарысына кез болды. Білім берудің дәстүрлі кеңес жүйесін жалғастыру керек пе әлде алдыңғы қатарлы Батыс елдерінің білім кеңістігін игеру қажет пе деген екіұшты үлкен сұрақ тұрды. Өркениетті елдердің тәжірибесін зерделей келе қазақ үкіметі бірнеше Батыс реформаларын қабылдады. Олардың көбісі тиімді жемісін берді деуге болады. Мысалы ұлттық бірінғай тестілеу (ҰБТ, ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындаудың үш сатылы жүйесі: бакалавриат, магистратура, PhD докторантура, кредиттік, дуальді оқыту жүйелері т.б. Қазақстанның білім жүйесіне енген жаһандық жаңалықтардың бастамасы осылар деген болар едік.

Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлаудың негізгі шарттары ретінде қарастыра болсақ, жаһандану жағдайында өмір сүретін болашақтың адамы ерекше құзыреттілікке ие болуы керек екедігі дау туғызбайды. Оларға тоқталар болсақ: өзара ынтымақтастық, көпмәдениеттілікті мойындай, қабылдай алатын, барлық жағдайларда да шыдамды, ең алдымен өзінің ана тілін жақсы біліп, сол тілде ойлайтын және басқа тілдердерді меңгерген, азаматтық борышын сезінетін тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Сондықтан жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы төмендегідей мақсаттарды көздегені дұрыс:

1. Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру.

2. Жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әл-ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

3. Шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды адам денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру.

4. Білім мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, бейәдептілік, т.б.) аластатуға бағыттап құру.

5. Білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Тығыз желі, қоян-қолтық аралас және жаһандану дәуірінде әріптестік болған кезде білім беру жұмысы жанданып, дами түседі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Теодор Левитт. Глобализация рынков (Globalization of Markets). - Harvard Business Review, 1983. // <https://hbr.org/1983/05/the-globalization-of-markets>

2. Теодор Левитт: маркетинговая лизорукость // <http://jkpersyblog.com/>

3 Оразбаева К.О. Жаһандану – педагогика ғылымының даму факторы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы». -Алматы, 2013. -№3.(39). - Б. 191-195.

# ДЕФИЦИТ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ КАДРОВ СРЕДНЕГО ЗВЕНА В КАЗАХСТАНЕ: МИРОВОЙ ОПЫТ

**Середа Вера Геннадьевна**  
**Абдрахманова Алина Жасулановна**  
ГКП на ПВХ «Высший колледж «Astana Polytechnic»

Дефицит квалифицированных кадров среднего звена становится всё более актуальной проблемой в Казахстане. Недостаток специалистов в этой категории может привести к замедлению экономического роста и ухудшению конкурентоспособности страны. В данном контексте необходимо рассмотреть причины и последствия дефицита квалифицированных кадров среднего звена, а также возможные пути решения этой проблемы.

По данным АСТАНА. КАЗИНФОРМ – Трудоустройство выпускников колледжей составляет всего 65,8%, с каждым годом возрастает дефицит в квалифицированных кадрах среднего звена, при этом трудоустройство выпускников колледжей составляет всего 65,8%, из них по полученной специальности – лишь 49,8%». Государством ежегодно увеличивается финансирование ТиПО за счет роста объема государственного образовательного заказа, выделяются немалые средства на модернизацию мастерских и лабораторий современным оборудованием. Вместе с тем, на низком уровне остается заинтересованность работодателей в совместной подготовке специалистов ТиПО. Так, доля студентов, обучающихся по госзаказу, охваченных дуальным обучением, по республике составляет всего 18,6%. Ряд колледжей осуществляют подготовку кадров по маловостребованным специальностям. К примеру, трудоустройство по таким специальностям, как организация дорожного движения, эксплуатация устройств оперативной технологической связи железнодорожного транспорта составляет не более 17%. «Это свидетельствует о том, что либо выпускники колледжей не соответствуют потребностям работодателей, либо об отсутствии прогнозных потребностей рынка труда в разрезе конкретных специальностей. Совершенно очевидно, что будущее рынка труда Казахстана определяет молодежь. Нельзя забывать, что ежегодно более 300 тысяч молодых людей достигают трудоспособного возраста. Уже сегодня они составляют 60% занятых, а к 2030 году их доля превысит 80% всей рабочей силы Казахстана.

Более того, в структуре занятости 56,3% занятого населения охвачены низко производительным трудом. В то же время, по прогнозам экспертов, ожидается, что 15,2% вакансий будет приходиться, на неквалифицированных рабочих.

Для решения этой проблемы необходимо создать современный производительный рынок труда, обеспечивающий высокую занятость и социальную сплоченность людей, сбалансированное территориальное развитие.

Примеры дефицита кадров среднего звена

Компания «Shymkent Metal Construction» занимается производством металлоконструкций и является одним из крупнейших предприятий в Шымкенте. Она работает на рынке уже более 10 лет и имеет широкую клиентскую базу, включая крупные строительные компании и государственные организации.

Например: Директор компании, Серик Кожухметов, является опытным специалистом в области производства металлоконструкций. Он работает в компании с ее основания и знает все тонкости данного бизнеса.

Одной из серьезных проблем, с которой столкнулась компания, является нехватка квалифицированных сварщиков. в настоящее время в компании не хватает около 20 сварщиков с опытом работы.

Кожухметов отмечает, что причиной нехватки сварщиков является недостаточное количество квалифицированных специалистов на рынке труда, а также отсутствие системы обучения и подготовки сварщиков в городе. Он также отмечает, что компания вынуждена повышать зарплаты своим работникам, чтобы удержать их в коллективе.

Компания «Furniture factory Karaganda» - это крупный производитель мебели в городе Караганде. Директором компании является Иванов Степан Иванович.

Одной из главных проблем, с которой сталкивается фабрика, является недостаток квалифицированных рабочих около 16 сотрудников. Несмотря на то, что компания предлагает достойную заработную плату и социальные льготы, найти опытных мастеров и сварщиков все труднее и труднее.

Это приводит к задержкам в производственном процессе и ухудшению качества продукции. Кроме того, нехватка квалифицированных специалистов замедляет развитие компании и ограничивает ее возможности для расширения производства.

Другой проблемой является рост конкуренции на рынке мебели. Многие другие производители начинают использовать новые технологии и материалы, что делает их продукцию более привлекательной для потребителей. Фабрике приходится постоянно искать новые способы улучшения качества своей продукции и снижения себестоимости, чтобы оставаться конкурентоспособной на рынке.

В целом, фабрика производства мебели в Караганде сталкивается с серьезными вызовами, связанными с нехваткой квалифицированных рабочих и ростом конкуренции на рынке. Однако, компания продолжает работать над улучшением своей продукции и поиску новых возможностей для развития.

Как эта проблема наносит вред экономике?

Дефицит квалифицированных кадров среднего звена является проблемой для экономики, так как это может привести к снижению производительности и конкурентоспособности отраслей экономики. Недостаток квалифицированных специалистов может привести к низкому качеству продукции и услуг, а также к неэффективному использованию ресурсов. Это может привести к ухудшению экономической ситуации в стране и ограничению ее развития. Кроме того, дефицит квалифицированных кадров среднего звена может привести к

увеличению безработицы и социальной напряженности в обществе. В целом, это может негативно повлиять на экономический рост и благосостояние общества. Поэтому необходимо разрабатывать стратегии для привлечения и обучения квалифицированных специалистов среднего звена, чтобы обеспечить устойчивое развитие экономики.

Зарубежный опыт преодоления проблемы нехватки квалифицированных рабочих:

Изучая зарубежный опыт решения проблемы нехватки квалифицированных рабочих кадров, стало очевидным, что даже для такого передового европейского государства, как Германия, этот вопрос является актуальным. Как известно, практически любой продукт (товар), произведенный в Германии на протяжении последних нескольких десятков лет отвечает самым высоким требованиям потребителя, высочайшим качеством и оптимальным набором свойств и качеств, зачастую являясь мировым эталоном. Подобный результат основан на существовании высокоструктурированной производственной системы, высоком уровне организации труда на предприятиях и, безусловно, на высокой квалификации персонала. Тем не менее, за последние несколько лет в Германии также возник дефицит рабочих высокой квалификации. Некоторые эксперты уже констатировали значительное сокращение квалифицированных рабочих рук для работы в цехах в некоторых регионах Германии<sup>1</sup>. Они также сходятся во мнении, что это является лишь началом более серьезных проблем в рекрутинге и экономике в целом. Прежде всего, этим обеспокоены малые и средние предприятия. Действительно, очень часто подобным компаниям тяжело привлечь квалифицированный персонал в свой штат, продолжать развивать навыки своих сотрудников и своевременно диагностировать текущие и будущие потребности в связи с недостатком соответствующих инструментов и доступных ресурсов у компании.

В решении проблемы нехватки квалифицированных кадров в Германии заинтересованы и профессиональные союзы работников, которые созданы не только для защиты прав трудящихся, но и для осуществления поддержки предприятий при решении самых разных задач, связанных с персоналом. Показательным является опыт крупнейшего негосударственного профсоюза в Германии, компании «IG Metall»<sup>2</sup>. Специалисты этой компании разработали комплекс предложений для формирования как государственной политики, так и для создания стратегий внутри предприятий, которые могут обеспечить сокращение дефицита недостающих вакансий на предприятиях.

Пути решения проблемы нехватки квалифицированных кадров среднего звена:

1. Повысить качество подготовки педагогов колледжей и пересмотреть курсы повышения квалификации мастеров производственного обучения с учетом нужд предприятий реального сектора экономики.

2. Проводить на постоянной основе раннюю профессиональную ориентацию среди школьников, выработав меры по повышению престижа рабочей профессии

3. Привести в единообразии наименования профессий, предусмотренных «Атласом профессий» с классификатором специальностей и квалификаций технического и профессионального образования

4. Обеспечить масштабирование дуального обучения, внедрить повсеместное шефство предприятий над колледжами, а также всесторонне развивать целевую подготовку рабочих специалистов по заявкам предприятий.

В заключение можно сказать, что дефицит квалифицированных кадров среднего звена является актуальной проблемой для экономики Казахстана. Недостаток специалистов может привести к снижению производительности и конкурентоспособности отраслей экономики, а также к ухудшению экономической ситуации в стране. Для решения этой проблемы необходимо разрабатывать стратегии по привлечению и обучению квалифицированных специалистов среднего звена, а также создавать условия для их развития и карьерного роста. Важно также учитывать социальные и экономические потребности общества при формировании кадровой политики. Только таким образом можно обеспечить устойчивое развитие экономики и повысить благосостояние населения Казахстана.

### **Список литературы**

1. С.Д.Сабеков, Издательство: КАЗИНФОРМ, Нур-Султан, 2022 год.  
<https://www.inform.kz/ru/deficit-v-kvalificirovannyh-kadrasahrednegozvena-rastet vkazahstane>
2. А.А. Михалев, Научный журнал: Экономика и предпринимательство, Москва, 2015 год.
3. <https://naukarus.com/zarubezhnyy-opyt-preodoleniya-problemynehvatkikvalifitsirovannyh-rabochih>

## АЛАШ МҰРАСЫ – БІЗГЕ АМАНАТ!

**Жайнагүл Топанқызы**

**Амангельдіұлы Әли**

М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледжі

«Алаш» ұғымы - қазақ танымындағы ең қасиетті метаұғым. Ежелгі Ер Түріктен бері «бауырластар», «қандастар», «туыстар» деген мағынаны беретінін әр қазақ біледі. Алаш идеясы сол – «бауыр болайық», «туыс болайық», «адамзат баласы тең» деген танымға негізделген еді. Сондай-ақ бұл адал ниеттен туған ойтаным болатын. «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім, жігер берген ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни өз аймағы сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қаракеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын



өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі.

Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Тарихтан білетініміздей, 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ съезі өтті. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды. Ал оның негізгі ұстанымдары: Біріншіден – Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етеді. Екіншіден – Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады. Үшіншіден – дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. Төртіншіден – билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт, т.б. Алаш қозғалысының, Алашорда жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының осы бағыттағы қажырлы еңбегі кейін, Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған. Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген еді. Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған. Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Халел Досмұхамедов «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» деді. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал.

Қорыта айтқанда, Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанымдардың бірегейі болатынын

естен шығармағанымыз абзал. Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып қалуы тиіс. Алаш зиялыларынан жастардың алатын үлгісі өте мол. Алаш қайраткерлерінің әр бір туындысы жастарды патриоттыққа, білімді болуға, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелейді. Алаш зиялыларынан бастау алған ұлттық сананың да кеміліне жеткен шағында тәуелсіздік тұғырының мығым болуы сіз бен бізге аманат екенін түсінетін де уақыт жетті. Еліміздің еңсесін биік ұстап тұру да, елдігіміздің ерлігін паш ету де, мына біздердің, яғни жастардың қолында екенін ұмытпайық.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсембин Ү.Қ. Ұлттық сана қазақ елін мәңгілік етеді. // Abai.kz. – 2016.
2. Сүлейменов М.П. Әл-Фараби және Қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы, 2011. 14 б.
3. Аймауытов Ж. Ұлтты сүйю // Ақиқат. – 2013. - №6. 4-5 бб.
4. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
5. «Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы: Интеллсервис, 2013. – 1004 – бет.
6. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. Алматы: Ғылым, 1999 ж.
7. Әуезов М. Қазіргі қазақ күйі // Ақиқат. – 2013. - №7. 3-4 бб

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

**Асылбекұлы Айдар**

**Алишбаева Айша Алмасбековна**

«Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК

Ұлт үшін күресіп жүріп, ұлттық құндылықтарымызды қазіргі бейбіт заманымызға дейін жоймай, сақтап, ұрпаққа мұра етіп қалдырған ата-бабаларымызға мың сан рет алғыс айтсақ та аз болатыны сөзсіз. Қазір біз еңсесі биік, заңы, тілі, бағыты, мақсаты айқын мемлекетпіз. Еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны бар. Дүниежүзі қазақ елін осы нышандарымен, оюымен, домбырасымен таниды. Ұлттық мерекеміз Наурызымыз әлемдік деңгейде тойланатындығының өзі қандай мақтаныш! Қазақ халқы қарапайымдылығымен ерекше. Адалдық, ақкөңілділік, адамгершілік тек қазақтардың бойынан табылатын жақсы қасиеттер. Қазақ ежелден ырымшыл, мәдениетті, салт-дәстүрге берік, бауырына барын беріп, қызын қонағындай сыйлаған, тарихын, елін сатпаған, бүгінгіне шүкір етіп, ертеңіне үмітпен қараған, қонағын төрге шығарып, құшағын кең ашқан ұлы халық! Осындай ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, жойылып кетпеуіне біз бәріміз бірге жауаптымыз. Мемлекет болғасын дамуда, өзгеруде, дағдарыстардың да болып тұруы заңдылық. Бәрі өтеді, кетеді. Алайда әр ұлтта өзіне тән жойылмайтын ұғымдар болады. Сондай ұғымдардың қатарында отбасы, тәрбие ұғымдары да бар. Олар – мәңгілік ұғымдар. Ұлтты сақтайтын да, өркендететін де ұлттық тәрбие. Ал ұлттық тәрбиенің ұстаханасы, әлбетте отбасы. Отбасындағы тәрбие ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып қалыптасады, әртүрлі жолдармен ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Ұлттық құндылықтарымыздың сақталуы да, дамуы да ұрпағымызға берілетін тәлім-тәрбиемізге тікелей байланысты. Отбасындағы дәстүрлі тәрбиені қалыптастыратын ата-ана. Ұлттық қазынамызды сақтаудағы отбасының қызметі туралы көп айтуға болады. Айтып та келеміз. Қоғам, колледж, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, орталықтар, т.б. бірігіп атқарылып жатқан шаралар қаншама... Қазақ отбасындағы жақсы жетістіктер, тәжірибелер – ұлтымыздың ортақ олжасы. Халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан бала тәрбиесінде ешкімге ұқсамаған өзіне ғана тән тәрбиесінің, тәртібінің, мәдениетінің болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі тақырып барлық салаға да қатысты, әрі ауқымды. Біз қай салада жұмыс жасасақ та, отбасы бәріміздің ортақ байлығымыз. Бірақ, отбасылық тәрбиемізде бұрын болған көптеген ұғымдар мен түсініктерді есімізден шығара бастағанымыз рас. Қазақ отбасы әкелік, аналық жауапкершіліктен алшақтап, бар кінәні қоғамға, колледж оқытушыларына итере салуды әдетке айналдырып барады. Баласы сессиядан құлап қалса да-колледж кінәлі. Демек, жас ұрпақ ата-ана тәрбиесімен сусындай алмай, рухани ашаршылыққа, рухани күйзеліске ұшырауда. Бүгінде отбасы құндылығы дегенде біз нені ұмыттық? Көпке топырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен, отбасын ұмыттық, отбасының құндылығын ұмыттық, отбасының қасиетін ұмыттық. Отбасындағы ерлі-зайыптылардың бір-бірінің қадір қасиетін ұмыттық, бірге жүрсек сыйластықты ұмыттық, алыс кетсек қимастықты ұмыттық.

Көбейтсек бала тәрбиесін ұмыттық. Тәрбие сөзінің астарында бала тәрбиесіне жауапкершіліктің барын ұмыттық. Зәулім зәулім тойханалар салуды сол жерде той жасауды үйрендік. Сол тойханаларда сөз беруді де ұмытпадық. Тойдағы шығын ұмытылмады, шаңырақ деген ұғым ұмытылды. Тойдан шыға бере екі жастың бақытын ұмыттық. Біріміз ене, біріміз шеше болып жас жұбайларды тез ажырастыруды дұрыс санадық. Бұрын екі жас отбасы ұрысса екі жағы қарсы жақты жақтайтын. Ал бұл күнде әркім өз баласын жақтайтынды үйрендік. Отбасын құрған қызымызды көшіріп алып кетуді үйрендік. Кешегі атам қазақтың жолы басқа, біздің жол басқа болды. Қазақ бірнеше ғасырлар бойы қанын таза ұстаған халық. Ал қазіргі жастарымыз үй, дүние-мүлікке қызығып түрлі шетел азаматтарына тұрмысқа шығуда, бірақ көптеген осындай жағдайлардың арты айырылысуға әкеліп соқтыруда. Жаһандану үдерісінің кесірінен біз осындай жағдайды бастан кешірудеміз. Ұлттық құндылықтарымызды менсінбей жүріп, бай қазынамыздан айырылып қалмайбыз ба? Осыдан-ақ, қазіргі кезде отбасылық тәрбиеге ұлттық ерекшеліктердің көмегінің керек-ақ екендігі анық байқалады. Отбасының ең маңызды құндылығы-балалары. Әрбір адам өз ұрпағы арқылы өзін қайталайды. Ол үшін балаға не бересің, олар нені түйіп, нені түймесін, деген ойлардың жауабын білуіміз қажет. Ұлтымызда қай жүйеде де дала заңы, ережесі болған. Отбасы да ережемен басқарылатын жүйе. Әрбір жанұяның өз ережелері бар. Тіпті кейде ережемен өмір сүретіндігін байқамай қалады, өйткені ереже мен жүйе тығыз байланыста болып отырады. Отбасы мүшелерінің бірі осы ережелерге мойынсұнбаған кезде қандай да бір қақтығыстар қалыптаса бастайды. Ұлттық құндылықтар жайлы айта беретін болсақ шегі жоқ. Қазақ оюлары, қазақ тілі, қазақ халқы, қазақтың құндылықтары десе ең алғаш ойымызға өз еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны келеді. Әлем қазақ елін осы оюымен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен таниды. Әрине, ең танымалдарынан бастауды жөн көрдім. Осылардың өзі-ақ қазақты әлемге танытып үлгерді. Мысалы, спортшыларымыз көк туымызбен әлемдік аренада шарықтамағанда, біздің сол көк туымызды бәлкім ешкім танымаста ма еді? Жастарымыз шетелде жүріп, домбыраны қолға алып шертпегенде, қара домбыраны бәлкім ешкім танымаста ма еді? Ұлттық мерекеміз Наурызымыз әлемдік деңгейде тойланбағанда, оюлы көйлектеріміз бен тақияларымыз киіліп, көше бойын қазақтың бұлбұл әндерімен аралап, сайрамағанда шетел жұрты ою былай тұрсын, қазақ деген ұлт барын білмес те ме еді? Сол себепті, осы еліміздің көк туын көкке желбіретіп, асқақтатып жүрген ұлт қорғандарын ұлттық құндылыққа кіргізу менің міндетім болып тұр. Ұлт қорғаны ол-отаншылдықпен жаны құмар азаматтар. «Отан-отбасыдан басталады» демекші, отаншылдықты бала кезінен бойға сіңіру аса маңызды істердің бірі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адамгершілігі мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу- бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі. Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Ол көп еңбек пен үлгілікті қажет ететін, көпшіліктің қоғам болып, жұмылып, парасаттылық пен байсалдылықты қажет ететін оңай іс.

Сонымен қатар бала тәрбиесіне еліміздің салт-дәстүрлері де орасан зор әсерін

тигізеді. Салт- дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. Салт- дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, өнеге тәжірбиесін құраған. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы-мәдениеттің байлығы. Мысалы ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Қыз балаларға келетін болсақ оларды «болашақ ана» «шаңырақтың басты тұтқасы» деп құрметпен қарау- ата дәстүрінің көрнекті тұсы. Халқымыздың әйелді құрмет тұтатын әдет-ғұрпы толып жатыр. Қазақ қыздарына ең асыл, ең қымбат заттардың атын қояды, мәселен: Гауһар, Маржан, Ақтоты, Раушан, Алмагүл т.б.. Мұнда әйел адамды сұлулықтың, әсемдіктің, көркемдіктің, нәзіктіктің бейнесі ретінде аялағандықтың, қастерлегендіктің белгісі жатыр. Осының бәрі әйел затына зор құрмет, көрнекті ой, ыстық сезімді білдіреді. Кішкентай нәрестелерге арнап жасалатын салттардың бірі-Бесік жыры. Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, сезімін сергітеді, көңіл-куйін көтереді. Есейе келе өнерге, сөз өнеріне бейімделеді. Әже мен ананың әлдіі сәбидің алғашқы өнер мектебі екені баршаға белгілі. Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деуі тегін емес. Келесі дәстүр: Қырқынан шығару. Қазақ халқының ғұмырында жеті, тоғыз, отыз, қырық бір, сандары қасиетті деп есептеледі. Мысалы: «Жеті жарғы», «Жеті қазына», «Бір тоғыз», «Үш тоғыз», «Қырықтың бірі-қыдыр» деген қағидалар осы сандық ұғымнан пайда болған. Соның бірі-баланы «қырқынан шығару» дәстүрі. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдандырады. Бұр ресми-дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастархан жайылады. Сәбидің қарын шашы алынып, оны сәбидің өзінің киіміне, матаға тігіп қояды. Мұндағы мақсат ертеде сурет болмағандықтан баланың, сәби кезінен ескерткіш ретінде сақтаудан шыққан. Тұсаукесер жайлы айтатын болсақ, сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап оны аяғын жылдам басатын немесе беделді әйелдерге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді. Және де баланың болашағына ең үлкен әсер тигізетін ырымның бірі ауызға түкіру. Аты аңызға айналған, ел таныған ақындар мен шешендер, дуалы ауыз билер мен ақсақалдарға сәбидің аузына түкіртіп алу ежелгі дәстүрлі ырымдардың бірі. Бұл сенім ырымы болғандықтан ел ішінде әлі де жасалады және жиі

айтылады. Оның орындалуы, ишара түрінде ауызға түкіру нышаны ғана жасалады. Халқымыздың ырымы және сенімі бойынша жоғарыда аталған адамдардың қасиеті мен өнері сәбилер мен жас балаларға қонады деген түсінік болған. Бұл кейін балаға да, оның ата-анасына да әсер еткен және оны мақтаныш тұтқан.

Осы салт-дәстүрлеріміздің негізінде сәби өсіп, жетіліп, боз бала шағынан бастап балаларды отан сүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді. Келесі құндылықтарымыздың бірі ол-мәдени ескерткіштеріміз, ескерткіштерді негізінде белгілі бір тұлғаларға, айтулы оқиғалар мен тарихи оқиғаларға, мекен атауына немесе кинофильм кейіпкерлеріне қойылған ерекше ескерткіштер жайлы айтпақпын.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ж.Д.С.Бақтыгереев, Алматы «Ана тілі» 1992 ж.
2. Ж.Дәуренбеков, Алматы «Өнер» 1991 ж.
3. Б.Ж.Жүсіпова, Алматы «Көшпенділер» 2007 ж.
4. С.Кенжеахметұлы, Алматы, «Санат» 1998 ж.

## ПОЭЗИЯ М.ЖУМАБАЕВА В ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

**Бурегулова Капия Касымовна  
Багданова Дарина Радиковна**

ТОО «Международный колледж имени Магжана Жумабаева»

Значительное место в работе педагога занимают вопросы воспитания.

Придавая большое значение физическому воспитанию подрастающего поколения, особенно до двухлетнего возраста, считал, что формирование это гармонической, всесторонне развитой личности невозможно без прочного нравственного стержня. Цель нравственного воспитания педагог видит в выработке способности к нравственно - ориентированному мышлению и деятельности. Способность сделать правильный выбор, утверждает педагог, требует наличие нравственных принципов и твердых моральных убеждений, которые могут сформироваться у человека в процессе сознательного стремления к самосовершенствованию, закалки воли и характера, поисков своего идеала.

Магжан Жумабаев придавал большое значение роли педагога в учебно-воспитательном процессе, а также разработал основные требования к воспитателю: они заключаются в профессионализме, любви к детям, отличном владении языком и хорошей речью, уважении к личности ребенка.

Философия любви создает живое, богатое, многостороннее ее изображение, предлагает множество мудрых раздумий, глубоких суждений, метких высказываний, которые, собранные вместе, могли бы составить энциклопедии.

В своей исследовательской работе по теме выбрала из поэзии три направления: Любовь к Родине, к родной земле, к родному народу.

Центральными в поэзии Магжана Жумабаева являются образы Степи и родного народа, носителя высоких духовно-нравственных достоинств. Только слово способно передать животворную силу любви к родной земле, приблизить к святыне, ибо оно отголосок самой жизни, голос истории, суть души поэта.

«Степь моя!.. Почему же я люблю ее? Почему? Я не знаю сам... Я и сам не пойму!» Да, степь кажется неприветливой, суровой для постороннего взгляда, но она полна жизни, она— колыбель поэта, по ней прошли века, миры... Поэт посвятил немало изумительных по красоте и изяществу песен-стихов благословенной Степи.

Он-один из наших поэтов, оставивший глубокий след в мире казахской поэзии, воспевающий могущество искусства слова, создающий своеобразное художественное выражение в теории поэзии, передающий потомкам мир глубоких чувств, возвышенных мечтаний и искристых фантазий. Его поэзии предшествовали бурные приключения и напряженные ситуации, происходившие в казахской степи в начале XX века. Время, в течение которого жил поэт, было наполнено резкими социально-общественными изменениями. Поэтому творчество поэта осталось во мраке бездны, которая до поры до времени была закрыта для нас. Только после наступления независимости Магжан, один из величайших

деятелей казахской культуры и литературы, вернулся к своему народу. Современная казахская исследовательница творчества М. Жумабаева З. Б. Жансипатова справедливо отмечает, что в умозаключениях М. Жумабаева о новой школе и педагогической науке того времени наглядно и доступно показаны идеи и разработки которые отражают проблемы современной школы. Его идеи демонстрируют новый подход и своеобразный взгляд на вопросы современной педагогики. Желание научить детей творчески мыслить, прививать патриотизм, формировать их нравственные качества и духовные потребности, выявлять талантливых личностей не давая им «потеряться» - все это заставляло Магжана Жумабаева задуматься о пути реформирования образовательной системы и искать новые подходы, методы.

При этом исследовательница видит актуальность его педагогических воззрений в том, что М. Жумабаев, придавая большое значение воспитанию подрастающего поколения, довольно важную роль отводит «роли гуманного учителя в прогрессивном развитии современного общества». Эта концепция созвучна с современным отечественным образованием, в котором одной из приоритетных задач общества и государства является воспитание, социально-педагогическая поддержка становления и развития творческого, высоконравственного, инициативного, компетентного, ответственного гражданина Казахстана. (Жансипатова 2015: 54).

Тәуелсіздік-қазақ елі үшін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. ХХІ ғасырдың ұлы жетістігі – қазақ халқы үшін егемендік алып, көк туымыз желбіреп, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сондықтан да, біз үшін Тәуелсіздік күні-ең қастерлі күн. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Тәуелсіздік-қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Айта берсе жалғаса берер еліміздің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарымыздың ерен ерлігінің арқасы деп білемін. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Міне, Қазақстан осы 31 жыл ішінде зор жетістіктерге қол жеткізіп отырған мемлекет. Көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктеріміз, асқан асуларымыз мен бағындырған жаңа белестеріміз аз емес. Біздің еліміз саяси, әлеуметтік және де халықаралық тұрғыдан Орта Азияның көшбасшысына айналды. Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алатын орны ерекше. Елдегі бірлік пен Елбасының жолын ұстанушылық Қазақстанның қазіргі және болашақ жетістіктерінің кепілі болатыны даусыз. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын. Біздің бүгінге дейінгі барлық жетістіктеріміз - Тәуелсіздіктің арқасы. Осындай берекелі елде тұру мен үшін үлкен бақыт. Қазақ халқы берекелі! Кең байтақ Қазақ елі ынтымағы жарасқан, бай – қуатты, берекелі ел. Еліміздің әсем де көрікті -Астанадаы елордасы мен білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Қазіргі таңда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуроодақ, Халықаралық Валюта Қоры және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдарының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр. Біз Тәуелсіздіктің аз ғана жылдар ішінде халықаралық дәрежедегі Қысқы Азия ойындарын, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының форумын жоғары деңгейде өткізіп, ел мерейін асқақтатқан болатынбыз. Сонымен қатар, елімізде ЕХРО-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны

пайдалануға мүмкіндік берді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналды.

Нұр Әлемнің өзі жас инвесторлар стартап-жобалар әзірлеуге, ғылыми өнертабыстарды зерттеуге және бизнес-идеяларын жүзеге асыруға болатын технологиялық инновацияның эпицентрінде орналасқан.

Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін берді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін берді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызды. ЕХРО көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толды. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болды.

Халықаралық көрмеде 2 жылдан кейін ЭКСПО-2017 аумағында жаңа ІТ университеті ашылды, ол «Астана ІТ университеті» аталды. Жоғары оқу орны ЭКСПО павильондарының бірін иемденді, қазіргі уақытта олар ІТ технологиялар саласында білікті кадрлар даярлайды. Университетте оқыту тілі - ағылшын тілі.

Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алағанын мақтанышпен айтсам, артық айтқаным болмас. «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» - дейтін даналықтың шындығында, еліміздегі барлық ұлттардың достық пен татулықта, келісімде тұрып жатқаны бәрімізге аян. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың осыншалықты тамыр тартуы мемлекет құрушы қазақ халықның мейірбандығы мен қонақжайлығына үйренген басқа ұлттардың өзара татулығының нәтижесі деу орынды. Қазақстан достық пен ынтымақтың жерұйығы деуге әбден лайық. Менің ойымша, қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы - елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестіріуі, тәуелсіз еліміздің жетістігі деп білемін. Міне, бүгінгі күнде еліміз бақытты күн кешуде. «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп атауымыздың астарында үлкен мән бар. Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиялық жолдауы осынау мәңгілік жолдағы ұрпақтар бірлігінің, сабақтастығының көрінісі. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - қасиетті Қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Мың жаса тәуелсіз Қазақ Елі! Тәуелсіз елім-гүлденіп, өсе бер!-деп тілеймін. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Елімізді әрі қарай көркейтетін мына біз болашақ жастар боламыз! Біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі болашақ ұрпақ – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің ертеңі екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. Мен осындай бейбіт және тату елде тұрып жатқанымды мақтан тұтамын. Мен – егеменді елімнің ертеңімін. Мен де тәуелсіздік елімнің табысына мақтана отырып, ортақ мақсатқа бір кісідей жұмыла

түсуім, менің болашақтағы міндетті парызым. Сөзімді Мағжан Жұмабаев атамыз болашаққа, жастарға үлкен сеніммен айтқан:

«Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!» - деген өлең шумағымен аяқтаймын. Болашақта Қазақстанды дамыған өркениетті отыз елдің қатарына енгізетін – ол бүгінгі біздер жастармыз. Біз жастар – елдің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу, ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ортақ отанымызды дамыту мен көркейту – біздің мүдделі мұратымыз!

### Әдебиеттер тізімі

1. [https://massaget.kz/blogs/oy\\_tolgaular/28677/](https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/28677/)
2. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Дүниежүзілік\\_көрме\\_\(2017\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Дүниежүзілік_көрме_(2017))
3. // Шөмішбай Сариев. «Тәуелсіз ел қазағым». Егемен Қазақстан. №16. 2003ж.



## «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»: БИЗНЕС – ЖОСПАР ИДЕЯСЫ

Адырбекова Умитгуль Жүзипназаровна  
Қайырбекова Диляра Оралқызы  
«Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК

*«Астана қ. Қазтұтынуодағының  
жоғары колледжі» БММ  
Қайырбекова Диляра  
3 курс студенті*

*«Сізге толық 12 сағат емес, тек басыңызбен ғана жұмыс істеу керек»  
Стив Джобс*

Мемлекет басышысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел жастарының жарқын болашағын қалыптасыру жолында жас буынға үлкен қолдау керектігіне басымдық бергені ақиқат. Президент өз сөзінде «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек» – деп айтқан еді. Осы сөзге дәлел ретінде Астана қаласы Қазтұтынуодағының жоғары колледжінде жаңа бизнес-идеяларды шыңдауға, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент, бизнес – жоспар идеясын дайындауда конкурстар жарияланып, жоспарды құру ісіне көңіл бөлінген еді. Соның ішінде менің М-9-21-2 тобы жасаған жоспар жүлделі орынды жеңіп алды.

Бизнес-жоспар мақсаты: Еңбек нарығының талаптарына сәйкес, Дара кәсіпкерлік негізінде мамандардың жоғары кәсіби құзыреттіліктермен, дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. ДК-ті онлайн режимде e.license порталында тіркеу;
2. Онлайн БКМ-сын ОФД сайтында тіркеу;
3. «1С:Бухгалтерия» және «1С: Розница» бағдарламаларымен жұмыс жасау;
4. Бухгалтерлік есеп пен салықтық есепті жүргізу;
5. Бухгалтерлік алғашқы құжаттармен жұмыс жасау;
6. Салық кабинетімен, [tilda](#), [taplink](#), [sendpluse](#), [чат ботпен](#) жұмыс жасау.

Бизнес-жоспарды іске асыру барысында қолданылатын құрал-жабдықтар:

1. Онлайн БКМ
2. Kaspi Pay
3. Post терминал
4. Кассалық бокс
5. Чек принтері
6. Сканер
7. Сөре
8. Кассалық үстел

9. Тоңазытқыш

10. Термопот

11. Калькулятор

12. Ақша табағы

Маркетингтік жоспар:

Taplink – көп сілтемелерді жасауға арналған ең танымал қызмет, портфолиоға, прайс-парақшаға, веб-сайтқа, мессенджерлерге, әлеуметтік желілерге өту түймелері бар қарапайым визитка беті.

Tilda Publishing – бұл бағдарламалау дағдыларын қажет етпейтін блоктық веб-сайт құрастырушы. Веб-сайттарды, онлайн дүкендерді, бастапқы беттерді, блогтарды және электрондық пошта ақпараттық бюллетеньдерін жасауға мүмкіндік береді.

Біздің чат ботта сатып алушы толықтай ассортиментпен таныса алады. Содан кейін бізбен чат бот арқылы бір ғана батырманы басып байланысқа шығады. Рино тобы сатып алушылардың жеңілдігін ойлайды.

Бизнес-жоспарды зерттеу кезінде Google форманы қолданып, студенттер арасында сауалнама жүргіздік.

Әлеуметтік желілерде тіркеліп, жобаны іске асырудың күнтізбелік кестесін ұйымдастыру.

Бизнес-жоспар жасаудың қорытындысында «Рино» магазині колледждің 1-ші қабатында ашылды. Студенттер бизнес-жоспар жасау барысында Дара кәсіпкерлікті ашуды, бухгалтерлік есеппен салықтық есепті жүргізуді, tilda, taplink, demo1, sendpulse бағдарламаларымен жұмыс жасауға машықтанды.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://tilda.cc/ru/>
2. <https://taplink.ru/>
3. <https://sendpulse.com/ru/register>

## ФАКТИЛЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Арыстанова Арайлым Кенжебаевна

Қуаныш Әмір

«Астана Профи» ҚШК» мекемесі

Көне түркі даласын мекен еткен қазақ халқының сан ғасырлық тарихының өмір көшінде нелер орын алмады. Тарихта тек ізі қалған әрбір күннің астары терең, қадірі мол. Соның ішінде тәуелсіздік үшін 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері мен барша халықтың арман-мұратының ақиқатқа айналуы. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс қазақ өмір сүрген қай кезеңде де орын алған еді. Бірнеше жүзжылдықты қамтитын отаршылдықтан кейін ХХ ғасырдың аяғында қайта түлеп, қайта жаңғырған елміз ғой.

Тәуелсіздік – азап пен төзімнен, ерік пен жігерден, сабыр мен шыдамнан, күш пен қайраттан, күту мен аңсаудан құралған күрделі процесс. Азаттықты арман еткен елдің бірде қайғылы, бірде шерлі, бірде айбынды, бірде рухты тарихындағы әрбір оқиға, әрбір қанды шайқас – егемендік үшін жасалған қадамдар.

Тәуелсіздік – төгілген қан мен тердің өтеуіне берілген Тәңірдің бізге берген бағы, ең үлкен сыйы, баға жетпес құндылығы. Ұшса қыранның қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы тозатын ұлан-ғайыр жерді мекендеп, шекарамызды бекітіп, аты әлемге әйгілі ел ретінде еңсе тіктеуіміз – береке-бірліктің арқасы. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», – деген сөзі тәуелсіздікке жету қиын да, оны сақтап қалу одан да ауыр екенін айқындайды.

Қазір қоғам үш ұрпақты тоғыстырып отыр:

X ұрпақ (1960-1980)

У ұрпақ (1980-2000)

Z ұрпақ (2000 – қазіргі уақыт)

Яғни, кеңестік дәуірде өмірге келіп, тәуелсіз Қазақстанда отбасын құрып, жаңа Қазақстанның ұрпағын тәрбиелеп отыр.

Көп психологтар бала тәрбиесіне назар аударғанда бүгінгі көзқараспен, бүгінгі методикамен, сонымен қатар, тек бала тарапынан анализ жасап, бір жақты аспектімен қарастырады. Алайда бала еркін болуы үшін белгілі бір теориямен тәрбиелеудің қажеті жоқ. Кез келген адам өзіндегі кемшіліктер мен артықшылықтарын тізбектеп, оның түп – тамырын іздеген сайын балалығына айналып барып, сол сәттердің еншісінен тауып жатады. Сонда адамға адамның,

соның ішінде тұлға болуда ата-бала-немере сабақтастығының орны зор. Мәселен, X ұрпақ өмір сүрген кезең тарихта «жылымық» деген атпен белгілі. Бұл кезде адамдарда тұрақтылық пайда болды. Болашаққа сенім артты. Білім алу назарда бола бастады. Ақшадан бұрын құндылыққа мән берді. Ғылыми ізденістер, жаңалықтар болды. Ғарышқа ұшты. Кез келген сол уақыттың жас отбасылары балаларын көзі ашық, білімге құштар етсем деген мақсатпен өмір сүрді. Бұлар – біздің ата-аналар. Олардың осы қасиеттері бізге қалай әсер етті? Біз идеал болуға тырыстық. У ұрпақтың басым көпшілігі коммуникацияға бейім. Еркіндікті, тәуелсіздікті толығымен сезініп өскен буын. Ал Z ұрпақ жаңа көзқарас пен жаңа ойлардың ортасы.

Елдің болашағы жастардың қолында екені анық. Тәуелсіздік алғалы қандай жетістіктерге жетсек, ары қарай бұдан да жақсылары қолдарынан келетінін білемін. Келер ұрпаққа елді аманаттайтын біз екеніміз де анық. Сол үшін мемлекеттігімізді нығайту, берекелі қоғам құру үшін әрбір жас буынды «мен не істей аламын?» деген сұрақ мазалауы керек.

Біз елмен бірге өсіп келеміз. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақтың әдебиеті де, мәдениеті де, өнері де өсті. Сонау Күлтегіннен бергі «Хақ Сақ»-тайын тайпалардан тарамдалып, ат үстінде хандық қылған жауһарлармен жалғасып, әрбірі ұлтымның ұранына айналған Алаштықтармен астасып, кешегі «Желтоқсанмен» жаңғырып жеткен бүгінгі бостандық – бұл. Ең алдымен, тәуелсіздік туының тіктелуіне қасық қанын қиған әр дәуірдегі әр алыптарымызға, тау тұлғаларымызға тағзым. Рас, осы күнді көрген біз – бақыттымыз. Бұл бақытқа жету қаншалықты ауыр, бұралаң, қатерлі, қасіретті, қиын болса, енді сол тәуелсіздікті сақтап қалу – содан екі есе салмақты. Бұл жауапкершілік – сіз бен біздің мойнымызда, туған ел алдындағы перзенттік парызымыз бен міндетімізде. Ата-бабамыздан алған азаттық аманатын ұлтын сүйген ұрпаққа табыстағанда ғана бүгінгі біз өз парызымыз бен міндетімізді адал атқара аламыз.

Ұлтын сүйген ұрпақ дедік, ұлтын сүйеу деген не? Ол – ұлтшылдық. Мұны мен емес, айтқан, ұлтымыздың бас ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, иә-иә, ол өз сөзінде «Ұлтшылдық дегеніміз – ұлтын сүйеу» деді. Өтірік емес, кезінде «Ұлтшылдық» ұғымынан қорықтық, мойындаймыз, егемен ел болғанымызға ширек ғасыр болса да, әлі күнге үрейленетіндер бар. Бұл қасиет соншалықты фобия ма? Жоқ, әсілі, әлдеқайда қарапайым. Орыс ұлтшылы, жазушы Валентин Распутиннің анықтамасын келтіре кетейін: «Менің анам бар, мен оны жанымдай жақсы көремін. Мен үшін одан асқан сұлу, одан асқан мейірбан, одан асқан ақылды адам жоқ. Менің анамды жақсы көруім, басқа аналарды жек көреді дегенді білдірмейді. Мен барлық аналарды құрметтеймін, сыйлаймын, бірақ өзімнің анам үшін қолымнан келген жақсылықтың бәрін жасаймын. Міне, осыны ұлтшылдық дейді». Солай, өз ұлтын сүйеу – өз анасын сүйгендей қалыпты құбылыс, табиғи құбылыс. Ал, біз табиғилықтан неге қашамыз? Демек, өз ұлтын жанындай жақсы көретін, ол үшін қолынан келген жақсылықтың бәрін жасайтын ұрпақ қалыптастыруды көздеуіміз де қалыпты құбылыс.

Елбасының бастамасымен тәуелсіздік ұрпақтары үшін 2019 жыл – «Жастар жылы» деп аталса, жақында жастар саясатына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары»

деп аталатын ұлттық жоба әзірлеу қолға алынды. Қазақ «жас келсе - іске» дейді емес пе? Жастар – қашанда тың идеялардың бастау бұлағы. Бұл жөнінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өскелең ұрпақтың әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын. Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз», - деді.

Еркіндік, тәуелсіз болу, ашықтық, білім-ғылым, қолдау, мейірім көрсету – бәрі де біздер үшін. Кешегі келмеске кеткен әрбір ата-баба қаны – өр рух, терең білім, сөзге шешендік тұмса табиғатпен астасып келіп, күллі әлемге елімізді мойындатуға ұмтылған біздің буынның қанында бар. Бүгінгі тәуелсіз жастар – тәуекелшіл. Тың жобалар мен өнертапқыштық қасиеттері де соның себебі. Қысым мен қоршау жоқ бүгінгі таңда не нәрсе де қолжетімді. Бұлақты көрде – көзін аша бер. «Ерінбеген етікші болады» демекші, еріншектіктен ада жастар үшін қазіргі қоғам таптырмас мүмкіндіктер ортасы. Біздің буын, сондай-ақ, табанды. Бұлай болуы да қалыпты да. Себебі, тәуелсіздіктің өзі төрт жүзден астам көтерілістің, қаншама күрес, ерік-жігердің нәтижесі екенін ескерсек, одан туған ұрпақтың табиғатында табандылықтың болуы – заңды. Сыны көп қоғамда өз жолын адаспай тауып, табанды жұмыс жасау, еңбек ету, ел үшін емірену – енді тек бізге тән болуы керек.

Тәуелсіздіктің тәттілігі ме, бүгінгі ұрпақ – өмірге шексіз ғашық. Өмірді түрлі-түсті бояумен әрлеуге құштар. Өнерге бейім. Шығармашылыққа жақын. Ұлттық болмысымызбен ұлтымызға тән әр қасиетті қайта жаңғыртты. Ұлттық тағам, ұлттық киімдеріміз қайта сәнге айнала бастады. Дәстүріміз өз алдына бір мереке. Мәдени мұраларымыз қайта жанданды. Ұлы дала ұрпағы екенімізді сезсек керек, «қазақ» дегенге қиылып түсетін күнге жеттік.

Біз – еркіндігімізбен, тәуелсіздігімізбен ерекпіз. Біздер бөлекпіз. Махамбет қорғап, Бұқар баптаған, Абай түзеп, Ыбырай оқуға шақырған, Міржақын рухты оятып, Мағжан сеніп өткен, Әлихат аманатын табыстап, Қайрат еркіндігін сыйлап, Ләззат өзін құрбан еткен, қазақтың тағы бір толқыны, біздер – жағадамыз. Біз өз толқынымызбен әлем есігін айқара ашуға дайынбыз. Біз «өткен» аңсап кеткен «бүгінбіз». Қазақтың кемел келешегі – жағада тұрған толқынның «толық адам» болуында.

### Әдебиеттер тізімі

1. Тәуелсіз елдің ұрпақтары. <https://adisteme.kz/tayelsiz-eldin-urpaqtary.html>
2. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. <https://egemen.kz/amp/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>

## САНДЫҚ ҰРПАҚ

Рахимбекова Насип Талгатовна

Айтбай Лашын

Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» ШЖҚ МКК

«Z ұрпағы», «сандық ұрпақ», «желілік ұрпақ», «сандық абориген» («digitalnatives») сөз тіркестері мен ұғымдары – бүгінгі күнде күнделікті өмірде кең таралған білім беру және кәсіби қызметте цифрлық технологиялар контекстінде әлеуметтенген балалар мен жастардың ұрпағын белгілеу үшін қолданылады. Бұл тұжырымдама қаншалықты ғылыми салада дәлелденген деген сұрақтар туындайды.

«Сандық ұрпақ» («Z ұрпағы») тұжырымдамасы 90-шы жылдарда сыртқы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда қарқынды дами бастаған ұрпақ теориясына жүгінеді. Ұрпақтар теориясының қазіргі заманғы нұсқаларының негізін қалаушылары – Нил Гов және Уильям Штраус деп саналады.

1991 жылы «Ұрпақтар: американың болашақ тарихы, 1584–2069» атты кітабында олар өздерінің түсіндірілуіне және басқа зерттеушілердің жұмысына негіз болатын ұрпақтар туралы өз зерттеулерін тұжырымдады. Хове мен Страус теориясы бойынша адамның мінез-құлқы оның өмір сүру жағдайына және 12–14 жылға дейін тәрбиеленуге байланысты. Ұрпақ құндылықтары тамыры терең, санадағы ұлттық өкілі үшін арнайы формасы болып табылады, сонымен бірге жеке тұлғаның дамуына, оның іс-әрекетіне мінез-құлқының қалыптасуына нақты әсер етеді [1].

Сандық кеңістік — қазіргі адамның өмірінің бір бөлігі ғана емес, оның әлеуметтенуінің тұрақты өлшемі, бірінші кезекте өмірдің үштен бір бөлігі ұйқыға жұмсайтын жасөспірімдер үшін, үштен бір бөлігі — нақты әлемде өмір сүреді, ал үштен бір бөлігі — сандық кеңістікте тұрады. Осы салада басым болатын онлайн-тәуекелдерді зерттеу және олармен қарым-қатынас тәсілдері сандық ұрпақтың онлайн-тәжірибесі офлайн тәжірибесінен сапалы айырмашылығы бар екенін көрсетеді [2].

Сонымен қатар, бүгінгі таңда жастар жеке қарым — қатынас пен ұялы телефон арқылы қарым-қатынас арасындағы айырмашылықты сезбейтіні көрсетілген зерттеулер бар; бұл ретте телефон арқылы сөйлескен кезде бұл жас тобы ауызша сөйлесуге емес, ішінара SMS-ті артық көреді, себебі оларды байқамай жазуға және құпияда ұстауға болады, олар қиын жағдайда қарым-қатынасты жеңілдетеді, сондай-ақ маңызды хабарламаларға оралуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда қоғам азаматын, оның ішінде «Цифрлық азамат» ретінде қалыптастыруды айқындайтын цифрлық және дәстүрлі әлеуметтендірудің үйлесімі барлық өмір сүріп жатқан ұрпақ үшін тұлғааралық және топаралық коммуникацияның жаңа форматын көрсетеді. Ол онлайн-контекстінде біздің көз алдымызда қалыптасқан офлайн-қарым-қатынас нормалары мен ережелерін жаңа мәдени тәжірибелермен және мінез-құлық әдістерімен өрмелеуді көздейді.

Жеке дамудың жаңа векторларына байланысты байланыс нормалары қалай өзгереді, мотивтер мен моральдық құндылықтардың иерархиясы қалай қалыптасады, онда елеулі ересектер көбінесе субъективтік нормалар мен ұмтылыстардың қайнар көзі ретінде әрекет етпейді, қарым-қатынасқа басқа қатысушылар көбіне тек сандық көріністері арқылы ғана беріледі?

С.Милграм мен Ф.Зимбардоның еңбектерінен кейін кеңінен танылған анонимділіктің, беделдің және жауапкершіліктің таралуының классикалық зерттеулері кейбір зерттеушілердің пікірінше, Интернет осы эффектілердің квинтэссенциясын жүргізетіндіктен, арнайы формалардың қалыптасу кеңістігіне айналады деп қорқуға мүмкіндік береді, мәдени патология «, онда адам интернетті өзінің бөлігі ретінде, оның психологиялық шектері ретінде қабылдайды. Алайда, бүгінде баланың құрылымы мен мазмұнындағы, оның нормативтік үлгілеріндегі сапалы өзгеріс туралы айтуға болады. Қазіргі кездегі тәрбие мен оқытудың барлық күш-жігері барабар және табысты ересек адамның нақты идеалына жетуге бағытталған кезде, «қажет болашақтың бейнесі» ретінде қарама-қарсы балалық және ересек өмірдің айқындығы жоғалады. Технологиялық өзгерістердің әсерінен бүгінгі таңда бұл идеал, сонымен бірге даму психологиясы жариялаған «дұрыс» балалық шақ нормалары жойылады. Шынайы өмірдегі және желідегі қарым-қатынасты зерттеу мысалында осы әлемдегі мінез-құлықтың нормативті модельдерінің өзара әрекеттесуінің айырмашылығы мен ұқсастығын, мүмкін кейбір ерекшеліктерін көруге болады.

Осы саладағы заманауи зерттеулердің деректері нақты және виртуалды әлемдердің тез конвергенциясы жағдайында нормативтік модельдер мәселесі «ескі» немесе «жаңа» шешімнің біркелкі үстемдігіне ие бола алмайтындығын айтады. Мысалы, М.Мэдтің жұмысына сүйене отырып, көптеген адамдар сандық буын - жасөспірімдер мен жастар өздерінің ата-аналары үйрететін Интернетке ғана тән жеке ережелерімен «заң шығарушы» болады деп санайды. Дегенмен, эмпирикалық зерттеулер өздігінен дамудың үстемдігімен ұрпақтар аралық өзара әрекеттесудің бірыңғай моделінің жоқтығын және дәстүрлі постфигуративті (ата-анадан балаларға дейін) және кофигуративті (ұрпақ ішінде) модельдердің біртіндеп біртіндеп пайда болуын көрсетеді [3].

«Цифрлық азаматтық» тұжырымдамасындағы идеялардың бірі - цифрлық қоғам дамыған сайын Интернет нақты өмірдегі дағдылар мен білімге тікелей қатысы жоқ жеке әлеуметтік стандарттарды - Интернет арқылы не істеу керек, не жаман, өзін қалай ұстау керектігін белгілейді. әртүрлі жағдайларда және т.б. Цифрлық әлеуметтену барысында цифрлық буын өкілдері интернеттегі контексте қалыптасатын құндылықтарды, ережелер мен қатынастарды жасаушы және алушы болады. Бірақ бұл жерде белгілі бір динамика байқалады. 2010 және 2013 жылдардағы орыс жасөспірімдерінің зерттеулері мынаны байқатты, егер 1990-шы және 2000-шы жылдардың басында интернетті игерген жасөспірімдер үшін ол көбінесе анонимді баспана, ересектердің көз алдында мұқият қорғалатын бақылаусыз және жазасыз бостандыққа айналған, онда Y және Z ұрпақтар шекарасындағы жасөспірімдер ересек кезеңіне маңызды қадам жасады. Олар өздерімен бірге интернетті игереді, мектептің осы процеске қатысқаны туралы

хабарлайды, достарына ғана емес, ата-аналарға, мұғалімдерге де сенуге дайын. Кейбір мәліметтерге сәйкес, қазіргі жасөспірімдердің интернеттегі қарым-қатынасындағы просоциалдық мінез-құлық қоғамға қарсы [4]. Кейбір мәліметтерге сәйкес, қазіргі жасөспірімдердің интернеттегі қарым-қатынасындағы просоциалдық мінез-құлық қоғамға қарсы мінез-құлықты асып түседі.

Мүмкін, бұл цифрлық азаматтықтың ережелер мен олардың орындалуын қамтамасыз ететін әлеуметтік реттеушілер жүйесі ретіндегі дамуының жанама дәлелі шығар. Бірақ көптеген сұрақтарға жауап бергеннен кейін цифрлық азаматтықтың нормалары мен реттеушілерін талқылауға болатын шығар, олардың ішіндегі ең маңыздысы - әр түрлі жастағы топтар үшін ғаламтор байланысының ережелері қандай және олар оффлайн режимдегі дәстүрлі нормалардан қалай ерекшеленеді.

Жаңа ортаның ерекшелігі білім мен бірлескен өндіріске өнімді қатысу, электронды орта құралдарының (әлеуметтік желілер, лездік хабар алмасу) өзара әрекеттесу процесіне қосылуы, желілік өзара әрекеттесудің әртүрлі модельдері және т.б. Мұндай ортаның қалыптасуы мен дамуы ХХІ ғасырда басталды, дәл осы кезеңде көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша білімді тұтынудан және өндіруден, байқау мәдениетінен білім өндіруге және шешім қабылдауға тікелей қатысу мәдениетіне көшу болды. Бұл бағытта жаңа ақпараттық технологиялар қызметтің жаңа түрлерінің пайда болуын қамтамасыз етті. Қызметтің бұл жаңа формалары адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің сипатын түбегейлі өзгертті, адамдарға желілік серіктестердің нәтижелері мен дағдыларын пайдалануға және білуге, серіктестермен өз дағдылары мен қабілеттерін бөлуге мүмкіндік беретін жаңа әлеуметтік құзіреттіліктердің дамуына әкелді. Электронды-коммуникативтік құралдарды қосу арқылы адамның өзгерген мағынасында әлеуметтік құзіреттілігін дамыту инструменталды және технологиялық құзыреттіліктерді жоймайды, бірақ оларды көмекші, үстем емес етеді, оқу процесін өзгертуге, оны онлайн режимінде жасауға айтарлықтай әсер етеді.

Боуэннің көзқарасы бойынша, Интернеттегі оқыту шығындардың азаюына әкелетін болса тиімді болады. Әлеуметтік ортаның өзгеруі мұғалімнің мәдениетіне, оның ішінде медиа-мәдениетке жаңа талаптар қояды. Желілік өзара әрекеттесу мәдениетін актуализациялау жаңа желілік ассоциацияларды қалыптастыруға бағытталған, олардың міндеттерін шешу үшін ұжымдық құзыреттіліктері болуы керек. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың жаңа құзіреттіліктерінің қажеттілігі білім берудің барлық деңгейлерінде, соның ішінде педагогикалық іс-әрекет сипатындағы өзгерістер аспектісінде қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Demner D. Children on the Internet // [www.otal.umd.edu/uupractice/children/](http://www.otal.umd.edu/uupractice/children/)
- 2 Briggs R.G. Psychosocial Parameters of Internet Addiction // <http://library.albany.edu/briggs/addiction.html>
- 3 Heim M. The metaphysics of virtual reality. Oxford: Oxford University Press, 1993.



4 Brenner V. sychology of computer use: XLVII. Parameters of Internet use, abuse, and addiction: The first 90 days of the Internet Usage Survey. Psychological Reports. 1997. Vol.80. P. 879-882.

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» АТТЫ ӨЛЕҢІН ҚАЗІРГІ ЖАСТАР АҚТАП ЖҮРМЕ?**

**Жармуханова Анаргуль Жумабаевна**

**Джумадилова Раббат Оразалиевна**

Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі – Мағжан Жұмабаев. Ол қысқа ғұмырын ел тағдырына арнады. Жүрегі «Алаш» деп соққан ақынның бар арманы – қазақтың азаттығы. Мағжан Жұмабаев жай ғана ақын емес, ұлт болашағы үшін күрескен Алаш қайраткері. Мағжан(Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабай 25 маусым 1893 жылы, Солтүстік Қазақстан облысында, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Қызметі: Алаш қозғалысың қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Арғын тайпасының Атығай руының Құдайберді тармағынан шыққан. Атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқиды. 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алады. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады. Ибрагимовтың көмегімен 19 жысында Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастап шығарады. Бұд 1912 жылы болған еді. Содан бастап Жұмабаевтың есімі Омбы, Петропавл, Семей қалаларындағы әдеби қауымға мәшһүр болды. Жазғандары жұрт аузына ілігіп, жастардың піріне айналады. Ақын өз өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік тәрізді қарама-қайшылықты философиялық ұғымдарды шебер шендестіре білуімен байқалады. Қазақтың аса дарынды ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың өз өмірінде орнын анық тауып, біздерге ешқашанда өшпестей мұра қалдырғаны барлығымыз білеміз. Негізі Мағжан ұлтшыл, халқының шындыққа жеткенің қалаған кісілердің бірі. Сол мақсатта өлең жолдары осы тақырып аясында жазылған. Олар мысал: «Қазақ тілі», « Туған жер», «Мен жастарға сенемін» және тағы да басқа шығармалары рухты жігерлендіреді. Менің бүгінгі көтеріп отырған мәселем қазіргі жастар арасында нағыз Мағжан атамыз күткен, үміт артқан жастар жайында.

Шыныменде былай қарасам қазіргі таңдағы жастар сол өлең жолдарына сәйкес келеді деп те айтуға ұялам. Себебі, салыстыра қарасақ заман өзгерген сайын адамдар да, яғни жастарымыз да өзгеруде. Мағжан атамыз болашақ жастар үшін қасық қаны қалғанша тырысып, қазақ рухын көтеру үшін талай жанын пида етті. Соңғы демі қалғанша бізге бәрін сеніп, соңғы сөзін «Мен жастарға сенемін!» деп аяқтады. Себебі ол заманның жастары басқаша еді. Елім, жерім деп тұратын айбытты жастар еді. Қазіргі жастар басқаша болғаны соншалық, тіпті біздің мына өлеңімізді тіпті жазушысы кім, ол қандай кісі екенін білмейтін заманға жеттік. Ал

ендігі кезде мен осы мәселені тек бір жақты емес, 5-кезеңге бөлдім. Осылайша бүгінгі жастар Мағжанның сенген жастары ма деген сұраққа жауап аламыз.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл. Неге мен осы біріншісін тіл деп алдым, себебі қазіргі жастар өз тілімізде сөйлеуге ұялады. Тіпті білмейді деуге де болады. Тарихқа үңілетін болсақ, біздің Алаш зиялыларымыз, ақын-жырауларымыз, тіпті билердің өзі осы қазақ тілі болуын қалап, біздің заманымызға дейін сақтап келді. Ал қазір не? Бұрын осы тіл үлкен рөл алса, қазір көк тиынға жетпейтіндей құны қалған. Қазіргі жастар бұл тілде сөйлеуді ұят деседі. Көбісі балалар қалаға келер сәтте, жаңа достары орысша сөйлеп қазақша білмесе, жанағы қазақша сөйлейтін баланы мазақтап кекетеді. Барлығы әйтеуір шет-шетінен орыс, ағылшынша сөйлеседі. Тіпті көбісі қазақша сөйлесе де арасына орыстың сөздерін, боқтық сөздерді қосып айтады. Тілдің шұбарлануы – ұлтқа төнген қауіп. Жарайды тек бұл ғана емес, тіпті біздің оқулықтарда және басқа жерлерде қателер кездестіруге болады. Олардың өзі болашақта өсіп келе жатқан ұрпаққа кері әсерін беру мүмкін. Көбісі мекемелерде қазақша жазылмаған түрлі қағаздар ілулі. Неге ел билеп отырған басшыларымыз осыған назар аудармайды. Қайдан назар аударсын өздері тіпті бір сөздің басын әрең қосып, әріп танымай орысшада сайрап жүрген басшыларға да жеттік. Егер қолбасшы мықты болса, елінің де, халқының да жағдайы яғни қазақ тілі мұндай деңгейде жер болып жатпас еді. Басқа мемлекеттермен салыстырсақ, олардың елдерінде таза өз тілдерінде сөйлесу керек. Бірақ та неге Қазақстанда ондай заң жоқ. Әрине біз зайырлы мемлекетпіз, бірақ қанша жыл осылай жүре береміз. Мүмкін біздің ана тіліміз жоқ болғанша әрекет етпей жүре беретін сияқтымыз. Көбісі ата-ана өз балаларын орыс, басқа да шет тілдерге бергенді жақсы деп ойлайды. Неге? Себебі қазір сұранысқа ие тілдер десекті. Қазіргі балалар өскелен ұрпақ ана тілімізді құрметтемей жүргенде, басқа мемлекеттің балаларын, үлкен кісілерді қараңызшы. Біз өзіміз қашып жүрген ана тілімізді, олар бар сүйіспеншілікпен жаттап, сөйлеп жүр. Сонда біздің қазақ халқының жастарынан не хайыр. Тіпті біздің үкіметтегі адамдарымыз тілді латын, түрікке ауыстырғысы келді. Бұл неге әкеп соқтырады. Әрине біздің ел азаматтарының тілге деген құрметтері жоқ екеніне, өз ана тілімізден ұялатынға әкеп соқты. Міне, осыма Мағжан сенген жастар, ата-баларымыз аманаттаған тілді ары қарай насихаттамаған халық, жастар? Қазақтың кең байтақ сары даласы секілді, тілі де дәл сондай бай. Егер бүгіннен бастап бұл мәселені шеспесек, ертең өкініп қалуымыз әбден мүмкін. Тіл кеми бастаса, ұлттың да әбден жойылуы мүмкін. Өз тіліміздің жырын өзіміз жырламасақ, оның мәртебесін көтеріп, насихаттамасақ кім көтереді. Егер де ана тіліміз қалғанының қаласақ, Мағжан сенген, Алаш сенген, ақын жазушыларымыз сенген ұлт болып қалыптасу керек.

Қазақ халқы ежелден-ақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Тәрбие құралдарын таба білген. Батырлық та, иданалық та осы тәрбиеден бастау алады. Бірақ қазір осы қазақ тәрбиесі секілді тәрбие қалмаған деп айта аламын. Себебі, ұлдарымыз, қыздарымыз шет-шетінен бұзылуда. Бұрын бастауыш сыныпта ағаштарды сындырмайық, жануарларды аялайық дегенді ешкім ұстанбайды. Көбісі ата-ананың кесірі деп ойлайды. Қайсыбір ата-ана өз балаларына жамандық

тілесін. Оларды өзгертіп жатқан мына ғаламтор, шет елдерге еліктеу. Қыздарымыз етектерін қыстартып, боянып, сыланып таңертеңнен кешке дейін далада жүреді. Егер осының барлығын бұрынғы ел билеген хандар, батырлар көрсе осыма, осындайлар үшін жанымызды пида еттік пе деп тұрушы еді. Көбісі харам жолға түсіп кетті десек те болады. Иманымыз әлсіреп, сенген жастарымыздың түрі мынау болса қалай ел болмақпыз. Тағы да айтарым, Мағжан сенген жастар осы ма?

Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. Біздің ең көп байлығымыз ол кең байтақ қазақ жері. Осы жер үшін ойлаңыздаршы қанша жан өз өмірін пида еткенің. Қаншама қысым, қуғын сүргінге қарамастан аман қалды. Қазір өз Отаның қорғауға әлі жоқ жастар көбейген. Отан алдындағы борышын әрең өтеп, тіпті одан қашатын жастар қаншама. Туған елді қорғайтын жастардың түрі анау қыздар сияқты майысып сыландап жүрген. Тіпті оны қойшы, өзіміздің мемлекет басшылары осы жерді Қытай, Рсей сияқты мемлекеттерге сатқысы келді. Көп жастар өз мемлекетімізден кетіп басқа мемлекетке баруда. Осы біздің жермізде білім алып, ары қарай қызмет көрсетудің орнына басқа мемлекетке кетуде. Тіпті айтқанда не сыйластығы жоқ деп айтуға болады. Ал енді біздің жердің табиғатын айта алмаймын. Иә, әрине керемет, бірақ оны ластап жүрген жастарым-ай. Қай жерге бармасан әр жерде қоқыстар көп. Ол біріншіден айналамызға, жан-жануарға, таза ауаға, суға әсер ету мүмкін. Одан кейінгісі әрине бізге де әсерін тигізеді. Бұндай табиғаттан да, өзіміздің туған жерімізден осылайша айырыламыз. Ең қымбаттысы осылар болып табылмайма. Отан дегенде, туған жер дегенде кеудесін қағып тұратын Отаным, жерім деп тұратын адамдар аз. Тіпті борышын өтеуге баратын ер азаматтар қорқып қалды десек те болады. Себебі, қазір тарап жатқан видеороликтер адамның зәресін алады. Егер Отан алдында борышын өтемеген ер азаматтар, ертең қалай шегарамызға жау кіргізбей ұстап тұрады. Кішкентай кезден бастап балаларды отанды қорғауға үйрететін арнайы пәндер сабақтар өткізу керек. Егер де ертең болашаққа сенімді, ұлтқа адал ер азамат, азаматшалар болғанын қаласақ. Отанды қорғау – жастардың басты міндеті. Осылайша біз қалаған ата-бабамыз мұра етіп қалдырға жерді сақтай алып, болашақ балаларға мұра етіп қалдыра аламыз. Солай Мағжан сенген жастар боламыз.

Қазақ халқы ертеден ұйымшыл, бірлігі жарасқан халық ретінде қалып келді. Біреудің басына іс түссе соған барлық ел болып көмектесетін. Ол кезде аштық, қуғын-сүргін болса да бір-бірімен бір тілім нанды бөліскен халықпыз. Қазіргі қайран қазағыма таң қаламын, себебі бір-бірін сыйлау былай тұрсын, қазақ бір-бірін жек көретін заманға келдік. Қазір ауызбіршілік, сыйластық, ынтымақтастық деген нағыз халыққа керек қасиеттер атымен жоқ. Тәкәппарлық, көреалмаушылық көбейіп, халқымыздың сағын сындыруда. Сонда біз күткен бауырмал халық қайда қалды? Мағжан сенген халық, жастар қайда? Сонда бар үміттері зия кеткені ме?

Мәдени дәстүрлер адамдарды өз халқын, Отанын сезінуге, оларды мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелейді. Отбасында мейірімділік пен ізгілікке баулуды, үлкендердің кішіге, кішінің үлкендерге ілтипатын, еңбек ету дағдыларын қадір тұту, ұлттық мәдениетке үйрету, тарихын құрметтеу, жастарды жігерлілікке

тәрбиелеу, туған жеріне деген сүйіспеншілік, оны қорғауға дайын болу, эстетикалық талғам мен көркем әдебиетті сақтаудың бәрі мәдени дәстүрлер негізінде орнайды. Әр кезеңде қоғам алға басқан сайын мәдени дәстүр де қалыспай, көнеден жаңаға өтіп отырады. Сөзімнің соңын Мағжан Жұмабаевтың өлеңімен аяқтамақшымын:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты-  
Қырандай күшті қанатты.  
Мен жастарға сенемін!

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық 2009 жыл, Алматы. 344 бет.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ПАЙДАСЫ ЖӘНЕ ОЛ АДАМЗАТ ӨМІРІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

**Жармуханова Анаргуль Жумабаевна**  
**Еркінқызы Нүрсезім**

Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі

Заманауи жасанды интеллект – бұл қоршаған ортаны қабылдауға және өз мақсаттарына сәтті жету мүмкіндігін барынша арттыру үшін әрекет етуге қабілетті жүйе. Сонымен қатар, интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы, әрі ғылым болып табылады. «Жасанды интеллект» терминін алғаш рет 1956 жылдың жазында Джон Маккарти есімді америкалық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда қолданған. Ол компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған. Жасанды интеллектінің дамуына қосқан үлесі үшін Маккарти зейнет жасында Тюринг премиясының лауреаты атанады. Шындығында, жасанды интеллект Джон Маккартиге дейін де қолданылған. Тек оған дәл осы атау берілмеген болатын. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Алан Тюринг есімді ағылшын математигі немістің құпия ақпаратын бұзып, оны шифрдан шығаратын машина құрастырады. Алан Тюринг соғыс кезінде Германияның әскери-теңіз флотының хабарламаларына криптоанализ жасайтын ағылшын үкіметінің Hut 8 атауына ие тобына жетекшілік еткен. Ол немістердің Энигма аппаратының кодын бұзып, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалады. Соғыстан кейін ағылшын ғалымы алгоритмдік анализ жасаумен айналысып, 1950 жылы компьютер интеллектінің деңгейін анықтайтын тест әдісін жасап шығарады. Тюринг тесті бүгінгі күнге дейін қолданыста. Сол кезеңнен бері бұл саланы зерттеушілер мен оған қызығушылық танытушылар күн санап артып келеді. Ал Джон мырзаның пайымдауынша жасанды интеллект екі бағытта жүзеге асады. Біріншісі, адамның интеллектуалды әрекетін қарастырса (есептер мен теоремаларды шешу, т.б); екіншісі, адамның саналы іс-әрекетін қарастырады.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ:** ең танымал үш нейрондық желіге тоқталып кететін болсақ;

## 1. ChatGPT

Бұл чатбот 2022 жылдың соңында пайда болды және бірден танымалдық бойынша көшбасшы атанды. ChatGPT мәтіндік пішімдегі сұрақ-жауап негізінде жұмыс істейді. Мысалы, ол үздіксіз мәтіндердің әртүрлі түрлерін құрады: рефераттар, әлеуметтік желілердегі хабарламалар, хаттар, есептер.

Нейрондық желі қолданушы мен диалог жүргізуге және әртүрлі тақыраптарды талқылауға қабілетті. Ол тілден тілге аударады, компьютерлік бағдарламаларды, SQL сұраныстарын және Excel үшін күрделі формулаларды генерациялай алады, шахмат ойнайды және тіпті ән жазып береді. Дегенмен, кемшіліктер де бар: бұл желі шебер өтірік айтуды біледі. Сарапшылар ChatGPT кейде өзінің «қиялдарын» шындық ретінде қабылдайтынын мойындайды.

Пайдаланушының сұрауы қате тұжырымдалса да, желі жауап береді – ол ғылыми нонсенс, тек маман ғана жауаптың жалған екенін анықтайды.

## 2. Bloom

2022 жылдың шілдесінде пайда болған тегін желі. Әзірлеушілер бұл нейрондық желі 46 табиғи тілде және 13 бағдарламалау тілінде сапасы адам шығарғанынан еш айырмашылығы жоқ когерентті мәтін шығаруға қабілетті деп мәлімдейді. Блумның лингвистикалық әртүрлілігі оның аналогтарынан ерекшеленеді, олар көбінесе ең танымал тілдерге ғана назар аударады.

Жасанды интеллект сұрақтарға жауап береді, мәтінді қорытындылай алады, құжаттардан ақпарат бөліктерін шығарады және басқа да көптеген тапсырмаларды орындай алады.

## 3. Midjourney

Нейрондық желі 2022 жылдың шілдесінде дүниеге келген. Нейрондық желі мәтіндік сұрау негізінде жасайтын суреттер адам қолымен жасалған суреттерден еш кем түспейді. Желі көп теген көркем стильдерге, белгілі бір адамдардың туындыларына, әртүрлі эстетикаға оқытылды. Нейрондық желіге арналған кескіннің сипаттамасын ағылшын тілінде тұжырымдаған дұрыс. Midjourney басқа тілдерді жақсы түсінбейді.

Әдетте, кескінді жасау бір минуттан аспайды. Алынған төрт суреттің ішінен ең сәттісін таңдап, оны жақсартуды және мәліметтерді қосуды сұрауға болады.

**НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕР АДАМДАРҒА ТАҒЫ ҚАЙ ЖЕРДЕ КӨМЕККЕ КЕЛЕДІ?**

Replika AI қосымшасының әзірлеушілері сізді жалғыздықтан құтқаруға уәде береді. Бұл желі тыңдайтын және қолдайтын, жаңа фильмді талқылайтын, тіпті флирт жасайтын және мақтайтын виртуалды дос болып табылады. Бұл желіні құру жоба авторының жеке трагедиясына негізделген. Евгения Куйда қосымшаны қайтыс болғын досы арқылы онымен қайтадан «байланыс жасау» үшін жасаған деп есептеледі.

Replika AI әсіресе пандемия кезінде, төрт қабырғаға қамалған адамдар байланысқа мұқтаж болған кезде танымал болды. Кейбіреулер тіпті виртуалды сұхбаттасушыларынан қолдау тауып, психотерапия ретінде қолданбаны пайдаланды. Кейбір ресейлік ауруханаларда дәрігерлер жасанды интеллект көмегімен рентгендік суреттерін, науқастардың медициналық жазбаларын талдап, диагнозды нақтылайды.

Мысалы, «Медициналық шешімдерді қолдау жүйесі» нейрондық желісі пациенттердің шағымдарын талдайды және дәрігерге аурулардың халықаралық классификациясының кодтары бойынша бір немесе үш диагнозды ұсынады. Дәрігер нейрондық желі ұсынған диагнозды таңдай алады немесе оның дұрыс емес екенін көрсе, өзі шешім қабылдайды. Бүгінде оның дәлдігі үш диагнозды ұсынғанда 68 пайызды құрайды (яғни біреуі дұрыс), біреуін ұсынғанда 48 пайызды құрайды.

Бұл жасанды интеллектінің тек қазіргі таңда әкелген пайдасы мен қолдану аймағы. Жақын болашақта одан әрі ауқымдана түсетініне күмән жоқ.

Жасанды интеллектінің әсері соңғы 30 жылдағы интернет пен цифрлық трансформацияның ықпалынан кем емес болатыны анық. Сонымен қатар, 30 жылдан кейін саясатты, экономиканы, бизнесті цифрлық арналардан ақпарат алуға дағдыланған, әлеуметтік саланы басқаруға цифрлық ұрпақ келеді.

Ғылыми – техникалық салада үлкен прогреске жету және жасанды интеллектті өмірмізге толығымен енгізу үшін көп жұмыс қажет. Сарапшылар қауымдастығы мен бизнес иелері технологияны күнделікті өмірге енгізудің қолданбалы схемасын ойлап табу керек. Философтар адамдар мен жасанды интеллекттің қатар өмір сүруі туралы ойлау қажет. Мемлекет жасанды интеллектпен байланысты қауіптерден халықтың қауіпсіздігі мен қорғауын шешуі де маңызды рөл атқарады. Әркімнің жеке көмекшісі болатын жасанды интеллекттің даму деңгейі арзан энергияны қажет етеді. Егер бұл орындалмаса, жасанды интеллекттегі прогресс баяу болады. Арзан энергия көздеріне, мысалы, жаңа энергия немесе термоядролық синтез жатады. Қазіргі уақытта OpenAI сияқты миллиардтаған доллар инвестициясы бар компаниялар ғана ChatGPT сияқты қуатты нейрондық желілерді дамыта алады. Болашақта энергетика саласында даму болады деп ойлаймын, бұл жасанды интеллекті кеңінен таратады.

Жасанды интеллект әртүрлі құрылғыларда жүзеге асырылатын болады. Бұл жәй ғана бағдарлама емес, кейбір әрекеттерді физикалық түрде орындай алатын автономды пойыздар, вагондар, роботтар және басқа да жабдықтарға арналған технология болады. Менің ойымша, 30-50 жылдан кейін қуатты кванттық компьютерлер пайда болады және олар жасанды интеллектпен бірге ғылымның әртүрлі салаларында серпілістер мен іргелі жаңалықтар жасауға мүмкіндік береді.

Генеративті ЖИ дами береді. Қазір ол жасаған мазмұнда қателер мен қайшылықтар болуы мүмкін. Болашақта бұл мәселе шешіледі деп сенемін.

Еңбек нарығында да жасанды интеллект өз ережелерін енгізеді. Генеративті ЖИ әртүрлі форматтағы мазмұнды құруға қабілетті: мәтін, суреттер, дыбыс және т.б. Бұл қазірдің өзінде маркетинггердің, дизайнерлердің, аудармашылардың және байланыс орталығы қызметкерлерінің жұмысына әсер етуде. Тұтынушыларға қызмет көрсетуге қатысты барлық нәрсе қазірдің өзінде ЖИ технологияларымен өзгертілуде. Бұл үрдіс алдағы уақытта тек күшейе түседі.

ЖИ жаттықтырушысы немесе ЖИ аудармашысы секілді мамандықтар пайда болады. Олар бағдарламаның неліктен белгілі бір шешімге келгенін, генерациялау немесе болжау процессі қалай дәл болғанын және неге мұндай нәтиже алынғанын түсіндіре алады. Бұл сөзсіз сұранысқа ие болады. Сценарист және режиссура сияқты бұрыннан бар мамандықтар түрленеді, мысалы, ЖИ дұрыс әрекет етіп, эмоцияларға еліктейтіндей етіп адамға қалай ұқсату керектігімен айналысады.

ЖИ робототехникамен ұштастыра отырып, ең алдымен өмірге қауіп төндіретін, ауыр және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптерді алмастырады. Сонымен қатар, күнделікті жұмысы көп мамандықтар жойылады немесе қатты өзгереді. Мысалы, хатшылар мен тіпті бағдарламашылар. ЖИ ғалымдарды алмастырмайды. Олар деректерді жинау және өңдеу, гипотезаларды сынау және нейрондық желілер арқылы оларды генерациялау сияқты зерттеулердің



процесстері мен кезеңдерін жылдамдататын кіріктірілген жасанды интеллектімен жаңа құралдарға ие болады.

ЖИ — қатал бәсекелестік саласы, әркімнің өз мүддесі мен мақсаты бар. ЖИ тудыратын қауіптерді болдырмау үшін шешім қабылдаушылар өздерінің жауапкершіліктерін білуі және ықтимал тәуекелдерді түсініп, оған дайын болу керек. Сонымен қатар, күш тепе-теңдігін сақтау үшін бір-бірімен бәсекелесу үшін бірнеше қуатты ЖИ орталықтары қажет. Қазіргі уақытта ЖИ реттеуде мемлекет шешуші рөл атқаруы тиіс. Қоғамда қолайлы, дұрыс және мүмкін деп саналатын этикалық стандарттарды әзірлеу маңызды. Кез келген технологияны қате қолдануға болады. Бүгінгі күні ЖИ медициналық диагностиканы жақсарту, қатерлі ісік ауруын емдеудің жаңа әдістерін табу немесе көліктерді қауіпсіз ету сияқты жақсы мақсаттарда қолданылады. Өкінішке орай, жасанды интеллекттің мүмкіндіктері кеңейген сайын ол қауіпті болуы немесе жаман ниетпен қолданылуы мүмкін.

Қорыта келе, әрине жасанды интеллект адам өмірін жеңілдетіп көп пайдасын әкеледі. Алайда, оны қауіпсіз ету және жойқын әлеуетті барынша азайту мүмкіндіктерін талқылау өте маңызды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. What is Artificial Intelligence? FAQ/ Джон Маккарти, 2007.
2. «Искусственный интеллект. Современный подход» Стюарт Рассел, Питер Норвиг 1995 ж. 1277-1288 бет.
3. «Верховный алгоритм. Как машинное обучение изменит наш мир» Педро Домингос. 2015 ж. 90-96 бет.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК — АЛАШ ҰРАНЫ**

### **Жылгелді Жеңіс Серікбосунұлы Жауынгерова Махаббат Айдынқызы**

Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру  
және сервис колледжі»ШЖҚ МКК

Алаш қозғалысы — ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Ресейден қоныс аударушылар саны күрт өсіп, қоғамдағы жағдай нашарлаған. Осы кезде өз халқының сақталуын қалаған қазақ зиялылары саяси жолмен өз күресін бастау шешуіне келеді. Осылайша Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дұлатұлы жетекшілігімен Алаш қозғалысы бастауын алады.

Кейін бұл қозғалыс 1917 жылдың сәуір айында қазақ съезінде партия болып қабылданып, шілдесінде құрылады. Алаш зиялыларының басты мақсаты, ең алдымен, ұлттық автономияға қол жеткізу, одан кейін – толық тәуелсіз мемлекет болған еді.

Бұл мақсатқа Ресей тыйым салғандықтан партия репрессияға ұшырап, таралып кетеді. Алайда, Алаш партиясы халыққа ырғын қызмет атқарып, тәуелсіздік алуымызға зор үлес қосты деп айтуға болады. Алаш арыстары өз заманында партия құрып, халқымыз тәуелсіздікке лайық екенін дәлелдеген. Білім мен тәрбиеге, болашаққа аса көңіл аударған Алаш арыстары ұлт санасын дамыту үшін көп еңбек сіңірген. Осылай саяси тұрғыда проблемаларды шешіп, ең бастысы өз халқының жоғалғанын қаламаған.

Зерттеудің өзектілігі: Біз Алаш партиясын қазақтың тұңғыш ұлттық демократиялық партиясы деп білеміз. Партияның құрамында қамтыған қазақ зиялыларының негізгі мақсаттары мен идеялары тәуелсіздіпен тіке байланысқан. Алаш партиясының тәуелсіздікке жету жолындағы күресін, олардың біздің болашағымыз үшін жасаған жетістіктерін біз ешқашан ұмытпауымыз керек.

Жұмыстың мақсаты: Алаш партиясының тәуелсіздігіміз үшін жасаған істерін еске алып, олардың идеялары мен көз-қарастарын зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

- Алаш қозғалысының мақсаты мен тарихтағы рөлін айқындау
- Алаштықтардың идеясын білу
- Идеяның дамыту үрдісін талқылау
- Алаш партиясы мүшелерінің ой-пікірлерін зерттеу
- Партияның Тәуелсіздік үшін атқарған еңбектерін еске түсіру

Алаш идеясы

«Алаш» сөзі – түркі тілдерінен бауырластар дегенді білдіреді. Бұл қозғалыстың негізгі идеясы — демократиялы қоғам қалыптастыру, ал оған жету үшін қойған мақсаттары — өзін-өзі басқару мемлекетін құрып, ұлттық мүддені көтеру болды. Алаш партиясы бұл қиын кездері тәуелсіз мемлекетке ұмтылып түрлі қозғалыстарға қатысып, әртүрлі іс-әрекеттер қабылдайды.

1.1. Қазақтардың петициялық қозғалысы

XX ғасырдың басында қазақтар арасында петициялық қозғалыс елеулі түрде етек алды. Қазақ халқы өзінің проблемаларын петициялар жолдау арқылы шешуге тырысып көрді. Петицияларда халыққа білім беру, жер, және дін саласындағы алуан түрлі талаптар қойылды. «Қарқаралы құзырхаты», «Болыстар құзырхаты», Лепсі уезі қазақтарының шағымы М.Тынышпаевтың атына жолданған хаты, бұл хаттардың барлығы қазақтардың өз құқықтарын көрсете алатындығын, сана-сезімдері оянғанын көрсетті.

#### 1.2. Мәдени-рухани жаңғыру

Алаш қайраткерлерінің әдеби туындылары «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде шығарылып, халық арасында таралуына көмектесті. Қазақ баспасөзі дүниеге келіп қалыптаса бастады, жазба әдебиеттің бұғанасы бекіді, алғашқы әдеби-мәдени кештер, театрлық қойылымдар шығып, қазақ халқының рухани ұранын оятатын күш өсе бастады.

#### 1.3. Алаш партиясының бағдарламасы

Алаш партиясының бағдарламасы – 1917 жылы «Қазақ» газетінде пайда болған бағдарлама. Бұл 10 бөлімнен құралған бағдарламаны Алаш қайраткерлері: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмағанбетов, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов құрған. Бағдарламада сол кездегі қоғамдағы жағдайды жақсартуға ұсынған бетбұрыстарын жазып, газетке жарыққа шығарған. Олар келесідей онға бөлінген:

I. Мемлекет қалпы. Ресей демократиялық, федеративтік республика болуы.

II. Жергілікті бостандық. Қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу.

III. Негізгі құқық. Жынысына, классына назар аудармай, барлығына бірдей теңдікпен қарау.

IV. Дін ісі. Дін мен мемлекетті істерін қоспау, зайырлылықты ұстану.

V. Билік һәм сот. Сот істерін барлығына қолайлы етіп өткізу.

VI. Ел қорғау. Әскерлік жасқа жеткендер өз жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету:

VII. Салық. Байға – байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар. Олар закон панасында болу.

IX. Ғылым – білім үйрету. Ақысыз білім беру, ана тілінде оқыту, қазақ тілінде мектеп пен университет ашу, жалпы оқу үрдісін дамыту.

X. Жер мәселесі. Сатылуына жол бермеу, пайдасын тең бөлу. Алынған жерлерді қазаққа қайта қайтару.

#### 1.4. Білім және ғылым

Алаш арыстары қазақ қоғамындағы білім мен ғылымның дамуына қыруар үлес қосты. Өз шығармашылығында қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғады. Әуелі газет-журналдар шығарып, онда өздерінің идеяларын, пікірлерін жариялап отырды. Сонымен қатар ұлттық патриотизмді оятатын көптеген әдеби шығармалар жарыққа шығарылды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаған. Латындандыруға қарсы шығып, өзінің «Ахмет Байтұрсынұлының қазақша

алфабесі» еңбегін ұсынған болатын. Оның еңбектері арқылы жеті жыл арасында қазақтардың сауаттылық деңгейі 2-ден 22%-ға дейін өсті.

«Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет.»

— Сәбит Мұқанов

Медицина, биология, табиғаттану салаларынан Халел Досмұхамедұлы, педагогикадан Мағжан Жұмабаев, психологиядан Жүсіпбек Аймауытов, ауыл шаруашылығынан Телжан Шонанұлы, Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, математикадан Міржақып Дулатұлы мен Ә.Ермекұлы еңбектері ғылымға мол пайдасын әкелді.

Тарих ғылымының дамуына Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедұлы, Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, Санджар Асфендиаров үлестерін қосты.

Қорытынды:

Алаш қозғалысы — Тәуелсіздік жолында орасан зор рөл атқарған қозғалыс. Алаш арыстарының басты идеясы да тек осы тәуелсіздік болатын. Өз ұлтына рух беріп, халықтың сана-сезімінің оянуын көздеген қазақ зиялыларының тәуелсіздік үшін барған істерін бұл ғылыми жобамда талқылап өттік. Алаш партиясы халыққа ең керек мәселелерді қозғап, үнемі тек жоғары нәтижелерге талпынды.

Бостандық, тәуелсіздік, теңдік осы Алаштықтардың мақсат-мұраты болған.

### Әдебиеттер тізімі

1. А. Шілікбаева, А. Құлымбетова, Ж. Қайырбекова, З. Калиева - Қазақстан тарихы. 9-сыныпқа арналған оқулық - Астана «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2019. – 168 б, сур.

2. Төленберген Болатбек – Алаш жолы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 2017. – 240 б. + 16 б. жапсырма.

3. Дина Аманжолова – На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас» 2009. – 412 б.

## ТАРИХИ КЕСЕНЕЛЕРДІҢ МӘДЕНИ МҰРАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ. (БЫТЫҒАЙ КЕСЕНЕСІ МЫСАЛЫНДА)

Өтепбергенова Гүлжан Серікбайқызы  
Болат Ансар

Республикалық медицина академиясы

Қазақ даласының мәдени мұрасы - әлемдік мәдени мұраның ажырамас бөлігі ретіндегі еліміздің әлемдік өркениетке қосқан үлесінің дәлелі. Әр халықтың көпжылдық мәдени мұрасы оның жүріп өткен тарихының куәгері бола отырып, сол халықтың өркениеті туралы апарат береді. Халықтың сан жылдық мәдени мұрасы қатарында тарихи ескерткіштердің алатын орны ерекше. Ендеше сол ескерткіштерді зерттеп, зерделеу біздер, яғни жас ұрпақ үшін аса маңызды. Сондықтан да, бұл ескерткіштерді күтіп, бұл орасан мол мұраны болашақ ұрпаққа қалдыру үшін оларға қамқорлық көрсетудің маңызы зор.

Менің туып өскен өлкем Ақмола облысының Қорғалжын ауданы тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке. Олар Қасиетті Қазақстан картасына енетін киелі нысандар қатарына енгізілген. Жалпы Ақмола облысы бойынша 1037 ескерткіш ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес мемлекет қарауына алынған [1]. Ал В.В.Куйбышевтың музей-үйі, Ш.Уәлихановтың ескерткіші, Біржан сал зираты, Бытығай кесенесі сияқты бірқатар тарихи нысандар республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер қатарына енгізіліп, мемлекет қарауына алынған. Менің бүгінгі ғылыми-зерттеу жұмысымның тақырыбы осы ескерткіштер қатарындағы Бытығай кесенесіне арналмақ.

Бытығай кесенесі - Ақмола облысының маңызды тарихи нысандары қатарындағы ерекше ескерткіш. Қорғалжын ауданындағы Нұра өзенінің сол жақ жағалауында, Қорғалжын ауылынан 2,5 шақырым жерде орналасқан кесене XI-XII ғасырларға жатады және орта ғасырлық бай тарихымыздың куәгері болып табылады. Бытығай кесенесін зерттеу материалдарының негізіне сүйене отырып, кесене құрылысы жартылай сфералық күмбез орнатылған, сегіз қырлы барабанмен, порталды-күмбезді құрылыс болған деген жорамал жасауға болады. Бұл нысан туралы деректер алғаш рет ХҮІІ- ғасырдан бастап кездеседі [2].

Бізге жеткен жазба деректерде Бытығай кесенесінің атауы түрліше айтылады: Батогай, Ботакай, Бутагай, Татагай, Татакай, Тотогай. Ал, жергілікті халық оны Бытығай деп атайды. Бытығай туралы Қорғалжын ауылының байырғы тұрғыларының арасында Бытығай кесенесі жайлы бір аңыз бар. Аңыз бойынша ерте замандарда Нұра өзені жағалауында Бытығай есімді шебер ұста өмір сүрген екен. Кедей ұста тек өзінің қолөнерімен ғана күнелткен екен. Ол әрі алып денелі болса керек, себебі, оған екі қолтығына екі бөренені қыстырып, Нұра өзенінің аттап өту еш қиын болмаған. Сол тұста өмір сүрген әлдебір хан көзі тірісінде өзіне арнап кесене салдыруды ұйғарады. Ол үшін хан ұста Бытығайды шақыртып, оған өзіне арнап кесен салуды бұйырады. Бытығай ұста ханға арнап Нұра өзенінің

жағасында керемет, шебер өрнектелген кесенені салып береді. Кесененің зәулімдігі соншалық, көлеңкесі мазардан 1 шақырым қашықтықта ағатын өзенге дейін жеткен екен. Ұста кесене құрылысын аяқтағаннан кейін, өзеннен өтетін көпір сала бастайды. Ол қазірге дейін Бытығай өткелі деп аталады [3]. Алайда, көпірді салу кезінде оқыс жағдай болып, аңыз бойынша ұстаның үстіне бөрене құлап, ұста сол жерде қайтыс болып кетеді. Хан қайғырып, халықты жинап: «Бытығай тамаша адам және керемет ұста еді. Маған арнап салынған кесенеге соны жерлеуді ұйғардым. Есімі халықтың жадында мәңгі қалсын» – дейді. Біздерге ұста Бытығай туралы естелік Бытығай тамы, Бытығай өткелі, Бытығай соры деген атаулармен жетсе, ал ханның есімі ешкімнің де есінде қалмаған» [3].

Кесене құрылысын түрлі кезеңдерде әр-түрлі зерттеушілер зерттеп, өз еңбектерінде ол туралы жазбалар қалдырып отырған. Кесененің сызбасы алғаш рет қазақ даласын барлаушы Ресей елшілері Ф.Скибин мен М.Трошиннің белгілеуімен, 1694 жылы жарық көрген империялық картаға түсірілген. 2008 жылы жарық көрген «Астана» энциклопедиясында кесене туралы Ресей елшілерінің Нұра өзенінің жағасындағы Тәуке ханның ордасына бару сапарында, хан ордасы мен Қорғалжын көлі аралығында, Ұлы жібек жолы арқылы өтетін көптеген жолдардың түйіскен жерінде Ботағай атты қаланың орны туралы баяндалады [4].

Бұл ескерткіш туралы мәліметтер Г.Спасскийдің (1818-1824), А.Шахматовтың (1831), А.Левшиннің (1832), И.Кастеньенің (1910), Л.Семеновтың (1930) жұмыстарында және Ш.Уәлихановтың (1855) еңбектерінде кездеседі [5].

Ал, ХІХ ғасырда Ресей шығыстанушы ғалымы А. И. Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ таулары мен даларының сипаттамасы» (1832 жылы жарық көрген) кітабында былай деп жазған: «Қорғалжын көліне құятын Нұраның сол жағалауында, оның сағасынан 27 шақырым жерде қалдықтары осы күнге дейін сақталған Тотағай немесе Ботағай деген қала болған [6].

Кесене ХІХ ғасырға дейін бұзылмастан, тәп-тәуір сақталған болуы керек. Мұның дәлелі – ресей зерттеушілері К. Миллер 1738–1739 немесе 1742–1743 жылдарда сол ескерткішке барған және оны бірінші болып, сипаттап жазған. Бұл зерттеуші Бытығай кесенесінің біршама тәп-тәуір жағдайда екенін жазады. Бұл кезде кесененің негізгі қасбеті ғана бүліне бастаған. Зақымдалғанына қарамастан ХІХ-ғасырдың соңына қарай ескерткіш бүтін құрылыс ретінде қабылданған, ескерткіштің архитектуралық-көркемдік дәрежесін, зерттеушілер де, сондай-ақ ескілікке қызығатын әуесқойлар да бағалаған [3].

Кенесе құрылысының бұзыла бастауы ХІХ-ғасырдан басталған болуы керек. Себебі, қазақ даласын отарлау мақсатында құрылған «Оренбургская пограничная комиссия» дейтін мекеме қызметкері топограф И.Шангин 1816 жылғы зерттеулерінде Нұра өңірінде тәп-тәуір сәулет нұсқасындағы ежелгі ғибадатхананың қалдығы болғандығы, оның ішіндегі қабырғалары мен бағаналарының сылақталғаны туралы жазады. Ол кесенеге зерттеу жұмысын жүргізіп, сызба жобасын жасаса, орыс барлаушысы Демидовтің 1825 жылы «Сібір шекара шебін қазақ даласына қарай ілгерілету» туралы І Александр патшаға

жолдаған жазбасында, Қорғалжын өңірі жайлы кешенді түрде географиялық сипаттамалар келтіріліп, бұл жерде көне қала қирандылары да көп екенін ескеріп, «қазақтар қаңғып жүрген көшпенділер емес» деген тұжырым жасайды [5].

Еліміздегі тарихи нысандарды зерттеу патша үкіметінің отаршыл саясатына байланысты XIX ғасырда қарқынды жүргізілді. 1825 ж. Сібір және Орынбор шекара шебін Қазақстанға көшіру туралы І Александр патшаның атына жазған жазбасында алқалық кеңесші Демидов Бытығай кесенесі туралы жазып өткен. Патша кеңесшісі бұл туралы өз жазбасында: «Тұзды көлдердің ішінде маңайы 300 шақырым болатын Қорғалжын өзені ең үлкені. Бұрын Есіл өзеніне ағатын Нұра өзені қазір осы көлге құяды. Осы өзеннен алыс емес жерде бұл елдің құнарлығын дәлелейтін ескі егіндіктің аумағы көрінеді, ал 15 шақырым аймақты алып жатқан әжептәуір сәулет өнерінен хабар беретін ескі қаланың қирауынан пайда болған кірпіш үйінділері бұл елді қаңғырып жүрген көшпенділер емес, білімді, сауатты халық мекен еткенін дәлелдейді» [6], - деп баяндайды. Бұл жазбадан қазақ халқының өзіндік өркениеті болғандығын Ресей патша үкіметінің шенеуніктері де мойындағандығын білуге болады. Бұл зерттеулердің барлығы да кесене орналасқан жерде ортағасырлық қаланың орны болғандығы туралы ақпарат береді. Алайда, ол қаланың орны әлі күнге нақтыланған жоқ.

XIX ғасырдың 50-жылдары қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов қазақ даласының ескерткіштеріне назар аударып, Сарыарқаның мемориалдық архитектуралық құрылыстарына жоғары баға береді. Сол тарихи ескерткіштер туралы «Айдалада, Ұлытаудың жанында, Кеңгірде өздерінің құрылысымен таңдандыратын көптеген молалардың болуы ғажап емес, олар: Камыр-хан, Алачакан, Домбаул (аулие), Булган-Ана және басқалары... Осы молалар бүкіл далада қайталанбайды, тек Нұрада ғана бар», - деп баяндай келе, «соның сағасынан алыс емес жерде Ботагай моласы жатыр; оның құрылысы туралы мен дұрыс ештеңе білмеймін» [3], - деп Бытығай кесенесі туралы да жазба қалдырады.

Кеңес Одағы тұсында қазақ ғалымы, академик Әлкей Марғұлан 1973 жылы арнайы археологиялық топ құрып, нысанға кешенді зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, жәдігерге «еліміздегі сәулет-құрылыс өнерінің көрнекті үлгісі» деген баға беріліп, бұл нысан көшпелі қазақ ордасына тән мұра екені нақтыланған [7].

1974 жылы көне қала орнында Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба жұмыстары жүргізілгенге дейін ескерткіш диаметрі шамамен 30 метр, биіктігі 1,5-2 метр сопақ қалыпты төбе болып табылған. Оның төбесінде металлдан жасалған триангуляциялық бекет орналасқан. Қазба жұмыстарының нәтижесінде мөлшері 21x17,4 кірпіштен төселген алаңша және де саны аз болғанымен, осы аймақ үшін бірегей болып табылатын күйдірілген саздан қашап жасалған, геометриялық және өсімдік ою-өрнектері бар ілменақыштар табылған [5]. Құрылыстың қалдықтары іші қуыс сопақ түрдегі, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан, диаметрі 30 метрдей, биіктігі 2 метрге жуық төбеге ұқсайтын еді. Ескерткіштің үстіңгі қабатында және ескерткішті қоршаған айналада жақсы күйдірілген қызыл кірпіштің сынықтары бар. Бытығай кесенесінің қираған

орындарынан оңтүстік-батысқа, әсіресе оңтүстікке қарай аласа топырақтар үйілген көп молалар, сондай-ақ көлемді зираттар кешенінің қабір үстіндегі құрылыстарының қалдықтарына жататын төбелер қарайып жатыр. Бытығайдан солтүстікке қарай 12 метр жерден кірпіш күйдіретін еден үстіндегі пештің қалдықтары табылған [3].

Кесене құрылысының әсемдігі және кесененің маңынан құрылыс кірпішінің түр-түрі өндірілетін ескі өндіріс орнының табылуы сол кезеңде өмір сүрген көшпелі халықтың жоғары мәдени деңгейі туралы мәлімет береді. Кесене маңында зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтар өндіріс ошағында үгітілген тасты балқытып, майлап, глазурь жасаған деген болжам жасап отыр. Онымен кірпіштің бетін бояған.

Кесене қазіргі күнге дейін толық сақталмағандықтан, орта ғасырға жататын өзге кесенелердің архитектурасына қарай отырып, 2006 жылы «ҚазЖоба қалпына келтіру» Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны кесенеге қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген.

Қазіргі таңда Бытығай кесенесі Қорғалжын ауданының тарихи әрі киелі жерлерінің бірі болып табылады. Бұл аймақта уақыт сайын жан жақтан адамдар жиналып, қазақтың ата-бабамыздан қалып келе жатқан мерекесі-қымызмұрындық тойланады.

Осындай тарихи маңызы зор, мәдени-тарихи құндылық туған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттырады. Қорғалжын аумағына тек ғалымдар тарапынан ғана емес, жалпы туристер тарапынан қызығушылық артуда. Жыл сайын келетін туристер саны көбеюде. Тарихы бай өлкеде туғаныма мақтанамын.

### Әдебиеттер тізімі

- 1.Қасиетті Қазақстан: Ақмола облысының тарихи-мәдени ескерткіштері. [https://el.kz/asietti\\_-aza-stan- a-mola obllysyny- tarikhi-m-deni eskertkishteri 40682/](https://el.kz/asietti_-aza-stan- a-mola obllysyny- tarikhi-m-deni eskertkishteri 40682/)
- 2.Бауыржан Бөгенбай. Бытығай кесенесі маңында қазба жұмыстары басталды. <https://qazaqstan.tv/news/143609/>
- 3.Саяхатшылардың зерттеулері бойынша Бытығай ескерткішінің тағдыры <https://e-history.kz/kz/news/show/32976>
4. «Астана» энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра», 2008. - 35-б.
5. Ботағай кесенесі. [https://kaz.inform.kz/news/botagay-kesenesi\\_a2228370/](https://kaz.inform.kz/news/botagay-kesenesi_a2228370/)
6. Бытығай ескерткіші туралы не білеміз? <https://e-history.kz/kz/projects/show/23108>
7. Ботағай кесенесі. <https://egemen.kz/article/181387-botaghay-kesenesi>



## **ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ**

**Абдрахманова Айгерим Сериковна**  
**Токтарова Еркежан Канатбекқызы**  
«Басқару колледжі» ЖШС

«Тәуелсіздік – бұл біздің халқымыздың ең басты құндылығы және ең маңызды байлығы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Адамзаттың, мемлекеттердің тұтастай даму тарихына үнілер болсақ, азаттық үшін, бостандық үшін, тәуелсіздік үшін күрестің толассыз жүргізілетінін байқаймыз. Тіпті, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау – ұлы борыш. Міне, біздің Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына биыл отыз екі жыл толғалы тұр. Бұл бір қарағанда тым азғантай мерзім. Алайда, осы отыз бір жылда Қазақстан аяғынан қаз тұрып қана қоймай, әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Экономикасы дамыды, әлеуметтік жағдайы нығайып, елдің еңсесі көтерілді.

Біз, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін көзімізбен көрген жоқпыз, оқулықтардан ғана оқыдық. Тәуелсіздік жолындағы ата-бабамыз бастан кешкен қиындықтардың болмысын біз сезгенде жоқпыз. Қазақтың жері талауға түсті, ядролық сынақтар алаңына айналды, ділі мен діні қолдаусыз, қамқорлықсыз қалды, ұлттық кадрларға кемсітушілік көзқарас белең алды. Міне, осындай кезде еліміздің жас қайраты ұрандап алаңға шықты, теңдікті талап етті, әділетті іздеді, бірақ, олардың мандайлары тасқа соғылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Сонда да ұлттық рухымыз жасыған жоқ, қайта қайрала түсті. Біз сол бір ызғарлы желтоқсандағы қаралы күндердің аға- апаларымыздың жанына салып кеткен жарасын әлі күнге ұмыта алмаймыз. Біз тәуелсіздіктің төбеден түспегенін, әлдекім сыйға тартпағанын, тарих көшіндегі ата-бабамыздың арман-аңсарының толық жүзеге асқанын түсінетін ұрпақпыз. Желтоқсандықтардың бейбіт шеруге «Менің Қазақстаным» әнін айтып шыққанын, біз өскелең ұрпақ жадымызда ұстауымыз керек. Желтоқсанда алаңға шыққан жастардың «Қазақ елін қазақ басқарсын!» деген басты талаптарына тоталитарлық жүйе құлақ аспады. Бұл ұлттық намысымызды аяққа таптаумен бірдей еді. Енді бүгін өткенге ой көзімен қарасақ, тәуелсіздігіміз жарияланардан төрт күн бұрын, 1991 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы шыққан болатын. Бұл Жарлықтың тек Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар үшін ғана емес, жалпы ұлттық рухты сақтау жолындағы маңызы ерекше. 2006 жылы 18 қыркүйекте Алматы қаласында желтоқсандықтарға, демократиялық жаңару жолындағы күрескер жастарға арналған «Тәуелсіздік таңы» атты ескерткішті ашу кезінде сөйлеген сөзінде Президент біздің жастарымыздың сол қаһарлы желтоқсанда тоталитарлық жүйеден тайсалмай өз наразылықтарын білдіргені, «ерліктің ғана емес, елдіктің де нышаны», деп бұған үлкен саяси баға берген еді. Бұл тарихи сәт елдіктің,

бірліктің белгісі болды. Еліміз егемендікке, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі отыз бір жылымыз еліміздің жас қайратының талабының оң болғанын дәлелдеп тұрғандай. Осы отыз бір жылда Отанымыздың қиын өткел, тар асулардан қалай аман өткеніне қазақстандықтар куә, әлем жұртшылығы куә. Қазіргі Қазақстанда тұратын жүзден астам этностың тағдырын қазақ тағдырынан бөле-жара қарамай, барлығын бір ананың баласындай бауырға тарту нәтижесінде еліміз ішкі-сыртқы саясатта үлкен беделге ие болды. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлттаралық келісім қалыптасып, Қазақ халқының береке, бірлігі артты. Ана тілімізге деген құрмет Ата Заңымыздан бастау алды. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсыновтың: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», деген ұстанымы бүгінде біздің жолбасшымызға айналып отыр.

Сөзімді қорытындылай келе, жас ұрпаққа айтарым Тәуелсіздікке жету жолы қаншалықты ауыр болса, тәуелсіздікпен тыныстаудың баяндылығы да соншалықты жауапты екені анық. Жас ұрпақ тәуелсіздіктің тағылымдарын танып, қастерлеп, құрметтеп отыруы керек. Тәуелсіздік бізге бәрінен де қымбат. Сондықтан да бәріміз еліміз үшін еңбектенуіміз, халқымыз үшін қызмет істеуіміз керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/> 11 Наурыз, 2011 ж.
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. –Астана, 2014 ж.
3. Хамзеұлы А. «Қазақ елі» деген лайық // Ана тілі, 30 сәуір-6 мамыр 2009.
4. <https://alashainasy.kz/culture/tauelszdk-jyildaryindagy-i-kazak-adebiet-oz-bagasyin-aldyi-ma-65389/>

## МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ

**Кенжетаева Сандуғаш Ауезхановна  
Ниязова Әмина Серікқызы**

Мұхтар Шаханов елдің қандай болмасын қиындығын өз қолына алып, жастарға мысал болып жүрген жандардың бірі. Тәуелсіздік алар алдында да өз ерлігімен елге танылып, тіл - тұғырымыз жоғалуға келгенде де халықты ақылға, сауатқа шақырған да осы кісі. Сол себепті ол туралы ауыз толтырып айту артық емес.

КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР Халық депутаты болды. 1993-2003 жж. Қазақстан Республикасының Қырғыз республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде болды. 2003-2004 жж. «Жалын» журналының бас редакторы, әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының Президенті. 2004 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Көптеген өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы.

Республикадағы тұңғыш құрылған экологиялық қозғалыс - Арал және Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитеттің төрағасы (1988)

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі аясында қазақ халқына «ұлтшыл» деп кінә таққан КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросының қаулысына қарсы және сол Желтоқсан кезіндегі шындықты қалыптастыру жөнінде тұңғыш рет Қазақстан Жазушылар Одағының Пленумында (1988), КСРО халық депутаттарының І-ші съезінде (Кремль, 1989) батыл мінез көрсетті. КСРО билігі бұған құлақ аспаған соң белгілі ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты А.Сахаровтың, кейіннен Ресейдің тұңғыш Президенті болған Б.Ельциннің қолдауымен бұл проблеманы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында екінші рет қайта көтеріп, КСРО Президенті М.Горбачевты Желтоқсан оқиғасын зерттеу және оған түбегейлі баға беру жөнінде жаңа комиссия құруға мәжбүрледі. Бұл комиссия КСРО билігі жүріп тұрған кездің өзінде-ақ КОКП Орталық комитетінің Саяси Бюросына Одақта бірінші боп саяси айып тақты.

«Желтоқсан оқиғасындағы» Мұхтар Шахановтың рөлі

Мұхтар Шахановтың бұл іске қосқан үлесі зор. Шахановтың алғаш болып Желтоқсан оқиғасына қатысты мәселенің басын ашып бергенінің өзі - ерлік. Ол кісінің осы еңбегін бағалауымыз керек. Әрине, оның бастаған ісін соңына дейін жеткізуі сол уақыттағы биліктің Желтоқсан оқиғасына деген көзқарасына байланысты мүмкін болмауы деп ойлаймын. Бұған түсініп қарауымыз керек. Ең бастысы - өзгелердің қолынан келмегенді жасағандығында. Желтоқсан оқиғасын бүкіл КСРО-ға жария етіп, түйінді мәселенің қабырғасын сөгіп, ыдыратып берді. Желтоқсан оқиғасына қатысты комиссия құрды. Үкімет комиссия басшысы болған Мұханның қасына марқұм ақын Қадыр Мырза Әлиді қосты. Себебі Қадекең 1991 жылы депутат болған еді. Бұл жерде үкіметтің комиссия жұмысын өздеріне ыңғайлы етіп бағыттағысы келгендігі анық. Біздің билік сол уақыттағы кинопенкалар мен мұрағаттағы маңызды деректердің көзін жойды. Алайда

комиссия мүшелері аз уақыт жұмыс істесе де, біраз деректерді жинап үлгерді. Тиісті адамдардың тірі кезінде жауап алып, тексеру де оңай шаруа емес. Егер сол уақытта комиссия құрылмағанда, Мұхтар Шаханов сол комиссияны басқармағанда, біз көптеген деректерден айырылып қалар едік.

## **ВЛИЯНИЕ ВОСТОЧНОЙ, ЕВРОПЕЙСКОЙ И РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ НА ПОЭЗИЮ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА**

**Длимбетова Найля Карекеевна  
Муминова Роксана Рустамовна**  
Международный университет  
Астана Педагогический колледж

«Магжан Жумабаев силен чеканностью, образованностью и выразительностью слога. Слова его нанизаны подобно жемчужинам, нанизанным на шелковую нить». Что же способствовало своеобразию и неповторимости Магжана Жумабаева?

Причина в том, что в его творчестве соединились два потока культур: восточной и европейской. Ведь каким бы гениальным и оригинальным ни было творчество поэта, оно не рождается из ничего и всегда тысячами нитей связано с мировой культурой. Да и география пребывания Магжана Жумабаева обширна: кроме дорогих ему казахских земель, Омск, Уфа, Казань, Ташкент, Москва. Отсюда следует многочисленный круг знакомых поэта и разнообразная сфера деятельности.

Но прежде всего поэзия Магжана Жумабаева берет начало с великого Абая, стоявшего у истоков развития казахской литературы, открывшего своему народу русских классиков.

Немалую роль в становлении молодого поэта сыграли его педагоги. Первым его учителем был воспитанный по-европейски башкир

Ахметден Аханов. У него не было какой-либо учебной программы; обучал русскому, турецкому, арабскому языкам и фарси, а также знакомил с богатой литературой Востока.

В период учебы в уфимском медресе Магжан Жумабаев открывает для себя древнюю тюркскую культуру. В своих стихах поэт перечисляет имена известных ученых: Ибн-Сина, Аль-Фараби. Его учитель в медресе, великий татарский писатель Галимжан Ибрагимов, помог ему издать в 1912г. в Казани первый сборник стихов «Шолпан». В них еще чувствуется влияние Абая. Написаны они в духе восточных традиций о земных радостях, любви, природе, но манера изложения невероятно свободна. И совсем не «назидает», подобно Абаю, он просто наслаждается красотой создаваемого им слога.

День настал! Тебе ж все спится, Озорница... Баловница!

Пробудись ягненок мой, Сон стряхни, лицо умой!

В 1909-м году в Санкт-Петербурге за три года до публикации первой книги был издан сборник произведений Абая Кунанбаева. Нетрудно понять, как высоко поднялась слава молодого поэта, чьи стихотворения печатались в одно время с великим казахским мыслителем. Конечно, такая популярность помогает ему поверить в себя, искать, экспериментировать. Ему удастся привнести новизну в технику казахского стихосложения. Музыкальность и стройность стиха достигается благодаря использованию незнакомых доселе размеров

стихосложения: белого стиха и свободного стиха, стихотворения в прозе. Все в его поэзии новое, смелое, самобытное. А какое богатство художественных средств! И постепенно по мере взросления Жумабаев включает в свою поэзию гражданскую тематику.

Слышишь, судьба, не хочу подаяний! Полною мерой отмерь мне страданий,  
Жги на огне, в три погибели гни!

В это время поэт знакомится со многими одаренными людьми, в будущем членами и руководителями партии «Алаш». По совету М. Дулатова он работает над переводами стихов М.Лермонтова, А.Блока, А. Фета... Переводы для молодого стихотворца становятся одним из путей творческой учебы у русских классиков. Основатель казахской драматургии Жусупбек Аймаутов писал: «Сила его поэзии – в его тончайшем лиризме, интимности, яркости поэтического слога...Такого проникновения в мир сердечных отношений казахская поэзия не знала».

Измучены в разлуке,  
Дождались встречи все же:  
Хмельны - хмельны их руки, Пьяны их души тоже.  
Глаза полны сиянья, В их жар неугасимый,  
Бессвязны восклицанья:  
Любимая!.. Любимый!..

В этих строках и любовь, и эротика, и пейзаж. О таком же любовном единении на лоне природы вещает русский романтик Афанасий Фет:

Шепот, робкое дыханье, Трели соловья,  
Серебро и колыханье Сонного ручья,  
Свет ночной, ночные тени, тени без конца,  
Ряд волшебных изменений милого лица...

И тут грянула Октябрьская революция. Чуткое, ранимое сердце Магжана кровоточит, он не может молчать, лукавить, проявлять равнодушие к происходящим вокруг событиям. Прибегая к иносказательным образам как А. Блок, Магжан стремится прорваться к «скрытым реальностям», «нетленной красоте».

При виде крови человек пьянел, При виде крови сердцем каменел, Терял рассудок, забывал о Боге.

В 1922 году Жумабаев переезжает в Ташкент, где он преподает в Казахско-Кыргызском институте просвещения, печатается в журнале

«Шолпан» и в других изданиях. Именно в этот период Магжан Жумабаев, первый в казахской литературе, начинает писать поэмы «Кобыз Койлыбая»,

«Коркыт». Правда, если Пушкин и Байрон в своих поэмах изображают мятущихся героев, то казахский символист мечтает о чудесном герое, который мог бы вывести народ из тупика.

Итогом творческой жизни в Ташкенте явился выход второго сборника с поэмами и стихами.

С 1923г. в Москве он преподает восточные языки в Университете трудящихся Востока. Параллельно учится в Высшем Литературно-

художественном институте. На экзамене ректор университета Валерий Брюсов, слушая своего любимого студента, восхищенно отозвался: «Вот он, киргизский Пушкин!»

Это были, казалось, безмятежные, прекрасные дни. Вечера поэзии, встречи с живыми классиками — Есениным, Маяковским, Асеевым... Стихи молодого поэта печатаются популярными изданиями, выходят в свет его книги. На казахский язык переводит ряд рассказов М. Горького, В. В. Иванова, Д. Н. Мамина-Сибиряка, стихи А. Блока, Д. Мережковского, К. Бальмонта, Фета, Байрона. Самостоятельно осваивает немецкий язык. Как результат — произведения Гёте и Гейне он уже переводит с оригинала. Переводческая деятельность Жумабаева способствует росту его творчества и приводит к углублению идейности, расширению тематики, обогащению традиционных жанров.

Однако звездные годы творчества были грубо прерваны. Машина репрессий не миновала и Магжана Жумабаева. Не спасло даже признание противников по перу, что его стихи «внешне красивы, складны, соразмерны».

Но поэт не испугался, он бросает вызов террору. «Я от солнца рожден» - как будто ожил пушкинский узник, в каждой рифме - достоинство личности:

Я грозный лев, кто сдержит мой напор? Я тигр, который устрашает взор.

Весь мир против поэта, талант его не признан, потому что он в своих стихах провозглашает правду. Не об этом ли писал Лермонтов: «Весь мир против меня. Как я велик!».

Поражает стихотворение «Пророк» - до такой смелости и ясности гражданского протеста не поднялся ни один поэт во всей русской литературе...

Безумный мир — окрашен небосвод

Кровавых жертв огнем в кровавых ликах, Заря восходит и Пророк идет

В 1937-м году Магжан Жумабаев среди видных казахских интеллигентов арестован одним из последних. Его расстреляли 19 марта 1938 года.

«Я не умру, и дух мой не умрет ...», - пророчески написал поэт.

Его духом пронизаны строки, которые волнуют нас; и завтра не меньше будут волновать тех, кто откроет их для себя.

«Ведь лишь песней можно тронуть душу И целый мир заморозить...»

### Список литературы

1. МагжанЖумабаев «Стихи» (К 100-летию поэта. Составитель К.Бакбергенов) Алматы «Жазушы» 1993 г.
2. М. Жумабаев «Свеча в ураганной ночи» Жизнь и творчество М.Жумабаева Областной комитет по культуре г.Петропавловск 1993 г.
3. Елеукенов Ш. «Магжан» Творческая биография, Алматы, Санат, 1995.
- 4.Аймауытов Ж. Сочинения в 5 т. Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1996 г.
5. А.Какен «Будут стихи мои жить без меня», журнал «Нива» 2008 г.
6. МагжанЖумабаев. «Пророк», Издательство «Аударма» 2010 г.

7. МагжанЖумабаев «Исповедь», Перевод и примечания АуезханаКодара Петропавловск 2011 г.

8. Афанасий Фет «Шепот, робкое дыханье». ООО Издательство «Эксмо», 2016 г.

9. Александр Блок «Стихотворения. Поэмы» Издательство «Эксмо», 2016 г.



## **ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В СОВРЕМЕННОМ БИЗНЕСЕ.**

**Аймаганбетова Ая Сакеновна**  
**Посторенко Анастасия Александровна**  
ТОО «Колледж Управления»

Эта тема будет полезна как тем, кто только начинает свою карьеру, так и владельцам малого бизнеса, фрилансерам, руководителям проектов крупных компаний так и вам людям которые скорее всего задумаются о своём будущем и сделают из этого хоть какие-то выводы.

Мой доклад заставит вас глубоко задуматься над тем , как вы относитесь ко всем людям во всех аспектах своей жизни и как эмоциональный интеллект помогает нам всем лучше понять друг друга.

Любой бизнес создан людьми. Как и большинство предприятий существует для того, чтобы обслуживать людей. Продукты и услуги, с которыми мы взаимодействуем целый день, ежедневно создавались так же другими людьми. Наши кровати и подушки сделаны кем-то, наши полы спроектированы для комфорта и устойчивости. Двери нашей ванной комнаты и зубные щетки разных форм, наш телефон, любимые погодные приложения, наши кофеварки, автомобили, дороги, карточки-ключи к нашим офисным зданием, наши компьютеры, инструменты, используемые в работе, и даже наши рабочие условия - все это кропотливо разрабатывалось людьми и для людей .

Бизнес оказывает неизбежное и сильнейшее воздействие на жизнь человека, поскольку вносит в неё свою лепту в виде миллиарда повседневных мелочей...

Представьте, что под одеялом было бы настолько жарко, или пол громко скрипел бы при каждом шаге. Представьте, что щетина зубной щётки крошится бы у вас во рту. Что телефон не заряжался бы за ночь. Что приложение с прогнозом погоды не отвечало, а в кофе попадались бы крошки зёрен. Что машина не заводилась бы или по дороге вы уходили бы в выбоину на некачественной дороге. Что для входа в здание пришлось бы несколько раз проводить ключом-картой. Что на обновление компьютера ушло бы два часа или что в офисе стало бы слишком холодно - каждое взаимодействие вызывает короткую, но сильную эмоциональную реакцию, определяющую ваше настроение на целый день.

Что если вместо того, чтобы проектировать функции, бизнес бы занялся проектированием ощущений?

Смог бы он улучшить нашу жизнь?

Эмоции людей по моему наблюдению, лежат в основе всех наших действий, больших и малых, хороших и плохих. Эмоции запускали ракеты, строили государства, изобретали новые технологии и создавали сообщества.

Изучение того, как люди используют эмоции и реагируют на них, является ключом к глобальному милосердию.

Но это и бизнес - проект, поскольку бизнес охватывает некоторые из самых значимых способов нашей работы и обслуживания друг друга.

Такие компании как Apple, Disney и Ritz-Carlton уже давно начали внедрять в свою работу NPS (индекс потребительской лояльности). Они преуспели в создании масштабного ощущения счастья, в построении сообщества преданных клиентов и влюблённых в свою деятельность сотрудников. Они использовали эмоциональный интеллект своих потребителей и сотрудников, как инструмент снижения издержек и увеличения прибыли.

В современном мире каждому владельцу бизнеса, управленцу и рядовым сотрудникам будет выгодно приобрести максимально возможные познания в области эмоций, прежде чем учиться применять их для создания любимого публикой бренда или продукта.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІГІ - ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

**Раева Мерей Рахымовна**

Ғазез Жамбыл Қуандықұлы

«Астана Профи» қалалық шаруашылық колледжі

Еліміз дербес мемлекет болғаннан бері ойы еркін, рухы азат тұтас буын өсіп жетілді. Тәуелсіздік перзенттерінің алдыңғы толқыны ержетіп, ел ісіне араласуда. Егемендік кезеңінде туып-өскен жастар отанымыздың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатыр. «Жас келсе – іске» дегендей талапты ұл-қыздарымыздың бастамаларын қолдау үшін мемлекет жастарға әрдайым зор сенім артып, ерекше үміт күтеді. Ұрпақтың тәрбиелі, білімді және білікті болуына айрықша ден қояды. Нақтырақ айтсақ, Тәуелсіздік таңы атқан 1991 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар ісі жөніндегі комитеті құрылды, 2004 жылы жастарды мемлекеттік тұрғыдан қолдау бағыттары мен механизмдерін, олардың әлеуметтік және саяси тұрғыдан қорғалуын анықтаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданды. 2015 жылы ел дамуының қазіргі кезеңгі шындығымен санасқан «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа Заңның қабылдануы маңызды қадам болып табылды. Мемлекет тарапынан тиімді жастар бағдарламалары мен жобаларын әзірлеп, жүзеге асыруға көп көңіл бөлініп, олардың қажетті қаржыландырылуын қамтамасыз етті. Жастардың жан-жақты интеллектуалдылығын, кәсіби тұрғыдан шыңдалуын және денсаулығын жақсартып, өмірден өз орнын табуы үшін, әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне, қоғам өміріне белсенді қатысуына ықпал ету мақсатында мемлекетіміздің бастамасымен және қолдауымен «Болашақ», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Жас отбасы», «Серпін-2050», «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты жобалары жүзеге асырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екенін және өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы дағдарыс кезінде «Болашақ» атты ауқымды білім бағдарламасының жүзеге асырылғанын және оның Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы екенін атап өткен. Соның арқасында әлемнің үздік жоғары оқу орындарында еліміз бойынша мыңдаған жас білім алды және әлі де оқып жатыр. Олардың көбі Қазақстанның қарқынды дамуына зор үлес қосып келеді. Бұл бастама жастардың, өршіл кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесінде өзін тағы бір мәрте дәлелдеуіне және жастардың тың идеялары нақты жүзеге асып, халықтың игілігіне айналуына мүмкіндік береді.

Жастарды қолдау бойынша батымды шаралар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көзделген. «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жасыл Ел» жобаларымен және өзге де бағдарламалар арқылы жарты миллионға жуық жас қазақстандықтар қамтылды. Еліміздің түп тамыры – ауыл. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деген, ауылды дамыту арқылы, ауыл жастарына қолдау таныту және ауылға білімді жастарды тарту, ауыл жастары

арасында кәсіпкерлікті қолдау арқылы ғана ел экономикасына оң ықпал етеміз. «Ауыл жастары» жобасы, міне, осындай мүмкіндіктерге жол ашатын, жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарын тәмамдаған түлектерді жұмыспен қамтуға, бастысы, ауыл жастарының дамуына зор мүмкіндіктер туғызатын жоба. Жастарымыздың ауылды жерлерден қалаға көшуі, ауылды жерлерге жұмысқа орналаспауы жұмыс күшінің азаюына, сонымен қатар ,қалада еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар партиялардың сайлау тізіміндегі 30 пайыздық квота Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар қатарының көбеюіне ықпал еткен. Президент жастарды әлеуметтік тұрғыдан қолдайтын жобалар мен бағдарламалардың жүзеге асырып жатыр. Жастарды қолдау үшін тұрғын-үй бағдарламалары және арнайы жобалар жүзеге асырылуда. Мәдениет, ғылым мен білім саласында табысқа жеткен дарынды жастарға мемлекеттік сыйлық берілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, Тәуелсіздік ұрпақтары, шын мәнінде, жаңа Қазақстанның басты символдарының бірі және дарынды жастардың еліміздің болашағына деген сенімін нығайтып, ел үшін қызмет етуге құлшынысын арттыру қажет екенін айтқан.

«Талаптыға жол бер» дегендей, мемлекет жастардың талабын ұштауға барынша жағдай жасап келе жатыр. Жақында Елбасы жастарға терең мағыналы үндеуін жолдады. Өскелең ұрпақ аға буынның үмітін ақтайтыны сөзсіз. Сол үшін әрбір жас бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіруі керек. Жасампаз, отаншыл әрі ұлтжанды жастар ғана елімізді өркендете алады, жастар болашақта кәсіби маман, өз ісінің нағыз майталманы болауы керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // [http:kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392б

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА АЛАШОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Абдрахманова Айгерим Сериковна  
Амангелді Еламан Думанұлы  
«Басқару колледжі» ЖШС

XX ғасырдың басында қазақ халқының мақсат-мүддесі мен ғасырлар бойы қапаста жатқан арманын жүзеге асыруды өздеріне парыз санаған – Алаш қайраткерлері екендігі дау тудырмайды. 1905-1917 жылдары өрістеген Алаш қозғалысы аясында қазақ зиялыларын бір мақсат-мүддеге жұмылдырған ұлттық-демократиялық «Қазақ» газетін шығарып, «Алаш» партиясын құрып, өз алдына тәуелсіз мемлекеттік құрылым «Алаш» автономиясын жариялаған, Алаш қайраткерлерінің идеялары мен жүзеге асырған істері бүгінгі тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жалғасын тапты.

Алаш – қазақ қоғамы тәжірибесіндегі жаңару мен серпілудің, білім-ғылым мен батыл ізденістің, адалдық пен тәуекелшілдіктің жарқын беті. Сол себепті Алаш тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерделеу – жалпы Қазақстан үшін, елдің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық (приоритет) болып қалмақ.

Өткен тарихымызға тоқталсақ, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылы ақпан, қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы, азамат соғысы – осы тарихи оқиғалар бәрі де төл топырағымызда өзіндік іздерін мол қалдырды.

Семейде 1917-1920 жылдары ұлт азаттық қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Е.Омаров, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, Т.Абайұлы, А.Қозыбағаров, М.Тұрғанбаев, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Р.Мәрсеков, К.Жанатаев, Б.Сүлеев, Т.Жомартбаев елінің егемен ел, іргелі мемлекет болуын аңсады.

Торғай, Семей, Орал қалаларында 1917 жылы көкек айында съездер өтеді. Бұл съездер жергілікті өз мәселелерімен қатар, Жалпы қазақ съезін шақыру керек деген мәселе қояды. Жалпы қазақ съезі 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор қаласында өткізіледі. Осы құрылтайда «Алаш» деп ат қоятынын жазады және жаңадан құрылған «Алаш» партиясының бағдарлама жобасын жариялайды. Жобаны жасағандар: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев.

Осындай аумалы-төкпелі заманда тарих сахнасына шыққан Алаш қозғалысы және оның үкіметі – «Алашорда» сол шақтағы қазақ халқының ұлттық мүддесін, мұң-мұқтажын, оның халық ретінде сақталып қалуына және талан-таражға салдырмауға ұмтылған бірден-бір саяси салмақты күш ретінде танылды.

Орынборда 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында ІІ жалпықазақ съезі өтеді. Оған 82 өкіл қатысады. Бұл съездің күн тәртібінде қаралған он мәселенің ішіндегі ең маңыздылары – Ұлттық автономия, милиция, Ұлт Кеңесі. Бұл мәселелер бойынша қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов, М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов баяндама жасайды. Съезд қаулысында: «Ұлттық жерлі

Автономия болсын! қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын, Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын! Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты Алашорда болсын, Алашорданың уақытша тұратын орны - Семей қаласы болсын», - делінді. («Сарыарқа», 1918 жылы, 25 қаңтар).

Осы қаулы күшіне еніп, сол жылдан бастап Алашорда үкіметінің рухани астанасы болып Семейдің сол жағалауы бекітілді.

Алашорда үкіметінің Шығыс бөлігі Семей қаласына 1918 жылы қаңтар айына келіп орналасады. Алашорданың төрағасы болып саяси қайраткер Ә.Бөкейханов сайланады.

Алашорда үкіметі Семей қаласының «Заречная слободка» деген бөлігіне 1918 жылы қаңтар айында келіп орналасты. Семейде Ә.Бөкейхановтың басшылығымен Алашорда үкіметі құрылып үкімет құрамына бір топ қазақ зиялылары Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, М.Тұрғанбаев, Р.Мәрсеков, Ә.Сәтбаев, А.Қозыбағаров, Ж.Ақбаев т.б. қызмет етті. Мәскеу институтының физика математика факультетін алтын медальмен бітірген, Алашорда үкіметінің сыртқы істер және қаржы министрі Х.Ғаббасов тұңғыш Алашорданың милициясы туралы заң жобасын әзірлеп жасады. Азаттық үшін айқасқа түскен Алаш әскерлері де алғаш осы Семейде жасақталды. Семейдің сол жақ бөлігі 1918-1927 жылға дейін Алаш қаласы деп аталып келді. Абай мұрасынан ғибрат алып, рухтанған қазақ зиялыларының үлкен бір тобы бас қосып, жиналған еліміздің мәдени-рухани орталығы болды. Алаш үкіметінің ақ туын Семейде көтерген осы жылдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтан бастап Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннан Тұрғанбаев, Жақып Ақбаев, Қаныш Сәтбаев т.б. бәрі-бәрі ұлт мүддесі үшін жан аямай қызмет етті. Осы игі бастауға Алаш зиялыларын алға ұмтылдырған ұлы Абайдың биік арман-мұраты еді.

Алаш азаматтарының жанынан табылған, өзі болмаса да, көзінде болған Абай шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Турағұл қоғамдағы өзгерістер тұсында саяси жағдайларға да үн қосты, игі мақсаттарына жетулеріне бірлесе атсалысты. Тығыз байланысты болып, олардың еліне қамқорлығын қолдаумен бірге, қызметімен, қаламгерлік қуатымен де аянбай атсалысады.

Қазақ топырағындағы алғашқы қазақ газет-журналдары да осы Семейде дүниеге келді. «Уақ қарыз серіктігінің» қаржысымен «Абай» журналы 1918 жылы ақпан айынан сол жылдың қазан айына дейін Алаш қаласында шығып тұрды. М.Әуезов, Ж.Аймауытов «Абай» журналын жарыққа шығарушы және ұйымдастырушы болды. Журналдың жобасы кең, жазушылары сай, нағыз қазақ тілінде ай сайын екі рет шығып тұрды. М.Тұрғанбаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Әуезов, С.Дөнентаев т.б. ақын-жазушылар ылғи мақала жазып тұрған.

Сонымен қатар, Алаш зиялылары сол кезде шығып тұрған «Айқап» журналы, «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының

қалыптасуына қызмет етті. Қазақта ғылымның дәнін егіп көзқарасын кеңейтуде басылымның үлкен әсері барын сезінген.

Алашорда мүшелеріне қағаз жүзінде кешірім берілгенмен, олардың бәрі қудаланды. Ә.Бөкейханов пен оның әріптестері Ресейдің жоғары оқу орындарын бітірген өз заманының білімдарлары және өз елінің мүддесін өздерінен жоғары бағалаған.

